

Ш. Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты

ӘОЖ 94 (574): 325.1

Қолжазба құқында

СОҢ ЕН ХУН

Қазақстандағы аз ұлттардың қатынастары және әлеуметтік-саяси тарихы

07.00.02 – Отан тарихы
(Қазақстан Республикасының тарихы)

Тарих ғылымдарының кандидаты
ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми жетекшісі: тарих
ғылымдарының докторы,
профессор С.Ф. Мажитов

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2010

МАЗМҰНЫ

ҚЫСҚАРТУЛАР МЕН БЕЛГІЛЕУЛЕР	3
КІРІСПЕ	4
1 1930-1980 жж. ҚАЗАҚСТАН ТЕРРИТОРИЯСЫНДАҒЫ АЗ ҰЛТТАР	16
1.1 Кеңес үкіметінің аз ұлттар мәселесіне байланысты саясаты	16
1.2 Қазақстандағы аз ұлттардың әлеуметтік, мәдени жағдайы және халық шаруашылығына қосқан үлесі	42
2 ҚАЗАҚСТАН КОРЕЙЛЕРІ: ӘЛЕУМЕТТІК-ТАРИХИ ТАНЫМ	53
2.1 Қазақстан территориясына корейлердің орналасуы мен жергілікті жағдайға қалыптасуы	53
2.2 Корейлердің Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуына қосқан үлесі	66
3 ҚАЙТА ҚҰРУ ЖӘНЕ ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АЗ ҰЛТТАРДЫҢ ІШКІ ҚАТЫНАСТАРЫ (1980-2009 жж.)	95
3.1 1980-2009 жж. Қазақстандағы аз ұлттардың саяси тағдыры	95
3.2 Өртүрлі ұлттардың мәдени даму үрдісі	108
ҚОРЫТЫНДЫ	121
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	125

ҚЫСҚАРТУЛАР МЕН БЕЛГІЛЕУЛЕР

КСРО	– Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы
ҚКСР	– Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы
ҚРОММ	– Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік мұрағаты
ҚР ПМ	– Қазақстан Республикасы Президенттік мұрағаты
МҚК	– Мемлекеттік Қауіпсіздік Комитеті
РКФСР	– Ресей Кеңестік Федерациялық Социалистік Республикасы
ХКК	– Халық комиссарлар кеңесі
РФОММ	– Ресей Федерациясының Орталық Мемлекеттік мұрағаты
АКСР	– Автономиялы Кеңестік Социалистік республикасы
АҚШ	– Америка Құрама Штаттары
ІМ	– Ішкі істер министрлігі
ІХК	– Ішкі Істер Халық Комиссариаты
МТС	– Механикаландырылған трактор станциясы
УКСР	– Украин Кеңестік Социалистік Республикасы
ГУЛАГ	– (Лагерлер Бас басқармасы) Госуправление лагерей
ГЭС	– Гидроэлектр станциясы
СҚОММ	– Солтүстік Қазақстан Орталық Мемлекеттік мұрағаты
ЖЭС	– Жаңа экономикалық саясат
БК(б)П ОК	– Бүкілодақтық Коммунистік большевиктер партиясының Орталық Комитеті
ҚША	– Қиыр Шығыс аймағы
ІХКБ	– Ішкі істер Халық Комиссариаты Басқармасы
Наркомзем	– Народный комитет земледелия
БСББ	– Біріктірілген саяси Бас Басқарма
МҚМ	– Мемлекеттік қауіпсіздік министрлігі

КІРІСПЕ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Зерттеу жұмысында 1935-2009 жылдардағы Қазақстанға қоныс аударылған ұлттардың әлеуметтік-саяси жағдайы мен республиканың экономикалық, мәдени дамуына қосқан үлесі саралана қарастырылады. Кеңес үкіметінің аз ұлттар мәселесіне байланысты саясаты, қоныстанған аз ұлттар мен этностардың Қазақстан төңірегіне орналасуы мен ұлттардың құқықтық акталуы және мәдени даму үрдісі, Қазақстан Халық Ассамблеясы мен ұлттық-мәдени орталықтардың қызметі нақтыланады.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Әртүрлі этностардың қоғамда бірігіп өмір сүріп, біркелкі дамуы әрбір көпұлтты мемлекет, соның ішінде Қазақстан үшін күрделі мәселе болып табылады. Егеменді елімізде тұратын ұлттардың өткені мен бүгінін зерттеу, республикада болып жатқан үрдісті жіті қадағалау мемлекеттің ары қарай дамып қалыптасуы үшін қажет. Тарих ғылымының тамаша бір ерекшелігі - адамзаттың өткен жолдары мен жылдарында кездескен кезеңдерді, оқиғаларды оңды-солды бұрмаламай нақты деректермен дәлелдеп көрсетуі.

Посткеңестік кеңістік кезеңіндегі тәуелсіз республикалардың даму тәжірибесі ұлтаралық қатынастардың тұрақтылығының маңыздылығын көрсетеді. Қазақстан бүгінгі күннің ең маңызды талабы бойынша – ұлтаралық тұрақтылықты сақтау мәселесін өз дәрежесінде ұстап келеді. Мұнда ұлттық саясаттық негізгі бағыттары ретінде «азаматтық бейбітшілік пен ұлттық татулықты» ерекше атап өтіп, Қазақстан халқын «біртұтас этносаяси қоғам» деп айқындаған Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә. Назарбаевтың еңбегі зор деп айта аламыз. Алайда, 130 ұлттар мен ұлыстардың мәдениетінің бірігуі, қазақ халқының төзімділігінің арқасы. Көпұлтты Қазақстанның ұзақ жылдар бойғы қалыптасу тарихында республикаға қандай жағдайда болмасын, саяси жер аудару, депортация, тың игеру, т.б. қазақ халқы оң қабақ танытып, жақсы қарсы алды.

Соңғы жылдары Қазақстан тарихнамасында республиканың қоғамдық-саяси, әлеуметтік экономикалық жағдайына қатысты ғылыми зерттеу жұмыстары жазылу үстінде. Солардың ішінде өткен ғасырдың басынан Қазақстан территориясына қоныстанып, Қазақстанның экономикалық, әлеуметтік-саяси демократиялық тұрғысынан жедел дамуына өзіндік үлес қосқан әртүрлі ұлттардың тарихы болып табылды. Себебі, әртүрлі этностар бүгінгі таңда қоғамда бірігіп өмір сүріп, Қазақстанның егеменді тұтқасын берік ұстанып келеді. Өткен тәжірибелер көрсеткендей, ұлтаралық татулық, мемлекеттік тұрақтылық елдегі экономиканы өркендетуге, ғылым мен мәдениеттің дамуына жәрдемдесетіндігі маңызды мәселе дей аламыз.

Ғасырлар қойнауынан бастау алатын ұлтаралық қатынастар ХХ ғасырдың 20-50-жылдары республикада сталиндік қуғын-сүргін тұсында да, одан кейінгі жылдарда да өз беріктігін сақтап, ынтымақтастықты нығайтты. Этносаралық қатынастардың үйлесімділігі тақырыбының маңыздылығы Президент Н.Ә.

Назарбаевтың Қазақстан халқына халқына жолдауында: «Біз ұлтына және діни сеніміне қарамастан, әрбір қазақстандыққа салт-дәстүр, мәдениет пен дінді таңдауға ерік беретін еркін, әрі ерікті қоғамның негіздерін нығайтуға тиіспіз», - деп айырықша атап көрсетті [1, 7 б.].

Кеңестік Қазақстан территориясына өткен ғасырдың 30-жылдары қоныс аударылған ұлттар, Ұлы Отан соғысының қиын-қыстау кезінде қоныс аударған әртүрлі ұлттар мен этностар саяси қысымшылыққа қарамастан жергілікті халықпен бірлесе отырып, республиканың бүлінген шаруашылығын қалпына келтіруде, тың және тыңайған жерлерді игеруде ерен еңбегімен үлес қосты. 30-жылдардың соңынан бастап КСРО шекарасы маңындағы ұлттар ішкі аймақтарға жер аударыла бастады. Ұлттық ғылым академиясының академигі М.Қ. Қозыбаев «Ақтандақтар ақиқаты» еңбегінде: «1937 жылы Қазақстанға 18526 корей семьясы (шамамен 100 мың адам) зорлық-зомбылықпен жер аударылды. 1943-1944 жылдары қасиетті қазақ жеріне Солтүстік Кавказдан қуғындалған жарты миллионнан астам қарашай, балқар, шешен, ингуш, күрд, қалмақ т.б. халықтар пана тапты. Қуғын-сүргінге ұшыраған осы халықтардың қайсысының болмасын күмән келтірмейтін бір ақиқат нәрсе: мейірбандық пен бауырмалдық, жомарттық пен дарқандық қанына сіңген қазақ халқының жазықсыз жапа шеккен халықтарды жатырқамай, достық құшаққа алуы, ғылым тілімен айтқанда, шынайы интернационалдығы», - деп жазды [2].

Қоғамның дамуы әртүрлі этностық топтардың бірігіп өмір сүруінің ең үздік үлгілерін іздеумен келеді. Бұрынғы кеңестік жүйе құлағаннан кейін көптеген этникалық қоғамдар маргиналды жағдайда қалды. Жаңа жағдайда ұлттардың салт-дәстүрінің, тілінің, ұлттық сананың қайта өркендеуіне жағдай туғызды. Нәтижесінде посткеңестік кеңістікте полиэтникалық мемлекет тұрғындары бір жағынан нақты этникалық мәдениет өкілдері болса, екінші жағынан көпұлтты мемлекет азаматтары болды. Бұрынғы кеңестік социалистік жүйе құлағаннан кейін қалыптасқан жаңа жағдайда ұлттардың салт-дәстүрінің, тілінің, ұлттық сананың қайта өркендеуіне жағдай туды. Қоныстанған халықтардың Отанынан, тілінен, дінінен айырылуы олардың мәдени дамуында көп кедергі болды. Бұл жәйт бүгінгі күні айқындалып отыр. Екінші Дүниежүзілік соғыс және Ұлы Отан соғысы жылдарында республикаға жер аударылған поляк, корей, шешен, ингуш, күрд, қарашай, балқар, түрік және басқа халықтар мен этникалық топтардың өкілдері басына түскен қиыншылыққа қарамастан, халық шаруашылығының барлық саласында еңбек етіп, оның өркендеуіне өз үлестерін қосты.

50-жылдары әртүрлі ұлттарға қатысты құқықтық шектеулері жойылып, республика халқымен тең дәрежеде өмір сүруге жағдай жасалынды. Дегенмен кеңестік жүйе ұлттардың еркін өмір сүруіне, мәдени дамуына кедергі жасап бақты. Республика тәуелсіздігін алғаннан кейін Қазақстанда тұратын барлық этностарға әрекет етуші Конституция негізінде білім мен еңбек саласында табыстарға қол жеткізіп, ана тілін, мәдениетін, дәстүрлерін өркендетуге, өз меншігін қорғауға жағдай туды. Қазақстан Республикасының Ата Заңы

этносаралық қарым-қатынасты реттеу саласындағы мемлекеттік саясаттың заңдық негізін қалап берді. Сондықтан бұл тақырыптың өзектілігіне еш күмән жоқ деп айтуымызға болады.

Тақырыптың зерттелу деңгейі. Қоныс аудару үрдісін зерттеу, оның зардаптары, туған жерлеріне қайта оралу, орналасу және ортаға бейімделуін жөнге салу, ерекше назар аударуды қажет ететін мәселелердің бірі екені сөзсіз. Қоныстанған ұлттар мен этностардың жеке тарихын зерттеу – тарихи отанын, құқықтарын, әдет-ғұрып, салт-дәстүрін дамытуға әкелумен бірге, қоныс аударған халықтардың өткен тарихын жарыққа шығарып және болашақта өркендеу жолын анықтау мүмкіндігіне жол табу. Бертінге дейін Кеңес үкіметінің тарих ғылымында қоныстанған халықтардың трагедиялық тағдырына, жер аударудың зардаптары, халықтарға тағылған кінәнің үстірттігі және көшірілген топтар туралы жазылған үлкен еңбектер жоққа тән еді. Күштеп қоныс аударылғандарды тарихи тұрғыдан ғылыми негізде жазу тек 80-жылдардың екінші жартысында ғана қолға алына бастады. Бірақ жаңа заман зерттеулерінде күштеп қоныс аудару екіні жазылғанымен, онымен тығыз байланыста жатқан зардаптары, қудалауға ұшырауы, жеке-жеке орналасуы, бейбіт өмірлерін тәртіпке келтіру, экономикасы мен мәдениетін зерттеу жеткіліксіз деңгейде жазылды.

Қазақстандағы ұлттар мен этностардың тарихын ғалым Ф.Н. Базанова зерттеуінде айқындауға тырысты. Өзге ұлт өкілдерін күштеп қоныстандыру саясатының себептері нақты сараланбаса да, Қазақстан халқының этникалық құрылымының қалыптасуының тарихи, өсім үрдісі жайында толымды мағлұматтар бере білген [3].

Кеңестер Одағына күштеп жер аударылған ұлттар мен этностардың саяси тарихын ең алғаш болып көтерген Ресей ғалымдары Н.Ф. Бугай, В.Н. Земсков, А.М. Некрич ғылыми зерттеулерінде қоныстандыру саясатының ішкі астарын құжаттық негізде айқындады [4].

Республика территориясына күштеп қоныс аударылған аз ұлттардың өткен тарихының көлеңкелі тұстарының ашуға байланысты 90-жылдары бірқатар еңбектер жарық көрді. Соның ішінде академик М. Қ. Қозыбаевтың ғылыми зерттеулерінің маңызы зор. Ғалым зерттеу еңбектерінде қоныстанған ұлттардың қуғындалу барысына қатысты нақты мысалдар келтіре отырып, аз ұлттардың тарихи тағдырына байланысты тұжырымдар айтқан [5].

Әртүрлі ұлттар мен этностардың Кеңестер Одағының шекара маңынан ішкі аймаққа қарай көшіру себептерін тарихшы ғалым Қ.С. Алдажұманов «Күштеп көшіру: жымысқы саясат, басқыншылық әрекет», «Депортация народов – преступление тоталитарного режима» зерттеулерінде айқын түрде көрсете отырып, олардың Қазақстан экономикасына қосқан үлесін саралауға тырысса [6], ал тарихшы Т.О. Омарбеков «XX – ғасырдағы Қазақстан тарихының өзекті мәселелері» еңбегінде халықтарды күштеп жер аударудың демографияға тигізген әсері, соның ішінде, корей халқының осы тарихи үрдіс барысында басынан кешкен қасіретін зерделеп көрсеткен [7].

Ұлы Отан соғысы мен соғыстан кейінгі жылдардағы күштеп жер аударылған халықтардың азаматтық құқықтарын шектеу жағдайындағы өмірі мен олардың жер аударылу себептерін, олардың бостандық алып, өз елдеріне қайтарылуы, ақталуы мәселелерін тұжырымдаған бірнеше мақалалар жариялаған академик М.Т. Баймаханов болды [8].

Ұлы Отан соғысының басталуы кеңестік немістердің қайғылы тағдырларының негізгі себебіне айналды. Қудалау, кінәсіз айыптар тағылуы, олардың болашақтарына ауыр соққы болып тиді. Жалпы қудалаудың негізгі нысанасы болған немістердің тарихына орай Л.А. Бургарт, А.Н. Кичихин, Г. Вормсбехер, А.В. Фитц сияқты авторлардың еңбектері, құнды деректермен тарихнамаға қосылған үлес екені аян [9].

XX ғасырдың 30-жылдардан бастап жер аударылған халықтар мен қазіргі кездегі Қазақстанда мекен етіп жатқан ұлттардың тарихи демографиялық үрдістерін білу аса маңызды. Бұл ретте М.Х. Асылбеков, А.Б. Ғалиев, А.Н. Алексеенко, А.И. Құдайбергенова, В.В. Козина және т.б. ғалымдардың зерттеулеріне жүгінуімізге болады. Аталмыш ғалымдардың еңбектерінен жер аударылып келген халықтардың есебінен республика халқының құрамы демографиялық жағынан өзгерістерге ұшырауы, олардың облыстарда қоныстандырылу барысы, аз ұлттардың өсімі жайында толымды мәліметтер алуымызға болады [10].

Сталиндік қуғын-сүргін тұсындағы арнайы жазалау орындарының қызметі, еңбекпен түзеу колонияларының ішкі тәртібі мен үкіметтің қолданған саясаты, жер аударылғандардың саяси тағдыры ғалымдар Қ.С. Алдажұманов, С.Д. Ділманов, Г. Бельгер және т.б. еңбектерінде айқын түрде саралана айтылса [11], ал Қазақстанға жер аударылғандардың соғыстан кейінгі өмірі мен тағдыры, олардың ауылшаруашылығы, өнеркәсіп және транспорт саласындағы қызметі Т. Көлбаев, А. Хегай және А.Т. Орымбаев сияқты ғалымдардың еңбектерінен көрініс тапқан [12].

Ұлы Отан соғысына дейін және соғыс кезінде күштеп жер аударылған ұлттардың, атап атқанда корей, иран, поляк, фин, күрд, неміс қарашай, балқар және шешендер мен ингуш, түрік, Қырым татарлары, грек, қалмық сияқты ұлттардың тағдыры «Депортированные в Казахстан народы: время и судьбы» деп аталған ғылыми кітапта нақтылана баяндалды [13].

Ғалымдар Н.Э. Масанов, Ж.Б. Әбілхожин, И.В. Ерофеева, А.Н. Алексеенко, Г.С. Баратованың ұжымдық және С.М. Мәшімбаев, Л.Т. Иісованың еңбектерінде әртүрлі ұлттар мен ұлыстардың тарихи-мәдени дамуы, ортақ тағдырлары, олардың саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени-өркениеттіліктің бірлігі негізінде, өзара байланыста өмір сүріп, даму үрдісін тарихи фактілерге сүйене отырып сараланған [14].

Қазақстан территориясында өмір сүріп жатқан күрд ұлтының жағдай мен даму тенденциясы, мәдени, экономика саласындағы жетістіктерін саралауда Н. Надиров, М. Мамедовтың еңбектеріне сүйенуге болады [15]. Бұл еңбектерде XX ғасырдың 30-жылдың соңында күрд халқының қазақ жеріне күштеп қоныс

аударылуы, орналасуы мен олардың тұрмыс жағдайы түрлі мысалдар арқылы берілсе, ал республикаға аталмыш жылдары қоныстанған неміс ұлтының жалпы жағдайын В. Кригердің еңбегінен алуымызға болады [16].

Қазақстанға күштеп жер аударылған халықтардың орналасуы, саны, қилы тағдыры мен республика облыстарында тұрақтап қалуын М.Ч. Қалыбекова еңбегінде ғылыми негізде саралап, сол кездегі жүргізілген үкімет саясатын айқын түрде ашуға тырысады [17].

Қазақстан территориясына қоныстанған шешен, ингуш, қарашай, поляк және тағы басқа аз ұлттардың депортациялануы мен тұрмыстық жағдайы С.Ф. Мажитов, И. Агаев, Н.Ф. Бугай, Т.У. Ғалиев, А.А. Гунашев, Л.Н. Сапонова, С.К. Есетов, О. Карташова, М. Мамаев, А.С. Мурадов, А.Т. Орымбаев, Т. Көлбаев, Л. Хочиева және т.б. мақалаларында көрініс тапты [18].

Соңғы жылы жарық көрген Ж.А. Ермекбаев, Ф. Осадчийдің ғылыми зерттеулері аса құнды [19]. Ғалым Ж.А. Ермекбаев ХХ ғасырдың 40-жылдарында үкімет саясатымен Қазақстанға қоныс аударылған шешен-ингуш ұлттарының саяси тағдырын нақтылы мұрағат құжаттар негізінде ашқан. Бұл еңбекте олардың әлеуметтік, мәдени жағдайы және халық шаруашылығына қосқан үлесі, құқықтық тұрғыда ақталуы және мәдени даму үрдісі, жалпы Қазақстандағы ішкі ұлтаралық қатынастар мәселесі жайында мағлұматтар берілсе, ал Ф. Осадчийдің еңбегінде аз ұлттардың үкімет тарапынан қуғындалу барысы мысалдар арқылы көрсетілген.

Корей ұлтының бұрынғы КСРО мен Қазақстан территориясына корейлердің қоныстандырылу себебі, тұрмыстық жағдайы кеңестік, ресейлік, қазақстандық және шетелдік зерттеушілердің еңбектерінен көруімізге болады. Ресейдің Қиыр шығысына қоныстанған корейлердің әлеуметтік-экономикалық жағдайын алғаш зерттеген Н. Насекин болды. Оның «Корейцы Приамурского края» еңбегінде корейлердің тұрғын үйі, тамағы, киім-кешегі, тұрмыстық бұйымдары, үйлену, т.б. салт-дәстүрлері жайында этнографиялық мәліметтер берілген [20].

Кеңестік кезеңде, нақты айтқанда 60-жылдары КСРО-да тұратын корейлердің саяси, әлеуметтік, мәдени тарихына арналған Ким Сын Хваның зерттеу еңбегі жарық көрді. Автор бұл еңбегінде корей ұлтының саны, әлеуметтік құрылымы, өмірі, тұрмысы, шаруашылығы, білім беру жүйесіне тартылуы, ұлттық театрдың пайда болуы, корей әдебиетінің даму барысы жайында құнды деректер береді [21].

Қазақстан Республикасы егемендігін алғаннан кейінгі жылдары кеңестік корейлердің тағдырына Оңтүстік Корея зерттеушілері де қызығушылық таныта бастады. Ең алғашқылардың бірі болып Ли Кван Гю мен Тен Генг Су Кеңестер Одағына корейлердің қоныс аударуының себептерін, олардың 40-60 жылдардағы Қиыр Шығыстан Орта Азияға қоныс аударуының негізгі мақсатын анықтап, 1989 жылғы Бүкілодақтық санақ мәліметтеріне сүйене отырып, Кеңестер Одағындағы корейлердің демографиялық өсіміне сипаттама берсе, ал Оңтүстік Корея ғалымы Банг Сан Хе мен өзбекстандық ғалым П.Г. Ким

«История переселения советских корейцев» атты монографиясында кеңестік корейлердің қоныс аударуы тарихын мұрағат құжаттары арқылы талдауға алған [22].

Қазақстанның тарихшы-корейтанушысы Г.В. Кан ХХ ғасырдың 80-жж. соңынан қазіргі уақытқа дейін Қазақстанға күштеп қоныстандырылған корей ұлтының саяси тағдыры, әлеуметтік-мәдени дамуы, экономика саласына тигізген үлесі, корей диаспорасы, Корея мен Қазақстан арасындағы ұлтаралық қатынастар мәселелеріне арналған еңбектер жазды және жазу үстінде. Оның алғашқы толыққанды ғылыми-құжаттық зерттеуі «История корейцев Казахстана» тарихи очеркінде корейлердің Орта Азия аймағымен байланыстары, корейлердің Қазақстанға қоныс аударуы және оның салдарлары туралы мұрағаттық құжаттар негізінде қызықты мәліметтер береді. Корей диаспорасының қазіргі кезеңдегі мәдени қайта жаңғыруын, көпұлтты Қазақстанда ұлттық татулық мәселелерін қарастырады. Мерзімді басылым беттерінде де ғалымның депортация мәселесіне байланысты, соның ішінде Қазақстандағы корейлердің күштеп қоныс аударылуы мәселелерін қарастырған мақалалары жарық көрген [23].

Қазақстан корейлері тарихын зерттеуде жетекші орын алатындардың бірі Г.Н. Кимнің ғылыми еңбектері болып табылады. Әсіресе, оның ғалымдар Г. Ханмен, Д.В. Менмен және Сим Енг Соб, Чан Вонг Чанг, Пэк Тхэ Хен бірігіп жазған еңбектерінің маңызы зор [24]. Бұл еңбектерден қазақ жеріндегі корейлер диаспорасының әлеуметтік-мәдени өмірінен толымды мағлұматтар ала аламыз.

Қазақстанда мекендеп корей ұлтының отбасылық салт-дәстүрі, ырым-жоралғылары жайлы, атап айтқанда баланың дүниеге келуінен бастап жасалатын түрлі әдет-ғұрыптары тарихшы Л.В. Миннің жұмысында қарастырылады [25]. Сонымен қатар Қазақстанға қоныстанған корейлердің мәдениеті, оқу-ағарту саласындағы жетістіктері, салт-дәстүрін зерттеу барысында ғалымдар Ю.В. Ионованың зерттеулері мен Цой Ен Гын, Ян Вон Сиктің құрастыруымен шыққан еңбегі мен түрлі жинақтарға жарияланған мақалалар пайдаланылды [26].

Қазақстан республикасы тәуелсіздігін алғаннан кейін, әсіресе қоныс аударылған халықтар тарихына байланысты диссертациялар қорғала бастады. Бұл ретте біз ғалымдар С.Д. Дилманов пен Қ.К. Қожақанованың диссертациялық жұмыстарын атаймыз. С.Д. Дилмановтың докторлық диссертациясында нақты тарихи материалдар негізінде Кеңес мемлекетінің қуғын-сүргін саясатының құқықтық негіздері мен оның жазалау органдарының құрылымы, Қазақстан аумағындағы еңбекпен түзеу лагерлерінің тарихы зерттелінсе, ал Қ.К. Қожаханованың кандидаттық диссертациясы 1946-1960 жылдар аралығындағы депортацияға ұшыраған халықтардың халық шаруашылығын дамытуға қосқан үлесін саралайды [27].

2008 жылы кандидаттық диссертация қорғаған Н.А. Әбуовтің зерттеу нысаны 1936-1957 жылдары Солтүстік Қазақстан және Көкшетау облыстарына жер аударылған және осы жерлерде арнайы қоныс аударылғандар мәртебесінде

мекендеген халықтардың құрамы, жер аударылған халықтардың өміріндегі болған үдерістер болып табылды. Ал Қазақстан корейлері мен басқа ұлттар арасындағы неке мәселесі жөнінде 2004 жылы Н.Б. Ем «Межнациональные браки корейцев Казахстана в 30-90-е годы XX века (историко-демографический аспект)» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғап, тарихи-демографиялық зерттеу аясында талдау жасады [28].

Қазақстандағы корей диаспорасы мәселесі Д.В. Меннің ғылыми еңбегінде жан-жақты сараланып, Қазақстан Республикасы мен Корей Республикасының арасындағы халықаралық байланыс және екі ел арасындағы демократиялық үрдістердің қалыптасуы мен даму барыстары нақтылана көрсетіледі [29].

Қазақстан территориясында мекен еткен 125-тей аз ұлттардың этникалық қалыптасуы мен Қазақстандағы ұлттық диаспоралардың құрылуы, демографиялық үрдіс, тіл саясаты мәселесі, конфессиялық қоғам жөнінде «Қазақстан халықтары» атты энциклопедиялық анықтамалықта қысқаша болса да нақты түрде мәліметтер берілді [30].

Қазақстан Республикасының тәуелсіздік жылдары ұлттардың басын біріктірген Халық Ассамблеясы мәселесінің қызметі мен аз ұлттар арасындағы бірлік, ынтымақтастық мәселелері материалдар жинақтарында жарық көрді [31].

Қазақстанға қоныс аударған аз халықтардың әлеуметтік жағдайы, экономикаға қосқан үлесі мен мәдени дамудағы жетістіктерін әлі де болса саралай түсу қажеттігін көрсетеді. Бұл тақырыпқа әлі талай ұлттың өкілі, бірнеше ұрпақ ғылыми еңбек жазары анық.

Диссертациялық жұмыстың деректік негізі. Қазақстан тарихнамасында Кеңес өкіметі тұсындағы Қазақстанға аз ұлттардың қоныстануы мен олардың тұрмыс жағдайы, республиканың экономика, мәдени салаларға қосқан үлестерін айқындауда зерттеу жұмысының деректемелік негіздері бірнеше бағытқа топтастырылды. Атап айтқанда Кеңес өкіметінің реттеуші заңнамалық құжаттары, үкімет пен партияның шешімдері мен қаулы-қарарлары, қоғамдық-саяси, тарихи оқиғаларды айғақтайтын құжаттық деректердің жинақтары, тақырыпты ашатын ғылыми, саяси және көркем шығармалар, статистикалық құжаттар және республикалық мерзімдік басылымдар, тақырыпқа қатысты материалдар жинағы мен мемуарлық еңбектері пайдаланылды.

Деректік негіз ретінде мұрағат материалдары, атап айтқанда, Қазақстан Республикасы Президентінің мұрағатының Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық комитетінің құжаттары жинақталған 141, 708-қорларының материалдары қолданылды. Бұл қордан Жоғарғы үкімет пен партияның аз ұлттарды қоныстандыру, жерге орналастыру және оларды жұмыспен қамтамасыз етуге олардың әлеуметтік, мәдени жағдайларына байланысты құжаттық материалдар кеңінен пайдаланылды. Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік мұрағатының 74, 698, 1137, 1208, 1488, 1881, 1987, 1208-қорларында Қазақ КСР-нің қоныс аударған ұлттар мен этностардың жалпы жағдайына қатысты қабылданған қаулы-қарарлары, шешімдері, Қазақ ОАК-і

президиум мәжілістерінің хаттамалық құжаттарының көшірмелері талдау нысанына айналды. Сонымен қатар Ресей Федерациялық мемлекеттік мұрағатының 9401, 9479-қорларында сақталған шекара маңындағы ұлттарды көшіру ісіне қатысты құжаттық материалдар мен Солтүстік Қазақстан облыстық мұрағатының 1187, 1208, 1490-қорларындағы, Қостанай облыстық мемлекеттік мұрағатының 9, 18, 719-қорларындағы 40-жылдары осы облыстарға қоныстандырылған неміс, шешен, ингуш және басқа ұлттардың әлеуметтік жағдайлары жайындағы құжаттық материалдар қолданысқа алынды.

Аталған мұрағаттардан алынып қарастырылған құжаттар мен деректік материалдар авторға зерттеу барысында аз ұлттардың қазақ жеріне орнығуын айқындауда және оларға қатысты жергілікті партия, кеңес органдарының, билік құрылымдардың жүргізген саясатын талдап, оған ғылыми баға беруге мүмкіндік жасады.

Қазақстан жеріне қоныс аударған аз халықтардың соғыстан кейінгі жағдайы мен олардың халық шаруашылығына қосқан үлесі Кеңес өкіметі мен үкіметінің, Коммунистік партия шешімдері мен қаулы-қарарлары, кеңес, кәсіподақ және комсомол органдарының директивалық материалдарын жинақтап шығарған құқықтық құжаттар жинағында жарияланды [32]. Міне, осы материалдардан да қажетті деректер алынды және т.б. құжаттар мен материалдар және мақалалар жинақтары зерттеу барысында кеңінен қолданылды. Сонымен қатар статистикалық құжаттар мен ғылыми, саяси және әдеби көркем шығармалар да зерттеу жұмысына тартылды.

30-жылдың аяғында және қазіргі таңда шыққан одақтық, республикалық «Правда», «Қазақ тарихы», «ҚазҰУ хабаршысы», «Местное время», «Мысль», «Жұлдыз», «NOMAD–KAZAKHSTAN», «Зан», «Ақиқат», «Центральная Азия и Кавказ», «Президент және халық», «Алматы ақшамы» және т.б. басылымдарда аз ұлттардың тағдырына қатысты құнды мақалалар жарық көрді. Міне, сондықтан олардың да деректемелік негізде маңызы ерекше. Жоғарыда аталған материалдарды талдау барысында, атап айтқанда, 30-50 жж. аралығындағы ресми құжаттарда кеңестік саяси жүйе мен оның басқару құрылымдарының, аз ұлттарға қатысты ұстанымдары мен идеологиялық қызметінде күштеу үстем болғандығын байқауымызға болады.

Зерттеу жұмысының нысаны. Қазақстанға қоныстанған ұлттардың қоғамдық саяси өміріндегі ерекшеліктерін саралап көрсету.

Зерттеу жұмысының пәні. ХХ ғасырдың 30-жылдардың соңында Қазақстанға қоныстанған әртүрлі ұлттар мен этностардың саяси тағдыры, әлеуметтік жағдайы және олардың республика экономикасы мен мәдениетінің дамуына қосқан үлесін айқындай отырып, тәуелсіздік жылдарындағы аз ұлттар қатынастарын қарастыру болып табылады.

Зерттеудің мақсаты мен міндеттері. Диссертациялық зерттеу жұмысы Қазақстанға қоныс аударған аз ұлттардың тарихи тамырын, көшу себептерін, орналасуы мен ел шаруашылығына қосқан үлестерін, жергілікті халықпен үйлесіп кетуін тарихи, теориялық-әдістемелік және деректемелік негізінде

қарастыра отырып, объективті түрде баға беруді мақсат етіп қояды. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай міндеттер белгіленді:

- XX ғ. 30-40 жж. Қазақстан территориясындағы аз ұлттар мен этностардың қоныстану барысын тарихнамалық тұрғыда талдау, жаңа методикалық әдіс-тәсілдермен жүйелі түрде зерттеу;

- XX ғасырдың 30-жылдарындағы КСРО-дағы саяси жағдай және шекара маңындағы ұлттарға қатысты ұстанған үкімет шешімдерін айқындай отырып, аз ұлттарға қатысты ұстанған кеңестік идеологияны дәйектеп көрсету және оған баға беру;

- аз ұлттар мен этностардың Қазақстан облыстарына көшірілу барысы мен оларды орналастырудағы жүргізілген іс-шаралар мен кездескен қиыншылықтарды нақтылау және олардың материалдық-тұрмыстық жағдайын зерделеу;

- Қазақстанға қоныстандырылған ұлттар мен этностардың Ұлы Отан соғысы, одан кейінгі және тәуелсіздік жылдарындағы елдің экономикасын дамытуға қосқан үлесін айқындай отырып, бағалау;

- Кеңестік кезең мен тәуелсіздік жылдарындағы Қазақстан территориясындағы аз ұлттардың әлеуметтік-мәдени дамуы мен ерекшеліктерін саралау, ұлттар мен этностардың құқықтық және еркіндік принциптерін дәйектеу;

- Корей халқының қазақ жеріне қоныс аударуының себептерін айқындау және әлеуметтік-мәдени дамуының ерекшеліктерін ашу, салт-дәстүрлері ұстанымын зерделеу;

- Тәуелсіз Қазақстан кезеңіндегі аз ұлттардың татулық, бірілігінің сақталуындағы Қазақстан Халық Ассамблеясы мен ұлттық мәдени орталықтардың рөлін айқындау.

Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы. Зерттеу жұмысында Қазақстанға қоныс аударған аз ұлттар мен этностардың әлеуметтік жағдай мен халық шаруашылығын қалпына келтіріп, дамытуға қосқан үлесі, сондай-ақ, тәуелсіздік жылдарындағы мәдени дамуының ерекшеліктерін нақты деректер, тың мұрағат құжаттары негізінде зерттелді. Осыған байланысты зерттеу жұмысының мынадай маңызы мен жаңалықтарын атап көрсетеміз:

- XX ғ. 30-40 жылдарындағы республикаға аз ұлттар мен этностардың қоныстану барысы жаңа методологиялық әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, жүйелі түрде тарихнамалық талдау жасалына қарастырылды;

- XX ғасырдың 30-жылдарындағы КСРО-дағы саяси жағдай және шекара маңындағы ұлттарға қатысты ұстанған партия мен үкімет шешімдерінің мәнісі айқындалып, аз ұлттарға қатысты ұстанған кеңестік идеология барысы тарихи тұрғыда саралана баға берілді;

- Қазақстан облыстарына аз ұлттар мен этностарды орналастыру барысындағы кездескен қиыншылықтар, билік тарапынан қолданылған күштеу барысы мен олардың материалдық-тұрмыстық жағдайы мұрағат құжаттары және ғылыми зерттеулермен салыстырыла отырылып зерделенді;

- алғаш рет Қазақстанға қоныстандырылған ұлттар мен этностардың Ұлы Отан соғысы, одан кейінгі және тәуелсіздік жылдарындағы елдің экономикасын дамытуға қосқан үлесі республика және аз ұлттан шыққан қайраткердердің пайымдаулары мен тұжырымдары негізінде жүйелілікпен саралана, бағаланды;

- Қазақстан территориясындағы аз ұлттар мен этностардың кеңес дәуірі мен тәуелсіз жылдардағы әлеуметтік-мәдени дамуы мен құқықтық ерекшеліктері және еркіндік принциптері тұңғыш рет жан-жақты талдауға алына дәйектелді;

- Қазақстан территориясына қоныстанған корей халқының республиканың экономикалық, әлеуметтік-мәдени дамуына қосқан үлесі жаңа деректер негізінде ашылып, салт-дәстүрлері ұстанымдары қазақ ұлтымен салыстырылмалы түрде зерделене көрсетілді;

- республикадағы аз ұлттар мен этностардың өзара үйлесімділігі, бірлігі, татулығы мен ұлт диаспораларының қызмет барысы, ұлттық мәдениеттегі орнын айқындауда осы күнге дейін қолданылмаған көптеген материалдар ғылыми айналымға қосылды.

Диссертацияның хронологиялық шеңбері. Қазақстанға қоныс аударылған ұлттар мен этностардың 1935-2009 жылдар аралығындағы тарихы алынды.

Зерттеудің теориялық және методологиялық негізі. Диссертациялық жұмысының теориялық және методологиялық негізін айқындауда бірнеше әдіс-тәсілдері қолданылды. Тарих ғылымында қалыптасқан мәселені, болған оқиғаны зерттеуде нақты фактілер мен дәлелдерді мұрағат және ғылыми зерттеулер арқылы салыстыра көрсету басшылыққа алынды. Сонымен бірге зерттеу барысында саралау, талдау және қорыту, тарихи-салыстырмалы, жүйелік-құрылымдық, теориялық таным, модельдеу мен типтендіру сияқты жалпы ғылыми, тарихи зерттеу тәсілдері қолданылды. Тарихи оқиғаларды немесе саяси жағдайларды баяндауда естеліктер, баспасөз материалдары мен мұрағат құжаттары және ғылыми зерттеу материалдарын салыстыра зерттеу әдісі кең қолданылды.

Аз ұлттар мен этностарға қатысты қалыптасқан ғылыми ой-пікірлер мен тұжырымдарға, сонымен қатар қоғамтанушы ғалымдардың еңбектеріндегі көзқарастарға сүйенілді. Сондай-ақ, зерттеу барысында кеңестік қуғын-сүргін саясаты тәуелсіздік тұрғысынан талданып, бүгінгі Қазақстанды мекендеуші ұлттардың жарасымдық пен бірлік тұрғысында өмір сүріп отырғандығы баяндалады. Тарихи құндылықтар мен жалпы адамзаттық қоғамдық қатынастар негізінде, қоныс аударған аз ұлттардың Қазақстанға келу себептері мен орналасып, елге үйренісіп кету кезеңдеріне, еңбекке араласу негіздеріне құрылған.

Қорғауға ұсынылған тұжырымдар. 1935-2009 жылдар аралығында Қазақстанға қоныстанған аз ұлттар мен этностардың қатынастары және әлеуметтік-саяси тағдыры жөнінде мынадай тұжырымдар жасалды:

- Қазақстан территориясындағы аз ұлттар мен этностардың қоныстануының зерттелу барысы тарихнамалық тұрғыда жан-жақты талданып, зерттеудің теориялық негіздемесі мен әдістемелік негізі арнайы қарастырылды;

- XX ғ. 30-40 жж. Кеңестер Одағындағы саяси жағдай мен аз ұлттарға қатысты партия мен үкімет қаулылары, шешімдерінің басты ерекшеліктері, алғышарттары және мақсаты мен міндеттері айқындалып, оларға өзіндік баға берілді;

- Осы кезге дейін белгісіз болып зерттеулерге қолданылмай келген деректік материалдар негізінде Қазақстан облыстарына аз ұлттар мен этностардың көшірілу барысы мен оларды орналастырудағы іс-шаралар, қиыншылықтар және олардың материалдық-тұрмыстық жағдайлары нақтыланды;

- 1935-2009 жж. Қазақстандағы аз ұлттар мен этностардың республика экономикасын дамытуға қосқан үлесі мерзімді баспасөз материалдары мен мұрағат және ғылыми зерттеулер негізінде дәйектелінді;

- Кеңестік кезеңдегі аз ұлттардың әлеуметтік-мәдени дамуы мен ерекшеліктері тәуелсіздік жылдармен салыстырмалы түрде сараланып, республика ұлттарының құқықтық және еркіндік принциптері дәйектеліне көрсетілді;

- Қазақстанға қоныстанған корей ұлт әлеуметтік-мәдени дамуындағы жетістіктер нақылана жаңа мұрағаттық негізде ашыла отырып, алғаш рет олардың салт-дәстүрлері қазақ ұлтымен салыстырмалы түрде қарастырылды.

- Тәуелсіз Қазақстан кезеңіндегі аз ұлттардың ұлттық мәдени жетістіктері және өзге ұлттармен өзара байланысы, Қазақстан мен Корей республикасы арасындағы ынтымақтастық барысы сараланып, тарихи тұрғыда бағаланды.

Диссертацияның практикалық құндылығы. XX ғасырдың 30-жж. Қазақстанға қоныстанған аз ұлттар мен этностардың жағдайы мен тарихына байланысты мерзімді басылымдардағы материалдар мен мұрағат және өзге деректік материалдар негізінде жасалған негізі тұжырымдар мен қорытындыларды, алынған нәтижелерді ұлтаралық қатынастарға байланысты ғылыми еңбектер, оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдар дайындауға, сол сияқты әлеуметтік-гуманитарлық бағыттағы болашақ доктор, магистр, бакалавр мамандары үшін Отан тарихының теориялық және әдістемелік мәселелеріне байланысты арнайы курстар дайындауда қолдануға болады.

Сонымен бірге диссертация материалдарын, отаншылдық рух жолындағы сұхбаттарда қолданудың да маңызы бар. «Халықтар достығы», «бірлік», «ынтымақтастық» тақырыптарындағы сөзжарыс, БАҚ-та пайдалануға болады.

Зерттеудің сыннан өтуі. Диссертациялық жұмыс БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Кеңес дәуіріндегі Қазақстан тарихы бөлімінде орындалып, осы бөлімнің мәжілісінде талқыланып, қорғауға ұсынылды (хаттама № 13, 2010 жыл, 14 қазан).

Зерттеудің нәтижелері мен қорытындылары жалпы 20 ғылыми еңбектерде, оның ішінде Білім және ғылым саласындағы Бақылау комитеті бекіткен ғылыми басылымдар тізіміне сәйкес 3 ғылыми басылымдарда жарияланып,

халықаралық және республикалық конференцияларда 6 баяндама көпшілік назарына ұсынылып, материалдар жинақтарында басылды.

Диссертацияның құрылымы. Диссертациялық жұмыс кіріспеден, үш бөлімнен және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

1 1930-1980 жж. ҚАЗАҚСТАН ТЕРРИТОРИЯСЫНДАҒЫ АЗ ҰЛТТАР

1.1 Кеңес үкіметінің аз ұлттар мәселесіне байланысты саясаты

XX ғасырдың 80-жылының ортасына дейін әртүрлі ұлттардың Қазақстан территориясына жер аударылуы мен оларды қоныстандыру мәселесі мүлдем жабық тақырып болды десек те болады. Себебі кеңестік жүйе республикадағы еш қысымсыз, тату-тәтті, бірлікте, ынтымақта өмір сүріп жатқандығын дүниежүзіне көрсетуге тырысты. Сондықтан ұлт мәселесіне қатысты барлық мәселелер құпия әрі қатаң түрде қадағаланып отырды.

Қазақ жеріне әртүрлі ұлт өкілдері XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап қарқынды түрде қоныстана бастады. 1897 жылғы бірінші жалпы санақ қорытындысы бойынша Қазақстан территориясында 3.311.492 адам өмір сүріп, олардың 89,3 %-і жергілікті қазақтарды құрады [33, 5-б.].

XX ғасыр басында патша үкіметі қазақ жеріне қоныстандыру саясатын пәрменді түрде жүргізіп, славян халықтарын көптеп әкеліп орналастыра бастады. 1897-1914 жылдар аралығында қоныс аударып келгендердің саны 1.434.393-ке жеткен. 1914 ж. қалалы жерлерде тұратын славян ұлт өкілдері 35 %-ке жетсе, ал дүнген, ұйғыр және басқа этностардың саны 244,6 мың адам болды. Бірінші дүниежүзілік соғысқа дейін Қазақстан халқының саны 5.909,9 мың адам болып, оның 5.471,8 мыңы ауылды жерде, ал 438,1 мыңы қалада мекендеген [34, 70 б.].

Бірінші дүниежүзілік соғыс басталған жылдары Қазақстан тұрғындары 0,9%-ке қысқарды. Соғысқа және қара жұмысқа еркектердің алынуы бала тууды азайтты, өлімді көбейтті, халықтың динамикалық өсімін азайтты және қоныстандыру қозғалысын тоқтатты [33, 10 б.]. Дегенмен өзге ұлт өкілдерінің қоныстануы баяу болса да жүрді. Жалпы, кеңес өкіметін орнату қарсаңында, яғни 1917 жылы Қазақстан халқының саны 5 753 3 мың адамға жеткен. Алайда азамат соғысы, 1921-1922 жж., 1931-1933 жж. ашаршылық республикадағы халық санының төмендеуіне алып келді. 1917 жылға дейін және одан кейінгі жылдары Қазақстан саяси жер аударылғандардың мекені болды. XX ғасырдың басында патша үкіметі қазақ жерін толықтай өз меншігіне айналдыру үшін славян ұлттары көбірек қоныстандыруға тырысты. Қазақ жеріндегі пайдалы қазба көздерін уысында ұстауда республиканы көп ұлттын мекенге айналдырудың үлкен мәні бар екендігін білді, екіншіден бұл өлке түрлі сынақ жүргізуге аса қолайлы еді.

30-жылдары Қазақстанда болған түрлі нәубеттер де халық санына елеулі әсер етті. Қуғын-сүргін нәтижесінен республиканың алдыңғы қатарлы ұлт зиялылары, қайраткерлері атылды, лагерьге айналды. Бұл турада академик М.Қ. Қозыбаев былай деп жазған еді: «... 1929-1930 жылдары «Алаш» қозғалысының А. Байтұрсынов, М. Дулатов, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов, М. Тынышбаев, Ж. Ақбаевтар бастаған жетекшілері мен мүшелері тұтқындалды. Ұлт, халық қамын ойлағандардың «саясатқа қайшы» пікірлері мұқият қадағаланып, «ерекше папкаға» түсіп отырды. Тоталитарлық езгі машинасы үздіксіз жұмыс істеп

келді. ... 1931-1938 жылдардағы қуғын-сүргіннен соң үрей билеген, пікір айтуға батылы бармайтын көнбіс халық қана қалды. Сол жылдардан Сталин дүниеден өткенге дейінгі аралықта Қазақстанда 103 мың адам саяси айып тағылу арқылы сотталса, оның 25 мыңы «ОГПУ – НКВД үштіктері» үкімімен, сот үкімімен атылған көрінеді. Олардың негізгі бөлігі – халықтың қадірлі азаматтары, ұлттың қаймағы...» [35, 137 б.].

Қазақстан саяси жағынан алғанда кеңес жүйесіне қауіп тигізетіндерді жер аударуға аса қолайлы мекен болды. Сондықтан кеңес үкіметі шекара маңындағы халықтарды ішке, яғни қазақ жеріне әкеліп орналастыра бастады. 1926 жылғы санақ нәтижесіне сүйенсек, Қазақстандағы халықтың жалпы саны 6. 229, 9 адам болып, оның ішінде 3. 627,6-сы жергілікті қазақтарды құрады, бұл 58,2% еді. Орыстар 1. 274,0-ге жетіп, 20,5 %-ті, украиндықтар 860,2-і болып, 13,8 процентті, ал немістердің саны 58,700-ге жетіп, 0,9 %-ті құраған. Ал бұлардан басқа аз ұлттар 408,5 - ға жетіп, 6,6 % болған.

1926 жылдағы санақ барысын 1939 жылғы санақ барысымен салыстыра қарастырсақ, жергілікті қазақ халқы мен аз ұлттардың сандық көрсеткішін, проценттік пайызын төмендегі кестеден көруімізге болады.

Кесте 1 – 1926, 1939 жылғы Бүкілодақтық халық санағы бойынша Қазақстан халқының саны

Көрсеткіш	1926 ж.		1939 ж.		1939 ж. 1926 ж- ға. % - дық үлес
	Халық саны мың адамға	%-дық үлес салмағы	Халық саны мың адамға	%-дық үлес салмағы	
Барлық тұрғындар	6229,9	100,0	6394,6	100,0	102,6
Қазақтар	3627,6	58,2	2317,6	36,4	64,2
Орыстар	1274,0	20,5	2635,6	41,2	206,7
Украиндер	860,2	13,8	676,8	10,6	78,7
Немістер	58,7	0,9	93,6	1,5	159,4
Басқалар	408,5	6,6	661,0	10,3	161,8

Берілген кестеде көрсетілгендей, екі санақ аралығындағы 12 жыл ішінде Қазақстан халқының саны небәрі 2,6 пайызға ғана өскен, бұның негізгі себебі бір жағынан 30-шы жылдардағы ашаршылық болса, екінші жағынан 20-30-жылдардағы көші-қон үрдісі болды. 1926 ж. Қазақстан халқының құрамында үлес салмағы бойынша барлық тұрғындар саны жүз пайызды құраса, қазақтар 58,2 пайыз, қалғандары орыстар, украиндар, немістер және басқа ұлт өкілдері көрсетілген. Ал 1926 жылмен салыстырғанда 1939 ж. қазақтардың үлес салмағы азайып, басқа ұлт өкілдерінің үлес салмағының өскенін көреміз [36].

Жоғарыдағы кестелерге қарағанда КСРО-да кейбір ұлттардың өкілдерін жер аудару саясаты соғысқа дейін жүргізіле бастаған. Мысалы, отызыншы жылдары Қазақстанға КСРО-ның басқа өлкелерінен «тап жаулары» деп кулактар, дін өкілдері, ақсүйектер, патша үкіметі әкімшілік орындарында қызмет еткен шенеуніктер – барлығы 360 мыңдай адамдар жер аударылды. Тарихшы Қ. Алдажұмановтың көрсетуінше, Ресей, Украина және Белоруссияның орталық аудандарынан ұжымдастыру кезінде тәркіленген ауқатты шаруалар көшірілген. Мәселен, Қазақстанда тақап қалған ашаршылық нәубетінің барлық белгілері байқала бастаған 1931 жылдың мамыр-маусым айларында тек Қарағанды мен Семей облыстарының сегіз ауданына ғана Ресейден көшірілген 150 мыңнан астам адам орналастырылған [37, 33 б.].

Осындай саясаттың нәтижесінде КСРО үкіметі 30-жылдардағы ашаршылық кезінде халқы сиреп қалған Қазақстан сияқты жерлерде өнеркәсіп құрылысын өркендету, оның табиғи байлықтарын игеру мақсатымен адам күшін шоғырландырып, еңбек ресурстарын көбейтуге тырысты. Норильск, Магадан, Колыма, Батыс және Шығыс Сібір, Қиыр Шығыс, Солтүстік Орал сияқты нашар игерілген өлкелердің де табиғи байлықтарын ашып, өндіріске қосу жұмыстары, жаңа кәсіпорындар мен қалалар салу қызу қарқында жүргізілді. Жер аударылғандарды ең ауыр жұмыстарға салды. 30-жылдың соңына қарай Қазақстанға қуғынға ұшыраған ұлттарды жаппай зорлап жер аудару кең өріс алды. Қазақстан территориясына ең алғаш болып жер аударылған ұлттың бірі поляктар болды. Негізінен поляктарды Кеңестер Одағының ішкі аймақтарына көшіру мәселесі Польша мен Германия арасындағы 1934 жылы жасасқан өзара келісімнен кейін туындады. Поляктар Украина территориясында шекараға жақын жердегі аудандарда қоныстанған еді. Сталиндік қуғын-сүргін салдарынан осы поляк ұлты көбірек тұратын аудандар жойылды. Украина аймағында мекен етуші ұлттардың ұлттық мүдделеріне нұқсан келтіріліп, оларға «халық жаулары» деген айып тағылды. Негізінен қоныс аударуға үкіметтің 1936 жылғы 23 қаңтардағы «Украин КСР-нен Қазақ АКСР-на қоныс аудару» жөніндегі және 1936 жылғы 26 сәуірдегі «УКСР-нан Қазақ АКСР-нің Қарағанды облысына экономикалық қамтамасыз ету» жөніндегі қаулысы негіз болды [38, 195 б.].

Поляктармен бірге шекара маңындағы немістер де қоса көшірілді. Жоғарыда аталған қаулылар бойынша 1936 жылдан бастап ІІХК-ның Ерекше кеңесі бойынша Украинаның шекаралық аймақтарынан қоныс аударылатын 35,820 поляк ұлт өкілдерінің 35,739-ы, яғни 99,8 %-і Қазақстанға жіберіліп, Солтүстік өңірлерге орналастырылды. Украинаның поляктар неғұрлым көп шоғырланған Винницкий және Киев аудандарынан 15 мың поляк пен неміс шаруалары қоныс аударылған. Негізінде бұл қоныс аударудан бұрын Қазақстанда поляктар мекендеп жатқан еді. 1926 жылғы санақ есебіне сүйенсек, қазақ жерінде 5000 поляк азаматы болған екен. Олар ХІХ ғасырдағы Ресей патшалығының Сібір өңіріне жер аударған поляк революционерлері мен ХХ ғасырдың басында Польша корольдігіндегі экономикалық дағдарыстарға байланысты қоныс аударған поляктар еді.

КСРО территориясына поляктардың екінші толқыны 1939 жылы басталды. Бұл жылы гитлерлік қысымнан қашқан жүз мыңдаған поляк офицерлері мен солдаттары Қызыл Армияға берілуді жөн көріп, Кеңестер Одағы шекарасынан өткен. Кеңестер Одағы мен Польша арасында соғыс жарияланбағандықтан тұтқын ретінде саналмады. Дегенмен олар Украина мен Белоруссия территориясында қалдырылмай Қазақстан мен Сібірге қарай көшірілді. Тұтастай алғанда, КСРО-ның батыс аймағынан қазақ даласына жер аударылғандардың саны 190 000 адам болған [39, 44 б.].

Мұрағат дерегіне сүйенсек, 1940 жылдың 18 қазанындағы КСРО Халық Комиссарлар кеңесінің қаулысымен Украинаның Батыс аудандары мен Батыс Белоруссиядан Қазақстанға 6681 поляктар көшіріліп әкелінді [40]. Ал кейбір зерттеу еңбектеріне қарағанда осы екі республикадан Қазақстанға 60 667 поляктар көшіріліп әкелінді деген мәлімет бар. Көшіріліп әкелінген поляктар негізінен бас көтеруілерге қатысқан бұрынғы поляк армиясының офицерлері, полиция, түрме, жандармерия қызметінде болғандар және бұрынғы помещиктер, фабрика иелері мен Польшаның мемлекеттік аппаратында қызмет еткен шенеуніктер еді [10, 163 б.].

90-жылдардың соңында Қарағанды облыстық прокуратурасына қарасты құқықтық статистика және ақпарат орталығының төрағасы В. Горецкий Қазақстанға жіберілген поляктардың көпшілігі жер аударылғаннан кейін Карлагқа түскендігі жөнінде «Фемида» журналына жарияланған мақаласында атап өткен еді. Мәселен, Лидск уезінің Вороновский болысында тұрған, 1871 жылы туылған дворян тұқымынан шыққан, отставкадағы генерал-лейтенант Стефан Сушинский Қызыл әскерлердің бөлімдері Батыс Белоруссияға кірген кезде Вильно қаласына қашып кетіп, 1939 жылдың қараша айында тұтқынға түскен. 1940 ж. наурызында Белорусь КСР-і Жоғарғы сотының 74 бабы бойынша 10 жылға бас бостандығынан айырылып, еңбекпен түзеу лагеріне жіберілген. Оған шығарылған үкімде революцияға дейін полковник шенінде патшалық Ресей әскерінің қатарында болып, кейін Польша әскеріне қызметке кеткен. Азамат соғысы жылдарында Қызық Әскер мен Кеңес үкіметіне қарсы күреске керек. 1921 жылдан 1926 ж. аралығында Варшава қаласының әскери комендаты болып, поляк теміржолшыларының ереулісін басуға басшылық еткен.

40-жылдың басында Польша мен Литва шекарасынан немесе Кеңестер Одағынан Германияға қарай өтпек болғандар ұсталып, сот үкімімен еңбекпен түзеу лагеріне жіберіліп отырған. Мысалы, 1940 жылдың қаңтарында 29 жастағы Галина Василевич күйеуімен Литва шекарасынан Кеңестер Одағына өтпек болған кезде шекарашылардың қолына түскен. Өздерінің бұл әрекеттерін Кеңестер Одағында тұратын туысқандарында қалған жеке заттарын алмақ үшін өттік деп түсіндірген [41, 63-64 б.].

Соғыс қарсаңына қарай Қазақстанда 102 мың жер аударылған поляктар болған. 1937-1944 жылдар аралығында 1109 мың адам Қазақстанда екінші Отанын тапты. М. Қозыбаевтың көрсеткеніндей, республикадағы тұрғындардың әрбір бесіншісі арнайы қоныстанушылар болып, еліміз КСРО-

дағы алып Гулагты еске түсірді. 1946 ж. 1 желтоқсандағы мәлімет бойынша қазақ жерінде 890 698 жер аударылғандар болған [42, 328 б.].

1937 жылдың шілде-қазан айлары аралығында БК(б)П Орталық Комитетінің Саяси бюросы Армения, Әзірбайжан, Орта Азия республикалары мен Қиыр Шығыс шекаралара маңына тазарту жүргізу жөнінде шешім қабылдады. Бір уақытта сол ауадандардағы «сенімсіз» адамдарды жою мәселесі көтерілді. 1937 жылдың 5 шілдесінде БК(б)П Орталық Комитетінің Саяси бюросының шешімімен Армения шекарасы маңайындағы 500 шаруашылықты 3-5 айды ішінде көшірілу тиіс болды. Ал 14 шілдедегі Саяси бюроның «Шығыс аудандардағы шекара мәселесі» турасындағы шешімі тазарту жүргізетін аймақтардың қатарын көбейтті. ІХК-на Армян, Әзірбайжан, Түркменстан, Өзбек және Тәжік КСР-індегі шекаралық өңірдегі сенімсіз элементтерді көшіруді басқару жүктелінді. Саяси бюроның бұл шешіміне тез жауап қайтарған Арменияның К(б)П-сы ОК-нің бірінші хатшысы А. Алатуни болып, көшірілетін категорияларды анықтап берді. Сталинге жазған қысқаша хатында контрабандиттердің контрреволюциялық қылмыстары, кеңеске қарсы шығушылар мен оның отбасы мүшелерінің жазаланғандығын атап өткен еді. 1937 жылғы 27 қыркүйектегі БК(б)п Орталық Комитетінің Саяси бюросының қаулысы бойынша Армениядағы сенімсіз элементтердің қатарына күрд отбасылары да жатқызылды [43, 299-300 б.].

Күштеп қоныс аударылған халықтардың бірі – корей ұлты. Корейлер негізінде Қиыр Шығысқа ХІХ ғасырдың 60-жылдары қоныстана бастаған. 1917 жылғы санақ бойынша Приморье губерниясындағы корей шаруа отбасының саны 9308 болса, бұл 1922 жылы 18407-ге, ал 1925 жылы 21555-ке жетіп, қоныстанушылар саны шамамен 120-130 мың адамды құрады [44,26 б.].

«Депортированные в Казахстан народы: время и судьбы» кітапқа жарияланған Г. Каннның мақаласында Қиыр Шығыстағы корейлердің Қазақстанға қоныс аударуының басты себебін төрт мәрте Сталиндік сыйлықтың иегері болған Петр Павленконың «На Востоке» деген кітабының шығуымен байланыстырды. Автор көрсеткендей, бұл кітапта болашақта болатын екінші дүниежүзілік соғыс Жапонияның Кеңестер Одағына шабуыл жасауымен басталатындығы жайында айтылып, корейлердің жапон тыңшылығына қатысатындығын ашық жазса, екіншіден, И.В. Сталиннің 1937 жылдың 3 наурызындағы «Партия жұмысындағы кемшіліктер мен троцкистер мен өзге екіжүзділерді құрту шаралары» деген баяндамасына және 5 наурызда сөйлеген қорытынды сөзіне орай жаппай қуғын-сүргіннің өрістеуіне жаңа серпін беріп, Ресейдегі жапон тыңшылығы жайлы Жапон әскери министрінің «бағалы мойындауы» ашылды. Бұдан кейін барлық газеттер жапон тыңшылығы жайында жаза бастады [10, 109-110 б.].

1937 жылдың шілдесінде Жапонияның Қытайға басып кіруіне орай кеңес өкіметі елдің Қиыр Шығысындағы қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін кейбір іс-шараларға баруға туралы келді. Осы жылдың 20 тамызында өлкелік басқарма басшысы ІХК-нің комиссарына: «БК(б)П Өлкелік комитеті шекара сызығынан корей тұрғындарын алда көшірілетіні жайынан хабарланды. Өлкелік комитет

бұл жұмысты Ішкі Істер Халық Комиссариатына тапсыруды ниеттеп отыр. Бұйрығыңызды күтеміз», - деп хабарлады [43, 300 б.].

1937 жылдың 21 тамызында КСРО Халық Комиссарлар Кеңесі мен БК(б)П Орталық Комитетінің «Корей халқын Қиыр Шығыс өлкесінің шекаралық аудандарынан көшіру туралы» біріккен қаулысы шығып, онда «Қиыр Шығыс өлкесіне жапон шпиондығының еніп кетпеуіне жол бермеу мақсатында корейлерді көшіру» қажеттігі көрсетілді [45, 64-65 б.].

Тарихшы ғалым Т. Омарбеков «Депортация: корейлер қасіреті» деп аталған мақаласында корейлердің Қиыр Шығыстан неліктен жер аударылғандығы ресми қаулыға байланыстырды. «...корейлерді Қиыр Шығыстан жер аудару еліміздің, тіпті корейлердің өздерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жасалған тәрізді де болып көрінер еді. Бірақ жоғарыдағы ресми қаулы бұл науқанның «жапон шпионажының еніп кетуіне» жол бермеу үшін жасалып отырғанын анықтап атап көрсетіп отыр емес пе? Айта кеткен жөн, Корея мемлекетінің өзі ол кезде жапондар қол астында болғандықтан жекелеген корейлерді Жапонияның барлау-шпиондық жұмыстарда пайдаланғандығы белгілі», - деп жазған еді [46, 35 б.].

Корейлердің Қиыр Шығыстан КСРО-ның ішкі аймақтарын көшірудің себебін кеңестік үкімет Жапония тарапынан төніп тұрған соғыс қаупінен деп түсіндірмекке тырысты. Бұл негізінде корейлердің Жапон үкіметіне жасырын қызмет атқарулары мүмкін деген күдіктен туындаған еді. 1937 жылы 21 тамызда қабылданған қаулы бойынша Қиыр Шығыстағы корейлер 1938 жылдың 1 қаңтарына дейін Қазақстан мен Өзбекстан территориясына көшірілуге тиісті болды. Қаулыда қоныстанатын корейлерге шетелге кетуді қалайтын болса кедергі жасамау, шекарадан өтудің оңайлатылған тәртібіне жол беру қажеттігі аталды. Корейлерге көшкен кезде өзімен бірге тұрмыстық заттарын, дүние-мүліктерін ала кетуіне рұқсат етілді. Тіпті қалдырып кетуге мәжбүр болған дүние-мүліктерін, жиналмай қалған егіс алқабындағы астықтарының шығындарын төлеп беруге уәде етілді [45, 64-65 б.].

Корейлер көшірілетін аудандарға «көшіру барысында тәртіпсіздіктер болу мүмкін» деген желеумен әскери күштер әкелінді. Сөйтіп көшірілетін корейлер шекара әскерлері мен Ішкі істер халық комиссариатының (НКВД бұдан былай ПХК – С.Э.) арнайы бақылауына алынды. Шетелге кетпек болған корейліктер ПХК тарапынан қысымға ұшырап, еріксіз «жапон тыңшысы» екендігін мойындауға мәжбүр болды. Бұл жоғарыда қабылданған қаулыға қарама-қайшы еді.

Қиыр Шығыстың 23 ауданынан көшірілген корейліктер Қазақстанның Оңтүстік өңіріне, Арал теңізі мен Балқаш көлі маңына орналастырыла бастады. Мұрағат деректеріне сүйенсек, Қазақстанға 14600 корейліктер көшіп келуге тиіс болды [47]. Олар Алматы, Қарағанды, Солтүстік-Қазақстан, Ақтөбе, Қостанай облыстарының совхоздарға тиімсіз деп табылған жерлерге, сонымен қатар ПХК-нің Қазалы қаласының маңындағы қосалқы шаруашылық жерлеріне және күріш, қант қызылшасы, мақта, астық өсіретін колхоздарға орналастырылатын болды. Оңтүстік Қазақстанның жиырма ауданына орналастыратын 685 отбасына байланысты арнайы жоспар жасалынды. 1937

жылғы 5 қыркүйектегі КСРО ХКК-нің №1527-349 сс қаулысы бойынша ПХК-не корейлерді көшіріп қана қоймай, бой көтерулер мен тәртіпсіздіктерге де жол бермеу қажеттігі баса айтылды. Ал негізінде бой көтерулер мен тәртіпсіздіктер корейлердің өздерін басқа жаққа көшіретіндігі жайында естігеннен кейін басталды [43, 300 б.].

Корейліктерді шұғыл түрде көшіру ісі 1937 жылдың 1 қыркүйегінен басталды. Көшіруге мыңдаған автомашиналар мен жүк арбалары қолданылды. Қызыл Әскер қатарындағы және жоғары оқу орындарындағы студенттер де көшірілді. Корей мектептерінде, педагогикалық училище және мәдени-ағарту мекемелеріндегі, кітапханалардағы корей тіліндегі кітаптар мен оқу кабинеттерінің жабдықтарын, музыкалық жабдықтарды алуға рұқсат етілді [48, 54-55 б.].

Қиыр Шығыстан корейлерді көшіру барысы жайында Ежов күнделікті Сталинге мәлімдеп отырды. Көшіру барысында күш қолдану әдістері де болды. Ел арасындағы алыпқашпа сөздердің барлығын ПХК-і қатаң бақылауға алып, «сенімсіз» деп табылғандарды тұтқындап, тергеу істерін жүргізді. Қазақстанда корейлерді қарсы алу мәселесі қолға алынып, 1937 жылы 23 тамызда партия бюросының мәжілісінде арнайы комиссия құрылды. Оны басқару Халық Комиссарлар кеңесінің төрағасы О. Исаевқа жүктелінді [49].

Соғыс қарсаңында Кеңестік үкімет Түркия мен Иран шекараларына жақын орналасқан аз ұлттарға деген сенімсіздігін күшейте түсті. Шекара аймақтарында тұратын күрд, ирандық, ассириялықтар мен түріктерді ішкі аймақтарға көшіру барысы 1937-1938 жылдар аралығында жүргізілді. Түркіменстан, Әзірбайжан, Грузия мен Армян КСР-лерінен күрд, армян және түріктерді көшіру мәселесі олардың шетелдерде туыстарының барлығы және олармен байланыс ұстауынан туындады. Екінші дүниежүзілік соғыс қарсаңында Кеңес өкіметі бұл ұлт өкілдеріне үлкен сенімсіздікпен қарады.

Халықаралық жағдайдың шиеленісуіне және соғыс қаупінің төнуіне байланысты Кеңес өкіметі күрд, ирандық, ассириялықтар мен түріктерді көшіруге арнайы жоспар жасап, қаражат бөлінді. Мәселен, Қазақстанның Алматы мен Оңтүстік өңірлеріне көшірілген күрдтерді орналастыруға 1938 жылы 400 мың сом ақша бөлінген [50]. Күрдтер Оңтүстік-Батыс Азияда ежелден мекендеп келе жатқан халықтың бірі еді. Бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде күрдтертің жері бөлініп Түркия, Иран, Ирак және Сирия мемлекеттеріне қосылса, бір бөлігі Ресей империясына қарасты Кавказға кеткен болатын. Кеңес үкіметі тұсында Арменияда күрд мәдениеті қалыптасса, ал Әзірбайжанда Күрд автономиялық республикасы құрылған болатын. Кеңестік Күрдістан республикасының құрылуы Түркия, Иран, Ирак және Сириядағы күрдтер арасында ұлт-азаттық қозғалысты өршітті. Дегенмен 1936 жылдан бастап ғасырлар бойы өзінің егеменді ел болуын аңсаған күрдтердің басына түнек орнады [10, 180 б.].

Сталиндік қуғын-сүргін күрдтердің автономиясын жойып, өздерін Орта Азия мен Қазақстан жеріне қарай қуды. Халық комиссарлар кеңесінің төрағасы Микоянға жіберілген құпия құжатта 1937 жылдың соңында Қазақстанға Әзірбайжан мен Армения территориясынан 1121 шаруашылық қоныс

аударылып, күрдтер Алматы мен Оңтүстік Қазақстан облыстарының совхоздарына жұмысшы ретінде қабылданды [10,186 б.]. 1938 жылдың қарашасында Қазақстанға 2 мың иран отбасылары көшірілді [42, 328 б.].

30-жылдың соңына қарай Қазақстандағы әр ұлттар санында өзгешеліктер байқалды. Сырттан көшіріліп әкелініп қоныстандыруға байланысты Оңтүстік, Шығыс, Батыс, Орталық және Солтүстік Қазақстандағы халқының арасында біршама өсім байқалды.

Кесте 2 – 1926, 1939 жылғы Бүкілодақтық халық санағы бойынша 1926 – 1939 жж. Оңтүстік Қазақстан халқының саны

Көрсеткіш	1926 ж.		1939 ж.		1939 ж. 1926 ж-ға. %- дық үлес
	Хал ық саны мың адамға	%- дық үлес салмағы	Хал ық саны мың адамға	%- дық үлес салмағы	
Барлық тұр- ғындар	1988,0	100,0	2424,5	100,0	121,9
Қазақтар	1383,0	69,6	936,4	38,6	67,7
Орыстар	220,0	11,1	903,7	37,3	410,6
Украиндер	117,9	5,9	171,3	7,1	145,3
Немістер	4,4	0,2	17,2	0,7	390,9
Өзбектер	127,9	6,4	115,5	4,8	90,3
Басқалар	134,7	6,8	280,4	11,5	208,2

Төмендегі кестеде көрсетілгендей, Оңтүстікте халықтардың арасында сан жағынан қазақтарға қарағанда неміс, украин және басқа да ұлттардың саны әжептәуір өскен. Қазақтар мен өзбектердің санының азаюы ашаршылық жылдарында Өзбекстанға ауып кеткеніне байланысты болды. Қоныс аударылып келген басқа аз ұлт өкілдері халықтың 11,5 %-тін құраған. Кестеден оңтүстік аудандарда қазақтар саны 1,5 есе азайғанын көреміз. Бұл жағдай ауыл тұрғындарының санының күрт төмендеуіне байланысты (1,7 есе) болған [51].

1939 жж. Орталық Қазақстандағы халқының барлық саны 431,300 болып, ұлт жағынан орыстар басымдық көрсеткен. Бұл жердегі орыстар 200,6 болып, 46,5 %-і құраса, қазақтар керісінше 136,500 болып, 34,6%-ке жеткен. Өкімет тарапынан жүргізілген қоныстандыру, күштеп көшірудің нәтижесінде басқа ұлт өкілдерінің саны 30,700 жетіп, 7,2 %-ке өскен [52].

Дегенмен 1939 жж. санаққа қарағанда басқа облысқа қарағанда Батыс Қазақстан халқының саны азайып кетті. Бұл біріншіден, ұжымдастыру кезінде бұрыңғы бай-билерді, ауқатты шаруларды басқа облыстарға жер аударуынан болса, екіншіден 1931-33 жылдардағы елдегі ашаршылық барысы кезіндегі халықтың аштықтан жаппай қырылуы мен көршілес республикаларға, басқа облыстарға босуы, үшіншіден, 1937-1938 жылдардағы қуғын-сүргін нәубеті де өсімге әсер етпей қоймады. 1926 жылы 822,1 мың болған Батыс халқы 1939

жылғы 555,8 мыңға дейін азайған. Алайда өңірдегі басқа ұлттар 34,200-ға жетіп, 3,4% -і құрады [53].

1939 жж. Бүкілодақтық халық санағы бойынша Шығыс Қазақстанда аз ұлттар саны халқының саны 43,8 мың болып, 4,8 %-і жеткен [54].

Кесте 3 – 1926, 1939 жылғы Бүкілодақтық халық санағы бойынша 1926 – 1939 жж. Солтүстік Қазақстан халқының саны

Көрсеткіш	1926 ж.		1939 ж.		1939 ж. 1926 ж-ға. %-дық үлес
	Халық саны мың адамға	%-дық үлес салмағы	Халық саны мың адамға	%-дық үлес салмағы	
Барлық тұрғындар	1740,1	100,0	1619,1	100,0	93,0
Қазақтар	734,9	42,2	445,8	27,5	60,7
Орыстар	396,2	22,8	689,6	42,6	174,0
Немістер	34,5	2,0	49,4	3,1	143,2
Украиндер	505,6	29,1	305,2	18,9	60,4
Белорустар	12,0	0,7	8,3	0,5	69,2
Басқалар	56,9	3,2	120,8	7,4	212,3

Кестеден көріп отырғанымыздай, 1939 жылы басқа ұлт өкiлдерiнiң саны 1926 жылмен салыстырғанда 63,9-ға өсiп, проценттiк үлес салмағы 7,4-і құрады. Бұл кестеден 30-жылдары жергiлiктi қазақ ұлт өкiлдерiнiң күрт азайып кеткенiн байқауға болады. Қазақтардың пайыздық үлес салмағы 1926 ж. салыстырғанда 42,2 пайыздан - 27,5 пайызға түскен [55].

30-жылдардың басында Қазақстанның оңтүстік өңірінде арнай қоныс аударылған немістердің өмір сүрген. 1934 жылдың 17 қарашасындағы Оңтүстік-Қазақстан облыстық партия комитетінің қаулысы мен 1935 жылғы 1 қаңтардағы осы обкомның хатшысының қысқаша жазбасында Жуалы маңында 50 шаруашылық орналастырылған арнайы неміс поселкесі болғандығы жайында келтірілген. 30-жылдың ортасына дейін Қазақстанда тұрып жатқан 51102 неміс ұлт өкiлдерi кеңестiк қоғамның толық құқылы мүшесi болып келген [56, 48, 81 б.].

Қазақ жеріндегі немістердің саны 1936 жылы 28 сәуірде поляк ұлт өкiлдерiн Украинадан көшiру жөнiндегi КСРО ХКК-нiң қаулысынан кейiн көбейдi. 1936 жылдың соңына дейiн, атап айтқанда шiлде мен қыркүйекте поляктармен бiрге 23 % немістер жер аударылды [57, 224 б.].

Тарихтың қайғылы оқиғалары ретінде сталиндік жазалау мұнан кейінгі кезеңде де жалғаса берді. Екінші дүниежүзілік соғыс басталған кезде, гитлерлік әскерге көмектесуі мүмкін деген желеумен Еділ бойынан немістер қудаланды.

КСРО-ның ірі қалаларында, шекара маңында орналасқан елді-мекендерінде тұрып жатқан немістерді ішкі аймаққа қарай көшіру ісі арнайы бұйрықпен жүргізілді. 1939 жылғы санақ бойынша КСРО-да 1427222 немістер мекендеген [58, 36 б.]. Күштеп жер аударуға дейін Қазақстан территориясында неміс ұлт өкілдері өмір сүріп жатқан еді. Олардың сандық мөлшерін 1926 және 1939 жылдарда жүргізілген санақ нәтижелерінен көруімізге болады. Мәселен, 1926 жылы жалпы қазақ жерінде 59 мыңға жуық (58,7) немістер болып, халықтың 0,9 %-ін құраса, ал 1939 жылы неміс ұлтының саны 93,6 мыңға жеткен [59].

Ленинград аймағынан немістер мен финдерді күштеп жер аудару мәселесі соғыс басталғаннан кейін қолға алынды. 1941 жылдың 28 тамызында аса құпия түрде В.М. Молотовтың, Г.М. Маленковтың, А.Н. Косыгиннің және А.А. Ждановтың И.В. Сталинге жасаған мәлімдемесінде Ленинград маңайында тұрып жатқан 96000 немістер мен финдерді тез арада көшіру ісіне кіріскендігі айтылды. Бұл ұлттарды Қазақстан, Краснояр өлкесіне, Новосібір облысына және Алтай өлкесіне көшіру қажеттігі көтерілді. Мәлімдеме бойынша Қазақстанға – 150000 адамды, Краснояр өлкесіне – 24000 адамды, Новосібір облысына – 24000 адамды, Алтай өңіріне – 12000 адамды, Омбы облысына – 21000 адамды көшіру және ұйымдастыру жұмысын Ішкі Істер Халық Комиссариатына жүктеу ұсынылды [60, 160 б.].

1941 жылдың 6 қыркүйегінде Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің қаулысы бойынша Москва қаласы мен Москва облысы және Ростов облысындағы немістер Қазақстанның Қарағанды облысына, Жамбыл облысына, Қызылорда облысына, Оңтүстік Қазақстан облыстарына орналастыру шешілді. Атап айтсақ, Москва мен Москва облысындағы 8617 немістер мен Ростов облысындағы 21400 неміс Қазақстанға жіберіліп, былайша орналастырылатын болды: Қарағанды облысына – 4000 адам, Жамбыл облысына – 8000 адам, Қызылорда өңіріне – 8000 адам, ал Оңтүстік Қазақстанға – 10017 адам. Көшіру барысын басқару Ішкі Істер Халық Комиссариатына жүктелінді. Москва және Москва облысындағы немістерді көшіру 10 қыркүйектен бастап, 15 қыркүйекке дейін аяқтау, ал Ростов облысынан көшіруді 15-20 қыркүйек аралығында аяқтау көзделінді.

Көшіріліп апарылған немістерді колхоздар мен совхоздарға орналастыру мәселесі бойынша қылмыстық істер халық комиссариатының басшысы Вахрушевке тез арада оларды қабылдайтын және орналастыратын, сонымен қатар олардың күштерін еңбекте қолдану үшін арнайы даярлық жұмыстарын жүргізу қажеттігі бұйырылды. Ішкі Істер Халық Комиссариатына 25000 қоныс аударушыларға арнап эшалон, ал Сауда комиссариатының басшысы Любимовқа осы көшірілетін немістерге 15 күнге жетерліктей азық-түлікті дайындау және оны әр адамға норма бойынша бөлу мәселесі жүктелінді. [60, 160-161, 174 б.].

Краснодар аймағынан, Орджоникидзе аймағынан, Тула облысынан, Кабардин – Балқар АКСР-інен, Солтүстік-Осетия АКСР-інен де жер аударылған немістер Қазақстан территориясына орналастырылды. Олар Қазақстан Республикасына Запорож облысынан, Сталин облысынан және Ворошиловград облысынан, Грузия Республикасынан, Әзірбайжан

Республикасынан және Армян Республикасынан көшірілсе, Дағыстан Республикасынан және Шешен-Ингуш АКСР-інен немістерді жаппай жер аударып жіберді. Бұл шара үнемі жалғасып отырды. Әсіресе іс-шара Одақтың Жоғарғы Кеңесі Президиумының «Поволжьеде тұрып жатқан немістерді қоныс аудару» туралы жарлығынан бұрын басталып, кейіннен жаппай етек алды.

Ұлы Отан Соғысы жылдары Кеңестер Одағында 1,4 млн-дай неміс ұлтының азаматтары тұрған. Соғыс басталғаннан кейін неміс автономиясы жойылып, бұл этностар жан жаққа күштеп таратылды. Қазақстанға немістердің 1 млн-нан астамы қоныс аударылды. Мұндай шаралар басқа да жер аударылған Кеңес халықтарына жүргізілді. Бұрыннан тұрып келе жатқан немістерге қатысты да іс-шаралар жүргізілді. 1941 жылғы 16 қазандағы Қазақстан К(б)П ОК-нің «Республиканың облыстық орталықтарынан немістерді көшіру» деп аталған қаулы қабылданып, онда ПХК-ның мәлімдеуі бойынша Қазақ КСР-нде республиканың облыстық қалаларында тұрып жатқан немістер антикеңестік белсенділік танытып, халықтың арасында Кеңестер Одағының немістерден тас-талқан болатындығы жайында әңгіме таратқан. Осы жағдайға орай Қазақстан К(б)П ОК-ті Алматы, облыс қалаларында немістердің тұруын тиімсіз санады. Сондай-ақ партия, кеңес, шаруашылық жұмыстарда бұл ұлт өкілдерінің басшы болуының мүмкін еместігін келтірді [61].

Осындай қаулыдан кейін облыс орталығында тұратын немістер шалғай аудандарға көшіріле бастады. Семей қаласынан мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің қызметкері аға лейтенант Лапытов оның облыстық аудандарына неміс ұлт өкілдерін қоныс аударғандығы жайында мәлімдеген [42, 329 б.].

«Волга жағалауы немістерін Қазақстанға көшіріп орналастыру» қаулысы бойынша және «Немістерді Грузиядан, Әзербайжаннан және Армян КСР-нан көшіру» туралы құжаттарға байланысты 1941-жылдың 10 желтоқсанында 34970 неміс ұлтының адамы Қазақстанға жер аударылса, ал 1942-жылдың 5 – қаңтарында 382 102 адам келіп республика облыстарына бөлініп орналастырылған. Мәселен, Алматы облысына – 8930 адам, Ақтөбе өңіріне – 11431 адам, Шығыс Қазақстан облысына – 28069 адам, Жамбыл облысына – 10486 адам Қарағанды облысына – 20 539 адам, Қызылорда облысына – 4682 адам, Қостанай облысына – 4920 адам, Павлодар территориясына – 5353 адам, Солтүстік-Қазақстан өңірге – 62483 адам, Семей облысына – 39196 адам, ал Оңтүстік Қазақстан территориясына – 2432 адам көшіріп, қоныстандырылған [17, 61, 62 б.].

Осынау арнайы жер аударылған немістерді Қазақстанда қарсы алып, оларды орналастыру алдын-ала ойластырылғанымен, оның бәрін тиянақты жайғастыру мүмкін емес еді. Теміржол қатынасы нашар, жергілікті басшылар оларға немқұрайлы, тіпті қатыгез қарады, күннің суығы тағы басқа факторлар немістердің қасіретін қоюлата түсті. Мемлекеттің саясаты бойынша, оларды ауылдық жерлерге орналастырып, жетіспейтін еңбек күшін соларға атқарту мәселесі күн тәртібінде тұрды. Ұлттарды жер аудару кезінде әрбіріне айып тағып, қаулы қабылдап, оларды өзінің бұрынғы автономиялы жерінен айырып, еліміздің басқа өңіріне қоныс аудару, әрине, зорлықтың ең дәрекі түрі еді. 1941

жылдың 1 желтоқсанындағы мәлімет бойынша Қазақстандағы қоныстанушы немістердің саны 349 713-ке жеткен [621].

Жер аударылған жұрттың тасқыны 1942 жылы да толастамады. Республиканың ірі қалаларында эвакуациялық пункттер құрылып жатты. «Майдан өңірінен Сібірге, Орта Азия мен Қазақстанға дейінгі бүкіл жол бойында 128 жол аударылған пункті болды [63, 75 б.].

Соғыс жылдары Қазақстан жеріне қоныстандырылған ұлттардың бірі – қарашайлар болды. Кавказ жерінде 1922 жылы қарашайлардың Қарашай-Черкес автономиялық облысы құрылып, алайда 1926 жылы бұл автономиялық облыс екіге бөлініп, Қарашай автономиялық облысы және Черкес ұлттық округі құрылды. 1942 жылдың тамызынан 1943 жылдың қаңтарына дейін қарашайлықтардың жері неміс басқыншыларының қолында болды. Алайда бұл территория жаудан тазартылғаннан кейін кеңес үкіметі 1943 жылдың 12 қазанында «Қарашай автономиялық облысын жою және оның территориясын әкімшілік төңірегін қайта құру» туралы қаулы қабылдады [64].

Бұдан кейін кеңестік үкімет «неміс басқыншылары Қарашай Республикасына басып кірген кезде қарашайлықтар опасыздық көрсетіп, сатқындық жасап, көптеген адамдарды немістерге ұстап берген, неміс-фашистерінің құрған ұйымына кіріп, Кеңес үкіметіне қарсы соғысты» деген желеумен осы жылдың 14 қазанында қарашайларды жер аудару жөнінде құпия қаулы қабылдады. Т. Көлбаевтың жазуынша, 1943 жылдың 2 қарашасында таңға жақын ПХК-ның бөлімшелері қарашайлықтарды толықтай қоршауға алып, жолға дайындалу үшін 30 минут уақыт беріп, 36 кг.-нан артық жүк алуға тыйым салып, барлық халықты қарудың күшімен мал таситын вагондарға тиіп Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан территориясына жіберген [44, 27 б.].

Көптеген қарашайлықтар «немістерге Закавказье асуынан өтер кезде, оларға жол көрсетті» деген желеумен айып тағылып, тұтқынға алынып, түрмелерге жабылды. Олардың көпшілігінің тағдыры осы уақытқа дейін меймәлім күйде қалды. Сөйтіп, аз уақыттың ішінде ұлтты қатаң жазалау мақсатымен, 70 мыңға жуық тұрғыны бар Қарашай Автономиялық облысын жойып жіберді. Ал шындығында бұл нақақтан жала жабу еді. «Қарашай автономиялық облысын жою және оның территориясын әкімшілік төңірегін қайта құру» туралы Жарлықта айтылғандай «көптеген қарашайлықтар, Кеңес Одағының басқа аудандарына қоныс аударылады» делінген [65].

Қарашай автономиялық облысынан 69267 адамнан тұратын 14774 отбасы көшірілген. Олардың 45529 адамнан тұратын 11711 отбасы Қазақстанның Жамбыл және Оңтүстік Қазақстан облыстарына орналастырылған. Сонымен қатар көршілес жатқан Қырғызстанға 23 300 адамы бар 5790 отбасы, ал Өзбекстанға 353 адамы бар 95 отбасы қоныстандырылды [66]. Негізінде жер аударылып көшірілгендердің басым көпшілігі жас балалар, әйелдер және қариялар болды. Ер адамдардың көпшілігі Ұлы Отан соғысы басталған жылы соғысқа кеткен болатын. Кейбір жекелеген қарашай азаматының кінәсінен,

барлық қарашай халқына жағылған айып тағылып, ұзақ уақыт жырақта өмір сүруіне тура келді.

Қарашайлардан кейін «Қалмақ Автономиясын жою және РКФСР құрамында Астрахан облысын құру», «Шешен-Ингуш автономиялық Республикасын жою және оның әкімшілік-төңіректік құрылымы», «Кабардин-Балқар Республикасында тұратын балқарларды қоныс аудару», «Кабардин-Балқар Республикасын Кабардин Автономиялық Республикасы деп қайта өзгерту» және тағы басқа қаулылар қабылданып, қарашайдың кейіпін осы халықтар да киді.

Қалмақтар 1943 жылдың 28 қазанында елдің шығыс, солтүстік аудандарына және Оралға жер аударылған. Қысқа мерзім ішінде 99 252 адам көшіріліп, оның 2268-і Қызылорда облысына қоныстандырылған [67]. Көшіру операциясы барысында неміс оккупантарына көмек көрсетті, бандалық топта болды деген желеумен 750 қалмақты тұтқынға алған [10, 269 б.].

Жалпы 1936-1951 жылға дейінгі аралықта Сталиндік қуғын-сүргінге ұлттық нышанына байланысты 3 600000 адам іліккен екен. Солардың ішіндегі 17 күштеп жер аударылған халықтардың арасында Солтүстік Кавказдағы шешендер мен ингуштар да болды.

1922 жылдың 30 қарашасында Шешен автономиялық облысы, ал 1924 жылдың 7 шілдесінде құрылып, кейінірек, яғни 1934 жылдың 15 қаңтарында екі облыс Шешен-Ингуш автономиялық облысы болып біріккен еді. Екі жылдан кейін, 5 желтоқсанда Шешен-Ингуш АКСР-і болып қайтадан құрылды. Дегенмен көпұлтты Солтүстік Кавказдың саяси, әскери және экономикалық жағдайы соғыс басталардың алдында да, соғыс кезінде де ауыр болған. Таулы аймақтардағы халықтарға күнделікті тұрмысқа аса қажетті тауарлардың жеткізілмеді. Бұл жергілікті халықтың үкімет билігіне деген сенімсіздігін тудырды [68, 67, 72 б.].

Ұлы Отан соғысы басталған кезде шешен-ингуш ұлт өкілдері еріктілер қатарынан табылып, майдан даласында неміс басқыншыларына қарсы табанды түрде шайқасқан. Бірақ бұған қарамастан бұл халық кеңес жүйесінен аса қасірет шекті. 1944 жылы ақпанда «Фашистерге көмек көрсеткені үшін» деген жалған айыппен шырт ұйқыда жатқан шешен-ингуштардың әрбір үйіне қарулы солдаттар баса-көктеп кіріп, оларды сыртқа сүйреп шығарып, алдын ала дайындап қойған тауар тиейтін поездарға тиеген. Қарсыласып немесе қашуға талпынғандар табан астында атып тасталынды. Айналасы бірнеше сағаттың ішінде Шешен-Ингушетияның бүкіл ауылдары қаңырап бос қалды [69].

Негізінде шешен-ингуштердің территориясын немістер басып алмаған, сондықтан кеңестік биліктің бұндай айып тағуы қисынсыз еді. Бұл халықтарының не үшін жер аударылғандығы әлі күнге дейін жұмақ болып қалуда. Бұл жайында осы халықтың қуғындалу тарихи зерттеуші тарихшылар түрлі болжамдар, мысалдар келтіруде. Мәселен, П. Полян зерттеу еңбегінде оларға Кеңес өкіметі мен Кеңес Әскеріне қарсы террористік қозғалысқа белсенді түрде қатысқандығын жазған болатын [70, 121 б.].

Республикадағы жағдайды анықтау үшін 1943 жылы қазан айында ПХК-нің халкомының орынбасары Б. Кобулов келіп, ПХК-нің Басқарма

басшыларымен болған мәжіліс барысында «Чечевица» деген жоспар талқыға салынып, өлкеде тұрып жатқан 500 мың шешен мен ингуштарды жер аудару мәселесі қаралды. Қараша айында Алтай, Краснояр өлкесі мен Омбы, Новосібірдегі ішкі істер басшыларымен өткен келесі мәжіліс барысында ПХК-нің халкомы В.В. Чернышев осы өлкеге жер аударылатын шешен-ингуштардың мәселесін қарастыра отырып, Алтай мен Краснояр өлкесіне және Омбы облысына 35-40 мыңнан, ал Новосібірге 200 мың адамды қоныстандыратын болып шешкен еді. Алайда жоспар өзгеріліп, таулықтарды Қазақстан мен Қырғызстан облыстарына апарып орналастыратын болды. Осы жылдың желтоқсанында КСРО Ішкі істер халық комиссарының орынбасары Чернышев шешендер мен ингуштарды Қазақстан мен Қырғызстанға орналастыру барысы жөнінде анықтама берді. Бұл анықтамада іс-шараны жүргізуге Қазақ КСР-і ХКК-і төрағасының орынбасары Тәжиев пен ішкі істер халкомы Богданов қатысқандығы айтылды. Осы анықтама бойынша шешендер мен ингуштарды арнайы қоныстанушылар ретінде Ақтөбе облысының 9 ауданына 27000 адамды, Солтүстік Қазақстан облысының 15 ауданына 50000 адамды, Қостанай облысының 15 ауданына 50000 адамды, Қызылорда облысының 7 ауданына 15000 адамды, Алматы облысының 13 ауданына 50000, Семей облысының 9 ауданына 33000 адамды, Шығыс Қазақстан облысының 10 ауданына 45000 адамды, Қарағанды облысының өндірістік аудандарына 30 000 адамды, Павлодар облысының 10 ауданына 50000 адамды, Ақмола облысының 12 ауданына 50000 адамды, барлығы 400000 шешендер мен ингуштарды орналастырылуға тиіс болды.

Шешен-ингуштарды Қазақстан облыстарына орналастыру мәселесі 1943 жылдың желтоқсанында анықталды. «Чечевица» операциясын жүзеге асыруға 19 мың оперативті қызметкерлері бар ПХК-і, НКГК мен «СМЕРШ» және 100 мыңға жуық офицерлері мен әскерлері бар ПХК-ті қатыстырылған [68, 83 б.].

Солтүстік Кавказдағы шешен мен ингуш халықтарын көшіру жөніндегі шешімі Мемлекеттік Қорғаныс комитетінің 1944 жылдың 31 қаңтарда шығарылды. Бірақ аса құпия түрде ұсталды. Осы жылдың 21 ақпанында КСРО ПХК-нің операцияны жүзеге асыру жөніндегі Жарлығы шықты. Шешен-Ингуш АКСР-ін жою туралы КСРО Жоғарғы Кеңесінің шешімі шешендер мен ингуштерді жер аудару аяқтауға бір күн қалғанда ғана жарық көрген.

Шешендер мен ингуштерді жер аудару мәселесін Л. Берия мен оның орынбасары тікелей басқарып отырды. Ең алғашқы жер аударылған шешендерді тиеген эшалон Қазақстан жеріне наурыз айының ортасында келген. Жоспарланған 344586 адамның 16565-і Жамбыл облысына, 29086-ы Алматы облысына, 34167-і Шығыс Қазақстанға, 20808-і Оңтүстік Қазақстанға, 39542-і Солтүстік Қазақстанға, 20309-ы Ақтөбе облысына, 31236-ы Семей облысына, 41230-ы Павлодар облысына, 37938-ы Қарағанды облысына жіберілді.

Шешендер мен ингуштерді көшіру барысы жайында Л. Берия күнделікті И. Сталинге жеделхаттар жөнеліп отырған. Мәселен, ең алғашқы күні, яғни 23 ақпанда жіберілген жеделхатта: «Көшіру қалыпты өтуде. Көңілді аударатын оқиғалар жоқ. Кейбір жеке тұлғалардың тарапынан орын алған 6 қарсылық әрекеті, тұтқындау немесе қару қолданумен басылды» делінсе, 26 ақпандағы

жетелхатта: «Шешендер мен ингуштерді көшіру операциясы қалыпты өтуде. 25 ақпаның кешінде теміржол эшелондарына 342 мың 647 адам тиелді. Тиеу станциясынан жаңа қоныстандырылатын жерлерге 86 эшелон жөнелтілді» делінді [10, 252, 262 б.].

Республикаға Қырым татарларын көшіру мәселесі 1944 жылғы 13 сәуірдегі «Қырым АКСР-і аумағын антикеңестік элементтерден тазалау шаралары туралы» Л. Берияның бұйрығымен жүзеге асырыла бастады. Екі тәуілік ішінде барлығы 191 044 татардың 147 170-і Өзбекстанға, 4501-і Қазақстанға көшіріліп әкелінген. Олармен бірге Қазақстанға 7000 балғар мен гректер көшірілген [37, 36 б.].

КСРО-ның ұлт саясатына байланысты Кавказдағы мұсылман ұлт өкілдері және Қырымдағы татарларды жер аударуын Америкаға эмиграцияға кеткен тарихшы А. Некрич Екінші дүниежүзілік соғыс тұсындағы КСРО мен Түркия арасындағы шиеленіспен, түрік шовинистерінің жасап, гитлерлік Германияның тарапынан мақұлданған пантұрандық жоспарымен байланыстырған [68, 67 б.].

Ұлы Отан соғысы кезінде Грузияның оңтүстік аймағында 150 мың түрік тұрды. Оның 40 мыңнан астамы Қызыл Әскер қатарына Отанды қорғауға жіберіліп, 26 мыңы майдан даласында қаза тапқан [71, 11 б.].

1944 жылы 24 шілдеде Л. Берия И.В. Сталинге хат жолдап, онда КСРО-ның Грузиядағы шекаралық қауіпсіздігін жақсарту үшін оның Ахалцых, Ахалкалак, Аспиндзы, Адыген, Богданов аудандарындағы және Аджар АКСР-ның кейбір аудандарынан түрік, күрд жанұяларын қоныс аудару керектігін ұсынды. Оның жазуынша, бұлар аймақтағы 16700 түріктер мен курдтар көшірілуге тиіс болды [72, 212 б.].

Месхеттік түріктерді көшіру мәселесі 1944 жылғы 31 шілдедегі Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің шешімімен жүзеге асырылды. Месхеттік түріктерді күштеп жер аудару 1944 жылдың 14 қарашасынан басталып, 1945 жылы аяқталды. Жалпы Грузияның территориясындағы барлық мұсылмандарды ішкі аймаққа қарай жер аудару көзделінді. Бұл өңірден 86 000 мұсылмандар көшірілуге тиіс еді, бірақ 96 367 адам күштеп қоныс аударылды. Бұлардың ішінде 66 823 түрік ұлты, 8843 күрдтер, 13 997 хемлшиндер болған болатын. Алайда олардың 15 432 адамы жер аудару барысында қайтыс болды, қаза тапты [72, 170 б.]. Грузиядан көшіріліп әкелінген 115, 5 мың адамның 27 883-і Қазақстанға, ал 53127 - і Өзбекстанға орналастырылды [73].

XX ғасырдың 30-40-жылдары үкіметтің арнайы қаулысымен Қазақстан территориясына көшіріліп әкелінген ұлттарды орналастыру қатаң бақылау негізінде жүргізілген. Қазақстан жеріне көшірілген ұлттарды орналастыру негізінен жоғарғы үкіметтің арнайы жасалынған жобасы, жоспарымен жүзеге асырылды. 1936 жылы Украина жерінен қоныстанушы немістер Солтүстік-Қазақстан облысына орналастырылды. Оларға 468 мың га. жер қоры беріліп 37 поселке ұйымдастырылған. Бұлардың 6-ы Қарағанды облысында, 31-і Солтүстік Қазақстанда салынды. Алдын ала жасалынған жоспар бойынша қоныстандырушылар орналастырылған нысандарда 1936 жылдың соңында 15 фельдшерлік-акушерлік пункттер, 1 дәрігерлік амбулатория, 3 аурухана

ашылды. Дәргерлік-санитарлық мекемелерден басқа жаңа поселкелерде ана тілінде 8 сыныптық мектеп, 4 интернат, монша, наубайхана салынған. 1937 жылдың 1 қаңтарына дейін 1 және 7 сыныптарына неміс ұлтының 1629 балалары тартылған. Сабақ орыс және неміс тілдерінде жүргізілді [57, 224 б.]. Осы мектептерге 1936 жылдың желтоқсанында Украинадан неміс және поляк тілінде 21 атаумен оқулықтар келді [74].

Ұлттарды орналастыру барысы үлкен қарқынмен жүргізілді. Республиканың ішкі облыстарынан шалғай аудандарға көшірілген немістердің материалдық-тұрмыстық жағдайлары аса ауыр болған. 1941 жылғы 15 қарашадағы мәлімдемеде тексеру барысында Семей облысының Мақаншы, Ақсуат, Абыралы аудандарына қоныс аударылған немістердің ашығып, қайыр тілеп жүргендігі айтылды [75].

Негізінде немістерге қатысты қаулы қатаң түрде жүзеге асты. Себебі КСРО мен Германия арасында болып жатқан соғыс халық арасында неміс ұлтына деген жеккөріністілікті тудырған болатын. Алайда үкімет Кеңестер Одағында өмір сүріп келе жатқан немістердің бұл соғыс өртіне еш қатыстығы жоқтығын ескере отырып, олардың басқа ұлттар тарапынан қысымшылық көрмеуіне тырысып бақты. Сондықтан қабылданған «Неміс-қоныстанушыларын тәртіпте ұстау және еңбекте пайдалану» туралы қаулыда барлық немістердің КСРО ІХК-нің жанындағы лагерлерге жұмыс істеуге баратындығы айтылса, ал екінші «Арнай контингентті қорғау тәртібі» деген қаулыда қоныстанушы немістерді қорғауды күшейту, ол үшін колоннадан жеке тұратындардың барлығын тез арада колоннаға енгізу, оларға арналған колонналарды құратын жерді белгілеу, тұтқындалғандарды ұстауға арналған өңірді лайықты түрде жабдықтау қажетті айтылды. Сондай-ақ тұтқындалғандарға арналған барактарды қоршауға алып, арнайы әскери күштермен күзетілу қажет болды.

Колоннада қатаң әскери тәртіп орнады. Ішкі тәртіпті бұзғаны, жүктелген тапсырманы, жұмыс мөлшерін орындамағаны және мемлекет мүлкін бүлдіргені немістерге мынадай жаза қолданылды:

- а) жеке сөгіс және ескерту;
- б) сап алдында сөгіс беру;
- в) ақшалай айып;
- г) ең ауыр жұмыстарға жегу;
- д) 20 тәулікке тәртіптік ретпен қамауға алу;
- е) 10 тәулікке дейін қатаң қамауда ұстау;

Қамауға алынған уақытта берілген тамақ сол адамның айлық есебінен ұсталу.

- ж) сотқа беру [42, с.336-337].

Колоннада қамауға алынған немістер бір адамдық бөлмеде ұсталып, жұмысқа шығарылмады. Сондай-ақ үстінде төсеніші жоқ тақтайдың үстіне жатқызылып, ыстық су күн ара берілді. Ыстық берілмеген күні нан, шәй, су ғана беріліп отырды. Қамауға алынған күніне арнайы күзетшінің бақылауымен 30 минуттай серуендей алды. Колоннаның жұмысшылары жер аударылған немістермен толықтырылып отырды. Бұл колоннада 16 мен 45 жас

аралығындағы әйелдер де болды. Жер аударуға күйеулері орыс неміс әйелдері мен әйелдері орыс болған немістер жатпаған.

Колонналарды құру үлкен қарқынмен жүргізілді. Мәселен, 1942 жылы 23 қаңтарда Семей облыстық әскери комендантының аудандық әскери коменданттарға Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің №1123 қаулысы бойынша 28 қаңтарға дейін 49/1 жұмысшы колоннасын құру жөнінде жеделхат жөнелтілген. Бұл колоннаға 17 мен 50 жас аралығындағы жер аударылған немістер мен жергілікті немістер шақырылып, медициналық тексерістен өткізілді.

Колоннаға келушілер өздерінің қыстық киімдерімен, төсек-орнымен, он күндік азық-түлігімен келуге тиісті болды және оларды колонна орналасқан жерге орналастыру үшін бірнеше эшелондар дайындалды. Байкалқұрылыс деп аталған лагерге дейін бұлар бір айдай жүріп барды. Жол бойында қатты ауырған 7 адам ауруханаға жіберілсе, 20 адам жолды көтермей кері қарай қашып кетті [42, 338-339 б.].

Соғыс жылдары 120 мың немістер еңбек армиясының қатарында болды. Олардың 72 мыңға жуығы Қазақстанда орналастырылып шақыртылған немістер еді. Мәселен, 1942 жылы Оңтүсті-шығыс темір жолдарын салу үшін неміс ұлтынан республикадан 2695 адам, Сталинск-Магнитогорск бағытын салуға 5800 немістер жіберілсе, ал 1943 жылы республикадағы «Балқашқұрлыс» тресіне немістерден 9573 адам жұмыс істеген. Соғыс уақытында қазақ жеріне 462 мың немістер келген [57, 118 б.].

Ұлттарды өз жерінен көшіруде мемлекеттік шығындар да көбейді. Қоныстанушыларды шығарып салу және қабылдау үшін қомақты қаржы бөлінді. Әр жерге аударылып бара жатқан адамның кім екенін білу үшін арнайы қоныстандыру билеттері жасалынды. Бұл да бір талай қаражатты талап етті. Қоныстану билетімен қоса мыңдаған өтініш бланктері, есеп беру қағаздары, жүзеген плакаттар және мыңдаған үгіттеу парақтары дайындалды [76].

Жер аударылғандарды қабылдау сол қоныстанатын жердегі халықтардың есебінен жүргізілді. Колхоз, совхоздарға көшіріп әкелу үшін жергілікті тұрғындар ұйымдастыру шараларын қарастырып, көшіретін көлік, тұратын баспана даярлады. Жер аударылған халықтар баратын жерлеріне жеткенге дейін де үлкен қиыншылықтарды бастарынан өткерген. Қоныс аударушылар темір жол станциясынан 200-500 шақырым қашықтықтан жеткізіліп, вагондағы 25 адамның орнына 30 адам үшін ақша төленіп отырғызылды. Көшірілетіндер өздерімен бірге вагондарға ірілі-ұсақты малдарын, оған керекті мал азығы (жем-шөп), азық-түлікті тиеуге мәжбүр болды. Бір отбасынан шыққан жерінен есептегенде жұмсалатын нақты шығын 345,2 сомды құрады. Орналасқан жерінен 60 сом, теміржол тасымалына 559 сом, барлығы 970 сом жұмсауды керек етті [77].

Арнайы жер аударылған халықтарды Қазақстанда қарсы алып, оларды орналастыру алдын-ала ойластырылғанымен, оның бәрін тиянақты жайғастыру мүмкін емес еді. Оның үстіне «немістерге көмек көрсетті» деген негізсіз айыппен аударылған халықтарға үрейлі, жиіркенішті көзбен қарау да орын

алды. Мәселен немістерді қарсы алуда осындай фактілер орын алған, Жергілікті басшылар оларға немқұрайлы, тіпті қатыгез қарады, күннің суығы тағы басқа факторлар немістердің қасіретін қоюлата түсті. Теміржол қатынасы нашар болғандықтан республикаға келгенше ұлттардың көпшілігі түрлі ауруларға шалдықты, азып кетті.

Мемлекеттің саясаты бойынша, оларды ауылдық жерлерге орналастырып, жетіспейтін еңбек күшін соларға атқарту мәселесі күн тәртібінде тұрды. Ұлттарды жер аудару кезінде әр біріне айып тағып, қаулы қабылдап, оларды өзінің бұрынғы автономиялы жерінен айырып, еліміздің басқа өңіріне қоныс аудару, әрине, зорлықтың ең дөрекі түрі еді. Егер соғысқа дейінгі халықты жер аудару заңдылығы сол кездегі Конституцияға, заң тәртібіне, жариялылыққа қарсы элементтерді жасыруға тырысса, ал Ұлы Отан соғысы жылдары жер аударылған халықтарға қатысты ешбір заңдылықтар болған жоқ, оларға ешқандай жеңілдіктер (аурухана, мектеп, ақшалай көмек) жасалынған жоқ. Соның әсерінен жекелеген күштеп көшірілген халықтың қоныстанған жерлерінде қанша уақытқа дейін болатындары туралы білуге де мүмкіндіктері болмады.

Қазақстанға келген поляктарды жергілікті қазақтар билік басындағылардың қатігездігіне қарамастан жанашырлық танытып, ауыздағыларын жырып берген. Мысалы, БК(б)П ОК-нің ауылшаруашылығы бөлімі бастығының орынбасары Ицков Орталық Комитет хатшысы Андреевке Қазақстанның Қостанай облысындағы колхоздардың бірінен қазақтарға күдік келтіретін мынадай хабар жолдаған: «Жер ауып келгендерді құшақ жая қарсы алғандары соншалық, оларға ферманың бір күн бойы сауылған сүтін берген, сөйтіп, тіпті колхозшылардың балалар алаңындағы сәбилер сүтсіз қалды» [39, 44 б.].

1936 жылы жер аударылып келген поляктарға арналып республикамызда арнайы поселкелер салына бастады. Мысалға алсақ, осы жылы Солтүстік-Қазақстан облысының Тайынша ауданында «Озерное» ауылы пайда болған. Қазақстандағы поляктардың «Вензь» қоғамының төрағасы болған А.Г. Левковскийдің естелігінде мынадай жәйттер еске алынды: «Жер аудару үрдісі жүргізілген 1936 жылғы бастама кезінде колхоздық құрылыстың жеңісі мен КСРО-ның Конституциясына дайындық істерімен қабаттас келді. Бірінші болып мамыр айының аяғында 3 күннің ішінде поляктарды көшіртті. Украина ауылдық кеңесінің жанынан қару кезенген адамдардың бақылауымен Қазақстанға, жаңа қонысқа көшіру жүргізілді: бәрін өзіңмен алуға рұқсат етілді, 2 аптаның ішінде адамдар. Жылқы, қой тиеген вагондар тиізбегі Орал тауларынан асып, Көкшетау өңірінің Тайынша станциясына 15 шақырым жердегі Жаманшоқы елді-мекеніне қоныс тептік, міне осы жерде жаңа өмір басталды. Бір ғана құдығы бар елді-мекенде шатырлар бой көтеріп, колхоз құрды. 1936 жылы 22 маусымнан бастап сталиндік жобадағы саман үйлер құрылысын жүргізу күзге дейін созылды. 5 жанұя бір үйде мекен етті, қатты қыста жеркепелер пайдаланылды» [38, 195 б.].

Қазақстанның ПХК-на қарасты еңбекпен түзеу лагерлер Басқармасы 1942 жылдың 1 ақпанына дейін өндіріс орындары мен құрылыстарда жұмыс істеу үшін 9458 адамы бар 17 контрагенді колониялар құрған [78].

1943 жылы 27 қазанда Солтүстік Кавказдан келгендерді Оңтүстік Қазақстан территориясына орналастыруға байланысты ХКК-нің төрағасы Н. Оңдасынов пен Қазақстан К(б)П Орталық комитетінің хатшысы Скворцовтың қол қоюымен қабылдаған қаулысы бойынша Жамбыл облысының 7 ауданына 5000 жанұя қоныстандырылатын болса, ал Оңтүстік Қазақстан облысының 8 ауданына 6000 жанұя орналастырылатын болып шешілді. Жамбыл облысының Жамбыл ауданына – 1000 жанұя, Свердлов ауданына – 900 жанұя, Талас ауданына – 300 жанұя, Луговой ауданына – 400 жанұя, Мерке ауданына – 700 жанұя, Қордайға – 700 жанұя, ал Шу ауданына – 1000 жанұя орналастыру жөнінде шешім шығарылды [79].

Осы екі облыстың барлық облыстық атқару комитетіне келген ұлттарды колхоздар мен совхоздардың босап тұрған үйлеріне орналастыруды, қоныстанушыларға 1943-1944 жылдары саманнан және саз балшықтан үйлер салуға барлық жағдайларды жасауды бұйырды. Екі облыстың облыстық атқару комитетінің төрағалары Кәлкенов пен Ишановқа және осы облыстардағы партия комитетінің хатшылары Ткаченко мен Нечаевқа тез арада жер аударылып келе жатқан қоныстанушыларды қабылдап және орналастыратын облыстық және аудандық үштіктерді құру тапсырылды. Бұл үштің құрамына облыстың немесе ауданның атқару комитеттерінің төрағалары, обком мен ауданком партиясының бірінші хатшылары және Ішкі істер халық комиссариатының басшылары енді. Үштіктер 1943 жылдың 10 қарашасына дейін колхоздар мен совхоздарға арнайы қоныстанушыларды орналастыру үшін үйлерді сол жердің материалдарымен жөндеуден өткізуге, он бес күнге жететін үйлерді жылытуға арналған отынды даярлауға, эшолонмен келгендердің балаларын түсіріп әзірше орналастыратын арнайы бөлмелер даярлау және қоныстанушыларды ыстық сумен, нанмен қамтамасыз етуге және дәрігерлік қызмет көрсетуге, қоныстанушылардың дүние-мүліктерін тиіп, орналасатын жерлеріне жеткізетін көлік-арба және автомобилдерді әзірлеп әкеліп қоюға, колхоздар мен совхоздардағы еңбекшілердің арасында қоныстандырушыларға байланысты түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, оларға өз тараптарынан келушілерге көмек көрсету қажеттігін айтуға, қоныстанушылар келгеннен кейін еңбекке жарамдылардың барлығын жұмыспен қамтамасыз етуге тиісті болды [80].

Сонымен қатар облыстық атқару комитетінің алғашқы уақыттарда жер аударылғандарға мемлекет есебінен мал, құс, астық бөліп беру және үйлер салу үшін қажетті құрылыс материалдарын босату мәселесі де тапсырылды. Құрылыс материалдарын бөлу ісінде Мемлекеттік Жоспарлау бастығы Тәжиевке, Орманмен қамтамасыз етуде Груздевке, азық-түлікпен қамтамасыз етуде Семеновке бақылау орнатуды міндеттеді. Ал облыстық атқару комитетінің төрағалары Кәлкенов пен Ишановқа құрылыс материалын бөлу барысында қатаң бақылау жасау жүктелінді. Жер аударылып келгендерге 7 жылға құрылыс материалдарын алу үшін несиеге ақша алуға мүмкіндік берілді.

Екі облысқа көмек көрсетуге Қазақстан К(б)П Орталық комитеті мен Халық Комиссарлар Кеңесінен арнайы өкілдер жіберілді. Мәселен, Оңтүстік Қазақстан облысына Мартынов пен Жантуаров, ал Жамбыл облысына Федоров пен Тимофеев және Королев жіберілген [81].

Қоныс аударып келген ұлттар тасмалдаған эшолондарынан түскеннен кейін 15-20 отбасы болып бөлініп, бірнеше қалаларға орналастырылды және үкімет тарапынан қатаң бақылауға алынды. Оларға бір қаладан екінші қалаға рұқсатсыз баруға тыйым салынды. Жер аударылғандардың қолында қайдан келгендігін білдіретін құжаттан басқа құжат болмады. Оны тиісті орындардың келісімінсіз өзгертуге құқы болмады. Жанұясында өзгерістер болған жағдайда, мәселен, өлім-жітім, бала дүниеге келген немесе қашып кеткен жағдайларда үнемі бақылап отыратын комендантқа үш күн ішінде мәлімдеулеріне тиіс болды [82].

Бұл адамның барлық құқығына шек қою деген сөз еді. Тіпті ғасырлар бойы ұстанып келе жатқан кейбір салт-дәстүрлерін ұстануға да шек қойылды. Жақын-туыстарынан алшақ кеткен ұлттар өз ана тілінен сөйлеуден қалды. Бұл біріншіден, олардың тілін, дінін, мәдениетін ақсатса, екіншіден, олардың дамуына үлкен зардабын тигізді, ғасырлардан келе жатқан салт-дәстүрінен айырды, санасын улады. Барған жерлерде де олардың материалдық-тұрмыстық жағдайлары төмен болды. Өйткені иесіз далаға тез арада баспана, мектеп, аурухана сала қою оңайға түспеді. Олардың тұратын жерлері жертөлелер, қамыстан салынған үйлер немесе бір баспанаға бірнеше отбасылары тұратын барактар еді. Адамдар арасында ауру-сырқау көбейіп, оларға көмек беру туралы арнайы жазған хаттарына жауап келіп тез арада шешіле бермеді. Бұл жағдай олардың наразылығын туғызды.

Мұрағат құжатында көрсетілгендей, қазақ жеріне 40 мың қарашайлықтар, 420 мың шешендер мен ингуштер және 25 мыңнан астам балқарлықтар, барлығы 111593 жанұядан тұратын 470 мың адамдар қоныстанған. Бұлар республиканың 14 облысының 145 ауданына орналастырылды. Атап айтқанда олардың 68969 жанұясы колхоздарға, 11377 жанұясы совхоздарға, ал 31247 жанұя өндіріс орындарына барып қоныстанған [83].

Қоныстанушылар үлкен қиыншылыққа тап болды. Орналасатын бос үйлер мен азық-түліктің бітуі, медициналық көмектің болмауынан олардың арасында түрлі эпидемиялық аурулар тарады. Жұмысқа орналасу барысында қоныстанушылар жұмыс таба алмай, бір шаруашылықтан екіншісіне көшу барысы жиіледі. Қоныстанушаларға деп берілуге тиіс 19 кг. бидайдың тек 5-10 кг. ғана берілген. Колхоз төрағалары қалған бидайды колхозшыларға аванс есебінде берген немесе дала асханаларына жіберген. Бұндай фактілер Алматы, Ақмола және Қарағанды облыстарының колхоздарында кездескен. Сонымен қатар қоныстанушыларды тұрған үйлерінен көшеге қуып шығару сияқты фактілер де анықталған. Осындай келеңсіз жәйттерге жол берген басшыларды жауапқа тарту мәселесі қолға алынды.

Құрылыс материалдарын беру барысында да кемшіліктер жолыққан. Мәселен, берілген материалдардың көпшілігі қолдануға жарамсыз шіріген болып шыққан. Үкімет тарапынан берілген несие құрылыс материалдарын

алуға жетпеді. Ақтөбе, Қызылрда және Қостанай облыстарына орналасқан кейбір қоныстанушылар тиісті берілетін малдарын ала алмаған. Келушілердің киімдері де тозған. Осындай кемшіліктерге орай Қазақстан К(б)П Орталық комитеті мен Халық Комиссарлар Кеңесі БК(б)П ОК-нің хатшысы Г.М. Маленковтан Одақтық ХКК-нің шешімімен берілетін құрылыс материалдарын жіберу, үй салуға несиені 15 млн сомға дейін көбейтуді, республикаға қоныстанушыларға іш және сыртқы киімдер тігу үшін 2,3 млн метр бұл мен 25 мың пар аяқ киім жіберуді және пима жасауға 250 тонна жүн бөлуді өтінді [84].

1944 жылдың күзіне қарай Солтүстік Кавказ бен Калмақ жерінен келгендер бастапқыда өздері соққан жер үйлерде тұрса, кейінірек күрделі жөндеуден өткен үйлерге көшкен. Республикада жер аударылғандардың қоныстануынан бастап 1947 жылдың 1 қаңтарына дейін оларға арналып 23 151 үй салынып, 15 915 бос тұрған ескі үйлер жөндеуден өткен, сондай-ақ 30 141 үй сатып алынып, жөнделген. Шаруашылық ұйымдарына 28 938 үйлер берілген. Осы уақытта барлығы 97 145 шаруашылық үймен қамтамасыз етілді [85].

1944-1945-жылдары Қазақстанға жер аударылған шешен мен ингуш ұлттарының өкілдерін Ақмола, Ақтөбе, Алматы, Шығыс, Солтүстік, Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Қарағанды, Қызылорда, Көкшетау, Қостанай, Павлодар, Талдықорған облыстарына орналастырды. Қарағанды облысына 50000 адамдық 10000 жанұя жіберіліп, олардың 29 мыңы өнеркәсіп орнына бөлінген. Қарағанды көмір өнеркәсібіне – 7000, Жезказған комбинатына 13000, қара металлургия заводы құрылысына – 5000, жергілікті өнеркәсіпке – 4000 адам орналасты.

Алматы облысына 30000 адамдық 6000 жанұя қоныстандырылып, олардың бәрі теміржол бекеттерінде жүкші немесе ауылшаруашылығы, мал шаруашылығында жұмысқа орналастырылды. Жер аударылғандар тұрғылықты халықтың үйлеріне, бос үйлерге, кеңселерге орналастырылды. Көшу кезінде бөлінген азық-түліктері таусылған қоныстанушыларға жергілікті халық жанашырлық танытып, талғажау етіп отырғанымен бөлісті.

Ақтөбе облысына жіберілген 8000 жанұяның (40000 адам) басым көпшілігі колхоздарға орналастырылып, олар жұмысшы ретінде сол колхозда жер өңдеу, мал шаруашылығында еңбек ете бастады. Ал арнайы инженер, техникалық мамандықтары барлар Темір ауданындағы мұнай өндіру кәсіпорнына жіберілді. Ақмола облысының колхоздарына 50 мыңдық 10000 жанұя жіберіліп, ауылшаруашылығына жұмылдырылды. Бастапқы кездерде оларды орналастырылатын үйлер болмағандықтан колхозшылардың отбасына бөліп орналастырылды. Кейбіреулері колхоз кеңселеріне, иесіз жатқан бос үйлерге кіргізілді.

Шығыс Қазақстан облысына жіберілген 30000 адамдық 6 000 жанұяның 6000-ы өнеркәсіп орындарына, 20500-ы колхоздарға, ал 3500-ы совхоздарға бөлінді. Ең көп қоныстанушылар жіберілген Қостанай облысы болып, 50100 адамдық 10020 жанұяның 39000 адамы колхоздарға, 11100 адамы совхоздарға орналастырылған. Солтүстік Қазақстан облысына 50000 адамдық 10000 жанұя жіберіліп, оның 45000-ы колхоздарға, 5000-ы совхоздарға орналастырылып, жұмыспен қамтамасыз етілді. Семей облысына жіберілген 30000 адамдық 6000

жанұяның 25000 адамы облыс колхоздарына, 5 000 адамы совхоздарға қоныстандырылса, ал Қызылорда облысына аттандырылған 20000 адамдық 4000 жанұя да колхоз, совхоздарға бөлініп, еңбекпен қамтамасыз етілген. Павлодар облысына көшірілген 50400 адамдық 10 080 жанұяның 42000-ы колхоздарға, 8400-і совхоздарға жіберілді. Сонымен, Қазақ КСР-і бойынша 400 000 адам қабылданып, олардың 325 000 адамы колхоздарға, 40 000-ы совхоздарға, ал 35 000-ы өнеркәсіп орындарына орналастырылды [86].

Республикаға орналастырылған қоныстанушыларға қатысты жүргізілген жұмыстар жайында 1945 жылы 1 қаңтардағы Я. Морозовтың Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы Н. Оңдасыновқа берген есепті анықтамасында көрсетілді. Мәселен, есепте 1944 жылғы 31 қаңтардағы республикаға 400 мың шешендер мен ингуштарды орналастыруға қатысты қабылданған қаулының орындалғандығын, Гурьев пен Батыс Қазақстаннан басқа облыстардың барлығына 401 000 арнайы қоныс аударылғандарың қоныстандырылғандығын және оларға 4800 тонна ұн, 2400 тонна жарма, 500 тонна бензин, 1000 пар автодөңгелегі берілгені келтірілсе, ал осы жылдың 5 наурызындағы қаулы бойынша 25 мың балқарлықтардың да республикаға орналастырылғандығы және оларға да 300 тонна ұн, 150 тонна жарма, 50 тонна бензин бөлініп, берілгендігі айтылды [87].

Осы есепте 1944 жылдың 11 мамырындағы үкімет қаулысы бойынша еліміздің территориясына Қырымнан 7000-дай болгар, армян мен гректерді орналастыру керектігі, Қазақ мұнай комбинатына 4500 жер аударылғандар орналастырылып, оларға аса қажетті 168 тонна ұн мен 42 тонна жарма үлестірілген. Жалпы КСРО ХКК-нің қаулысымен республикамызға орналастырылған қоныстанушыларға бөлінген 3135 бас мал, 500 бас өгіз және т.б. тұрмысқа қажетті заттар берілуге тиісті болса да өкінішке орай ірі қара мал мен өгіздер берілмеген [88].

25 қазандағы № 6600 нөмірлі қаулы бойынша Қырымнан келген қоныстанушыларға тиісті 172 тонна ұн мен 100 тонна картоп, 8,5 тонна жүн және 2134 дана қой терісінің ішінде ұн мен жүн, қой терісі берілсе, ал картоп берілмеген. Сонымен қатар 30000 отбасы ыңғайланған үйлерде тұрған. Дегенмен колхоздарға орналастырылған 61835 отбасының 1672-сі колхозға қабылданбаған. Ал 43512 отбасы үй жанынан телім ала алмаған. Колхоздағы еңбекүнін де өте аз алған, тіпті нан ала алмай қалған күндері де болған. Кейбір облыстар мен аудандарда қоныстанушыларға тиісті ұн мен жарма белгіленген емес жерлерге жіберілген. Азық-түліктің жетіспеуінің нәтижесінен көптеген қонысаударушылар жүдеп, әлсіреп қалған. Тіпті аштықтан қайтыс болғандар да болған. Жанадан салынып жатқан үйлер материалдың жоқтығынан, әсіресе терезелердің әйнектелмеуінен жер аударылғандар ескі, нашар үйлерде тұруға мәжбүр болды [89].

1944 жылдың соңында Қызылорда облысына орналастырылған қоныстандырушылар еңбекпен қамтамасыз етілсе де қыс уақытында 40% -нің азық-түліктің жетіспеуінен ашығуына, киетін киімдері мен аяқ киімдерінің болмауына байланысты жұмысқа шыға алмады. Желтоқсан және қаңтар айларына мемлекет тарапынан демеу қаржы мен аса қажетті азық-түлік

берілгеннен кейін ашыққан қоныстанушылар өз күштерін қалпына келтіріп, қоғамдық-қажетті жұмысқа кірісті. Мысалы, Қазалы ауданындағы теміржол бойында жұмыс істеген барлық арнайы қоныс аударылғандар берілген мөлшер толығымен орындалып отырған. Депо ұстасы Хамид Магомерзиев күнделікті мөлшерін 200%-ке орындап, өзінің біліктілігін көтере білген. Республикаға көшіп келген отбасына бірден жеке үй беруге мүмкіндік болмады. Сондықтан 2-3 отбасының бір үйде тұруына тура келді. Соған қарамастан кейбір жерлерде әр отбастарын жеке-жеке пәтерлермен қамтамасыз етуге тырысты. Жер аударылғандарға 276 үй салу мақсатында мемлекеттен несие алынып, оған 140 үй салынған. Тереңөзек ауданына қарасты «Қарабөгет» колхозында 1945 жылдың қаңтарында 63 адамнан тұратын 14 отбасы 8 бөлмеге орналастырылып, олардың екеуіне жылыту пеші салынбаған. Сол сияқты осы ауданның «Чапаев», «Шымбөгет» және тағы басқа колхоздарында кейбір пәтерлерде қыстық жағдайға дайындалмаған [10, 284-285 б.].

Қызылорда облысына қарасты Жаңақорған, Қазалы, Қармақшы, Тереңөзек, Жалағаш, Сырдария аудандарындағы арнайы қоныс аударушылардың материалдық-тұрмыстық жағдайын жақсарту шаралары Қазақ КСР-нің ХКК-сі мен К(б)П ОК-нің 1944 жылғы 25 қараша мен 8 желтоқсандағы қаулылары бойынша жүзеге асырыла бастады. Алайда барлық қоныстанушыларға бірден жұмыс тауып беруге мүмкіндік болмады. Жұмыс істегендердің өздеріне тиісті азық-түлік босатылмады. Жаңақорған ауданындағы 13 колхоздарға орналастырылған жер аударылып келгендер егіс шықпай қалғандықтан қажетті астықтарын ала алмаған. Жергілікті орындардан көмек болмағаннан кейін көпшілігі аудан орталығына жұмыс іздеп кетуге мәжбүр болған. Қазалы ауданының да қоныстанушылары тамақтан таршылық көргендіктен колхоздан қалаға және Жаңа Қазалы поселкесіне кеткен. Осы ауданның «Меңдікөл» колхозында 8 адам, «Сталин» атындағы колхоздың 7-ауыл кеңестерінің 14 адам, Ворошилов атындағы колхозда 6 адам, «Жаңа-талап» колхозда 7 адам аштықтан ісініп кеткен. «Меңдікөл» колхозының 7 адамнан тұратын Поди Зайтаев отбасы мен Мамонтов отбасы аштықтан тұра алмай қалған. Ал Қармақшы ауданында ашыққаннан 70 адам қайтыс болған. Аудандық кеңес пен поселке кеңесі оларды жерлеуге жәрдем бермеген. Тіпті олардың мәйіті апталап көшеде жатқан.

Тереңөзек ауданы кісі өлімі жайынан бірінші орында болған. 1945 жылдың қысында қоныстанушылардың 968-і ашығып, олардың 183 адамы қайтыс болып, 105-і ісініп кеткен. Аудандық кеңестің атқару комитетінің төрағалары бұл жағдайға салғырттықпен қарап, болған жайтті жоғары жаққа хабарлауға асықпаған. Сырдария ауданындағы колхоздарда жер аударылып келгендер күнделікті 100 граммнан ғана нан алып отырды. Қоныстанушылар арасында түрлі аурулар тарап, дер кезінде медициналық көмек көрсетілмеді. Сүзек ауруынан аудандарда 128 қоныстанушылар ауырған. Бұларды былай бөліп көрсетуге болады: Қазалы ауданында – 37, Жалағашта –1, Тереңөзекте – 5, Сырдарияда – 34, Шиелі ауданында – 517 Бұлардың барлығы ауруханаларға жатқызылған [10, 286-288, 290 б.].

Грузиядан көшіріліп әкелінген түріктер Қазақ КСР ІХК-ның мәліметі бойынша Алматы, Жамбыл, Қызылорда, Талдықорған және Оңтүстік Қазақстан облыстарына орналастырылған. Мәселен, Алматы облысына – 11004 адам, Жамбыл облысына – 3415 адам, Қызылорда облысына – 1826 адам, Талдықорған облысына – 1441 адам, ал Оңтүстік Қазақстан облысына – 10147 адам орын тепкен [90, 128 б.].

Ұлы Отан соғысынан кейінгі жылдары жер аударылғандарды еңбекке пайдалануға байланысты адам санындағы өзгерістер көп болды. Себебі соғыс жылдарында тек Солтүстік Кавказ, Грузин, Қырым автономдық республикасынан келген 500 мыңнан астам адамды орналастыру қиын болды. Оларға тұрғын үй жетіспеді. Жаңа жерге бейімделе алмауынан олардың жұмысқа орналасуларында да көп қиыншылықтар туды. Сол себептен жер аударылғандардың еңбекке жарамдыларын ауылшаруашылық, өндірістік жұмыстарға және оларға арналып салынып жатқан тұрғын үй құрылысы жұмыстарына пайдаланды. Мысалы, 1946 жылы 1 қаңтар есебі бойынша Қазақстан Республикасына Солтүстік Кавказ, Грузин, Қырым автономдық Республикасынан 107272 отбасы (412191 адам) орналастырылды. Кейіннен бұған тағы да 5955 отбасы (23362 адам) келіп қосылды. Оның ішінде 4641-і жас туылған нәрестелер еді.

Жер аударылғандар келген күнінен бастап әр ай сайын тексеріліп отыруға тиісті болды. 1946 ж. 1-шілдесінде Қазақстан Республикасында 105980 отбасы (405000 адам) тіркелінген. Бұған түрмеден босатылған 7000 адам, әскер қатарынан келген 6000 адам, жана туылғандар 8000 адам, барлығы 21000 адам келіп қосылып, жалпы саны 426000 адамға жетті. Сол сияқты басқа көрсеткіштерде 1946 ж. шілдеде Қазақстан территориясында 111 980 отбасы (426021 адам) тіркелінген [91]. Ал, 1947 жылы 1 қаңтардағы есеп бойынша, қоныстанғандарды ұлтына қарай бөлсек, Қазақстанда шешен-ингуштердің 82650 отбасы (317375 адам), балқарлардың 4924 отбасы (17269 адам), қарашайлардың 9 450 отбасы (38 387 адам), қалмақтардың 752 отбасы (1937 адам), Грузиядан келгендердің 6835 отбасы (27256 адам), Қырым татарларының 1481 отбасы (4227 адам) тіркеліп, орналыстырылған. Жалпы саны 106092 отбасы (402451 адам) республиканың 16 қаласына, 151 ауданына, 3239 колхоз және 215 совхоздарына бөлініп орналастырылды [92].

Соғыстан кейінгі жылдары да Қазақстанға өзге ұлттарды қоныстандыру толастамады. Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы жанындағы құқықтық статистика және ақпарат орталығы мұрағатында сақталған мәлімет бойынша 1948 жылдың басында республикамызға шешен-ингуш, қарашай, балқар, неміс, қалмақ және т.б. ұлттардың 781170 адамдық 216802 отбасы жер аударылған. Бұларды ұлтына қарай бөлсек, шешен-ингуштердің 338238 адамдық 87860 отбасы, қарашайлардың 37019 адамдық 10013 отбасы, балқарлардың 18142 адамдық 5164 отбасы, немістердің 343998 адамдық 101479 отбасы, қалмақтардың 2137 адамдық 809 отбасы, Грузиядан келген 27210 адамдық 6767 отбасы, Қырымнан келген 4574 адамдық 1549 отбасы тіркеуге алынып, қоныстандырылған [93].

1949 жылы Қазақстанға қоныс аударғандардың саны едәуір өсті. Осы жылдың 1 қыркүйегінде берілген мәліметте республикамызға жер аударылғандардың саны 798572 адам жеткен. Әр ұлттарға бөліп көрсетсек, 299170 шешендер мен ингуштер, 410268 немістер, гректер – 371108 адам, 33754 қарашайлықтар, 17558 балқарлықтар, 2265 қалмақтар, 29699 Грузиядан келгендер және 5858 Қырымнан келгендер [94].

Соғыстан кейінгі жылдары жер ауып келгендер арзан күші ретінде пайдаланылып, темір жол, автомобиль жолдарынан қашық орналасқан, әрі бұрындарын игерілмеген шалғай аудандардағы колхоз, совхоздарға жеткізілді. Бұндағы мақсат біріншіден, жер аударылып келгендердің кері қашуын бөгет болса, екіншіден, игерілмей бос жатқан жерлерді шаруашылық нысанына айналдыру еді.

Оңтүстік Қазақстан өңіріне қоныстанған ұлт өкілдер мақта шаруашылығына тартылды. Бұған КСРО Министрлер Кеңесінің 1949 жылы сәуір айында қабылданған «Қазақстан Республикасының мақта шаруашылығының одан әрі гүлдену шаралары туралы» қаулы негіз болды. Бұған дейін де жер ауып келгендер мақта шаруашылығына тартылған болатын. Мәселен, «Қызылқұм» ауданына қарасты колхоздарда мақта шаруашылығын өркендетуге жер ауып келгендер тартылған. Сонымен қатар оларды колхоздардағы құрылыс жұмыстары мен мал шаруашылығында да пайдаланылған [95].

Ауылшаруашылығына қажетті мамандарды даярлауда жер аударылып келгендердің арасынан жастарды оқыту мәселесі кең түрде қолға алынды. 1944-1946 жылдары Солтүстік Қазақстан облысында 139 жер ауып келген жастар ауылшаруашылығына қажетті кәсіптік орта оқу орындарында оқып, түрлі мамандықтар алып шыққан. Мысалы, 53 адам тракторшы, 29 адам комбайншы, 40 адам ұсташылық, 4-і жүргізуші, 20 адам пима жасаушы, 8-і токарлықты, 3 адам ағаш шебері сияқты мамандықтарын алып, колхоз совхоздарда еңбек еткен.

Ауылшаруашылығына қажетті мамандарды даярлау жылдан-жылға өскен. 1946 жылы жер ауып келгендерден түрлі мамандықтарға 41 адам оқытылса, ал 1947 жылдың 1-қаңтарына дейін облыста түрлі мамандықты 328 жер ауып келгендер игерген [96].

50-жылдары да Қазақстанға келуші қоныстанушылар легі толастамады. Кеңестік өкімет жер аударылғандарды республикаға көшіру жұмыстарын жалғастырып, оларды орналастыру жайындағы жоғарғы өкіметтің нұсқауларын бұлжытпай орындады. 1952 жылы сәуір айында Жамбыл облысына Солтүстік Кавказдан шешен, ингуш, қарашай, балқарды, Грузиядан келген әзірбайжандарды, немістерді, гректерді, ал Қырымнан татарлар көшіріп әкеліп жайғастыра бастады. Мәселен, Солтүстік Кавказдан келген шешен, ингуш, қарашай, балқарлардың 8188 адамдық 2228 отбасы әкелінсе, Грузиядан 79 адамдық әзірбайжанның 28 отбасын, немістердің 1 310 адамдық 479 отбасын, гректердің 673 адамдық 227 отбасын көшіріп, Жамбыл облысына қоныстанудыру жұмыстарын жүргізген. Қырымнан келген 69 адам бар татарлардың 30 отбасы мен 26 адамнан тұратын 8 отбасы бар ирандықтар да

осы өңірге орын тепті. Бұлармен қоса араларында саяси жер аударылғандар да болды. Көшіріліп әкелінгендер колхоз, совхоздарға бөлініп орналастырылды [97].

Тың және тыңайған жерлерді игеруде Украина, Белоруссия және Молдавиядан арнайы келгендер қоныстандырылды. Негізінде қазақ жеріне ХХ ғасырдың 30-50 жылдар аралығында Қазақстанға 1560 мың адам қоныстандырылған көрінеді. «Тың игеруді» желеу етіп Қазақстанға 1,5 миллион басқа ұлт өкілдері әкелінді. Осының салдарынан Қазақстандағы қазақтар барлық ұлттардың арасында 30%-ды ғана құрады. Яғни, 1926- жылғы санақтағы 58,8 %-дан 30 жылдың ішінде 30 %- ға дейін кеміген. Бұл ұлттық құлдырау еді. Сонымен, жер аударылғандардың Қазақстанға орналасуын қорытындылайтын болсақ, бұл өте күрделі, көптеген ұлттар үшін тоталитарлық жүйенің халыққа жасаған үлкен қиянатының бірі, қасіретті жағдай болды деуіміз керек.

Ешқандай материалдық-техникалық, тұрмыстық жағдайлар ойластырылмай, алдағы жылдардағы ашаршылықтан кейінгі қоры жоқ, қалтырап отырған жергілікті тұрғындардың үстіне лек-легімен жер аударылғандарды әкеліп тоғытты. Үйлеріндегі бала-шағаларының үстіне еріксіз көшіп келгендерді орналастырды. Жер аударылғандар жанұяларымен ашық-тесік кеңселерге, қирап бос қалған үйлерде тұруларына тура келді. Суық тиіп ауырды, өлім - жітім көп болды. Тіпті Қазақстанға келгенге дейін де көптеген ұлттардың көшіру барысында қырылғаны мәлім. Ж.А. Ермекбаевтың «Чеченцы и ингуши в Казахстане. Истории и судьбы» кітабының алғысөзінде философия ғылымдарының докторы, профессор А.Д. Яндаров былай деп жазады: «Сол жолда олар адамдардың үштен бірінен айырылды. 1944- жылдың 23-ақпанында кімді қай жерден ұстаса, көшеде, дүкенде, өз үйінде тұтқындап әкетіп жатты. Оларға тек «көтер қолыңды» деген бұйрық береді де, тұтқындап Грозный қаласына айдайды. Ал, тау халықтарының көбі орысша білмейтін, сондықтан не деп тұрғанын түсінбегендер, оқыс әрекеттерінен атылып кетіп жатты. Поездағы бір айдан артық жол азабында қаншасы қырылды. Олардың өлі денесі жол бойғы шағын бекеттердің қалың қалаларында қалып жатты» [68, 14-15 б.].

Көріп отырғанымыздай, ХХ ғасырдың 30-40-жылдарындағы шекара маңында мекендеп жатқан аз ұлттарды көшіру мәселесі үкіметтің саясатымен жүзеге асырылды. Негізінде үкіметтің әр ұлтты көшірудегі саясатының үлкен астары болды. Сондықтан халық сенердей себеп ойлап табылып, ұлттарды бүкіл Одақ алдына «кінәлідей» көрсетпекке тырысты. Ұлт мәселесіне қатысты ұстанып отырған үкімет саясатына қарсы шыққан, тіпті көшірудің жай не үшін екендігін білмек болғандар «халық жауы», «шпион», «фашизмнің жақтасы» деген айыптармен сотталып, кейбіреулері атылды, кейбірі ұзақ жылдарға түрмеге, лагерьге қамалды. Көшіріліп келген ұлттар ұзақ жылдар бойы үкімет қысымшылығын көрді. Тіпті ұлттық нышанынан да айырылып қалуға шақ қалды. Кеңестік жүйе олардың рухани, мәдени дамуына кедергі жасады.

Бұл арнайы жер аударылған халықтарды біріншіден, келген жерлерінде орналастыру, олардың адам шығыны мен тұрмыстық тіршілігінің ауыр

кезеңдерімен белгілі. Екіншіден, республика ішінде орналастыру, яғни ішінара қоныстарын алмастырып, жүйеге түскен орталарынан алыс аудандарға қайта көшіріп, орталықтан аластатылуы да, үлкен шығындардың, ауыр тұрмыстың белгілерімен жалғасты. «Біз барлығымыз жалпы қазақстандық мәдениеттің одан әрі дамуына ықпал етуіміз керек. Бүгінгі таңдағы этностардың тіршілік етуі мен дамуы проблемаларын ғаламдастыру, кенттендіру ауқымдары, ұлттық экономиканы интернационализациялауда - мұның бәрі, Қазақстанның әрбір этносы мәдениетінің дамуы мен оны сақтаудың дәстүрлі жаңа формаларының қалыпты тепе-теңдігін ұстауды керек етеді.

Елімізде бір-біріне этникааралық, этномәдени және конфессияаралық қатынастарды нығайту, қазақстандық қоғамның рухани келісіміндегі дәстүрлі жалғастықты сақтау және нығайту – біздің негізгі міндетіміз» [98].

Қазіргі кезде Қазақстан Республикасында екінші отаны ретінде орнығып қалған жер аударылған халықтардың, өз елімен тығыз байланыс жасауына толық мүмкіндігі бар. Олардың туған жеріне қайта оралулары, тоталитарлық жүйенің қолмен жасаған, түйіні үлкен мәселе ретінде қалып келеді. Бұл ұлттар қазіргі кезде Тәуелсіз Қазақстан Республикасының тең құқықты азаматтары ретінде өмір сүріп жатыр. Бірақ оларды мазалайтын ой - атамекені, елінің, жас ұрпақтарының болашағы екені түсінікті. Ал, біразы өз тағдырларын Қазақстан тағдырымен жалғастырмақ.

1.2 Қазақстандағы аз ұлттардың әлеуметтік, мәдени жағдайы және халық шаруашылығына қосқан үлесі (1930-1980 жж.)

Қазақстанға жер ауып, еріксіз қоныстанған немістер, поляктар, гректер, татарлар, башқұрттар, шешен-ингуштар, қарашай т.б. ұлттар аса үлкен әлеуметтік-қоғамдық топты құрады. Осыларды басқару үшін, тізгіндеп ұстау үшін белгілі бір ереже қажет еді. Міне, ол Кеңестік Халық Комиссариатының КСРО Халық Комиссарлар төрағасының орынбасары В. Молотов пен КСРО Халық Комиссарлар Кеңесінің ісін басқарушы Я. Чадаевтың қол қоюымен 1945 жылы 8 қаңтарда қабылданған № 35 құжатынан белгілі болды. Бұл құжатта арнайы жер аударылғандардың құқықтық жағдайы белгіленді. Онда:

1. Арнайы жер аударылғандар, осы қаулыда қарастырылған шек қоюларды қоспағанда КСРО азаматтарының барлық құқығын қолданады.

2. Барлық еңбекке жарамды арнайы жер аударылғандар, қоғамдық пайдалы еңбекпен айналысуға міндетті. Осы мақсатта еңбекші депутаттарының жергілікті Кеңестері, ПХК (Ішкі Істер Халық Комиссариаты) органдарының келісімімен, арнайы жер ауып келгендерді ауыл шаруашылығына, өнеркәсіп орындарына, құрылыстарға, шаруашылық кооператив ұйымдары мен мекемелерге жұмысқа жіберілулерін ұйымдастырады. Еңбек тәртібін бұзған арнайы қоныс аударушы белгіленген заң қағидалары бойынша жауапқа тартылады.

3. Арнайы қоныс аударушы өздері қарайтын арнайы комендатураның төңірегінен ПХК органының арнайы комендатурасы комендантының рұқсатынсыз басқа жаққа шығуына қатаң шек қойылады.

Өздері қарайтын арнайы комендатураның төңірегiнен рұқсатсыз шығып кету әрекетi қашу болып саналып, үстiнен қылмыстық iс қозғалады.

4. Арнайы жер аударылғандар отбасының отағасы немесе оны алмастыратын адам, өз отбастарындағы өзгерiстердi (баланың дүниеге келуi, жанұя мүшесiнiң қайтыс болуы, қашып кету т.б.) ПХК органының арнайы комендатурасына 3 күндiк мерзiмде хабарлауға мiндеттi.

5. Арнайы жер аударылғандар өздерi үшiн бекiтiлген ереженi орындауға, тұрғылықты жерлерiнде қоғамдық тәрiптi сақтауға және ПХК арнайы комендатурасының бұйрықтарын бағынышты түрде орындауға мiндеттi.

Өздерi тұрып жатқан жерлерде қоғамдық тәрiптi бұзғаны үшiн арнайы жер аударылғандарға 100 с. әкiмшiлiк айыппұл салынады немесе 5 тәулiкке қамауға алынады [90, 128 б.].

Бұл қаулыдан байқап отырғанымыздай арнайы жер аударылып келген ұлттардың барлығы да екiншi дәрежелi адамдар қатарына жатқызылды, құқықтық шектеулер қолданылып, ерiк-жiгерлерi табанға тапталды. Қоныс аударылғандар үшiн шығарылған бұл заң ережелерi олардың тұрмыс жағдайларын қиындата түстi. Арнайы жер аударылғандар үшiн жеке құқықтық мәнi бар заң актiлерi мен нормалары қатаң сақталды. Ал керiсiнше олардың материалдық мұң-мұқтажына байланысты мәселелер толық шешiмiн тапқан жоқ.

Соғыстан кейiнгi шаруашылық күйзелiсi, жалпы экономикалық қиындықтар барлық халыққа ауыр тигенi мәлiм. Сондықтан жер аударылғандарды орналастыру, қосымша материалдық шығындарға әкелiп соқты. Осының салдарынан жер аударылғандарға дұрыс қарамау әрекеттерi бiлiнiп отырды. Әсiресе бұл, кейбiр колхоз, совхоз басқармалары тарапынан бiлiндi. Олар жер аударылғандарды тұрғылықты халық алдында «Отанын сатқандар, халық жаулары» деп көрсетуге тырысты. Жер аударылғандардың алғашқы кездегi саяси-құқықтық жағдайы өте ауыр болды. Олардың арасында өлiм өте көп болғаны мәлiм. 1945 жылы 15 мамырда Семей партиялық облыстық комитетi, облысқа қарасты бiр ауданындағы жер аударылғандарға берiлген азық-түлiктiң дұрыс бөлiнбегендiгi және оларға деген қарым-қатынастардың немқұрайлылығы туралы деректер тiркелiнген.

Кейбiр жерлерде қоныстанғандардың еңбегiне берiлетiн төлемақы жергiлiктi тұрғындарға берiлген ақыдан едәуiр төмен болды. Мысалы, бiр еңбеккүн есебiнде қоныс аударылғандарға 200 гр ғана бидай берiлдi. Егiстiк тұқым болмағандықтан кейбiр қоныс аударушылар бау-бақшаларға ешнәрсе себе алмады. Суық және қолайсыз баспана, азық-түлiк тапшылығы оларды жаппай ауруға шалдықтырды. Суықтан, аштықтан, көптеген адамдар өлiп кеттi, жазылмас дертке ұшырады. Күштеп қоныс аударылғандардың ауыр жағдайға ұшырауы олардың қырылып қалуына әкелiп соқтырды. Соның iшiнде, әсiресе, немiстердiң өсiмi мен азаюы келсек, 1945 жылы туу – 4236 адам болса, өлгендер 8915 адам болған. Ал 1945 жылы олардан 7314 адам туылса, 12573 адам өлген. 1948 жылы 12309 адам туылып, өлгендер саны 17679 адамға жеткен [99, 13 б.].

Елдің ауыр әлеуметтік тұрмыс жағдайларына қарамастан әртүрлі ұлттар республиканың мәдениетіне, экономикасына елеулі үлестерін қоса білді. Олар ірі өнеркәсіп орындарында, пайдалы қазба орындарында, зауыт, фабрика, ірі құрылыс, өндіріс орындарында және ауылшаруашылығында жұмыс істей жүріп, өзінің ұлттық қасиеттерін ұмытпауға тырысты. 30-жылдардың соңында Қазақстанда бұрынғы ірі өнеркәсіп орындары қайта жөндеуден өткізіліп, қалпына келтірілді. Себебі, республика халық шаруашылығының жалпы өнімінің 60 проценті өнеркәсіп өнімдері болатын. 1938 жылы 11 ақпанда БК(б)П Орталық Комитеті мен КСРО ХКК-нің Жезқазған мыс қорыту комбинатын салу және Қарсақпай мыс қорыту қайта құру туралы қаулысы қабылданды. Шымкент қорғасын зауыты да аса ірі кәсіпорынға айналды. 1939 жылдың өзінде Шымкент қорғасын зауыты бүкіл КСРО-да балқытылған қорғасынның 73,9 %-ін берсе, ал Балқаш зауытында 51 % мыс өндірілді. 1938-1940 жылдар қорғасын қорыту 1,7 есе, тазартылмаған мыс қорыту – 4,8 есе артты. Еліміздің түсті металлургиясында Қазақстан одақтас республикалар арасында екінші орын алады.

1940 жылы Қарағанды көмір бассейнінде машиналармен және конвейрлермен жабдықталған 22 шахта және бір көмір разрезі жұмыс істеді. Осы жылдың басында Қарағанды бассейніне 90% көмір өндірілді. Қазақстан көмір өндіруден Донбасс пен Кузбастан кейінгі үшінші орынға шықса, ал мұнай өндіруден Ресей мен Әзербайжаннан кейінгі үшінші орында болып, барлық мұнайдың бестен бірін шығарып отырды. Соғыс жылдары Қазақстан ауылшаруашылық өнімдерімен майданды қамтамасыз еткен бірден-бір орын болды. Соғыстың алдындағы жылдары колхоздардың қоғамдық шаруашылығы нығайды. МТС-тер колхоз өндірісінің тіректі пункттеріне айналды. Егер бұрын Қазақстанда МТС-тер негізінен алғанда астықты және мақталы аудандарында шоғырланған болса, 1940 жылдарға қарай МТС-тер жүйесі көптеген мал шаруашылықты аудандарды қамтыды [63, 26, 30 б.] .

Жер аударылған халықтар әртүрлі әлеуметтік топтарға жатты. Бұлардың арасында зиялы қауым өкілдері, жұмысшы табы да, шаруалар да болды. Дегенмен жер аударылып келген жерлерінде олар өзінің мамандығы бойынша қызмет етпеді. Олардың не білімі, не мамандықтары ескерілмеді. Білікті инженер немесе экономист колхоз, совхоздарға малшы, күзетші, тракторшы т.б. қара жұмыстарды істеді. Мәселен, өз жерлерінде мұнай саласында қызмет еткен шешен-ингуштар мен зауыт-фабрикаларында жұмыс істеген поляк, немістер колхоз-совхозды жерлерге қоныс аударылғаннан кейін өз мамандықтары бойынша емес, ең ауыр қара жұмыстарға жегілді [100].

Колхозға келіп орналасқандар ешқандай да көмек ала алмады. 1938 жылы 20 қарашада Одақтық Халық Комиссарлар кеңесінің төрағасы Микоянға жазылған хатта 1939 жылы Алматы мен Оңтүстік Қазақстан облыстарына жер аударылып келген күрдтер мен армяндарды толықтай шаруашылық жағдайда орналастыру мәселесі айтылды [10, 186-187 б.].

1939 жылдың 25 наурызында Қазақ КСР ХКК-нің төрағасы Н. Ондасынов пен Қазақстан К(б)П-ның хатшысы Н. Скворцовтың жоғарғы орындарға жолдаған хатында осы жылға жер аударылып келгендерді орналастырып,

тұрмысқа қажетті жағдайлармен қамтамасыз ету үшін қомақты мөлшерде ақша бөлінгендігі келтірілді. Хатта 22 820,2 мың сом көлемінде жер аударылғандар арасында іс-шаралар жүргізу үшін бекітуді сұраған. Екі күннен кейін яғни 27 наурызда республикаға жер аударып келгендерді орналастыруға қажетті қосымша есеп туралы құпия мәлімет жоғарыға жөнелтілді. Онда қоныстанушыларға несие беру мәселесі айтылды. Сондай-ақ колхоздар мен совхоздарға орналасқан корей, күрд, армян және ирандықтардың шаруашылық жағдайлары жайында мәлімет берілді. 270 күрдтер мен армяндардың, 321 ирандықтардың малдары жоқтығы келтірілді [10, 189 б.].

Жер ауып келгендердің бастапқы кездерде жалақылары да өте төмен болды. Дегенмен жақсы жұмыс істеп, көзге түскендерге, күнделікті еңбек мөлшерлерін орындап жүргендерге жалақы мөлшерін көбейтіп отырған. Оларға еңбекақы тамақ түрінде де берілді. Соғыс басталған жылдары төмен жалақыға қарамастан майдан есебіне, әскери техника жасауға Ақмола облысының неміс ұлт өкілдері 70 миллиондай ақша жинап берген. Мәселен, осы облыстың Рождественка, Романовка, Краснояр, Жанғызқұдық, колхоздарының неміс ұлт өкілдерінің колхозшылары 1942 жылы бір жарым миллион сом әскери займдық облигация сатып алған. Неміс ұлт өкілдері МТС-тарда, колхоздар мен совхоздардың негізгі жұмыс күші болған [57, 263 б.].

Колхоз, совхоздарға қоныстанған жер аударылғандар ауылшаруашылығын көтеруде өзіндік үлес қосты. Мысалы 1946 жылы Булаев ауданына қарасты «Екінші бесжылдық» колхозында трактор құлағын ұстаған В. Элмурзаев 10 күні ішінде жер жыртуға тиіселі 45 гектардың орнына 94 га жер жырттып көзге түссе, ал «Свобода» колхозына қоныс аударып келген Израил Гатаев алда өткізілетін егіс жұмыстарына қажетті барлық ауылшаруашылық техникасын күрделі жөндеуден өткізіп, жоспарын асыра орындаған [101].

1946-жылы жер аударылғандарға жекеменшікке мал бөлініп беріле бастады. Мәселен, Солтүстік Кавказ, Грузин республикасы және Қырым автономиялық республикасынан жер ауып келгендерге материалдық-тұрмыстық жағдайларын жақсарту мақсатында малдан 103 бас жылқы мен 742 өгіз және т.б. ұсақ малдар берілді. Сонымен қатар оларға ақшалай көмек те көрсетілген. Жер ауып келгендерге республикамызда 3801900 сом мөлшерінде ақша бөлініп, әр отбасына шаққанда орта есеппен 1000 сомнан көмек көрсетілген. Тұрмыс жағдайлары аса нашарларға ақшалай көмек бірден берілді. Республикада тұрмысы төмен жанұяларға 2037271 сом ақша бөлініп берілген [102].

Жер аударылғандардың әлеуметтік жағдайын жасқартуда жергілікті әкімшілік орындары мен қарапайым тұрғындар қолдарынан келгенін аямады. Алғашқы көшіп келген күннің өзінен бастап, құшақтарын кең жайып, баспана салынғанша үйлеріне тұрғызды, қолында бар тамағын алдыларына тосты.

1946-жылдың жаз айында жер аударылғандардың барлық отбасылары колхозға мүше болып қабылданып, үкімет тарапынан түрлі көмектер ала бастады. Дегенмен әлі де болса оларға күдіктене қарау орын алды. Әсіресе бұл неміс ұлт өкілдеріне қатысты болды. Кең орындарында, ауыр жұмыс істейтіндердің тапқан жалақылары жетпеді. 1944 жылдың 14 қазанында

Қазақстан партиясының Орталық Комитетіне жіберілген Әскери бөлімнің меңгерушісі П. Алексеевтің хатында Қарағанды шахтысында жұмыс істейтіндердің жалақылары өздерін асырауға жетпейтіндігі жайында айтылып, нақты мысалдар келтірілді. Калинин шахтысының жұмысшы Н.В. Цебердің 250-300 сомдық жалақысы не тамаққа, не киімге жетпейтіндігі, оның жалаң аяқ жүргендігі, ал №49 шахтыда И. Шеленберг деген жер аударылған күніне 12 сағат жұмыс істесе де еш нәрсе таба алмай, үйіне аш және шаршап қайтатыны келтірілді. Бұл хатта осындай жағдайдағы Л.Н. Шухов, Л.В. Никитина, Фадин, Ф. Паль сияқты жер аударылғандар мүшкіл халдері айтылып, бұл жайттерді тез арада тексеріп, жойғандығы жөнінде 1 желтоқсанға дейін Әскери бөлімге хабарлау жүктелінді [103].

Соғыс жылдарында майданға жауынгерлер киімдер мен бұйымдар көбі еріксіз жер аударылғандар мен лагерлерде тұтқында отырған ұлттардың көмегімен жасалды. Еңбек армиясына қоныс аударылған әйел де, қарттар да, бала да қатыстырылды. Ауылды жерлерде жас балалар ересектермен қатар егіс алқабында жұмыс істеді, мал бақты. Жер аударылғандар шахталар, рудниктер, мұнай өндіру кәсібі, байытатын кәсіпорындар және жаңа темір жол салуға қатынасты. Еңбек армиясы қатарындағылар жылытылмаған барак үйлерде тұрып, ауыр тұрмыс жағдайында жұмыс істеді. Аурудан, аштықтан, суықтан 1944-1948 жж. аралығында 101036 шешен, ингуш, балкар ұлт өкілдері өлген [104, 22-30 б.].

Соғыс кезінде құрылған Еңбек армиясы қатарында жұмыс істеген жер аударылғандар соғыс аяқталғаннан кейін елде халық шаруашылығын қалпына келтіруге қатысты. 1946 жылдың басындағы есеп бойынша елімізде 151374 жер аударылғандар халық шаруашылығында жұмыс істеген. Бұл аталғандардан басқа мерзімдік уақыттарда 15133 мектеп оқушылары мен 5 165 қарттар да қол ұштарын берген. Қазақстан бойынша жалпы арнайы жер аударылғандар 1948 жылы халық шаруашылығында 1014270 адам еңбек етті. Бөліп көрсететін болсақ, олардың 72170 адамы совхоздар ауылшаруашылығында, 212194 адамы көмір кен орындарында, 180405 адамы орман өнеркәсіптерінде, 33309 адамы металлургия саласында, 96619 адамы алтын өнеркәсібінде, 18895 адамы құрылыстарда, теміржол құрылысында, 15913 адамы жеңіл өнеркәсіптерде, 14320 адамы машина жасауда және тағы басқа салаларында жұмыс істеді [105, 11-12 б.].

Неміс ұлттары кен өндіру орындарында, оның ішінде алтын өндіру кеніштерінде жұмыс істеген. Олардың арасында ауылшаруашылығында еңбегімен көзге түсіп, үкімет тарапынан Еңбек Қызыл Ту орденімен 8 адам марапатталды. Кен орындарында, шахталарда еңбек еткен жер аударылған халықтардың арасынан өзінің кәсібін үздік меңгергендердің қатары күннен күнге көбейе түсті. Әсіресе жастардың еңбекке деген ынтасы зор болды. «Кельтемашаткөмір» кен орнының кеншілері ағайынды Шахтиевтер көмір өндіруде нормаларын 500 - ден 700 % асыра орындап, көзге түскен. Олардың жалақылары айына 600 сомнан артық болды [106].

Шешен ұлт өкілдерінен 1946 жылы ірі өнеркәсіп орындарында 826 адам жұмыс істеп, оның көпшілігі қажырлы еңбектерімен көзге түскен. Бұлардың арасында 354 адам өз нормаларын 200-ден 300 пайызға дейін артығымен орындаса, ал 472 адам 150-ден 200 пайызға дейін көтеріп, үкімет тарапынан марапаттарға ие болған. Лениногор кенішінде жұмыс істеген 332 шешендердің арасынан суырылып шыққан стахановшылар мен екпінділер қатарынан Кеньмат Дахаев, Сешимикунтея Катаевты атауға болады. Олар 1946 жылы күнделікті жұмыс нормаларын 205 пайызға орындап отырған. Осы үлгілі еңбектері үшін Лениногор өндіріс орындарында жұмыс істеген 1 шешен өкілі Қызыл Жұлдызбен марапатталды [68, 141 б.].

Ірі өнеркәсіп, кәсіпорын, фабрика, зауыттарда жұмыс істейтіндердің арасында социалистік жарыстар өткізіліп, өзге ұлт өкілдерінің арасында суырылып алға шыққандар да болды. Ауыр жұмыс, жағдайдың нашарлығына қарамастан жер аударылғандар арасында өз жұмыстарын жауапкершілікпен атқарып, бригадаларымен жақсы көрсеткіштерге жеткендер көптеп саналды. Жалақыларының өсуі еңбекке деген ынталарын арттырды. Жұмысқа араласу сапасы 1946 жылы 85 пайызға жеткен. «Садвинтрес» совхозының жастары жылдық мөлшерлерін 10 ай ішінде 150-214 пайызға дейін жоспарды асыра орындағандары үшін күнделікті тұрмысқа аса қажетті деген заттардан сыйлықтармен марапатталды [107].

Соғыстан кейінгі халық шаруашылығын қалпына келтіру оңайға соққан жоқ. Ауылшаруашылығында қажетті техника жетіспеді, соның салдарынан егістік алаңдары қысқарып, астық өндіру азайды. Мал өсіруде де қиыншылықтар туындады. Ең бастысы ауылшаруашылығына қажетті мамандар жетіспеді. Міне, осыған орай жер аударылғандардың арасында мал дәргері, агроном, зоотехник сияқты мамандар осы салалар бойынша жұмысқа тартыла бастады. Қоныстанушыларды жұмыспен ғана емес, олар біліктілігін көтеруде арнайы курстарға жіберіліп, жалақылар тағайындала бастады [108].

Ұлттар арасында білікті, ұйымдастыру қабілеті барлар басшылық ісіне де тартылған. 50-жылдардың ортасында Солтүстік Қазақстан облысының 8 колхозында неміс ұлтынан шыққандар колхоз төрағалығын атқарса, 24-і төрағаның орынбасарлығын, 133-і далалық бригадалардың бригадирі, 82-і мал фермаларының меңгерушісі қызметтерін атқарған. Неміс ұлт өкілдерінен осы облыста 15 агроном, 20 зоотехник, 13 ветеринар қызметкері болды. Сонымен қатар қарапайым жұмыскерлердің арасында өз еңбегімен көзге түскендер де аз болмады. Көкшетау ауданына қарасты Шағалы совхозының шабаны Петр Рау әр қойдан 6,0 кг. жүн қырқып, облыс жеңімпазы атанса, ал Рузаев ауданына қарасты «Победа Ильича» колхозының сауыншысы Ирма Лодс өзіне бөлініп берілген 11 сиырдан 3212 литр сүт сауған. Красноармейская ауданының «Рассвет социализма» колхозының сауыншысы Мария Терммер де осы көрсеткішке жеткен.

Осы Солтүстік Қазақстан облысының совхоздарында 1518 адам жұмыс істеп, олардың 833-і егіс алқабында, 259-ы механизатор, 10-механик, 13-і егісте трактор бригадирі, 2-і агроном, ал 3-зоотехник, 4-і ветеринар қызметкері болып

еңбек еткен. Ауылшаруашылығының алға жылжуына байланысты, жер аударылған ұлттардың да тұрмыстық жағдайы көтерілді. 50-шы жылдардың ортасында бұл ұлттардың жағдайы да жақсарды. Мысалы, 57 неміс ұлтында жеңіл автомобилі болса, 456-сы мотоцикль мінген. Әр үйде велосипед, тігін машиналары, радиоқабылдағыштары болған [57, 255-256 б.].

Ауылшаруашылығында жер аударылғандар арасында үздік еңбектерімен көзге түсіп, Кеңестер Одағының түрлі марапаттауларына ие болғандардың қатары көбейді. Павлодар облысында мемлекет тарапынан 131 адам марапатқа ие болған [109].

1954 жылы тың және тыңайған жерлерді игеруге жер аударылғандар тың белсене атсалысып, олардың араларынан да үкімет марапатына ие болғандар болды. Мысалы, тың басталған жылы басшылық, ұйымдастырушылық қызметі үшін Қарағанды облысы Қарқаралы ауданының Тельман атындағы колхоздың төрағасы В. Мюллер 1954 жылы Ленин орденімен марапатталған. Жалпы «Тың және тыңайған жерлерді игергені үшін» медалімен жер аударылған халықтардан Павлодар облысында 415 азаматы марапатталған. Тың совхоздарын көтеруге қатысқан көптеген қоныстанушылар ынталандыру сыйлықтарымен марапатталды [110].

Немістердің екпінді еңбегі мемлекет тарапынан марапатталды. Соғыстан кейінгі он жыл аралығында жер аударылған 97 неміс ордендермен, 3660-ы медальдармен, 175 адам әртүрлі мекемелердің құрмет қағаздарымен марапатталып, 272 адам Бүкілодақтық ауылшаруашылығы көрмеге, 147-і облыстық көрмеге қатысқан [57, 256 б.].

Жер аударылғандардың балаларын арнайы мекемелерге орналастыру, мектептерге тарту мәселесі соғыс жылдарында өте күрделі болды. Себебі балалар жұмыс күші ретінде тартылды. Тіпті соғыс біткен жылдан кейін де мектеп жасындағы балалар оқуға тартылмаған. 1946 жылдың көрсеткіші бойынша республикасында жер аударылғандардың 89 102 мектеп жасындағы балаларының бар-жоғы 22020-сі ғана оқумен қамтылған [111, 280 б.].

1945 жылы 26 сәуірде барлық жер аударылғандардың мектеп жасындағы балаларын «оқуға тарту» туралы қаулысы жарық көрді. Осыған байланысты 7-14 жас аралығындағы балалардың барлығы оқуға міндеттелінді. Осы уақытқа дейін бұрынғы әдет-ғұрыпқа салынып қыз балаларын оқуға бермей жүргендер мен орысша оқытуға тыйым салғандар балаларын оқытуға тиісті болды [112]. Бұл қаулының қабылдануы мектеп оқушыларының санын көбейтті. 1950-ж. күзіне қарай мектепте оқитындардың саны 184133-ға жетті. Оның ішінде 91325-і ұл бала болса, 92808-і қыздар еді. Бұлардың арасында неміс, шешен, ингуш және тағы басқа ұлттардың балалары болды [112].

Мектеп жасына дейінгі балаларға арнап бала бақшалар да ашылды. 1943 жылы 21 желтоқсанда Қызылорда облыстық атқару комитетінің шешімімен жер ауып келген поляк балаларына арналып өз ана тілінде тәрбиелейтін 65 орындық балабақшалар ашылған. Сонымен қатар жер аударылғандардың әкелері майданда жүргендердің балаларын қазақ отбасылары өз үйлеріне алып,

асырап тәрбиелеген. Көп ұлттардың балалары қазақ мектептерінде оқыды, қазақтың салт-дәстүрін үйренді [114, 65-66 б.].

Бұдан кейінгі жылдары бірте-бірте мектеп жасына толған балаларды оқуға беру міндеттелінді. Дегенмен ауыр тұрмыс жағдайына байланысты көп жер аударылған отбасы дер кезінде балаларын оқуға бере алмады. Сонымен қатар жер аударылып келгендердің көпшілігі колхоз, совхоздарда тұрғандықтан, ол жердерде қазақ мектебінен басқа мектептер болмағандықтан, тіл білмеушілік кедергі жасады. Мұрағат дерегіне сүйенсек, Қарағанды облысында 1 546 бала, Көкшетауда 680 бала орысша оқытатын сыныптардың жоқтығынан оқуға бара алмаса, мектепке киерлік киімнің жоқтығынан Қарағанды облысында – 1329 бала, Көкшетауда – 2039 бала, Павлодарда – 577, Семейде – 299, Талдықорғанда – 400 бала мектепке қатынай алмаған. Оның үстіне мектептерде арнайы пәндерге байланысты ұстаздар жетпіспеген. Жер аударылғандардың ішіндегі жоғары білімді мұғалімдер жұмыспен қамтамасыз етілмеген [115]. Оған бірден-бір себеп, тағы да жер аударылғандарға деген сенімсіз көзқарас болса, екіншісі, қаражат мәселесінің жоқтығы еді.

50-жылдардан бастап жер аударылғандардың балаларының оқуға тартылу барысы қадағаланып отырды. Оқуға бармағандары арнайы есепке алынып отырды. Бұнадай іс-шаралардың жүргізілуі елдің мәдени-ағарту деңгейінің біршама алға жылжығанын көрсетті. Ұлт өкілдері арасында сауатсыз немесе жартылай сауатсыздар анықталып, олар оқуға тартылып, оқытыла бастады. Мәселен, тексеру барысында шешендер ұлт өкілдерінің арасында 3840 адамның шала сауатты немесе сауатсыз екендігі айқындалса, ал ингуштерде 3400 адамның, балкарларда 3 600 адамның, немістерде 1600 адамның осындай дәрежеде екендігі анықталған [116].

Солтүстік Қазақстандағы 602 мектептің 411-де неміс ұлтының балалары оқыған. 1955 жылдан бастап неміс тілін енгізу мәселесі көтеріліп, арнайы оқытушылар да даярлана бастады [57, 257 б.].

Жастарды орта және жоғары оқу орындарына тарту мәселесі де жүйеге түсіріліп, ұлттар арасынан 102 жас орта оқу орындарында оқуға түсіріліп, оқытыла басталды. Көбіне ауылшаруашылығына қажетті мамандықтармен оқыту, педагогикалық мамандық алуға көңіл бөлінді [117].

1955 жылы 29 маусымда КОКП ОК-нің «Қоныстанушылар арасында саяси жұмысты жаппай күшейту туралы» қаулысының қабылдануы ұлттар арасында үгіт-насихат жұмысын өрістетті. Алайда олардың ана тілінде дәрістер оқу, радиодан түрлі бағдарламалар мәселелері қолға алынбады. Саяси үгіт-насихат барысында Кеңес өкіметінің жетістіктері, социализмнің жеңісін дәріптеуге көңіл бөлі. Өзге ұлт өкілдерін комсомол, коммунистік партия қатарына әлі де болса қабылдауда сенімділік орын алды. Дегенмен комсомол жастар қатарында неміс ұлт өкілдерінің жастары көптеп болды. Осы жылдың 13 желтоқсанында КСРО Жоғарғы Кеңесінің қаулысымен қоныс аударып келген неміс ұлт өкілдерінің барлық құқықтарына шек қоятын заңның алынып тасталуы олардың арасында партия, комсомолға өтушілердің қатарын көбейтті. 1961 жылы партия қатарына өткендер 2,7%-ке өскен [118, 56 б.]. Неміс ұлт өкілдерінің арасында

халық депутаттары болғандар да бар. 1965 ж. халық депутаттары облыстық кеңесінде 8 неміс депутаты болса, 1974 жылы олардың саны 11-ге жеткен, қалалық кеңестердегі депутаттар саны 7-ден 36-ға көтерілген. 60-жылдардың басында кеңестік атқару комитетінің аппараттарында неміс ұлттары бірен-саран ғана болса, ал 1980 жылы олардың саны 56-ға жеткен. Қарапайым қатардағы жұмысшыдан бастаған А.Г. Браун қажырлы еңбегінің арқасында облыстық партия комитетінің хатшысы, облыс әкімі қызметне көтеріліп, кейіннен зейнеткерлікке кетерге дейін Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшісі болған. Ал Д.И. Габриель партия және комсомол ұйымдарында жұмыс істеп, облыстық кәсіподақ федерациясына мүше болды. Еңбек жолын Қорғалжың ауданының Амангелді совхозында тракторшыдан бастаған неміс қыздарының бірі Н.В. Геллерт бірнеше жылдан кейін бүкіл Кеңес Одағына әйгіленді. Ол екі рет КСРО Жоғарғы Кеңесіне депутат болып қатысты. Бастапқыда Ақмола совхоз-техникумын бітірген ол кейін Ауылшаруашылық институтын, ал 1991 жылы КСРО Сыртқы Істер министрлігінің дипломаттық мектебінде тыңдаушы болып, Қазақстан мен Германия елшілігінде қызмет етті [57, 264-265 б.].

Мұрағат деректеріне сүйенсек, шешен-ингуш ұлт өкілдерінің арасында 1946 жылы 817 шешен, 325 ингуш партия қатарында болған. Қатаң бақылауға қарамастан олардың арасынан үгіт-насихат жұмыстарын жүргізген, партияға адал берілген басшы азаматтар да шықты [119].

Поляк ұлт өкілдері де 50-60 жылдарындағы тың көтеру науқанында үлкен рөл атқарды. Мысалы, Көкшетау облысының аудандық басшылықтары арасында (колхоз төрағасы, жергілікті билік органдары, тағы басқаларында) поляктардың үлесі әжептәуір пайызды құрады.

XX ғасырдың 50-жылдары Кеңестік өкімет саяси жұмысқа аса мән берді. 1955 жылы 24 наурызда болған Қазақстан компартиясының ОК-і саяси-тәрбиелік және мәдени-ағарту жұмыстарын жүргізуді күшейту жөнінде қаулы қабылдаған еді. Бұл әсіресе шешен-ингуш ұлттары арасында қолға алу міндеттелінді [120].

Ұлттардың тілдерінде газет, кітаптар шығару мәселесі де қолға алынып, республикада шешендердің «Къинхъегаман Байракх» («Еңбек Туы») газеті шығарылды. 40-50 жылдардағы өзге ұлттардың басына түскен қиыншылықтарға қарамастан олар тілін, ата салтын, дәстүрлерін берік ұстанды. Мәдени іс-шаралар да жүргізді. Неміс диаспорасының арасынан ағарту, ғылым, білім салаларында қызмет еткендердің қатары да көбейді. Мысалы, Э.Ф. Госсен ғылыми-зерттеу институтында жұмыс істеп, жерді өңдеуге байланысты көптеген ғылыми жаңалықтар ашқан. 1972 жылы ғылымға қосқан үлесі үшін Ленин сыйлығын иеленді

Ақмола облысында жоғары және орта оқу орындарында неміс ұлт өкілдерінен 1965 жылы 24 оқытушы дәріс берсе, 1975 жылы бір ауылшаруашылығы институтында 16, 1980 жылы 32 оқытушы қызмет еткен [57, 265,267 б.].

Шешен-ингуш ұлт өкілінің арасында білім және ғылым саласында қызметімен көзге түскендер де бар. Бұл ретте А.Д. Яндаровты атауға болады. 1954 жылы Қазақ Ұлттық Мемлекеттік университеттің заң факультетіне түсіп, оны бітіргеннен кейін аспирантурада оқып, шешен-ингуштердің философиясы мен қоғамдық ойларына қатысты тарих саласынан кандидаттық диссертация, ал 1984 жылы осы тақырыпты кеңейте отырып, докторлық диссертация қорғады. Оның қазақ ағартушы-ғалымы Шоқан Уәлиханов туралы жазғандары да бар. Алматы жоғары оқу орындарында оқытушы, кафедра меңгерушісі болды. Педагог, профессор А.К. Қанапинмен бірге екі монографиялық еңбек жазды. Кейін өз туған жеріне оралып Білім министріне дейін көтерілді.

Геология ғылымы саласында осындай жетісіктерімен көзге түскендердің арасынан Сұлтан Мәжитұлы Оздревты атауға болады. Қазақстанға жер аударылып келгеннен кейін орта мектепте білім алып, еңбек жолын жұмысшыдан бастаған ол кейінірек Қазақ политехникалық институтының геолог-барлау факультетін бітірді. Осы жолда ұзақ жылдар іздене жүріп, 1975 жылы кандидаттық диссертация, ал 1986 жылы докторлық диссертация қорғады. Қ.И. Сәтпаев атындағы өзі бітірген институтта қызмет етті [68, 178-179 б.].

Аз ұлт өкілдеріне түсінікті болу үшін А.С. Пушкин, А.М. Горький, А.П. Чехов және тағы басқа орыс классиктерінің шығармалары олардың тілерінде аударылып шығарыла бастады. Сонымен қатар аз ұлттар мен этностар арасынан шыққан ақын, жазушылардың кітаптары да басылып шықты. Мәселен, шешен жазушысы Х.Д. Ошаевтың шығармалары тек шешен ұлт өкілдерінің арасында ғана емес, республиканың басқа этностарының арасында танымал болды. Шешен-ингуш ұлт өкілдерінің арасында шыққан ақын-жазушылар М.А. Сулаев, М.М. Хашагулов, С.И. Чахкиева, Р.С. Ахматова, А.Ш. Мамакаев және т.б. Қазақстанға жер аударылғандары еді. Бұл ұлт арасынан мәдениет қайраткерлері де шықты. Бұл қайраткерлердің В.А. Татаевты, М. Эсамбаевты, М. Айдамированы, Х. Батукаевты атап өтуге болады. Олардың бірі мәдениет ісінде басшылық етсе, бірі биші, әнші, бірі актер болды.

1950 жылы республикада ауыл шаруашылығында тұрғын үй, мәдени-тұрмыстық ошақтарын салу басталды. 4939 құрылыс бригадалары құрылып, оған 48424 адам тартылды. Мәселен, Қызылорда облысында жаз айының басында 49 құрылыс бригадасы болса, ал күзге қарай 176 бригадаға көбейді [121].

Бұл құрылыс бригадалары үй, мәдени ошақтарды салып қана қойған жоқ, сонымен қатар шаруашылыққа аса қажетті мал қамайтын баздар, электр стансалары, астық қоймаларын салды. Ауылшаруашылығын қалпына келтіру жұмыстарына оқыған, тәжірибелі мамандар қажет еді. Әсіресе агроном, инженер, курстан өткен трактор жүргізушілері, комбайнерлер сияқты басқа да білікті мамандар жетіспеді. Жер ауып келгендердің арасында орта және жоғары оқу орындарын бітірген ауылшаруашылығына қажетті агроном, оқытушы, денсаулық сақтау мамандары өсе бастады.

Поляк ұлт өкілдері өздері дәстүрлі поляк мәдениетінің өкілдері болғандықтан, олар Қазақстан Республикасында қазіргі поляк диаспорасының негізін құрады. Поляктардың негізгі орналасқан жерлері – Солтүстік Қазақстан, Көкшетау, Ақмола, Қарағанды және Алматы облыстары. Өмірдің қатаң сынақтарына қарамастан, поляктардың көпшілігі өздерінің дәстүрлерін сақтап, әнге, тілге, биге деген махаббатын кейінгі жаңа ұрпаққа жеткізе білді. Олардың арасынан заңгер, небір танымал ғалымдар, іскер азаматтар шықты.

Қорыта айтқанда, ХХ ғасырдың 30-жылдарының соңында Қазақстан жеріне үкімет шешімімен поляк, неміс, шешен, ингуш, қарашай, түрік, балқар және тағы басқа аз ұлт өкілдері қоныстандырылып, Ұлы Отан соғысы кезіндегі елдің экономикасына елеулі үлесін қосты. Аталған ұлттар арасында соғыс майданында, тыл майданында ерлік көрсеткен азаматтар аз болмады. Осы ұлттар арасынан мәдени салада көзге түскендер ел құрметіне ие болды. Бастарына түскен қиыншылыққа қарамастан бұл ұлттар жергілікті қазақ халқымен бірлікте, ынтымақтастықта өмір сүрді.

2 ҚАЗАҚСТАН КОРЕЙЛЕРІ: ӘЛЕУМЕТТІК-ТАРИХИ ТАНЫМ

2.1 Қазақстан территориясына корей ұлтының орналасуы мен жергілікті жағдайға қалыптасуы

Қазақстанға күштеп жер аударылған корей халқы қоныс аударудың екі кезеңін бастан кешірді. Біріншісінде, Қиыр Шығыстан, Азияның ең шеткі нүктесінен екінші қиырына көшірілсе, екіншісі, корей халқының 60 пайызға жуығы басынан кешірген, 1938 жылғы Қазақстан аумағының ішіндегі көші-қон үрдісі болды. 1938 жылдың өзінде ғана, корей халқының қоныс аударылуына байланысты Қазақ КСР-і ХКК-нің 48 қаулысы қабылданды. Осы кезден бастап корейлер тұрақты қоныстарына орналастырыла бастады. Корейлерді Қазақстан мен Орта Азияға күштеп жер аудару оның ұлттық мәдениетінің дамуына үлкен кедергі келтірді. Әміршіл-әкімшілік жүйе барлық аз ұлттардың рухани мәдениетінің құлдырауына әкеліп соғып, оның салдарлары бүгінгі күнде де байқалады. Қазақстандағы корейлердің тарихын зерттеу бұл этникалық топтың басынан кешірген тағдырын зерделеу ғана емес, сонымен қатар қоныс аудару үрдісі, ұйымдастырылуы және оның салдарлары, Қазақстан тарихындағы ақтаңдақтар ақиқатын ашуда қажет болып табылады.

Кеңес үкіметі жүргізген солақай саясаттың нәтижесінде күштеп жер аударылған корей ұлты да басқа этностар сияқты билеуші органдардың жүргізген қысымшылығын тәжірибе жүзінде басынан өткерді.

Қиыр Шығыстан 1937-жылы жер аударылған корейлердің басқаларға карағанда әлеуметтік тәжірибесі мол еді. Таптық құрамы да білініп тұратын: Сібірдің үлкен қалаларындағы кәсіпорындарда жұмыс істегендер - жұмысшы табы, ауылшаруашылығы артельдерінде жұмыс істегендері - колхозшылар. 1935-1937-жылдардағы қудалаудың кесірінен зиялылар қатары мүлде сиреген еді [122].

Осындай жағдайларға байланысты күштеп жер аударылған халықтар саяси белсенділікке бара алған жоқ. Тоталитарлық жүйенің қырып-жоюы кезінде бұл мүмкін де емес еді. Жалпы жер ауып келген ұлттардың әлеуметтік тұрмысы тек қана адал еңбекпен түзелетінін, өздерінің де, жанұясының тоқтығы да, істеген жұмыстарына байланысты болатынын жақсы түсінді.

1937 жылдың 23 тамызында Орталық комитеттің Қаулысы орындалуы барысында Қазақстан К(б)П-ның Орталық Комитетінің Бюросында, 11-ші нөмірлі протоколмен комиссия құрылды. Комиссия құрамында Исаев (төраға), Нұрпейісов, Залин, Мырғабеков, Яхнович болды. Комиссия тез арада корейлерді орналастыруға жауапты еді. Комиссия өткізілетін шаралардың жобасын Бюроға дайындауға міндетті болды. Бұл шешімнің орындалуын Қазақстанның ОК Бірінші хатшысы Мирзоян бақылауға алды. 1926 жылғы санақ бойынша Қазақ АКСР-да 36 208 жергілікті халық өмір сүрді [123, 28 б.].

1937 жылдың 14 қыркүйегінде партия Орталық комитеті шешімімен ҚКСР ХКК-нің корейлерді орналастыру жөніндегі өкілі болып ішкі істер халық комиссариатының көмекшісі, мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің майоры Гильман тағайындалды. Корейлерді орналастыруға байланысты ПХК-нан

арнайы мамандарын бөлініп, барлық қабылданатын пункттерде жауапты қызметкерлер тағайындалды [124].

Қазақстан территориясы бойынша барлық облыстарда 18009 корей отбасылары бар 63 эшелон қоныс аударушыларды қабылдайтын 22 пункт белгіленді. 1937 жылдың 25 қыркүйегі мен 24 қазан аралығында Алматы станциясы арқылы Қазақстан мен Өзбекстан жеріне қоныс аударушылардың 61 эшелоны өтіп, оның 29-ы қазақ жерінде қалды [125].

29 қыркүйектегі К(б)П ОК бюросының мәжілісінде республикаға келген корейлерді орналастыру мәселесі шешілді. Онда Гурьев округіне – 1500, Батыс облыстарға – 1000, Солтүстікке – 2000, Ақтөбеге – 1500, Оңтүстікке – 1500 отбасын орналастыру мәселесі тұрды. Республикаға келген корейлердің 1616 отбасы Алматы облысына, 8867-і Оңтүстік Қазақстанға, 1744-і Ақтөбе облысына, 2299-ы Солтүстік Қазақстанға, 3073-і Қарағанды облысына, 720-і Қостанайға, 1950-і Батыс Қазақстан өлкесіне орналастырылды [48, 68 б.].

Қазақстанның облыс орталықтары, қоныс аударылған корейлерді орналастыру жұмысына белсене араласты. «Корей шаруашылықтарын орналастыру және жайғастыру» құжатында корейлерді белгілі жүйемен орналастыру шаралары қарастырылды. Обком хатшылары, облыстық атқару комитеті төрағалары, ПХКБ басшылары корейлердің шаруашылықтарын орналастыруда жеке жауап беретіні көрсетіліп, шаруашылықтар шағын ғана болуы керектігі айтылды. Бұл құжатқа Мирзоян қол қойған.

Қоныс аударушылар жаңа жердегі, басқа елдегі өмірін қиындықпен бастады: климатқа байланысты жылы тұрғын үй жетіспеді, жоба бойынша қоныс аударушылардың үйі кішкентай ғана ас үй және тағы бір бөлмеден ғана тұрды, үйдің үлкен көлемін пеш алды, ал 7 - 9 адамнан тұратын жанұяға мұндай үй тар болды. Корейлер бұл жобаға келіспеді, бірақ Арнайы құрылыс оған мән берген жоқ. Сонымен қатар корейлердің өз шаруашылығын дұрыстауға арналған несие құжаттары уақытында дайындалмады, тек 1938 жылдың қараша айында ғана, корейлерге ағаш бөліну мәселесі қаралды. Үй құрылысы жұмыстарының жүргізілуі бақылауға алынбады, құрылыс жұмыстарына арналған қаржыны Арнайы құрылыс қызметкерлерімен жымқырылды немесе орынсыз қолданылды. Бөлінген қаржы клуб, кітапхана және монша құрылыстарына жетпегендіктен корей колхоздарының басшылары әлеуметтік-тұрмысқа қажетті құрылысқа арналған қаражаттарды қарастыруға дейін барған. Мысалы, 1938 жылы «Самир» және «Пятый Декабрь» корей колхоздарының басшылығы көлемі 1,5 мың рубль болатын қор тапқан [126]. Қабылданған шешімдер қай сатыда болмасын дер кезінде орындалмады. Қыс мезгілінде корей жанұялары жер кепелерде, ат қораларда, фермаларда, жұпыны барактарда тұрды, ал егер де оларды таратылған совхоздардың жер аймағына орналастырса, ол жерлердің тұрғын үйге жарамдылары да болмаған, өйткені қирап біткен мекен жайлар еді.

Корей қоныс аударушыларын үй тұрмыстық құрлысымен қамтамасыз ету үшін Қостанай облысындағы корей шаруашылықтарына 81 үй тұрғызу керек болса, 17 үйдің құрылыс жұмыстары аяқталуға тиісті болды және 2 үй сатып

алынғанда жалпы 100 тұрғын үй қажет болса, Батыс Қазақстан облысы бойынша 110 тұрғын үй қажет саналды. Ал шын мәнісінде жағдай мүлдем басқаша болды. Сонымен, 1938 жылғы 14 тамыздағы Қазақстан К(б)П Солтүстік Қазақстан облыстық комитет бюросы мен облыстық атқару комитетінің қаулысы бойынша 334 тұрғын үй құрылысы жоспарланғанымен, шын мәнінде тек 107 үйдің құрылысы жүргізілген, оның ішінде толық аяқталғаны – 93 үй, шатыры жабылғаны тек – 65, ішіне пеші орнатылғаны – 10 үй ғана болды. Жоспар бойынша 5 астық қоймасының орнына 4-і салынған, олар да толық аяқталмаған, сонымен қатар 3 мектеп, 5 монша, 3 мал амбулаториясы, 3 колхоз кеңсесі салыну керек еді. 4 көкеніс сақтайтын қойманың орнына тек 1-нің құрылыс жұмыстары басталған, акушер - фельдшерлік бөлімнің тек орны қазылып қана қойылған (бастапқы кезеңде), жоспар бойынша 33 құдық болса, тек 9-ы ғана қазылып іске қосылған. Қаулы қабылдау бөлімінде кінәлілер анықталып, қайта орындауға арналған жаңа мерзім бекітілген [127].

Міндеттеу, мәжбүр ету, ескерту, жұмылдыру... Бірақ бюрократтарды партиялық және соттық жауапкершілік те қорқытпады. «Қостанай арнайы құрылыс телімінің жұмыс атқарушысы қызмет бабын қолданғаны үшін қылмыстық іске тартылды. Қаулыда бөлімінде «тұрғын үйлер мен әлеуметтік мәдени орындардың уақытында берілмегені үшін, құрылыс материалдарын талан-таражға салғаны үшін қылмыстық іс қозғалсын...»,- деп жазылды. Бірақ корейлер өмір сүру үшін ұжыммен бірге болуды, тұрғылықты халықпен дұрыс қатынасуды, көмек іздеп, қайырымшыл қазақ, орыс, украиндардың көмегінен бас тартпау керектігін түсінді. Басқа ұлт өкілдері өздерінің нашар тұрмыстарына қарамай, корейлерге алғашқы қиын кезде көмектерін аямады. Корейлердің көпшілігін оңтүстік аймаққа орналастырғанымен, 1938-1940 жылдары негізгі көкөніс базасы солтүстік аймақтағы корей колхоздарында болды. Корейлер ақырындап суық жерді игере бастаса да, қоныс аударғандар болып қала берді. Олардың сыртында «Жел болмаса шөп басы қимылдамайды, қоныс аудартса, оған себеп бар шығар» деген сөздер айтылатын.

1937 жылдың 14 қыркүйегінде Мирзоян қол қойған құжаттың 32-бабында былай деп жазылған: «Гильман жолдасқа көмек ретінде Солтүстік Қазақстан аймағындағы қоныс аударуда тәжірибесі бар қажетті кадрлар беріледі. Қоныс аударушыларды орналастырудағы ауыр жұмыста жердің қорын санап, жаңа объектілерді қосу қажет». Обком хатшысы Кузнецов пен Облыстық атқару комитетінің төрағасы Целых Мирзоянға, ...Петропавловск қаласын сумен қамтамасыз ету өте көп қиындық туғызуда, бір тәулікте суға қажеттілік 4850 текше метр. Осы жылы жаңа су құбырын жүргізуге 500 мың рубль бөлуіңізді өтінеміз, қалалық су құбырының қуаты бір тәулікте 1200 текше метр. Егер барлық жүйелерге қосалқы тазартқыштар қойылса, бір тәулікте қуаттылық 2 400 текше метр болмақ, бұл корей колхоздарын сумен қамтамасыз ету түгелімен орындалады деген сөз.

Наурыз айында корей шаруашылықтары олар орналасқан жерлерде құрылып бітуі керек еді. Корейлерді көшіру жұмысы төмендегідей жүргізілді: әрбір эшелонды комендант шығарып салуы міндетті болды, жол бойы көшірілгендерді керекті заттармен қамтамасыз етіп тұру керек еді. Келлеровск,

Красноармейск, Сталин аудандарының атқару комитеттерінің төрағалары мен аудандық комитеттің хатшылары, көшірілетін корейлерді темір жол стансаларына дәл уақытында әкеліп және орналастыратын жерге жеткізілуін қадағалауға міндетті болды.

Красноармейск совхозының орнына қалыптасқан колхоздар Келлеровск ауданына қарады. Әрине, аудандардың шекарасының өзгеруі туралы сұрақ туды, оны корейлер туралы комиссия төрағасы Целых шешуі тиісті еді. Солтүстік облыстарда корей шаруашылықтарына жеке меншікке берілетін суармалы және жай жерлердің көлемі анықталды. Әр облыстағы корей колхоздарына жеке меншікке берілетін жерді былайша бөліп көрсетуге болады: Қостанай облысының Амангелді және Торғай аудандарында 0,25-тен келсе, суарылмайтын жерлер 0,3-0,5 тен 0,5-0,8-ке жеткен. Солтүстік Қазақстан облысының Еңбекшілдер, Қызылту, Атбасар, Төңкеріс аудандарында суармалы жер көлемі 0,25, суарылмайтын жерлер 0,3-0,5 болған. Рузаев ауданында суармалы жер - 0,25 те, суарылмайтыны – 0,4-0,7 болды. Павлодарда да суармалы – 0,5 те, суарылмайтыны – 0,5-0,8 болды [128].

Жер аударылған корейлер негізінен көкөніс және көкөністі өндіру арқылы өздерін де басқа халықты да өніммен қамтамасыз етіп, тұрмыстарының нашарлығына қарамастан тұрған жерлерінде тұрақтанып қалуға ынталанып, тырысты. Корейлер берілген жерді жақсы игеріп алып кетті. 1938 жылы 19 наурызда Солтүстік Қазақстан облыстық комитеті Бюросы корей халқының проблемаларын шешуге арналып, соған лайықты қаулы қабылданды. Келесі өткізілген (28 наурыз) мәжілісте осы уақытқа дейін құрылған корейлердің төрт колхозы, сондай-ақ қоныс аударушыларды алғашқы қажет заттармен қамтамасыз ететін сауда жүйесі қалыптасқаны, Қиыр Шығыстан корейлердің сол жақтағы қалған малдары мен егістіктерінің орнына түбіртектерімен (квитанцияларымен) есеп айрылысқандығы, қоныстанған жеріндегі егістік көлемінің анықталғандығы айтылды [129].

1938 жылдың 8 наурызындағы Солтүстік Қазақстан облыстық комитеті Бюросы шешімі бойынша корей колхоздарының жаңа жоспары айқындалды. Бұнда бидай үшін – 2920 га, сұлыға 880 га, арпаға – 250 га, тарыға – 300 га, күнбағыс үшін – 100 га, картопқа – 80 га жер бөлінгендігі келтірілді. Бұрынғы жоспарға қарасақ, ал ескі жоспар бойынша: бидай 2465 га жерге, сұлы 1145 га, арпа 285 га, тары 274 га, күнбағыс 98 га, картоп 183 га жерге егілген. Негізінен бұл қаулының шығуына, мемлекеттік жеделхат түрткі болды. Мирзоян мен Исаев қол қойған бұл жеделхат обком хатшысы Кузнецов пен облыстық атқару комитетінің төрағасы Целыхқа жіберілді. Жеделхат мазмұнына көз жіберсек, онда: «1938 жылдың 15 ақпанына дейін жеткізілсін, жеке жауапкершілікпен бұлжытпай орындалсын», - делінді. Петропавлда партия, атқару комитеті «корей қоныс аударушылары жөніндегі шешімдерге жеке жауапкершіліктің» не екенін түсініп, іске кірісіп кетті. Корейлерге қатысты «Корей қоныс аударушылардың шаруашылығының жайғасуы туралы», «Қазақ КСР-ның К(б)П ОК-нің және Қазақ КСР ХКК-ің, жаңа оқу жылына корей балаларына арналған ғимараттардың дайындығы, мектептерді жабдықтау, Павлодар,

Көкшетау, Петропавлда және аудандарда оқу құралдарымен және мұғалімдермен қамтамасыз ету туралы қаулылардың орындалуы» сияқты біраз шешімдер қабылданды [130]. Бірақ республика, облыс деңгейіндегі қаулыларды орындауға ешкім асықпады. Жоғарыдан берілген бұйрық сол қалпында қалып қойған деуге де болады. Корейлер климат жағдайы егіс өсіруге жарамайтын жерлерге қоныстандырылды. Жер аударудағы қатаң тәртіпті сақтауға қарамастан, ауылды жерге ағаш шеберлері, шаштараздар, тігіншілер, тері илеушілер, аспаздар, есеп жүргізушілер, т.б қажет емес маман иелерін жіберіп отырды [131].

Солтүстік Қазақстандағы корейлер жоғарғы органдарға шаруашылық жүргізуге кері әсер ететін жағдайлар туралы хатты жиі жазды. Тіпті керемет күрішшінің өзі, Солтүстік Қазақстан облысында күріштің өспейтінін дәлелдеген еді. Бұндай хаттар Мәскеуге, Жоғарғы Кеңеске, КСРО ХКК-нің төрағасына, Қазақ КСР ХКК-не, Солтүстік Қазақстан обком партиясына, облыстық атқару комитетіне корей күрішшілерінен түсіп жатты. Оларды тексеріп, жауап беру керек болды. Корей шаруалары әртүрлі сатыдағы мекемелерге хат жазу арқылы көп нәрсені өзгертуге болатындығына көздері жетті. Күрішшілер күріш өсіруден басқа қолдарынан ешнәрсе келмейтіндігін, ал оларда ертеңгі азығының, үйінің, қаражаттың жоқтығы, балаларын немен асырап оқытатынын білмейтіндіктерін айта отырып, күріш дақылы өсетін жерлерге қарай қоныстандыруын өтінді [132].

Оларға жоғарыдан оларға «қоныстанған жерге бейімделіп, мамандықтарыңды өзгертіндер» делінген жауаптар келді [133]. Дегенмен уақыт өте келе, корей колхоздарын құру жұмысы қарқын алып, олардың тұрмыс жағдайына көңіл бөліне бастады [134].

Жалпы корейлерді Қазақстан бойынша орналастыруды төмендегі кестеден көруге болады.

Енді осы жерде 1989 жылғы халық санағымен 1999-жылғы санақты салыстырмалы түрде қарайтын болсақ, Қазақстандағы корейлер саны 1989 жылы 100,739 болса, 1999 жылы 99,662-ға кеміген. Облыстар бойынша бөліп көрсетсек, Ақмола облысы бойынша корейлер 1989 жылы 1,382 болса, 1999 жылы 1,489-ға жеткен. Ақтөбе облысындағы корейлер саны 1989 ж. халық санағы бойынша 1,350 адам болса, ал 1999 ж. 33 адамға көбейіп, 1,383-ке жеткен. Шығыс Қазақстан облысындағы корейлер 1989 ж. - 1,553, 1999 ж. - 1,574 адам болды. Осы екі халық санағын салыстыра отырып, он жыл аралығында бұл ұлттың өсімінің шамалы ғана болғанын байқауға болады. Нақтырақ айтқанда, корей халқының саны республика бойынша 1989 жылмен салыстырғанда шамамен мың адамға кеміген. Ал облыстар бойынша Алматы қаласы мен Алматы облысына орналасқан корейлер саны басым болып отыр. Ал корейлердің ең аз орналасқан жері Батыс Қазақстан облысында 1989 ж.

Кесте 4 – 1939, 1959, 1970, 1979, 1989 жылдардағы халық санағы бойынша корейлердің Қазақстан облыстарына орналасуы

Облыс	1939 ж.		1959 ж.		1970 ж.		1979 ж.		1989 ж.	
	Адамдар саны	% үлесі	Адамдар саны	% үлесі	Адамдар саны	% үлесі	Адамдар саны	% үлесі	Адамдар саны	% үлесі
Қазақстан	96 453	100,0	74 019	100,0	81 598	100,0	91 984	100,0	103 315	100,0
Ақтөбе	3 134	3,2	1 010	1,4	1 133	1,4	1 172	1,3	1 350	1,3
Алматы	19459	20,2	-	-	4 343	5,3	4 674	5,1	5 193	5,0
Шығыс Қазақстан	309	0,3	737	1,0	928	1,1	903	1,0	977	0,9
Гурьев	4 309	4,5	2 397	3,2	2 587	3,2	2 946	3,2	3 000	2,9
Жамбыл	4 090	4,2	-	-	8 220	10,01	11 358	12,3	13 360	12,9
Жезқазған	-	-	-	-	3 750	4,6	9 902	4,2	4 135	4,0
Қарағанды	7 536	7,8	-	-	9 648	11,8	10 639	11,6	11 541	11,2
Қызылорда	353 053	6,6	-	-	13 429	16,5	12 503	13,6	12 182	11,8
Көкшетау	-	-	-	-	859	1,0	829	0,9	1 045	1,0
Қостанай	4 492	4,7	-	-	2 730	3,3	-	-	3 658	3,5
Маңғыстау	-	-	107	0,1	401	0,5	664	0,7	816	0,8
Павлодар	203	0,2	-	-	525	0,6	706	0,8	924	0,9
Солтүстік Қазақстан	4 769	4,9	397	0,5	302	0,4	320	0,3	327	0,3
Семей	450	0,5	-	-	853	1,0	549	0,6	576	0,6
Талдықорған	-	-	-	-	12 505	15,3	12 207	13,3	13 581	13,1
Торғай	-	-	-	-	-	-	-	-	536	0,5
Орал	2 561	2,7	-	-	437	0,5	577	0,6	631	0,6
Целиноград	3 759	3,9	-	-	-	-	-	-	1 980	1,9
Шымкент	6 041	6,3	-	-	9 862	12,1	11 071	12,0	11 430	11,1
Алматы қаласы	18	0,0	-	-	6 964	8,5	11 507	12,5	16 073	15,6
Ескерту – [135, 7-70-бб.].										

631 мың болса, 1999 ж. 731 мың, Солтүстік Қазақстан облысында 1989 ж. 746 мың болса, 1999 жылы 534 мың ғана болып отыр. Жергілікті өкіметтің берген есептерінде корейлердің жағдайы билік құрамындағылардың көз алдында болғанын білуге болады. Корей ұлтына қатысты қабылданған қаулы, қарарлар, бұйрықтар дер кезінде толықтай орындалмады. Мәселен, корейлердің Қиыр Шығыста қалдырып кеткен егіндіктеріне төленетін ақша мен оларға тиесілі жәрдем ақылар берілмеді.

Негізінде Солтүстік Қазақстанға қоныс аударылған корейліктердің арасында түрлі білімі бар маман иелері болды. Оларды орналастыру үшін корей колхоздары ұйымдастырылып, қалалар маңындағы барлық аудандарда корейлерді орналастыру жұмысы жүргізілді. Солтүстік Қазақстан облысына корейлерді орналастыруда ауқымды жоспар құрылып, осы жоспар бойынша колхоздарға орналастыру ісі қолға алынды. Мысалы, Сучанский ауданындағы «Пионер», «Искра», «Новая жизнь» сияқты корей колхоздарының аттарын өзгертілмей «Алтайский» поселкесіне орналастыру шешілді. 210 адам 32 шаруашылыққа бөлінді. «Пригородный» поселкесіне «Искра» атты корей колхозының 23 жанұясы орналасса, ал «Петровский» поселкесіне «Новая жизнь» колхозының 71 жанұясы немесе 231 адаммен толықтырылды.

Солтүстік Қазақстан облысына қарасты Сталин ауданында көп салалы үш корей шаруашылығы пайда болды. Бұл жерге егіндік, көкөніс, жеміс ағаштары отырғызылды, сүт пен мал шаруашылығы дами бастады. «Пригородный» мен «Петровскийдің» шекарасында орман алқабы отырғызылды. Сөйтіп бірте-бірте корейлер өздерінің үйреншікті ісімен айналыса бастады [136].

1938 жылдың басында Орталыққа, Қазақ КСР ХКК төрағасы Исаевтың атына, Солтүстік Қазақстан облыс атқару комитетінен телефонограмма келді. Онда Красноармейский совхозының базасынан 953 шаруалық пен төрт корей колхозы ұйымдастырылғаны хабарланды. 799 шаруашылық Алматы облысының күріш егетін шаруашылықтарына жіберілгені айтылды [137 б.].

Күштеп қоныс аударған корей халқының Қазақстанда алғаш тұрақтаған өңірі Солтүстік облыстар дедік. Қазақстанның солтүстік аймағында корейлер тұрғылықты тұрмыс жағдайына орналасқан елді мекендеріне қарай, үш топты құрады. Бірінші топ – КСРО-ның Қиыр Шығыс өлкесінен қоныс аударған корейлер ұрпағынан болды, екінші топты – Достастық елдерден көші - қонмен келген корей жанұялары құрады, әсіресе, Қырғызстаннан, Өзбекстаннан шыққан еді. Бұлар өздерін корей адамымыз дейтіндер. Қазіргі әлемде көп ұлт өкілдерінің жер бетіне орналасуында, ортақ жалпы заңдылыққа тартылу процесі жүруде. Бұл үрдіс өзара байланысқа көзделуде, әрі уақыт өткен сайын нығаюда.

Қазақстан Республикасы Орталық мұрағатының қорында сақталған бір құжатта Мәскеуден жіберілген жеделхаттағы шұғыл ақпаратқа қарағанда корейлерді оңтүстік өңірге қарай, атап айтқанда Үштөбе стансасына көшіру мәселесі айтылды. Жеделхатта Солтүстік Қазақстан облысынан Алматы облысының Қаратал ауданына үш корей колхозының көшірілетіні туралы шешім қабылданғаны хабарланды. Барлығы Солтүстік Қазақстан облысынан Алматы облысына «ТОР», «Осоавиахим», «Сталин атындағы», «Рисовый

Октябрь», «Коллективный труд», «Восточная Заря» корей колхоздары көшірілді. Жаңа пайда болған егіс алқабына жаңа егіндіктер түрі соя, бұршақ, спаржа, артишок, күнбағыс, крахмал дайындайтын картоп отырғызыла бастады [138].

Жалпы 953 корей шаруашылықтары егінді өсіруді қолға алды, мал өсіру мен егін егу ісінде жетістіктерге жетті. Қоныс аударушыларды тараған совхоздардың жеріне қоныстандыру ауылшаруашылығын дамытуда тиімді болды.

Кесте 5 – Солтүстік Қазақстан облысы бойынша корей қоныс аударушыларын орналастыру жөнінде 1938 жылдың 1 наурызына қараған уақыттағы жоспар – есебі

Аудандар	Келгені		1.03.38.ж есепке алынған-р		Басқа жаққа көшірілетіндер		Облыста қалатындар	
	жанұя мен жал-ғызбаст.	адам басы	жан-ұя	адам басы	жанұям ен ж.баст.	адам басы	жан-ұя	адам басы
1.Келлеров	883	3404	799	3416	-	-	799	3416
2.Красноармейск	866	3778	697	3166	425	1920	272	1279
3.Сталин	550	2168	295	1361	218	1020	77	341
Барлығы	2299	9350	179	7976	673	2940	1148	5036

Кестенің жалғасы 5

Аудандар	Красноармейск өндіріс-артел-деріне орналасқандар		Қаланың жанында орналасқандар		Жұмысқа өнеркәсіптерге орналасқандар	
	жанұялар мен	адам басы	жанұя	адам басы	жанұя	адам басы
1.Келлеров	776	3331	-	-	23	85
2.Красноармейск	135	673	137	585	-	-
3.Сталин	-	-	-	-	77	341
Барлығы	911	4024	137	585	100	426

1938 жылдың ортасында корейлерді орналастыру туралы анықталған мәліметтер пайда болды. Облыста 2299 корей шаруашылықтары мен жеке меншігі бар мекемелерде 508 шаруашылық орналастырылды, қалған 1791 шаруашылықтың 958-і таратылған Красноармейский совхозының жерінде орналастырылды, 799 шаруашылық Алматы облысының Қаратал ауданына көшірілді, 39-ы жұмыс жасап жатқан жерлерге орналастырылды (есепте бұл сандар «қосымша орналастыру» деп беріледі). 958 шаруашылықтан төмендегідей корей колхоздары бой көтерді: Макашевқада – 188 шаруашылық, Октярьдің 14 жылдығы - 209 шаруашылық, Қара Жарық – 256 шаруашылық, 40 шаруашылық машинотрактор стансасына орналастырылды.

Сонымен қатар тұқым егу жоспары айқындалды. Дәнді дақылдар 4450 гектар жерге себілетін болды. Оларды бөліп көрсетсек: бидай – 2465 гектар, сұлы – 1145 гектар, арпа – 285 гектар, тары – 274 гектар, күнбағыс – 98 гектар, картоп – 183 гектар [139].

Корейлерді орналастыру өкіметтің көз алдында және Қазақстан ХКК, К(Б)П мен ПХК-ң тексеруінде болғандықтан, Қостанайға қарағанда Солтүстік Қазақстанда, корейлерді қайта көшіру қызу жүргендіктен, мағлұматтар беріліп отырылды [140].

Бұл жерде біз ілгері аттап кетіп салыстыратын болсақ, корейлердің Солтүстік аймақтан Қазақстанның оңтүстігіне қоныстана бастағанын байқаймыз. Яғни 1938 жылы Жамбыл облысында 4 090 адам болса, 1989 жылы 13360 адамға өскен, керісінше Солтүстік Қазақстан облысында 1939-жылы 4769 адам болса, 1989 жылы 337 адам қалған, Талдықорған облысында 1939 жылы бір де бір корей тіркелмесе 1989 жылы – 13 581 адам болып тіркелген, Алматы қаласында 1939 жылы 18 адам болса, 1989 жылы 16 073 адамға өскен.

Кесте 6 – Күрішші қоныс аударушылар саны туралы анықтама - мағлұмат

Аудан	Барл. колхоз	Ішінде күрішшілер	Ішінде		Ұйымдаспаған корейлер		Барлығы		Балықшы колхозшы	
			жан-ұя	адам басы	жан-ұя	адам басы	жан-ұя	адам басы	жан-ұя	адам басы
Блюхеровский	6	5	470	2248	65	271	535	2519	-	-
Летовочный	5	2	133	722	118	566	251	1288	56	198
Шортандинский	3	1	43	183	32	118	75	301	-	-
Солтүст. Қазақстан облысы бойынша барлығы	14	8	646	3153	215	955	861	4108		
Акмолинский	6	5	151	785	4	18	155	803	-	-
Барлығы	20	13	797	3938	219	973	1016	4911	56	198

ХКК, ХКП органдарынан жоғарғы билік аппараты үзбей есеп сұрап отырды. Әрбір облыс қоныстанған корейлер, олардың тұрмыс жағдайы жайлы мәліметтер беруге тырысты. Мәселен, Солтүстік облыстардағы корей колхоздарында шаруашылық барысы, отбасы, үй саны жайында мынадай

мәліметтер берілген: Қостанай облысына қарасты «5 Декабрь» колхозында – 210 үй, «Самир» колхозы – 210, барлығы – 420 үй. Солтүстік Қазақстан облысы бойынша - «Верность» колхозы – 154, «Октябрьге 14 жыл» колхозы – 166, «Кривой рог» колхозы – 108, «Қаражал» колхозы – 226, «Архангельский» колхозы – 132. Барлығы – 786 [141]. Берілген мәліметтерге қарағанда Солтүстік Қазақстанға орналастырылған корейлердің саны басым болғаны көрініп тұр.

Қазақ КСР жер жөніндегі Халық комиссары Құлжанов республикада қоныстанған корейлер жайында өзінің баяндама хатында Қостанай облысында 1090 корей шаруашылығы болып, оның 420 шаруашылығы дербес колхоздар, 101 шаруашылығы қосымша қоныстанғандар, 587-сі жұмысшылар мен қызметкерлер екендігі және барлық колхоздар - 2, қосымша қоныстанған 17 колхоз болғандығын келтірген.

Корейлер қоныстанған колхоздардағы егіндік өсім жоғары болды. Бұл жерлерде 7575 гектарға тұқым себілген. Оның ішінде 4693 гектарға бидай, 1444 га сұлы, 202 га арпа, 428 га тары, 100 га күнбағыс, 160 га картоп егілсе, ал Қостанайдағы колхоздарында жоғарыда аталып кеткендерден басқа 12 га жерге бұршақ, 36 га жерге бау - бақша дақылдары егілген [142].

Егіс аймақтарын өңдеуге ауылшаруашылығына техника, құрал-саймандар аса қажет болды. Үкімет тарапанынан Солтүстік аймақтағы корей колхоздарына ауыл шаруашылық саймандары берілді. Еңбек құралдарымен қамтамасыз етілу жағдайын төмендегі кестеден көруге болады.

Кесте 7 – Колхоздардағы тұрғындарды еңбек құралдарымен қамтамасыз ету

Машиналар аты	Аталған шаруа-шылық-н мұқтажы			Барлық берілгені
		01.01.1938 ж. қалдық	1938 ж. қоры 1 -ші төрттік	
Соқа	246/57	3/196	80/-	83/196
Тырма ЗИГ-ЗАГ	216/50	-/39	600/700	600/739
Түптеуіш	75/12	55/11	-	55/11
Дән сепкіш	69/16	-	-	-
Пішен шапқыш	60/20	-/96	72/72	72/168
Тырма	30/10	-/ПО	60/60	60/170
Лобогрейкалари	57/13	-	42/42	42/42
Іріктеуіш	15/5	-/3	12/10	12/13
Триера	-	-	5/4	5/4
Хода	150/50	4/-	100/-	104/-
Ескерту – [143]				

Кестеден байқағанымыз, құрал-сайман тапшылығы, жұмысқа қажетті еңбек құралдарының жетіспеушілігі көрініп тұр. Қостанайдағы корей колхоздарына Аягөзден совсельторгтың 60 соқасы жіберілді.

Корей халқын оңтүстік және солтүстік өңірлерге қоныстандырудың өзіндік мақсаты болды. Бұл істің барлығы үлкен іскерлікті талап ететін еді. Әрбір

ауданда көшіру мен қайта қоныстандыру жұмысында негізінен экономикалық-географиялық жағдайлар қарастырылды. Көшіру мен қайта қоныстандыруда екі көзқарас болды: экономикалық тиімділік (колхоздарда жұмысшылар жетпеді, жетекші сала ауыл шаруашылығы болды, азық даярлау орындалмай қалатын кездер болды), ал корейлерге келсек, олар еңбекқор, шыдамды халық, жаңа орында да аз ғана уақыт ішінде өздеріне берілген жаңа жерді өңдеп алады, себебі олардың этникалық мінездемесіне үңілсек, бұл халықтың қол қусырып отырып алмайтыны белгілі, олар іске кірісіп кетеді. Екінші көзқарас, корейлер жаңа орынды игеруге мәжбүр болды, олардың басқа баламасы болған жоқ, олар қолға алған істерін соңына дейін дұрыстап жасауға машықтанған халық, демек жерді жыртып, егінді де егеді, жерді қазып, көкөністі отырғызады, өмір сүру үшін қажетті қор мен күшті де табады. Корейлердің осындай еңбекқорлығын барынша пайдалану қажет еді.

Бұдан соң қосымша көшірулер етек алды. Қостанай облысына қосымша 300 жанұя көшірілетін болса, Затобольский ауданына 400 жанұя көшірілуге тиіс болды. Бұл 19 колхозға орта шамамен 20 жанұядан келді. Мендіқара ауданына 500 жанұя көшірілді, ол 32 колхозға орта шамамен 15 жанұядан есептелді. Обаған ауданының 24 колхозына 300 жанұя қоныстандырылды, әрбір колхозға шамамен 15 жанұядан келген. Семиозерный ауданының шаруашылықтарына 210 шаруашылық 19 колхозға, Федоровск ауданының 16 колхозына 300 жанұя, Жетіқара ауданына 300 шаруашылық болып белгіленді. Павлодар облысына көбінесе қоныс аударушылар уақытша көшірілді, себебі 1939 жылы Павлодар облысына қоныстандыру мәселесі қарастарылмаған еді. Сондықтан 1940 жылдан бұл жерлерге арнайы түрде қосымша қоныстандырыла бастады.

Қосымша қоныстанған корей колхозшылары уақытша жергілікті тұрғындардың үйіне орналастырылды. Мысалы, Ертіс ауданына – 230 жанұя, Баянауыл – 35, Бесқарағай – 5, Каганович – 104 үй, Куйбышевский – 90 шаруашылық, Лозовской – 50 үй, Цюрупинский – 518, Горьков – 500, Уряготюпский – 350, Павлодарский – 290 үй қоныстандырылған. Бұл қоныстанушыларға құрылыс материалдары, алмасу түбіршектеріне мал, құрал-сайман берілді [144].

Корейлер көбінесе Қазақстанның солтүстік аймақтарынан басқа аудандарға туғандарына қосылу, жұмыс іздеу, мамандықтарына байланысты себептермен кетіп қалуға тырысты.

Корейлердің орыс тілін жетік білмеуінен қиыншылықтар туындады. Әсіресе егде адамдары сөйлей алмағандықтан өздерінің жерлестерінің арасында тұруға ұмтылғаны байқалды. Сондықтан олардың көпшілігі Қостанай облысының Мендіқара, Қарабалық, Семиозерный, Федоровский аудандарын тастап, корейлер көп қоныстанған Қостанайға көшіп баруға тырысты. Корейлердің біразы Жетіқарада, ірі өндіріс орындарының бірі «Джетығаралтын» комбинатында тұрақтап, шахталарда дем алмастан жұмыс істед. Негізінде келген корейлер арасында шахтер де, алтын іздеушілер де болған жоқ, сондықтан жаңа мамандықты меңгеруге уақыт керек болды. Осы

себептерге байланысты Жетіқарадан 100 жанұя кетіп қалған. Затобольск ауданында жағдай басқаша болды. 1940 жылы осы жерге 360 шаруашылық, 1941 жылдың 1-ші қаңтарына дейін 346 шаруашылық көшірілді. Өз бетінше осы өңірге 232 шаруашылық келді.

Қаптаған бұйрықтарға, қаулы-қарарларға қарамастан, биліктегілер көшірілген корейлерді аз да болса азық - түлікпен қамтамасыз етуге, үй салып беруге, киім, аяқ киім тауып беруге, оқытып, медициналық көмек көрсетуге дайын емес еді. Келген колхозшылар жаңа келген жерлерінде де дәнді-дақыл өсірумен айналысқандықтан қосымша тұқым қоры қажет болды [145].

Жол бойы концентрациялық лагердегідей жағдайлар, табиғи-климат жағдайы, басқа этникалық орта, келген жерлерінде дұрыс орналастырылмауы, жаңа орында жағдайларының болмауы қоныс аударушылардың бейімделіп кетуіне кедергісін тигізді, тіпті қайғылы оқиғаларға апарып соқты. Көптеген қоныс аударушылар сол уақытты еске түсіреген кезде былай дейді: «Өте қиын болғандықтан, ненің ақ-қара екенін түсінбей, Қиыр Шығысқа кеткіміз келді. Сыртта боран соғып, үйлердің төбесіне дейін жауып тастады. Бірақ балаларымыз үшін осы қиындықтарға мән бермеуге тырыстық. Қайтсек те тірі қалу керек болды, корейлер неге, не үшін қиындыққа ұшырағанын түсінбегендіктен қиыншылық ауырлап кеткен секілді болды». Көшу кезінде көбінесе балалар шетінеп, қарт адамдар, аурулар өліп жатты.

1944 жылдан бастап Көкшетау бөлек, өзіндік облыс болып қалыптасты. 1940 жылы Көкшетау ауданының колхоздарына 233 корей шаруашылықтары көшірілді. Билік орындары корейлерді қосымша орналастырудың экономикалық тиімділігін дәлелдеуді талап етті, себебі көшірілген шаруашылықтардың санын есептеу, қосымша қоныстандыруды жоспарлау қажет еді. Басқа да ұйымдастыру шаралары қарастырылған болатын. Қосымша қоныстандырудың көлемі корейлердің бір ауданнан екінші бір ауданға, бір облыстан екінші облысқа шаруашылықтарда жұмысшы қолы жетпегендіктен көшіріліп отырғандықтарын көрсетеді [146].

Жоғарғы билік органдары корейлерді Көкшетауға орналастырудың себебін игерілмей жатқан жерлерді солардың көмегімен қолға алуды жөн деп есептеді [147].

Корейлер Оңтүстік Қазақстан облысының Қызылорда, Қазалы, Шиелі, Жаңа Қорған аудандарына орналастырылды. 1938 жылғы 19 қаңтардағы Қазақ КСР ХКК-нің «Балық аулаушы корей колхоздарын орналастыру жөніндегі» арнайы қаулысы бойынша Арал, Каспий теңіздері және Балқаш көлі маңайында 11 корей балықшы колхоздарын қоныстандыру жоспарланып, сонымен қатар сол кезде балық өндірісінде жұмыс істеп жатқан 13 корей ауылдарының құрылысын анықтау бекітілді [148].

Корейлерді көшіру барысы әрқилы жағдайда өтті. Алғашқылар қыркүйекте, жылы кезде елдің оңтүстігіне көшірілсе, қараша-желтоқсанда көшірілгендер суыққа, жолдағы қиындықтарға тап болды. Қазақстанның төңірегіндегі ішкі қоныс аударушылық көбіне әлеуметтік жағдайға байланысты болды. Яғни, біріншіден, жұмыспен қамту, әр адамның қабілеті мен

мамандығына байланысты емес, бұйрық беру арқылы жүргізілді, екіншіден, тұрғын үй мәселесі шешімін таппай жатты, балаларының оқуына, орта мектептердің алыстығы, киім-кешек тапшылығы, ана тіліндегі мектептердің жоқтығы, үшіншіден, жастардың басқа ұлт өкілдерімен аралысып, пікірлесетін, көңіл көтеретін, достасатын орындар-мәдениет ошақтары, клубтар, кітапханалар, спорт алаңдарының тапшылығы, жоқтығы, төртіншіден, жалпы ұлттың, ертеңге деген сенімсіздігі, яғни, үкіметтің әлеуметтік камсыздандыруына сенімсіздік, (жалақының төмендеуі, тұрмыстық қажетті тауардың жоқтығы, азық-түліктің қымбаттығы, т.б.) туындады. Міне, осындай себептерден де, корейлердің жаңа ортаға қалыптасуы өте қиын жүрді деуге болады. Сондықтан да халық санақтарының көрсеткіштеріне байланысты корейлердің орналасуы, Қазақстанның бір облысында азайып жатса, бір облыстарында көбейіп жатқаны байқалды. Бұл кей жағдайда облыстардың әкімшілік-аймақтық өзгерістеріне де байланысты жүріп жатты.

Дегенмен, 1959 жылмен 1989 жылдар аралығында, Қазақстандағы корейлер санында айтарлықтай өзгеріс болған жоқ. Олар негізінен жер аударылғаннан кейін көбіне Қазақстанның оңтүстік, оңтүстік-шығыс өңірлеріне орналасып, бейімделіп кетті, жергілікті тұрғындармен тіл табысып, өздеріне берілген жұмыстарын атқара білді.

Қазақстанға күштеп жер аударылған корей халқы басынан өткен қиыншылықтар мен ауыртпалықтарды, бауырмал қазақ халқының аянбай көмек көрсеткенін естеліктерінде жазып жүр. Солардың бірі сол бір қасіретті жылдарды басынан өткізген өз отбасы, ата-бабалары туралы «Поезд памяти» естеліктер, құжаттар жинағында жазған Сергей Югайдың естелігінен көруге болады. Бұл естелікте «1937 жылы бізді Қазақстан жеріне жер аударды. Біздің эшелон Ақтөбе жеріне келіп жетті. Көптеген отбасылар бөлініп, әр жерлерге аттандырылды. Біздің де отбасымыз бөлінді. Шешемнің әпкесі Ақтөбеде қалып, қалғандырымыз облыс орталығынан 250 шақырым жердегі Бүгітсай ауылына келдік. Қараша айы еді. Күн суық. Тамақ нашар. Жағдайымыз өте ауыр болды. Сол кезде бізге көмектескен шопандар болды. Тіл табысып, түсінісіп, бізге қол ұшын берді. Осылай Қазақстан қалаларында – Ақтөбе, Қызылорда, ең соңында Семейге көшіп бардық» деген әжесінің естелігін жариялаған [149, 89 б.].

Қорыта айтқанда, 30-40 жылдарда Қазақстан территориясына күштеп жер аударылған корей ұлты көп жағдайда республиканың игерілмеген жерлеріне қоныстандырылды. Корей және басқа халықтардың атамекендерінен жер аударылуының басты себебі сол кездегі КСРО аумағында қалыптасқан тоталитарлық тәртіптің өзінде жатқан еді. Ал корейлердің Қиыр Шығыстан жер аударылуына ең алдымен сол замандағы сыртқы саяси факторлар әсер етті.

Корейлерді күштеп жер аудару саясатының жүзеге асуын партия мен үкімет қатаң бақылауға алды. Корейлердің пасторттары тартып алынып, үй мүліктері, қару-жарақтары тәркіленді. Осылайша тұтас бір халықтың басына қайғының қара бұлты үйірілді. Дегенмен корей ұлты жергілікті қазақ халқымен етене араласып, бірте-бірте республиканың климаттық жағдайына бейімделіп кетті.

2.2 Корейлердің Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуына қосқан үлесі

1937-1957 жылдар корейлердің Қазақстанда, Өзбекстанда, Қырғызстанда әлеуметтік-саяси, шаруашылық және мәдени-тұрмыстық бейімделу кезеңі болды. Қазақстанға күштеп жер аударылған корей халқы жылдар бойы жинақтап қалыптастырған дәстүрі бар, экономикалық, саяси, әлеуметтік және мәдени тұрақтылығын сақтаған қауым болды. 1930-1940 жылдары Республикаға күштеп қоныс аударылған корейлер жан басының азаюы, рухани құндылықтарының жоғалуы сияқты көп зардап шекті. Олардың қоныстанған жерлеріне бейімделуіне, үйренуіне үлкен көмек көрсетіп, суықтан, аштықтан сақтап қалған, қол ұшын берген қарапайым қазақ халқының еңбегін айтпай кетуге болмайды. Корейлер партия, кеңестік және қоғамдық ұйымдардың өмірінде белсенді қызмет атқарып, Қазақстанның халық шаруашылығының барлық саласына айтарлықтай үлес қосты, ерен еңбегінің арқасында көптеген нәтижелерге қол жеткізіп, ұлттық мәдениеті мен тілі дамыды, зиялы қауым қалыптасты. Көшіп келіп, қоныстанған алғашқы жылдары адам төзгісіз ауыр жағдайда өмір сүріп, көптеген қиыншылықты бастан кешірсе де, шыдамдылығы мен қайсарлығының, еңбеккерлігінің арқасында тұрғылықты халық арасында құрметке ие болып, қоғамда өз орындарын таба білді. Соғыстан кейін Республикамыздың халық шаруашылығы қарқынды өсуін күшейтті. Алайда соғыстың халық шаруашылығына салған ауыртпашылығын көтеру оңайға соққан жоқ. Халық шаруашылығының өнеркәсіп, транспорт саласында, құрылыста, ауыл шаруашылығында жұмысшы күші, оның ішінде мамандандырылған жұмысшылар, жетіспеді. Халық тұтынатын өндіріс едәуір артта қалды. Құрылыс материалдары, кең қолданылатын тауарлар қысқарды.

1940-1950 жылдары өндірістік кооперация мекемелері халық тұтынатын тауарлардың: үй жиһаздары, ағаш өнімдері, тігін бұйымдары, қыш құмыралар, кірпіш т.б. өнімдер шығарды. 1950 жж. басында өндіріс орындарында қалада тұратын еңбекке жарамды корей халқы жұмыс істеді. Өндірістің техникалық деңгейінің өсуі, кәсіби мамандарды дайындаудың сапасын көтеру, жастардың, соның ішінде корей ұлтының жастарының да белсенділігін арттырды. Шаруашылықты орналастыру кезеңінде корейлер негізінде әртүрлі, кәсіби емес еңбекке тартылса, уақыт өте келе қажеттілікке сай кәсіптік-техникалық білім алуға талпынды. 50-жылдардың бас кезінде Талдықорған облысында 18 өндіріс артельдері, 3 тау-кен өндірісі комбинаты, 13 өндіріс тұрмыстық комбинаты, Қызылорда облысында - 21 артель, 2 қалалық тұрмыстық комбинаты, 8 аудандық өндіріс комбинаты жұмыс істеп, онда қаладағы еңбекке жарамды корей ұлтының көпшілігі еңбектенді. Артельдер мен өндіріс комбинаттары 60-жылдардың басына дейін жұмыс істеп, оның кейбіреуі дәстүр бойынша корей ұлтының өкілдері көпшілік болғандықтан, «корей» комбинаттары деп аталып жүрді.

Корей ұлтының ер-азаматтары металл өндіру ісінде: механик, қорытушы, слесарь, токарь, құрылыста: аға шебері, қорытушы, әртүрлі жұмысшы міндетін атқару, т.б. жұмыс істегенді қалады. Ал әйелдерінің көпшілігі тігінші және

трикотаж өнімдерін шығару жұмысында істеді. 40-50 жылдары өндіріс комбинаттары көпшілік тұтынатын әртүрлі өнімдер шығарды: үй жиһаздары, ағаш, металл өнімдері, кірпіш, қыштан жасалған бұйымдар, әк т.б.

Өндіріс кооперацияларындағы корей еңбеккерлері социалистік жарыстарға қатысып, жаңашылдар, рационалдық ұсыныстар енгізу ісіне белсене араласты. 1957 жылы Қызылорда облысында 22 рационализаторлық ұсыныстар енгізіп, оның 20-сы қабылданып, 75 мың пайда келтірді. Белсенді рационализаторлар ішінде Сон И., Ти Мун Сен, Мун Бен У, Цой Сон Хак т.б. болды. Олар әк өндіруде, алюминий ыдыстарды шығарудағы жаңа жүйені пайдалану, металл өнімдерді өндірудің тиімділігін арттыру сияқты жаңалықтар енгізді. Корейлердің басым көпшілігі механика заводында, тері өңдеу, кірпіш заводы, Қызылордадағы аяқ киім фабрикасында еңбек етті.

1953-жылы СОКП Орталық Комитетінің қыркүйектегі Пленумында шаруашылықтарға экономикалық және саяси қысым көрсетуді бәсеңдету туралы мәселе қаралды. Үкімет ауылды жерді, ауылшаруашылығын одан әрі әлсіретіп, «Бәрі отан үшін!» деп, ылғи ұрандатып халықты тонай берудің шегіне жеткенін ұққандай болды. Сондықтан да мемлекеттік салықты азайтты, ауылшаруашылығына үкімет тарапынан қомақты қаржы құйылу жоспарланды, шаруашылықтың өсірген өнімін сатып алу мен дайындалған өнімдердің бағасы өсті. Яғни өнім өндірушілерге бетбұрыс жасалып, оларды қолдау қажеттілігі өмір сахнасына шықты.

Үкіметтің бұл шарасына шаруалар нақты іспен жауап берді. Алпысыншы жылдары ауыл шаруашылығы өнімдері 28%-ға, совхоз-колхоздардағы еңбек өнімділігі 1,8 есеге өсті. Республика үлкен ауыл шаруашылығы ауданына айналып, КСРО-да өндірілетін ауыл шаруашылығы өнімдерінің 11% берді. Ал, осы Пленумға дейінгі жылды алатын болсақ, КСРО-да нан тапшылығы байқалған. Яғни 1953 жылы - 31 миллион тонна астық дайындалса, жұмсалған астық мөлшері - 32 миллион тонна болған. Бір миллион тонна астық жеткіліксіз болып, астық тапшылығы халықты күйзеліске ұшыратты [150].

Соғыстың аяқталғанына біраз уақыт болса да ауылшаруашылығы халықты азық-түлік өнімдерімен, басқа да шикізаттармен әлі де болса қамтамасыз ете алмады. Халық шаруашылығында, оның ішінде ауылдық әлеуметтік-мәдени ісін өркендету барысында біршама қиындықтармен қатар келеңсіз кедергілер де болып отырды. Бұны шешу қаржы мәселесіне келіп тірелді. Ал жер аударылған халықтардың негізгі бөлігі ауылдық жерлерге қоныстандырылғаны белгілі. Олардың колхоздарға орналастырылғандары көбінесе егіс жинауға, дәнді-дақылдарды, мақта, темекі егістігі күтіміне, мал шаруашылығында және басқа салада жұмыс істеді. Мысалы, корейлер қоныс аударылғаннан кейін келген жерлерінде көбіне күріш егу, кенеп пен кендір өсіріп, мал шаруашылығы мен басқа да бақша шаруашылықтарымен айналысты [151, 44 б.].

Жер-жерлерде қызу еңбек жүргізіліп жатты. Аса мол қазба байлықтарға толы жерлердің бірі, ірі индустрия орталығы Маңғыстау еді. Маңғыстау мен Үстіртте құрылыстан басқа бетон жасауға, цемент, мал мен құсқа керекті

минералды азық алуға, сонымен бірге химия, көмір, мұнай өңдеу, былғары илеу, тоқыма өнеркәсіп орындарына аса қажет ұлутас орындары ашылды. Оның Жетібайдан 28 924 мың текше метр, Форт- Шевченко қаласының терістігінен 24 154 мың т/м., осы қаланың оңтүстік шығысынан 15 307 мың т/м., «Бейнеуден» 1 53 683 мың текше метр, «Қызылтұраннан» 11 миллион текше метр, «Ералиев» поселкесінің жанынан 333 мың текше метр, «Қаратүйе» жанынан он миллион текше метр қоры бар өте бай кен орындары ашылды [152].

Халық шаруашылығының қарқынды өркендеуіне экономикамыздың негізгі тірегі ретінде, жұмысшы күшінің мол болуы қажет еді. Қалпына келтіру жұмыстары – Қазақстан өнеркәсібінің тез өркендеуіне жол ашты. Ең алдымен тез өркендеуіміз үшін ауыр индустрияны ірі құрал - саймандармен қамтамасыз ету керек болды. Мысалы, сол кездің өзінде республикада жоғары өнім бере алатын машина - механизмдермен жақсы жабдықталған көптеген ірі карьерлер, яғни Қоңырат, Жезқазған, мыс кендері, Зырянов, Андреев, Гүлшат, Қарағайлы, Қасқа айғыр, Ақжал поликендері, Кемпірсай никель кендері, Донской хром кендері, Соколов-Сарыбай, Қашар, Аят, Лисаков, Атасу темір кендері, Ақшатау, Белая гора, Казалово сирек металл кендері, Екібастұз, Қушоқы, Құсмұрын, Обаған көмір кендері, Қарасу фосфорит кендері, Торғай боксит кендері, Жетіқара асбест кендерін ашық әдіспен қазып алу технологиясы жақсы дамып, үлкен жұмыстар жүргізілді [153].

Қарағанды облысында күштеп жер аударылған корейлердің Ұлы Отан соғысы кезінде еңбек армиясына шақырылуына байланысты және тұратын жерлерін таңдау құқықығы шектелгендіктен 1954 ж. дейін кен байыту орындарында жұмыс жасауға мәжбүрленді. Мұрағат құжаттарына сүйенсек, 50-жылдың екінші жартысынан бастап тау-кен орындарында жұмыс істеген корей халқының санының кемігенін көреміз. 60-жылдардың басында бірқатар корей азаматтарына, «Құрметті шахтер» атағы берілгенін, соның ішінде «Сталинуголь» тресінде 16 жыл бойы жер астында үздіксіз жұмыс істеп, нормасын 133 пайызға орындап жүрген Ким Хак Су, №31 «Кировкөмір» тресінің электрденекерлеушісі А. Хван, «Октябркөмір» №1 тау-кен комбинаты тресінің машинисі В. Цой «Қазақ КСР-нің Еңбек сіңірген шахтері атағына ие болды. I-III дәрежелі «Шахтер даңқы» атағына О.В. Ким, Цой Ги Хен, Ким Ген Хо т.б. ие болды. 40-50 жылдары Қарағандылық көптеген корей шахтерлары Кеңес Одағының ордендері мен медальдарымен, мақтау грамоталарымен марапатталды [154, 144 б.].

Осы кезеңде корей шахтерлерінің кәсіптік деңгейі өсті. Кезінде жүк тасушы, бекітуші, вагон жөндеуші, әртүрлі қаражұмыс істеуші болса, уақыт өте келе тәжірибе жинақтап, кәсіптік-техникалық білім алды. Олардың кейбіреулері жақсы маман, тәжірибелі ұйымдастырушы, ірі өндіріс мекемелерінде жетекшілікке дейін өсті. Мысалы, С.В. Пак – Алматы мақта-мата комбинатының бас инженері, Майқұдық шахтасының бастығы А.И. Кан – КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Г.Н. Ли – Талдықорған коммуналдық құралдар заводының директоры А.Н. Кам, Үштөбе жөндеу-

механикалық заводының директоры, П.И. Цой – Жамбыл қаласының №1 автопаркінің директоры т.б. 1970 жылғы Бүкілодақтық халық санағының мәліметтеріне қарасақ, Қызылорда облысында 141 корей азаматтары – ірі өнеркәсіп мекемелерінің директоры қызметіне дейін өскен [154, 145 б.].

Міне, осы арада корейлер Қазақстанның оңтүстік облыстарындағы (Жамбыл, Шымкент, Қызылорда, Талдықорған) аудандарында көп орналасқан десек, осы жерлердегі елді - мекендердің колхоз-совхоздарында ерен еңбек еткен корей жанұяларының қарқынды жұмыстарын, сол кездердегі жергілікті бұқаралық ақпарат құралдары атап өтіп жатты.

Осы кезеңде Қазақстанда корейлердің: 104 ауылшаруашылығы колхоздарында 6175 жанұясында 30856 адамы болды. 13 балықшы колхоздарында – 1109 жанұя – 5350 адам, кәсіпкер балықшы жанұясы – 3305 – 15327 адам, мамандырылған жұмысшылар – 2470 жанұя – 10782 адам, 4 балық аулайтын кәсіптік артель – 229 жанұя – 1167 адам, қара жұмыстағылар 371 жанұя – 1492 адам, қызметкерлер 3248 жанұя – 15047 адам болды. Корей жанұяларындағы адам саны орта есеппен төрт – жеті адамнан тұратын еді [155].

Жер аударылғандардың арасында бұрынғы Қиыр Шығыста, тіпті одан да әрі Кореяның өзінде атадан балаға қалып келе жатқан мамандық иелері еді. Олар – тігінші, шаштараз, наубайшы, аспаз, аяқ киім тігуші, ағаш шеберлері, ұста, колөнер мамандары, кірпіш жасау шеберлері, т.б. Бұл мамандықтардың көбі Қазақстанда іске аспай қалды. Өйткені олар қаласын қаламасын, шет аймақтардағы колхоздарға орналастырылып, егін егіп, жер жыртуға қарап қалды. Осының салдары ішкі көшіп- қонуға да, шаруашылықты ұйымдастыруға да кесірін тигізіп жатқаны айқын еді [156].

Жоғары білімді мамандар өз кәсібімен айналысуға жергілікті жерде мүмкіндігі болмаса, басқа жаққа баруға көптеген құжаттар толтырып, рұқсат алулары керек болатын. Міне, мұның бәрі тұрмыс тауқыметін тудырды. Олардың жағдайларын төмендетті.

1954 жылғы тың және тыңайған жерлерді игеруге байланысты Қазақстанда үлкен өзгерістер болып жатты. Оның саяси, экономикалық және экологиялық (топырақтың жалаңдануы) тағы басқа жағымды - жағымсыз жағын ашып көрсету, бөлек тақырып. Біз қарастырып отырған мәселеге келер болсақ, осы кезде, жоғарыда атаған таза корей колхоздары не бірігіп, не басқалармен қосылып үлкейіп, әйтеуір, өзгеріске ұшырап жатты. Ал, ұранды бастамамен көтерілген ауыл шаруашылық мәселесі еңбек жігерін туғызды [157].

Күштеп жер аударылған халықтарды Орта Азия мен Қазақстанның оңтүстік аудандарына орналастыру олардың дәстүрлі ауылшаруашылығы: күріш пен көкөніс өсіру ісімен айналысуында болды. Мысалы, Қызылорда облысындағы Сырдария, Талдықорған облысындағы Қаратал, Гурьев облысындағы Жайық өзендерінің бойына қоныстандырылған корейлердің ата кәсібі – күріш өсірумен айналысуына жағдай жасалынады.

1957-жылы Николай Иосифович Цойдың (колхоз төрағасы) «Красный партизан» колхозындағы көкөніс өндіру» атты Казмембаспадан шыққан

кітабында озат көкөніс өсірушілердің жетістіктері мен звено басшылары Мун О Деб, Цой Сын Гебтердің ерен еңбектері баяндалған [158, 4 б.]. 1956 жылы бұл колхоздың ақшалай кірісі 3 миллион 493 мың рубль болып «миллионер колхоз» аталған екен.

Қостанай бидай совхозының директоры болған Пак Алексей Андреевич Социалистік Еңбек Ері, Қазақ КСР-І Жоғарғы Кеңесінің IV және V-шақырылуының депутаты, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің ауыл шаруашылық комиссиясының мүшесі болды [159].

Осы кезде Оңтүстік облыстардағы таза корей шаруашылықтарының табыстары мен басшы қызметкерлерінің жұмысы да қомақты болды. Корейлер еңбекқорлығының арқасында жергілікті тұрғындармен де, басқа ұлт өкілдерімен де тіл табысып, өздерін беделге ие етті. Көпшілігі КСРО-ның орден, медальдарымен марапатталып, лауазымды органдарға сайланып жатты. Жер ауып келгендер қандай жұмыс болмасын адал атқарып, өз еңбектерінің шебері бола білді. Мысалы, жер аударылған корейлер негізгі кәсіптері – күріш өсіруді келген жерлерінде іске асырып, жергілікті халықпен өз тәжірибелерін бөлісе білсе, мал бағу ісінде жергілікті халықтан тәжірибе жинақтады. Мысалы, корей ұлтының өкілі Ким Ман Сам күріш өсіру шеберлігін Ыбырай Жақаевпен бөлісіп, олар күріш өсіруде рекордтық көрсеткіштермен танылды. Ким Ман Сам 1941 жылы «Құрмет белгісі» орденімен марапатталды. Оның жетекшілігімен колхоздың тәжірибелік стансасында күріштің 21 түрі өсірілді. Үнемі ізденісте болған 1942 жылы күріш өсіруден дүниежүзілік рекорд жасап – бір гектардан 150 центнер күріш алып, өзінің жинаған қаржысынан «Қызылорда колхозшысы» атты танк колоннасының құрылысына 105 мың рубль бөлді. Киммансанның әдісі бойынша күріш өсіру бүкіл Қазақстанға тарады. Колхоздарда ондаған, жүздеген киммансан звенолары құрылды. 1945-1946 жылдары ол екі дүркін Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталып, 1947 жылы Сталиндік сыйлыққа ие болды. Кейіннен Қызылорда облысы Шиелі ауданының «Авангард» колхозы КСРО - да алдыңғы қатарлы шаруашылыққа айналды. Оның төрағасы Ким Хон Бин бастаған 12 адам 50 - жылдары Социалистік Еңбек Ері атанды.

1946 жылы Алматы киносудиясында күріш өсіру мен мал шаруашылығында жоғары жетістіктерге жеткен «Авангард корей колхозы» жөнінде фильм түсірілді. 1948 жылы тек Қаратал ауданының өзінде 21 корей азаматтарына егін мен қызылша өсіруден жоғары өнім алғаны үшін Социалистік Еңбек Ері атағының берілуі соғаыс жылдары және соғыстан кейінгі жылдары Талдықорған облысының Қаратал аумағында корейлердің қызылша шаруашылығы мен егін өсіруді дамытуға үлкен үлес қосқандарының айғағы болды. 1949 жылы осы ауданда екі корей азаматына егіннен жоғары өнім алған жетістіктері үшін, ал біреуіне – жылқы өсірумен айналысқаны үшін осы жоғары атақ берілді. 1950 жылы бұл тізімге тағы да екі адам қосылды, оның біреуі – комбайнер, екіншісі егін өнімінен жоғары жетістіктерге жеткені үшін аталған жоғары атаққа ие болды.

Осылайша 1948-1949 жылдары Қазақстанның екі облысында – Қызылорда мен Талдықорған облыстарында корей ұлтынан 57 адам Социалистік Еңбек Ері атағына ие болды. 1950 жылы Жамбыл облысынан екі корей ұлты өкіліне бақша өнімдерін алудан жоғары көрсеткіштерге жеткені үшін осы атақ берілді. Марапатталғандар ішінде колхоз төрағалары, бригадирлер, агрономдар, мұраптар (суғарушылар), т.б. болды. Күріш өсірудің өзіндік ережелері, тәртібі бар болғандықтан бұл істе де үлкен тәжірибені талап етті. Олар – мұраптар (суғарушылар) өнімнің өсуі мен дамуын жіті қадағалап, қажетті мөлшерде суғарып, судың баруын тексеріп отыруы қажет болды. Мұндай тәжірибелі суғарушылар барлық звенолар мен бригадаларда, күріш өсіруші шаруашылықтарда болды. Мысалы Қызылорда облысының Қармақшы ауданындағы «Ш Интернационал» колхозында Син Дек Су, Нам Алексей, Ким Алексей, «Авангард» колхозында Социалистік Еңбек Ері Ким Ик Се, Ким Хи Хак, Ким Чан Ден, «Гигант» колхозында Хан Ен Хо, Ким Матвей, Цой Петр, Сырдария ауданының «Жамбыл» атындағы колхозда 15 жыл бойы суғарушы болған Ким Петр жоғарғы көрсеткіштері үшін 1952-55 жж. Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне делегат болып барды. Сонымен қатар корейлер еңбектегі жетістіктері үшін басқа да орден, медальдармен марапатталып, олардың тәжірибесі Қазақстанда ғана емес, бүкіл Кеңестер Одағында да насихатталды. КСРО халық шаруашылығы жетістіктерінің көрмесіне қатысып, олардың аты Қазақстанның Құрметті Алтын кітабына енгізілді [160].

1950 жылдары Шымкент облысындағы Жетісай аумағы мақта егу жұмыстарын жүргізу бастады. Осы кезде Талдықорған мен Қызылорда облыстарынан 227 адаммен 41 корей шаруашылығы, «Прогресс», «Путь к социализму», 1952 жылы 576 адаммен 208 отбасы Ворошилов колхозынан көшіп келіп, мақта даласында қызу еңбек істеді. Кейіннен осы жерлерде көпшілігін корей халқы құраған алдыңғы қатарлы мақта шаруашылықтары бой көтерді. Осындай жетістіктермен қатар мақта өсіруде қиыншылықтар да кездесті. Мақтаны өсіруде негізінен қол еңбегі пайдаланылды. Суғарушы машиналар, жер жыртатын тракторлар, бульдозер, экскаватор сияқты арнайы техника жеткіліксіз болды. Әсіресе, мақта жинайтын машиналар тапшы болды. Бос жатқан далада жайлы үйлер салынды. Мақта өсіруден жоғары өнім алғаны үшін корей ұлтының төрт азаматына Социалистік Еңбек Ері атағы берілді. Іле өзенінің бойында Бақбақты күріш совхозын құру туралы шешім қабылданып, оған Социалистік Еңбек Ері С.Г. Хван басшылық етті. Осылайша тізе берсек Қазақстанның ауыл шаруашылығын дамытуда корей халқының аянбай еңбек етіп, үлкен жетістіктерге жеткенін көреміз.

Сондай-ақ, озат атанған корей азаматтарының саны Солтүстік өңірлерде де жеткілікті еді. Мысалы, Солтүстік Қазақстан өңірінің шаруашылықтарындағы төраға, орынбасар, бас маман (агроном, инженер, мал маманы, мал дәрігері), бригадир болып - он төрт корей еңбек еткен. Олар облыстар бойынша былай бөлініпті: Көкшетау облысында - екі адам, Қостанай облысында бес адам, Целиноград облысында - үш адам. Бұлардың бәрі де

КСРО - ның жоғары наградаларымен марапатталған. Мысалы, алғашында Қостанай облысы, Қамысты ауданының «Бестөбе» совхозының мал маманы болып, кейін «Таран» құс фабрикасының директоры болған (1963-1975) – Ли Ен Беем Социалистік Еңбек Ері атанды. Бұған ҚКСР-і Жоғарғы Кеңесінің депутаттары, СОКП съезінің делегаттары Чжен Моисей Алексеевич, Хван Николай Григорьевичті, тағы басқаларын қосуға болады.

1970 жылы жарияланған «Қазақстандық Социалистік Еңбек Ерлері» деген анықтамалықта ерлік еңбегімен осындай жоғары атаққа ие болған 67 корейдің өмірбаяндық деректері берілген. Олардың ішінде атақты күрішшілер Ким Ман Сам мен Пак Чан Ир, көкөніс өсірушілер Кан Тю Хон мен ПанХон Сик, мақташылар Кан Ли мен Ли Гым Нен, механизаторлар Пой За Ир және Цой Фир Му т.б. бар. Корей әйелдері де өмірге, еңбекке белсене араласа бастады. Медицина, өнер, педагогикалық қызметтерде олар қол жеткізген табыстар аз емес [161, 43 б.].

Қазақстанда, осы кезеңде Өскемен гидроэлектр стансасы, Жамбыл мен Жезқазған жылу электр орталықтары, Қарағанды мен Шымкент жылу электр орталықтары, бар күшінде жұмыс істеп, электр қуатын пайдалану бес есе өсті.

1940 жылға қарағанда 1960 - жылдары өнеркәсіп өнімдерін өндіру 73,2%-ға өсті. Соколов-Сарыбай тау-кен байыту комбинаты, Павлодар қалайы зауыты, тағы басқалары қатарға қосылды. Осыларда еңбек еткендердің арасында КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығымен марапатталғандардың арасында М.И. Мин, В.Н. Цойлар бар [162, 80 б.].

Осындай жетістіктерге қол жеткенімен қарапайым халықтың тұрмысы әлі де өте төмен еді. Оқу - ағарту саласында, медицинада, әдеби - мәдени (қатаң цензура, т.б.) салаларда кемшіліктер жетіп артылатын. Қаншалықты қоғамдық жағдай қалыпқа түсе бастады дегенмен, үй - тұрмыстық мәселелер қиын қалпында қалды. Мысалы, 1939-жылғы үй құрылысы қоры жоспары бойынша әр корей жанұясын үймен қамтамасыз етуі керек еді. Нақтылы дәлел келтіретін болсақ, Қостанай облысында - 86 үй, Солтүстік Қазақстан облысында – 219 үй салынып беруге тиіс болса, шаруашылықтарын түзетуге 3 980 адам 12 623 рубль несие алған. Осының өзінен- ақ байқалып отырғаны - бұл көмектердің түкке тұрмайтын аздығы. Оның үстіне корейлерге несие алу мүмкіндігі мен құқықтарын ешкім, егжей - тегжейлі түсіндіріп те жатқан жоқ. Корейлер жер аударылып келе жатқанда да, одан кейін де көп уақыт, медицина көмегін алып көрмеген. Егер ауырғандары болса эшалоннан алып қалған, кейін ол адамдардан хабар-ошар болмаған. Жер аударылғандардың арасында балгерлер секілді – коре юсалар адам қарап, жәрдем жасаған, олардың көмегіне баруға корейлер кейінгі кезде де мүдделі болып отырған.

Кесте 8 – Халық шаруашылығын дамытуға ат салысып жүрген және оған жасы жетпеген, асып кеткендерін қоса есептегенде Қазақстандағы корейлердің көрсеткіші

Жасы	Қазақстан		
	Барлығы	Ерлер	Әйелдер
Барлығы	103 315	51 111	52 204
Оның ішінде жасы бойынша			
0-4	10 118	5 139	4 979
5-9	10 115	5 095	5 020
10-14	9 564	4 881	4 683
15-19	7 569	3 864	3 705
20-24	5 833	2 929	2 904
25-29	8 123	4 103	4 020
30-34	9 825	5 033	4 792
35-39	10 682	5 239	5 303
40-44	6 339	3 439	5 303
45-49	4 777	2 445	2 332
50-54	5 443	2 224	3 119
54-59	4 708	2 302	2 406
60-64	2 210	677	1 533
65-69	3 868	1 732	2 413
70 және одан жоғары	4 085	1 575	2 570
Еңбекке жарамды жас тұрғындар	31 511	15 965	15 542
Еңбекке жарамды тұрғындар	13 076	4 430	8 646

Яғни 35 жастан бастап әйелдер саны күрт өсе түседі. Сондай-ақ ер адамдар әйелдерден аз жасайтыны байқалған. Оның себебі, отағасы колхоз жұмысын істесе, әйелдер үйде болған. Яғни ауыр жұмыс, ішкі мұң, тамақтың тапшылығы, жүйкенің жұқаруы, жұмыстағы жарақат, медициналық көмектің жоқтығы, жұқа киім (суық өту) т.б. болуы мүмкін. Міне, осындай қиындықтарға қарамай корей ұлтының өкілдері, Қазақстан экономикасын көтеруге аз күш жұмсаған жоқ.

Бұл жерде шаруашылық туралы тағы бір үлкен мәселе, бұрынғы тарап кеткен совхоздар туралы болуы керек. Міне, сол тараған совхоздарды қалпына келтіріп, Отанға ауыл шаруашылығы өнімдерін беру үшін 1938 жылдың 20 сәуірінде Қазақ КСР ХКК-нің «Таратылған совхоздардың мүліктерін пайдалану» туралы Қаулысы шықты [163].

Осы қаулы бойынша корей колхозшыларының жанұясына таратылған колхоздардың мал-мүліктерін және тұрғын үйлерін жекеменшік пайдалануға беру керек болды. 1938 жылдың 23 қазанында Қазақ КСР-і ХКК - нің № 34 – «Корей қоныс аударушыларына» арнайы құрылыс салған үйлерді пайдалануға беру» Қаулысы шықты. Бұл қаулы бойынша үйдің барлық несиелік құнының 35 пайызын мемлекеттік бюджеттен, 65 пайызын көп жылдық несиemen үй иесі төлеуі қажеттілігі қаралды [164].

Бұл жерде корей жер аударылғандардың үй- жай алғанымен бірге, сол тарап кеткен колхоздарды ілгері қатарлы шаруашылыққа айналғандырғанын айтпақпыз. Олар қай облыста болса да, сол елді мекеннің жер жағдайына байланысты дақылдардан өнім алып, үлкен көрсеткіштерге жетті. Соның бірі - кезінде бүкіл Кеңес Одағына әйгілі болған совхоз төрағасы А.А. Пак, бас экономисі ауыл шаруашылығының кандидаты М.А. Угай (Қостанай совхозы) болды.

Корейлердің көптеп қоныс аударуы жапон отаршылдығы кезеңінде, Корея және корей халқы егемендігінен айырылған кезде басталды десек, сол көшкендер негізінен Корей түбегімен шектес, көрші ірі мемлекеттерге-Қытайға, Ресей мен Жапонияға қоныс аудару кең көлемде орын алған. Осының ішінде, Ресейдің Қиыр Шығысына паналап барған корейлердің тағдыры қалай болғанын, біз жоғарыда келелі сөз қылдық.

Қазіргі корей қоныс аударушылары өз елі – Корея Республикасынан қоныс аударғандар, ал Солтүстік Корея томаға-тұйық мемлекет қалпында қалып отыр. XX ғасырдың аяғындағы соғыстан кейінгі Солтүстік Кореядағы экономикалық дағдарыс, азық-түліктің тапшылығы, елді жайлаған ашаршылық жүздеген тұрғындарды Қытайға қашып баруға мәжбүр етіп, олар сол жерде аман қалды. Зерттеліп отырған кезеңде қазіргі қоныс аударудың ауқымы мен бағыттары өзгерді. Қазіргі уақытта корейлер әлемнің барлық елдерінде дерлік бар. Бұрынғы кездегі төрт елге (Қытай, АҚШ, Жапония, КСРО) қоса Канадада, Австралияда, Жаңа Зеландияда, Латын Америкасы елдерінде саны едәуір корей қауымдастықтары қалыптасты. Қазіргі заманғы корей қауымдастықтары Батыс Еуропаның, Оңтүстік-Шығыс Азияның бірқатар елдерінде бар. Корейлер Таяу, Орта Шығыста, Африка құрлығында, яғни Корея түбегінен географиялық тұрғыдан едәуір шалғай өңірлерде тұрады. Қазіргі қоныс аударушыларының жас, жыныстық және әлеуметтік құрылымы елеулі өзгерістерге ұшыраған. Егер бастапқы кезеңде Корей түбегінен халықтың неғұрлым кедей және сауатсыз топтары өз еркімен немесе мәжбүрліктен кеткен болса, бұдан соң негізінен корей қоғамының орташа топтарына жататын, дәулеті біршама мол адамдар кете бастады. Бастапқы қоныс аударушылардың арасында еңбекке қабілетті жастағы, отбасын құрмаған, жаңа жерде тұрмыстың қиыншылығына төзуге тәуекел еткен ер адамдар басым болды. Ал қазіргі Оңтүстік Кореядан қоныс аударушылар ірі қалалық мекендерден шыққандар және бірінші және екінші ұрпақ қала тұрғандары болғандықтан, олар өнеркәсіп өндірісінің, техниканың, ғылым мен мәдениеттің қазіргі жетістіктерімен таныс, қалалық өмір салтынан тәжірибесі мол адамдар.

Біз ілгеріде, корейлер ірі қалаларға орналасуға бет бұрды дедік. Енді осы сөзімізді деректер арқылы дәлелдейік. Бұл жерде біз 1970, 1999 жылдардағы Қазақстан Республикасында жүргізілген санақ материалдарына жүгінейік.

1970 жылы Қазақстанда корейлердің 81 598 адамы, осының ішінде ауылдық жерде 21 665 адам, қалаларда 59 933 адамы орналасса, 1999 – жылы барлығы 99 665 адам, ауылдық жерде 13 328-і, ал қалаларда 86 337 адам орналасқан. 1989 жылғы халық санағының мәліметтері бойынша Қазақстана 110 мыңнан аса корейлер тұрып жатыр. Олар Алматы, Жамбыл, Қарағанды, Қызылорда, Талдықорған және Шымкент облыстарында орналасты. Бұл жерлерде Қазақстандағы корейлердің 76 пайызы шоғырланған. 1959 жылғы Бүкілодақтық халық санағының мәліметтеріне қарағанда, Қазақстандағы ұлттар тізімінде корейлер сан жағынан жетінші орында тұрса, 1989 жылғы санақ бойынша тоғызыншы орында болып, корей халқының 84,2 пайызы қалаларда, ал қалған 15,8 пайызы ауылды жерлерде тұрды.

Енді осындай көрсеткіштерімізді облыстар бойынша жалғастырайық: Алматы облысында 1970 жылы ауылдық жерлерде – 9 769, қалаларда – 6 835 адам орналасса 1999 жылы - ауылдық жерлерде 7 122, қалаларда 10 366 адам тұрған. Қарағанды облысында 1970-жылы ауылдық жерлерде – 593, қалаларда – 12,811 адам орналасса 1999 жылы ауылдық жерлерде – 473, қалаларда – 13624 адам мекендеген. Жамбыл облысында 1970 жылы ауылдық жерлерде – 2135, қалаларда – 6085 адам орналасса, 1999 жылы ауылдық жерлерде – 1677, қалаларда – 12323 адам тұрған.

Оңтүстік Қазақстан облысында 1970-жылы ауылдық жерлерде – 3193, қалаларда – 6669 адам орналасса, 1999 жылы ауылдық жерлерде – 1311, қалаларда – 8,469 адам болды. Қызылорда облысында 1970 жылы ауылдық жерлерде – 3150, қалаларда – 10279 адам орналасса, 1999 жылы ауылдық жерлерде – 629, қалаларда – 8353 адам тұрды. Ал Қостанай облысында 1970-жылы ауылдық жерлерде – 491, қалаларда – 2368 адам орналасса 1999 жылы ауылдық жерлерде – 431, қалаларда – 3729 адам орналасты.

Атырау облысында 1970 жылы ауылдық жерлерде – 341, қалаларда – 2246 адам орналасса 1999 жылы – ауылдық жерлерде 84, қалаларда 2516 адам тұрған. Шығыс Қазақстан облысында 1970 жылы ауылдық жерлерде - 294, қалаларда – 1487 адам орналасса, 1999 жылы ауылдық жерлерде – 232, қалаларда 1342 адам мекен еткен. Ақмола облысында 1970 жылы ауылдық жерлерде – 624, қалаларда – 703 адам орналасса, 1999 жылы ауылдық жерлерде – 762, қалаларда – 727 адам тұрған. Ақтөбе облысында 1970-жылы ауылдық жерлерде – 377, қалаларда – 756 адам орналасса, 1999 жылы ауылдық жерлерде – 131, қалаларда – 1252 адам тұрған. Павлодар облысында 1970-жылы ауылдық жерлерде – 51, қалаларда – 474 адам орналасса, 1999 жылы ауылдық жерлерде – 58, қалаларда – 955 адам мекендеген.

Батыс Қазақстан облысында 1970-жылы ауылдық жерлерде – 175, қалаларда – 262 адам орналасса, 1999 жылы ауылдық жерлерде – 167, қалаларда 564 адам тұрған. Маңғыстау облысында 1970 жылы ауылдық жерлерде – 3, қалаларда – 398 адам орналасса, 1999 жылы ауылдық жерлерде – 8, қалаларда – 708 адам тұрған. Солтүстік Қазақстан облысында 1970 жылы ауылдық

жерлерде – 469, қалаларда – 234 адам орналасса, 1999 жылы ауылдық жерлерде – 243, қалаларда 291 адам тұрған [165, 243 б.].

Жетпіс жылдан астам өмір сүрген «күдіретті» КСРО-да 20-50-жылдардағы саяси қуғын-сүргін құрбаны болған халықтар, жер аудару науқанына душар болды. Бұл халықтар: неміс, корей, шешен, ингуш, қарашай, балкарлар ұзақ жылдар бойында жергілікті қазақ халқының ашық, қонақжайлығын көріп, әлеуметтік жағдайын жақсартты, өсіп-өнді, жұртымыз болып, тату-тәтті өмір кешті. Бүгінде олардың кейінгі толқын ұрпақтары тәуелсіздігіне қол жеткізген қазақстандықтар қатарында, өздері қоғамдық татулықпен саяси тұрақтылық жағдайында өмір сүруде. Жер аударылған халықтар өз ұрпақтарын өсіріп-оқыту арқылы, адамзаттық қызметіне құлшына отырып, жаңғыруға, өткеннің бәріне жаңаша көзбен үңілу, екшеу - таразылау, шынайы ақиқат пен әділетті қалпына келтіру, есею тұрғысында ізденіс, серпіліс қам- қаракетіне бел шешкен зиялы-әлеуметтік орта қалыптастырды. Олар ой еңбегімен шұғылданушы – білімді, кеңінен және арнайы білім саласы бойынша дайындығы жоғары топтардан құралғандар, айталық, немістер, адамдарды емдеу мамандығын жетік меңгерген дәрігер ретінде жақсы танылды. Жастарға білім беру, ағартушылық мамандығына берілген мұғалімдер қатары көптеп саналды. Мысалы, корейлер, өздерінің қоғамда саяси статусына қарай, өзіндік кәсіби мамандығына сәйкес қалауы болмағандықтан көбінесе агроөндіріс кешендеріне көптеп тартылды, білім беру мен басқа кәсіптерде басым болды. Қандай бір кәсіпте болмасын, олар қолға алған істі тиянақты да, тындырымды атқара білді десек, кәсіби шеберлігін жоғары деңгейдегі нәтижеге қол жеткізді. Бұл жүйелі білім игеру, тәжірибе мен икемділік нәтижесі және прогресс өмірге адамды дайындауда қажетті жағдай [13, 428 б.]. Міне, білімнің терең мағынасында ықшамдап айтқандағы анықтамасы осындай.

Корейлер өз білек күштерін әртүрлі ауыл шаруашылығы секторында тиімді пайдалана білді, немістер оқу - білім беру саласында, дәрігерлік жәрдем беруде белсенділігімен танылды. Корейлер халыққа білім беру ісіне жіберілді. Сондықтан да олар рухани немесе ауыл шаруашылығы өндірісі бойынша маман - кадрлар- гуманитарлық интеллигенция болып басымдылық танытты. 1930 жылдарда ұлттық қазақ интеллигенциясын өтірік жаламен жазалау, кінәсіз құрбан ету жағдайында корейэлиталық ұрпағынан шыққан интеллигенцияны дайындау маңыздылығын арттыруға бағыт ұстанды. Корей ұлты мұғалімдеріне, бұл мамандықты басқаларға да оқыту және тәрбиелеу, әсіресе соғыс жылдарында қиын да күрделі болды. Мәскеуден, Ленинградтан (қазіргі Санкт-Петербург – С.Э.) Қазақстанға жаппай көшіру, соғыста қираған қалалар, облыстар тұрғындары есебінен мұнда тұрған халық саны артты. Мәселен, 1941-1942 жылдары КСРО-ның батыс аудандарынан қоныс аударғандар мәліметіне жүгінсек: Қостанайға – 31 200 адам, Павлодарға – 18 147 адам, Солтүстік Қазақстанға – 32 174 адам көшірілген. Барлығы Қазақ КСР-ның жеріне еріксіз көшірілуі нәтижесінде – 484 148 мың адам ғылыми - зерттеу, оқыту жұмысына, тыл еңбекшілерінің қатарынан өз орнын тапты. Айталық, 970 мыңдай репатриацияланған немістер, поляктар қазақ елінен қоныс тапты, осында келді [166].

Олар негізінде ауыл, елді-мекендеріне бөлініп, әсіресе Қазақ КСР-ның солтүстік аймақтарына орналастырылды, қоныс аударушылар шаруашылықтар жүйесі, ұжымдық және жеке кәсіби бақша шаруашылығын көбейтуге қатысты.

Қазақ еліне кеңестік Халық комиссарлары Кеңесі жанынан және солтүстік облыстарда жұмысшы күшін бөлу жөніндегі бюро көшіріліп, қоныс аударған халықты шаруашылық саласына бөлу жөнінен орналастыру және тұрмыс жағынан қолдау ұйымдастырылды. Олардың балаларын мектептерге орналастыруда жергілікті оқу ағарту саласы қызметкерлеріне жауапты істер атқару арнайы жүктелді. Қоныс аударушы ұлт өкілдері жергілікті мектептерде мұғалім міндетінде оқыту-тәрбие үрдісіне қатыстырылды.

Қазақ КСР-ның солтүстік облыстарында мұғалімдер майданға аттануы нәтижесінде, жергілікті мектептер, кадр мәселесінде сан және сапа жағынан қиын жағдайда жабылу қаупінде болды. Оқушылар қатары азайды, сабаққа қатысу төмендеді, педагогикалық кадрлар жеткіліксіздігі байқалды, соғыс шығыны артуына сәйкес, мектептерге бөлінетін қаржы деңгейі күрт төмендеуі және мектептің елді- мекендерден қашықта орналасуында еді [159, 168 б.].

1941-1945-жылдардағы соғыс қарсаңында Қазақ КСР-ның Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстарында небәрі екі мектеп оқу-тәрбие жұмысын жүргізген. Ондағы оқушы – корей балалар саны – 280-нен аспаған. Алайда Қазақстан компартиясының «Ұлттық мектептерді қайта құру» шешіміне сәйкес [167, 343 б.].

1940 жылдың соңына 1941-жылдың басында корей мектебі өз жұмысын тоқтатуы жағдайында болғанымен, корей мұғалімдерінің саны көп болмаса да, білім беру жүйесінде олар еңбектене жүріп, жұмыстарын тоқтатқан емес. Сол қалыптасқан жүйеде айтулы оң өзгерістер жүзеге асырылды [168].

Атап айтар болсақ, соғыс жылдарында аудандық және қалалық деңгейдегі жетекшілерге корей, поляк, немістер тағайындала бастаған еді. Бұл бағыт – ұстаным орыс тілін жетік меңгеруге, биік бедел артуына, жауапкершілікке, корейлердің еңбексүйгіштікке және оларға деген сенімнің күшеюінен бастау алған еді. Мәселен, корейлер ортасынан шыққан ұйымдастырушы колхоз басқармаларының есімін атап шығу ұзаққа созылады. Тек мектеп жүйесімен колхоз басшыларына емес, қоныс аударған корейұлтының өкілдерінен түрлі мекемелер басшыларының орынбасарлары, құрылыс ұйымдастырушылары мен дайындау, кеңсе жетекшілері және мектеп директорлары жұмысына тағайындалды.

Бұл кезеңде корей интеллигенциясы қалыптасты және нығайды десек, алдымен мұғалімдерді атап айтқан жөн. Әсіресе орыс тілін жетік меңгерумен өзіндік жауапкершілікті арттыра жүріп, жас буын педагогтар даярлау ісіне шешіле кірісіп, кешегі жауынгерлерді оқыту, олардың жеті жылдық білімдерінің аяқтауына ықпал ету арқылы, жалпы көпшілікке, білімге жол ашу басты міндетін іске асыруға, нақтылық қимылымен, кореймұғалімдері өзіндік үлестерін қосты. Әрине, аудандық, облыстық оқу ісін жетілдіру қажеттілігі, кәсіби базасының деңгейін көтеру арқылы, педагогикалық маман дайындау ісіне назар аударуды қажет ететін. Мұны корей жетекші ұйымдастырушылары

түсінді. Солтүстік облыстар бойынша жергілікті мұғалім кадрлары білімін жетілдіру курстары жоспарлы түрде жұмыс істеді [169].

Мектептен қол үзбей білім - кәсіби оқыту жоспары әрбір оқу жылына арналып жасалды. Онда мұғалімдерді қайта дайындау, орыс мектептерінде жұмысқа бейімдеп көшіру, жоғары сыныптан бастауыш, орта буын оқушыларымен оқу мен тәрбие беру жұмысына тарту іске асты [170]. Басқаша айтқанда «бәрін де кадр шешті». Көптеген балалар соғыс жылдарында ата-анасыз қалған еді. Сондықтан ана, әке қамқорлығына зәру балаларды оқыту, білімге және тәрбие мәселесіне қабілетті де, қосымша дайындықтан өткен тәрбиеленушілерді талғаммен іріктеуді қажет етті. Корей балалары оқып, тәрбие алған жеті жылдық мектептер 1945-1958 жылдары 37-ден 66-ға жеткен. Орта мектептер саны 12-ден 22-ге дейін өсті. Көптеген жігіттер мен қыздар жоғары оқу орындарына түсіп, жоғары білім алып, жан - жақты қызмет саласына жолдама алды [171].

Еңбек майданынан оралған мұғалім корейлер, «соғыс артта қалды», - деп енді болашақ жайында ойлануда болды. Корейлер еңбекқор, байыпты халық болып қалуда. Білім, ғылым - бұл баянды болашақ кепілі екендігін түсінген еді.

Соғыстан кейінгі он жыл корейлер үшін есте қалатын. Туған ана тілінің Қазақ КСР-ның барша мектептерінде тәжірибе түрінде, корей балаларына жеткілікті толық іске асырылуында еді. Корей ұлты өкілі басым санаққа ие болғаны немесе олардың орналасуына қарай корейтілі мұғалімін ұстауға штат белгіленді. Алайда, шындыққа жүгінсек, бұл үрдістің басқаша жүргендігін байқау қиын емес. Мәселен, Республикада корей ұлтының балаларын мектептерде оқыту жағдайы туралы «ресми құжатта» корей ұлтының балаларының басым көпшілігі орыс мектептерінде оқылатыны факт делінген. Туған тілін бағдарламадан тыс оқыту оқушыларға ауыр тиеді, сол себепті өзгеріс енгізу қажет. Корей тілін оқыту, үйрету, қазақ тілі сабағын ауыстырумен жүргізіліп келді. Кейінде 26-желтоқсанда 1953-жылы «Жекелеген мектептерде корей ұлтының оқушылар санына қарай корей тілін оқыту туралы» құжат жарыққа шықты. № 34 жазбаша хаттама, Қазақстан Орталық партия комитеті хатшылығының мәжілісінде ағарту министрлігінің ой-түйімімен келісіп, ағарту министрлігі өтінішін қанағаттандыруды шешеді [172].

Қазақ КСР-ның мектептерінде корей тілін ұлты корей оқушылар құрамына қарай оқытуды енгізу, сонымен бірге мектептерде оқушы контингенті мен корей ұлты оқушыларымен, корейтілі мұғалімдерімен, оқулықтар және оқыту құралдарымен, корейтіліне ылайық бағдарламалармен және әдеби оқулықтармен қамтамасыз етуді міндеттейді [173, 19 б.].

Арада бес жылдан кейін, Қазақ КСР-да корей тұрғындары біркелкі орналасқан елді - мекендер болмауы себепті, қалыпты оқыту үрдісін талапқа сай жүргізу, жеті жылдық, сондай - ақ орта мектеп ашуға оқушылар саны аз, қатар сыныптар ашуға мектептің материалдық-техникалық базасы, оқулықтары жетіспейді, корейтіліндегі оқыту көрнекі құралдары барша пәндер бойынша тіпті жоқтың қасы болды [174].

Алайда, уақытша қалыптасқан жағдай кезеңінде Қазақ КСР-да корей интеллигенциясының өсуі жалғасты. Корей тілі ұлттық мәдениетті сақтап, дамытуда жеке облыс мектептерінде оқыту жұмыстары жалғастырылды.

Республика бойынша корей тілін жақсы меңгерген мұғалімдер саны жыл сайын азая бастады. Мұның себебі: корей тілінің қолданылу аясында жатса керек. Алдыңғы аға ұрпақтың азаюы, тілдің қолданысы тек тұрмыстық, отбасылық деңгейде басым сипат алуында болып отыр. Десек те, республиканың оңтүстік облысындағы мектептерде корей тілін оқыту сағаттары сақталғанын айта кеткен жөн [175].

Мектептер жүйесіне Республикада айрықша мән беру үрдісі 1970 жылға дейін оларды ірілендіру, материалдық-техникалық жабдықтау Қазақстанның солтүстік облыстарында баса назарда болды. Бастауыш, сегіз жылдық ауыл - село мектептері, мектеп жасына дейінгі бала - бақша мекемелері салынып, пайдалануға берілді. Бұл, Павлодар, Көкшетау, солтүстік Қазақстан облыстарының оқу басқармаларының жылдық есептерінде орынды аталып, сандық көрсеткіштері келтірілгенін айту қажет [176].

Қазақстанның солтүстік аймақтарында көптеген шағын, аз оқушы-тәрбиеленушілер қамтылған мектептер орналасқан орташа оқыту мектептері, елді-мекен тұрғындары көп, тығыз жерлерде оқыту мен тәрбие жұмысын қарқынды, мақсатты жүргізу, жалпы орта білімге балаларды тарту мәселесі, Республика мектептерінің ірі өнеркәсіп мекемелерінде жұмысшы жастар үшін арнайы кешкі оқыту ісімен жалғастырылды. Жұмысшы жастар - кәсіби - техникалық және арнаулы орта оқу орны – техникумдарда дәріс алды.

Осы жылдарда аудан орталықтарында және ірі совхоздар жанынан мәдениет сарайлары, тұрмыстық қажет ететін кешен құрылыстары іске қосылды. Онда көп ұлт өкілдері: кітапханашы, мұғалім, клуб меңгеруші жұмысында қызметтерін атқарды. Құрамында кәріс, неміс, поляк балалары орыс тілі мен қазақ тілінде күнделікті үйрене жүріп, тәрбиеленушілер болып көптеп саналды. Осындай аралас оқушы ұлттар оқитын мектептер Көкшетау, Қарағанды, Қостанай, Солтүстік Қазақстан облыстарында басымдылыққа ие болды. Орта мектептерде оқу, тәрбие жұмысына қамтылғандар қатарында қазақ, орыс жасөспірімдерімен бірге неміс, корей, поляк балалары көптеп саналды. Олар үшін ана тілін үйрету мақсатында арнайы үйірмелер аз болса да, корей, неміс тілін жетілдіруде жұмыс істеді [177, 69 б.].

Кейін 1975 жылдан бастап, Солтүстік облыстарда орта білім беретін мектептер құрылысы тоқтатылды. Мектептер тек орыс тілді оқу бағдарламалары бойынша оқыту ісіне көшірілді. Соның нәтижесінде жергілікті қазақ мектептерін «ірілендіру» кешенді түрде бетке ұстанып, ауыл мен село балалары үшін тиімсіз «аз шығын», деген желеумен жабылды. 1971-1975 жылдары оқу жасындағы балалар саны төмендеді, оқушылар көрші ауыл мектептеріне ауысты. Орталық комитетінің шешіміне сәйкес, кезінде қоныс аударылған халықтар Қазақстанды «аз уақыт» мекендеп, өзінің тарихи Отанына, туған өңіріне қоныс аудару құқығын алған болатын. Әсіресе Солтүстік Кавказдан қоныс аударғандар өз Отанына қайта қайтуды жөн деп

тапты. Алайда Қазақстан корей және неміс ұлтының өкілдеріне Отаны болып қалды [178].

Қазақ КСР-да корей, неміс, поляк ұлтының жастары оқу - білімге кеңінен тартылды. Нәтижесінде оладың қатарынан білікті оқытушы - маман кадрлары өсіп шықты. Мәселен, Қостанай облысында экономикалық, педагогикалық оқытушыларға деген сұраныс, корей мамандарымен толықтырылды [177, 69 б.]. Корей, неміс ұлттары өкілдері Петропавл және Павлодар қалалары жоғары оқу орындарында қалаған мамандықтары бойынша оқу-тәрбие жұмысын сапалы атқарғандар қатарында болды. Жоғары мектептердің жастары, білімге құштар, ізденушілер, кәсіби біліктілікке жұмылдырылды. Олар кәсіби маман оқытушыларын үлгі-өнеге етті. Республиканың солтүстік өңіріндегі Қостанай, Петропавл институтында оқыту-тәрбие жұмысын жүргізуші оқытушы - профессорлар құрамын тәжірибелі ұстаздар мен ғылым кандидаттары құраған. Олар «Үздік жұмысы үшін», «КСРО ағарту ісінің үздіктері», «Республикаға еңбек сіңірген мұғалім» атағына ие болғандар. Ұлттық құрамынан орыс, қазақ, корей өкілдері еңбектеріне лайық мемлекеттік жоғары атақ иелеріне қол жеткізгендер еді. Корей ұлтының өкілдері көптеген өңірлерде өздерін ерен еңбек қимылдарымен танытып қана қоймай, тұрғылықты тұрмысқа бейімделгіш екенін айқындады. Іскерлігімен танылды, білім деңгейін паш ете білді. Олар - маман дәрігерлер, қалалық, облыстық, жергілікті денсаулық мекемелері мен ірі ауруханаларда тамаша қызмет көрсетті [179].

1970 жылы Қазақ КСР-да тұрғындар саны 13 - миллион адам болса, корейлер –81 мың болды (жалпы санның 0,6 пайызы), оның ішінде қалалық корейлер – 84,2 % болды. Бұдан корей ұлтының қалаларға көптеп шоғырлана бастағанын аңғару қиын емес. Корей ұлтының өкілдері КСРО-дағы көші - қон, миграция жағдайында өздерінің тұрақты жұмыс салтынан шығып кеткен жоқ. Айталық, 1990 жылғы Қазақ КСР-нан эмиграциялық қозғалыста-неміс, еврей ұлт өкілдері басымдылыққа ие болып, 92,3 мың адамға жетті. Корей ұлтынан миграциялық көңіл-күйге түскендер байқалмады, олардың қатары өсім бойынша 12,3 % пайызды құрады [180]. Айталық, Қазақстан Республикасында 2003 жылы 20 қыркүйекте өткізілген жергілікті басқару органдарын сайлауда корейлер де қатысты. Қостанай қалалық маслихатына өз кандидатурасын ұсынған ИСЖО «Азия – техника» филиалының директоры О.Л. Чен солтүстік сайлау округына корейлер қауымдастығының өкілі болды. Мұның өзі корейлер белсенділігінің саясатта және жалпы қызметтегі қажыр қайратын айқындайды. Корейлер интеллигенциясынан оқытушы Ли О. мен В. Цой да мәслихат депутаты болып сайланды. В. Цой қалалық кеңес құрамына енді. Сондай-ақ, Астана және Алматы қалалары Мәслихатына А.Г.Ким және О.Ю. Нам – Қазақстан корейлері Ассоциациясы Президиумының мүшесі, «Қуат» құрылыс компаниясының жетекшісі, сайлауда жеңіске жетті [181].

Қазақстанда Корея Республикасының елшілігінің ашылуы республикада тұратын корей диаспорасының туыстарымен еркін қарым-қатынас жасауына жол ашты. Екі ел арасындағы саясат, экономикалық және мәдени салаларындағы ынтымақтастықты дамытуға қолайлы мүмкіндіктер туды. Қысқа

мерзім ішінде екі ел арасында қазақстан-корей серіктестігінің жаға, тез дамушы моделін орнатуға қол жетті [182, 319-320 б.].

Қазақстанда жүргізіліп жатқан демократиялық қайта құрулар турасында, қоғамның жас ұрпақтарына баяндай түсіндіруде, оқытушы - мұғалімдер еңбегін айрықша атап айтқан жөн. Оқытушылар - тәрбиелік процестегі басты тұлға. Жаңа қоғамның азаматтарын қалыптастыру ісінде, олар алдымен өздері білімімен, азаматтық ұстаныммен шәкірттеріне үлгі мен өнеге жарығын жаға жүріп, пәрменді істерін де көрсете білгені қажет. Оқытушы-педагогтар өзіндік жинақтаған тәжірибесімен қазіргі жастарды алдағы қиын да, жасампаздық істерге бейімдейді, дайындайды.

Атап айтсақ: 1. Мың өзгерілген әлемде өзіндік тұлға ретінде жұтылмай, аман қалпын сақтайтын азамат қалыптастыру; 2. Қалыптастырушы тұлға өз айналасында материалдық-рухани жағдайымен орта жасайтын деңгейде болуы тиіс; 3. Өз айналасына қауіпсіздік жағдай жасай алатын жетілу үрдісіне бет бұратын тұлғаны қалыптастыру керек.

Қазақстанға жер аударылған корейлер, кеңестік жүйенің қыспағында жүріп, заңдылықтарды сақтады. Сол жағдайда өз тәрбиеленушілерін еңбекті сүйеге, тәлім - тәрбиеге ден қойып, тұлғалық қасиеттерді дарыта білді. Олар өз бойында жақсы қабілеттің ашылуына аса зор мән берді. Бұл ретте, Петропавл қаласынан И.В. Ким 1965 жылдан мектеп директоры, жасөспірімдер тәрбиесі мәселелерін қарау арнайы комиссия төрағасының орынбасарын айрықша атаған орынды

Таран ауданы, Викторов орта мектебінің директоры Қостанай облысынан С.Б. Ким, Ив.Н. Хван, орта мектеп директоры, Петропавл қаласынан [159, 89, 94 б.]. Сондай - ақ, мектеп басшылары қатарында жаңа 90-жылдары XX ғасыр ұрпақ өкілдері өсіп шықты. Олар К.Н. Тен, облыстық білім беру департаментінің жетекші маманы, Қостанай облысы. Бастамашы - жаңашыл, мектепте корей тілін оқытып, үйрену курсы аштырған. Ол, Қиыр Шығыстан жер аударылғандар ортасынан білім - тәрбие алған ұрпақ өкілінің бірі еді [183, 34-б.].

Ким Наталья Николаевна, Ішкі істер министрлігінде қызмет істеген, подполковник, Заң институтының сырттан оқытатын бөлім бастығы. Қазақстан корейлері Ассамблеясы филиалы - мүшесі және Республикалық корейлер Ассамблеясы басқармасының белсенді мүшесі. Тікелей оның басшылығымен Ахмет Байтұрсынов атындағы Мемлекеттік университеті жанынан корей мәдениеті мен тілін оқытатын факультатив жұмыс істейді. Когай Юрий Сергеевич білім беру жүйесінің жетекші маманы, мұғалім, директор, Қостанай қаласының мектептерінде, 1999 жылдан 2009 жылға дейін қалалық білім беру мекемесінің бастығы, 2003 жылдан, облыстық білім беру департаменті бастығының бірінші орынбасары, Қостанай филиалы АКК басқарма мүшесі [184, 9 б.].

Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаев корейлер еңбегіне жоғары баға бергені мәлім. Бұл 1997 жылдың 10-қазан күні Алматыда өткізілген Қазақстан корейлерінің тұрақтауының 60 - жылдығына арналған Құттықтау сөзіндегі

ыстық жүрек лебізі еді. Онда, корейлердің Республика потенциалын арттыруда экономикасы мен рухани дамуына қосқан үлесі жоғары бағаланды. Біз “корейлердің рухани жаңаруының феноменіне куәгер болудамыз”, - деді Елбасымыз [184, 9 б.].

Әрбір халықтың ежелден келе жатқан өзіндік өмір жолдары, тұрмыс ерекшеліктері, салт-дәстүрлері бар. Корей халқының рухани өмірінде салт-дәстүр, ырым-жоралғы, наным-сенім аса маңызды орын алады. Корейлердің салт-дәстүрлерін күнтізбелік (календардық), мемлекеттік, еңбек, еңбек (шаруашылық) және отбасылық деп бөліп қарастыруға болады. Бұлардың ішінегі күнтізбелік деп аталған дәстүр ежелде пайда болған және уақытқа байланысты өткізілетін болған. Мәселен ауылшаруашлығындағы егін себу немесе ору барысында жасалады. Оған айдың фазалық табиғи өзгерісін негіз етіп алды. Ежелгі корейліктер тек айдың қозғалысын бақылап қана қойған жоқ, күннің, жұлдыздың қозғалысына мән беріп, түрлі ырымдар жасаған. Егін себер кезде немесе оранда күнтізбеге қарап, сәтті не сәтсіздігін анықтап алатын болған [185].

Ауылшаруашылығындағы еңбекшілер «туреноры» деп аталған салт-дәстүрді ұстанды. Бұл негізінде еңбек үрдісімен тығыз байланысты. Күріш отырғызар алдында және отырғызу кезінде ауыл адамдары ән-күймен бастаған. Бұл «кимчхи» деп аталған ас әзірленді.

Корейлерде үлкен мерекелік дәстүрге айналған бұл – жаңа жылды қарсы алу. Негізінде бұл дәстүрлі мереке 20 қаңтар мен 20 ақпан аралығында өткізілген. Қыстың суық күнінен көктемнің жайма шуақ күнінің жақындығын аса қуанышпен қарсы алды. Бұл кезде егіске шығудың дайындықтары басталып, барлық корейліктер оған ілтипатпен кіріседі. Жалпы жаңа жыл мерекесі 15-20 күнге созылды. Жаңа-жыл күні бірін-бірі құттықтап, дастархан мәзірі жасалып, келген қонақтар қуанышпен қарсы алынды. Отбасына жаңадан қосылған адамдар болса үлкендердің алдында «сэбэ» деп аталған салт жораларын атқарған. Бұл тізерлей отырып, басын жерге тигізеді. Бұл үлкендерге деген құрметті білдіреді. Үлкендер оларға ризашылығын білдіріп, бір зат немесе ақша сыйлаған. Бұл күні корейліктер «ют» деп аталған ойын ойнайды. Қыздардың дәстүрлі ермегі эткеншек тебу болып табылады. Бұл күні аспанға қағаз аспан жыландары көп жіберіледі.

Жаңа жыл мерекесі ай толық туған он бесінші күні аяқталады. Бұл күн «тэборым» деп аталады. Дәмді ас дайындалып, отбасы таңғы аста «якпап» деп аталған күріштен жасалған шарапты ішеді. Бұрынғылардың айтуына қарағанда, шарап есту қабілетін күшейтіп, жаңа жылда жақсы хабар естуге көмектеседі. Маска (бетперде) кигендер би ұйымдастырып, жаман күштерді қуып шығатын шамандық салт жоралғыларын жасайды [186, 19, 24-25 б.]. Қазірде бұл мерекеге байланысты сондай керемет жоралғылар жасалмайды.

Қазақстан территориясына қоныстанған корейлер ежелден келе жатқан салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарын ұмытпаған. Корей халқының мәдени дәстүрлерін таныстыруды қолға алған Цой Ен Гын мен Ян Вон Сик корейліктердің Қазақстанға қоныстануының 70 жыл болғандығына орай шығарған кітаптарында күнтізбелік мерекелермен, корей ұлтының баланың дүниеге келіп,

соңғы сапарға шығарып салуына дейінгі салт-дәстүрін берік ұстанып келгендігін, тіпті қазақтар мен корейлердің әдет-ғұрыптарының ұқсас тұстары бар екендігін келтірген болатын [187, 3 б.].

Орта Азия мен Қазақстандағы корейлердің этникалық жағынан дамуының үш негізгі беталысын көрсетуге болады. Корей ұлтының отбасылық әдет-ғұрпын зерттеген Р.Ш. Жарылғасынова оның біріншісіне, дәстүрлі элементтердің сақталуы мен дамуын, екіншісі, оның мәдени келбетіне жалпыкеңестік белгілердің енуін, ал үшіншісіне аймақтағы жергілікті халықтардың мәдениетінен алып пайдалану жатқызды [188, 46 б.]. Алайда біз қазақстандық корей ұлтының отбасылық әдет-ғұрпының берік ұстанатындығын байқадық және барлық ғылыми зерттеу материалдары да растайды.

Қазақстандағы корей ұлты салт-дәстүрінің беріктігін З. Бейсембаев «Корей халқының салт-дәстүрлері» деп аталған мақаласында да айқын көрсеткен [189].

Корей халқының өмірінде аса маңызды төрт үлкен кезең бар. Көпшілік зерттеу еңбектерінде бұл «төрт үстел» деп те жазылып жүр. Бұл төрт үлкен кезеңге баланың бір жасқа толуы, үйленуі, 61 жасқа толуы және адамды соңғы сапарға шығарып салу. Осы аталған дәстүрлер Қазақстанда тұратын корейлер арасында да сақталып, осы күндері де ұстанып келеді. Қазақстандық корейлердің отбасылық дәстүрін мен әдет-ғұрпын зерттеген ғалымдардың бірі Л.В. Мин осы төрт дәстүр жайында: «Бұл ежелден бері келе жатқан дәстүр ұрпақтардың мирасқорлығын мен корей отбасының беріктігін бейнелейді. «Төрт үстел» дәстүрі қазіргі кездегі корейлер үшін де аса маңызды. Бұл ұзақ дайындалатын әрі әрбір корей үшін көп маңызы бар мереке. «Төрт үстел» мерекесінің «біріншісі» мен «екіншісі» нағыз отбасылық мейрам, бұл ата-ананың баласына қатысты орындайтын киелі міндеті. «Үшінші» мен «төртінші» үстел балалардың ата-анасына қайтаратын қарызы. «Бірінші үстел» баланың дүниеге келгеніне бір жас толғанда, «екіншісі» үйленерде, «үшіншісі» алпыстан асқанда, «төртіншісі» өлген адамды соңғы сапарға шығарып салу және еске алуда жасалады. Егер де қандай да бір себептермен корейлік бір де бір үстел жасай алмаса, онда соңғыларына тыйым салынған.

«Төрт үстел» дәстүрі корей отбасының беріктігін сақтады, тату-тәтті етті, оның бұзылмауына әсер етті», - деп жаза келе, Қазақстандық корейлердің төрт кезеңді жүзеге асыру барысын талдап берген [25, 15-16 б.].

Бұл дәстүрді туған Отандарынан жырақта жүрген корейлер тілі мен жазуын ұмытса да, әдет-ғұрып, ырымдарына ерекше мән беріп келді. Қазақстандық корейлер де жергілікті дәстүрлерді сыйлай отырып, өзінің мәдениетін, әдет-ғұрыпын, дінін балаларының бойына сіңіруге тырысты.

Жоғарыдағы «төрт үстел» деп аталған дәстүрлі тойлардан басқа да корей отбасында түрлі ырым-жоралғылар жасалып отырады. Бұл балаға байланысты жасалатын сенім, ырым-жоралғылар. Ұзақ уақыт балалы болмай жүрген жұптар немесе балалары шетіней беретін отбасы дүниеге келетін балаға кіндік шеше тағайындаған.

Қоныстанып келген корей отбасында кішкене кезінде балалардың шетінеуі көп болған. Әрине, бұл сол кездердегі түрлі ауыр жағдайларға, тұрмыстағы

жоқшылыққа байланысты болғаны белгілі. Бұл жайында 3. Бейсембаев былай деп жазады: «Тұрмыстың ауырлығынан, түрлі сырқаттың көбеюінен балалар нәресте кезінде көп шетіней берген. Сол себепті осындай кесапаттан және тіл мен көзден сақтап қалу үшін балаларға түрліше ырымдар жасау әдетке енген» [189, 146 б.].

Кіндік шеше тағайындау мәселесі бірнеше халықтарда бар және сақталып келеді. Кіндік шеше коейше «ян-омни» деп аталып, ондай адам балалары көп, ел арасында сыйлы бірталай жасқа келген әйелдерден таңдалып алынған. Бұл кіндік шеше баланы туа салысымен бірнеше күнге өз үйіне алып кете алды. Ырым бойынша бұл тіл көзден сақтайды деп саналды. Кей жағдайда бала үш жылдай кіндік шешесінің үйінде тәрбиеленген [190, 97 б.]. Осылайша корейлер жаңа туған нәрестені тіл-көзден сақтауды көздесе, қазақ халқына да балаларға байланысты ырым-жоралғылардың көбі әдетте көз тию, тіл тию секілді сенімдерге орай жасалынатыны белгілі. Этнограф ғалымдар С. Әжіғали мен Е. Оразбек «Қазақстардың дінге сенгіштігі» деген көлемді еңбектерінде жаңа дүниеге келген баланы бесікке салардан бұрын «сырықтау» деген ырымның жасалатынын, отқа «сырық тұз» қыздырылып, бесіктің осы тұзбен ысқыланатындығын, тұздың сиқыры қорғаушы күшіне сенім дегенді білдіретіндігін келтірген болатын. «Сұрау салынғандардың сенімінше, осы аталған және басқа да ырымдар орындалып сақталған көп балалы бақытты жанұяларда нәрестенің денсаулығы мен болашағы оның ата-анасы және туыстарымен қатар әр түрлі рухани күштердің тұрақты қамқорлығы мен сенімді қорғауында болады. Осы орайда олар «бесік баласы – бес түлейді» деген мәтелді жиі атайды», - деп жазған еді [191, 43 б.].

Дүниеге келген балаларға ат қоюдың да өзіндік ерекшеліктері бар. Жалпы дүниеге келетін балаға ат қою отбасының жағдайына байланысты шешілген. Мәселен, егер бала ауқатты отбасынан шығатын болса оған ең жақсы есімдер қойылды. Мысалға алсақ, Маржан, Әсем және т.б. ал егер шаруа адамның баласы болса онда асырап отырған малының атын қойған. Баланың есімі неғұрлым тұрпайы болса, соғұрлым оның өмірі жеңіл болады деп түсіндірілген. Кейде өмірге келген ер балаға қыздың атын берушілік те болды. Ондағы мақсат баланы көз тиюден сақтау. Кейде бүлдіршінге сырт бейнесіне, мінезіне қарай лайықты есім берген. Бала кәмелетке толып, тиісті құжат алу уақытына жеткенде оған ресми есім беріледі. Ата дәстүр бойынша бірінші немеренің есімін ата-тегіне қарай оның атасы қояды. Сондықтан корейлер арасында Ким, Ли, Пак, Цой деген есімдер көп тараған [189, 146 б.].

XX ғасырдың басында Ресей, Орта Азия және Қазақстанға келіп қоныстанған корейлер арасында жаңа туылған балаларына орысша ат қою дәстүрге айналды. Бұл әкеден балаға дарып қазірде осы өңірде тұратын корейлердің ата-тегі (фамилиясы) корейше болса, аты орысша болып келеді. Мысалы, Николай Григорийұлы Ким, Анна Юрийқызы Ли және т.б. Ер балалардың арасында Михаил, Аркадий, Владимир деген аттар көп қойылса, ал қыз балаларға Наталья, Агриппина, Анна, Ольга және т.б. есімдер берілді.

Корейлердің арасына балаларына қазақша ат қоятындары да бар. Бұл әкесінің немесе шешесінің қазақ ұлтынан жақсы араласатын досы немесе қатты құрметтейтін адамы болса, соған құрмет ретінде балаларына оның есімін берген.

Корейлер баланың дүниеге келгеннен кейінгі 100 күн толуын өз арасында мерекелеу ғұрпы да бар. Ол корейше «бэксаль» деп аталады. Бұл күні баланың үстінен жүз күн бойы кигізіліп келген ақ киімі шешіліп, оның орнына түрлі, әдемі тігілген киімдерді кигізуге тырысады. Осы күні баланың ата-анасының үйіне келген қонақтарға дәстүрлі теңіз мыңжапырағынан (капуста) жасалған сорпа мен күріш ботқасы ұсынылады. Сонымен қатар қызыл және қара үрме бұршақты (фасоль) салып, қант немесе бал қосып пісірілген бәліш дайындалады. Егер бала сырқаттанып қалса, онда ғұрып өткізілмеген. Себебі баланың ауруы жауыз рухтарды шақыруы мүмкін деп есептелінді. Қазақстанда бұл дәстүрді корейлер бастапқы қоныстанған кезде ұстанғанымен, сол кездегі түрлі жағдайларға байланысты кең өріс алған жоқ. Баланың бір жасқа толуы күнін тойлау ғана мерекеленді.

Баланың туған күніне алдын ала дайындық жұмыстары жүргізіледі. Ал бала бір жасқа толған кезде үлкен мерекелік той өткізіледі. Бұл тойды негізінен баланың әке-шешесінің жақын және алыс туыстары, достары қатысады. Мерекелік басты рөлді баланың (әке жағынан) әжесі мен атасы қолға алды. Егер бала бір жасқа жетпей шетінейтін болса, онда оны еске алып, бейітінің басына баруға тыйым салынды. Өлген бала ұмытылуға тиіс болды [25, 16 б.].

Баланың бір жасқа келуіне орай жасалатын, «бірінші үстел» деп аталатын той рәсімі Орта Азия мен Қазақстан корейлерінің арасында да кең таралған. Тіпті ұлтаралық некеге отырған корейлік отбасы, тіпті күйеуі басқа ұл өклінен болса да осы дәстүрді қатаң түрде орындауға тырысады. Бұл дәстүр өзге халықтарда үйлену тойына қалай дайындық жүргізілсе, сондай дәрежеде өткізіледі. Егер жайылған дастархан мол болып, қонақ көп жиналса, онда баланы болашақта толық та бақытты өмір күтіп тұрады делінді. Негізінде балаға деген дастархан таңертеңгі сағат 10 мен 12 аралығында жайылады. Бұл қыз баланың кәрі қыз болып қалмасы үшін, ал ұлдар кеш үйленбес деген ырымнан туындаған еді.

Заман талабына қарай қазірде ескі дәстүр таңертең емес, мейрамханаларда кешкі уақыттарда өткізу әдетке айналып бара жатыр. Дегенмен, жанұяларында кәрі ата-аналары бар кейбір корейлер бұл дәстүрден ауытқымай дер кезінде өткізуге тырысады. Одан кейін түрлі ырым-жоралғылары жасалынады. Той иесі тойға келген қонақтардың алдындағы астың мол болуын аса қадағалайды. Қазақстандық корейлер де қуанышын бөлуге келген өзге ұлт иелерінің алдында дәмді пісірілген тағам қойылады.

Баланың болашақтағы өмірі қандай болатындығын болжау үшін арнайы үстелдің үстіне күріштен жасалған қоймалжыңды ыдысқа салып қояды, бұл «чхальтток» деп аталады. Оның қасына ыдысқа салынған күріш немесе үрме бұршақ, ине мен шарғы жіп, қайшы, кітап, қарындаш және аздаған ақша қойылады. Егер бала ақшаны алса, онда болашақта бай болады деп ырымдайды. Қарындаш пен кітапты алса, оқуды жақыс оқиды, болашақта білімді адам,

ғалым болуы мүмкін деп болжайды. Үрме бұршақты алса, балалары көп болады, ал күрішті алса, өмірінде барлығы жеткілікті болады, қайшы немесе ине мен жіпті алса, тігінші болады деп айтады. Өзбекстан республикасының Қарақалпақ АКСР-ы Коңырат ауданына қарасты «Раушан» совхозындағы корейліктерді зерттеуге алған мақаласында ғалым Р. Ш. Жарылғасынова сол жақтағы айтушылардың сөзімен егер күрішке бала қолын созса, болашақта өте нашар өмір сүреді немесе біреу қайтыс болады дегенді жазса [192, 60 б.], ал В.С. Цой Қазақстанда жүргізген зерттеу барысында корейліктер күрішті алу денсаулығының мықты болатындығын, дәулетті өмір сүреді деп санайтындығын, тіпті «чхальттокты» баланың алдына қоюға тырысатындықтарын жазған [190, 97-98 б.].

Баланың алдына қойған заттар оның өзіне келешекте қолданылады. Мысалы, күріштен «пап» деп аталған тамақ әзірленеді, ине-жіпті киімін тігерде қолданады, үрме бұршақтан бала «қызылша» болып ауырып қалса тез жазылады деп тамақ пісіріледі. Егер баланың асырап алған анасы мен сүт анасы болса, онда қоймалжың күріш соған беріледі. Баланың не алғанын білгісі келген қонақтар зат тұрған үстелге келіп, оның үстіне әкелген сыйлықтарын немесе ақша тастайды. Таңертеңгілік рәсімнен кейін жайылған дастарханға отырып, кешке дейін тойлатады. Корейлердің мерекесі әнсіз, бисіз болмайды. Қазіргі кездегі Қазақстанда баланың жасқа толу рәсімі толықтай өзгерістерге ұшыраған. Дәстүр жергілікті халықтың қолданатын кейбір элементтерімен ұштасып жатыр.

Корей әдеті бойынша өзінен үлкендердің атын атауға болмайды. Сондықтан «үлкен аға», «аға», «тәте», «біреудің анасы» деп атау кең таралған. Бұл біріншіден, үлкендерге құрмет көрсетуді, сыйлауды білдірсе, екіншіден, тәрбиенің бір түрі болып саналады. Конфуциялық құрылымдағы дәстүр заман ағымына қарамастан әлі де корейлер арасында жасы егде адамдар мен қоғамдық қызметтегі адамдарға үлкен құрмет көрсетуді талап етеді.

Қазақстандық корейліктер баланың жақсы тәрбие алуына аса көңіл бөледі. Ғалым Л.В. Миннің жазуынша, қазақстандық корейлер балаларын жасынан ата дәстүр негізінде үлкендерді сыйлауға үйретеді. Оларға үлкенмен сөйлескенде тіке қарамау, иіліп ізет көрсету, бір затты бергенде екі қолымен ұсыну қажеттігін үйретеді. Негізінде иіліп ізет көрсету, бір нәрсені екі қолмен беру барлық жасқа тән [25, 16 б.].

Корейлердің екі қолын беріп амандасу рәсімі қазақ халқына да тән болып келеді. Алыстан келген немесе көріспей келіп көрген адамдарын кездестірген қазақтың ер азаматтары екі қолын беріп амандасады.

Басқа ұлт өкілдері сияқты корейлер де ұл баланың дүниеге келуін үлкен қуанышпен қарсы алады. Ұл бала шаңырақ иесі, әке жолын жалғастырушы есебінде. Кішкентай кезінен балалар тазалыққа, ұқыптылыққа, еңбекқорлыққа үйретіледі. Орыс, қазақ және басқа ұлт өкілдерінің тарапынан корей балаларының ұлттық ерекшеліктерін айтқан кезде ұқыптылықтарын, парызына деген сезімдерінің жоғарылығын, еңбекқорлық сияқты қасиеттерін атаған.

Жас бала дастарханға үйдің үлкендері жайғаспай, отырмайды. Егер үлкендер қандайда бір себептермен дастархан келмесе, бірінші тағамнан

алынып қойылатын болды. Дастархандағы ас әкеге бірінші болып қсынылады. Бұл дәстүр қазақстандық корейлердің арасында да қатаң сақталған. Жасы кішілердің өзінен үлкен аға-апаларына дауыс көтере сөйлеуіне тыйым салынған. Бұл кішінің бойына әдептілікті, пейілділікті, сабырлықты, сыпайылықты сыйдыру деп саналды.

Корей жанұясында шақырусыз келген қонақтарды да барлық құрметпен қарсы алып күтіп алған. Бұл дәстүр қазақтардың дәстүрімен аса ұқсас десек те болады. Себебі, қазақ үйіне келген қонағының алдына барлық дәмін қойып, құрметтейді.

Корейлердің екінші мерекелік тойы бұл – үйлену тойы. Жалпы қай елде, қай кезеңде болмасын адам баласының ер жетіп, қоғамның, елдің белді мүшесі болуының басты белгісі шаңырақ көтеріп, отау тігу болып саналады. Қазақстан корейлерінің үйлену дәстүрі бұрындардан келе жатқан өзіндік ерекшеліктерді сақтап қалған.

Түркі халықтарында кездесетін құда түсу рәсімі корейлерде де кездеседі. Қазақтардағы «Анасын көріп қызын ал» демекші, корейлерде «Үйленбестен бұрын, тегіне қара» деген мақала бар. Жалпы корейлердің үйлену дәстүрі үшке бөлінеді: тойға дейін, той кезі және тойдан кейін [185, 164 б.].

Ата-ана ұлына қалыңдық іздегенде бірнеше лайықты-ау деген қыздардың үйіне барған. Келін болуға лайықты ма, жоқ па оның үйінен, дастарханды жаюынан, ас әзірлеуінен байқайды. Егер қыз ұнаса, онда ұлдың ата-анасы қыздың әке-шешесіне құда түсіп, жауабын күткен. Қазіргі таңда бұл салт екі жастың өзара келісімімен атқарылады.

Ең басты рәсім бұл құда түсу болып табылады. Құдалыққа күйеу жігіт жағынан жасы үлкен, сыйлы адамдар барады. Бұл оның әкесі, үлкен ағасы, ал олай болмаған жағдайда анасы бара алады. Егер де әке-шешесі жоқ болса, онда жігіттің үлкен ағасы немесе әпкесінің күйеуі баратын болды. Бұрындары қызға құда түскеннен кейін ұзатылатын қызды шешесі күйеу баласының үйіне өзі жетектеп апарды да, жігіттің туыстарына табыстайтын болған.

Құда түсу дәстүрі Қазақстандағы корейлер арасында да кең таралған. Екі жақ келісімге келген соң үйлену тойының уақытын белгілеген. Жігіттің үйінде «якхонсик» деп аталған мерекелік шағын кеш өтіп, көпшілік алдында екі жастың үйленетін күні айтылған. Той өткізілетін күнге дейін жігіт ата-анасы болашақ келіннің үйіне түрлі сый-сияпат жіберіп отырды. Қалыңдықтың үй-іші де той күні күйеу баласына сый даярлап апарды.

Қазақстандық корейлер арасында басқа ұлттармен некелесу жиі кездеседі. Қазақстандық тарихшы Наталья Ем корей ұлтының арасындағы аралас неке мәселесі бойынша зерттеулер жүргізген еді. Ол бұл неке барысында болатын ерекшеліктерін атап көрсеткен болатын. Оның біріншісі, өзге ұлттармен некеге отырған корейліктер неке заңы бойынша екі жақтың да ұлттық дәстүрін, заңдарын құрметтеуге тиістігі. Басқа ұлт өкіліне күйеуге шыққан корей қыздары, басқа ұлттан корейлік жігітке тұрмысқа шыққан әйелдің сол елдің салт-дәстүрін қабылдауға өз еркі. Дегенмен екі жастың ортақ келісімі бойынша екі жақтың да ұлттық дәстүрін ұстануға құқысы бар.

Ұлттар арасындағы неке барысының қиыншылықтары да бар. Бұл біріншіден, бір елден екінші елге барғанда бірден сол елдің заңына үйренісе алмауы болса, екіншіден мәдени құндылықтарды қабылдау барысына байланысты [193, 20-29 б.].

Корейлердің ертеден ұстанып келе жатқан дәстүрлі мерекесі «үшінші үстел» деп аталған алпысқа толған адамның мүшел тойын салтанатты түрде тойлау болып табылады. Бұл мүшел тойды жасарда иегерге туған-туыскандары, балалары керекті қаражатты жинап береді. Сол қаржымен «одан әрі өз бетінше өмір кеш» деген тілек білдіреді. Қаржы жинаудың екінші жағы ол адамға «Сен көп жасадың, ендігі жерде өмірің осымен бітті» дегенді сездіріп, онымен тірідей қоштасады екен [189, 148 б.].

Алпысқа толған адамды құттықтауға барлық туған-туыстары жиналады. Жалпы алпыс жасты тойлау «хангаби» деп аталады. Негізінде шығыс календары бойынша 61 жас, европалықтарша 60 жас деп белгіленеді. Той барысында мерейтой иесінің балалары, оның осы жасқа дейінгі жетістіктері құрметпен айтылатын болады. Той иесінің балаларын таныстырғанда ең үлкен ұл баласынан бастаған. Егер бірінші баласы қыз бала, ал екіншісі ұл болса, онда екінші ұлдан бастап таныстырады. Той иесінің балалары «тер» деп аталған бас ию рәсімін жасаған. Бұл жерге тізерлеп отырып, екі қолын жерге тіреп, басын төмен ию. Қазақстандық корейлер мерейтой иесіне бір рет басын исе, ал Қырғызстандық корейлер екі рет иілген. Оның бірі әкелеріне арналса, ал екіншісі оның жақын досы, жолдасына арналған. Бұл әке досына құрмет дегенді білдіреді.

Қазақстанда мерейтой иесін құттықтауда ұлттық аспаппен ән орындалады. Балалары мен немерелері арнайы мерекелік отбасылық концерт ұйымдастырды [25, 39-40-бб.]. Негізінде бұл тойға мерейтой иесінің тек жақын туыстары мен араласатын достары ғана шақырылады. Қазіргі нарықтық заманға байланысты бұл «үшінші үстел» отбасы арасында өткізу рәсімі де орын алған.

Ғылым жолымен «төртінші үстел» деп аталатын рәсім қайтыс адамды соңғы сапарға шығарып салу және еске алу болып табылады. Бұл рәсім де конфуциялық дәстүрге негізделген. Дегенмен корейлерде оңтүстік корейліктердің қайтыс болған адамды жерлеуі солтүстік корейліктердің рәсімінен сәл болса өзгешелеу келеді. Қазақстанға келіп қоныстанғандардың көпшілігі Солтүстік Кореяның байырғы тұрғындары болғандықтан, көбіне сол жақтың рәсімі ұсталынады. Жас бала немесе үйленбеген жігіт қайтыс болса оның ешқандай да жоралғысыз жерлеуге болады. Ырым-жоралғылар көбінесе егде адамдар қайтыс болғанда толықтай жасалынады. Себебі, олардың о дүниеде де өз отбасына көмектеседі, сондықтан толық құрмет көрсетілуге тиіс делінеді. Егде адам өзінің қайтыс болуына алдын ала дайындалып, киетін киімін әзірлейді. Ал оның ұлы жатқызылатын табытын (чхильсоньпхан) даярлап қояды. Негізінде бұл даярлық 60 жасқа толғаннан кейін қолға алына бастайды [25, 78 б.]. Бұндай рәсім мұсылман халықтарының арасында да бар.

Адам қайтыс болғаннан кейін туыстары далаға шығып, тұрғандарға қарап өлген адамның атын үш рет дауыстап атап, оның үстіне киген жейдесімен

арлы-берлі сермейді. Бұл ырым-жоралғы «хон-ыр бурында» деп аталады. «Хон» деген жан, ал «бурында» шақыру дегенді білдіреді. Бұл рәсімнің жасалу себебін ғалым Ю.В. Ионова екі түрмен түсіндіреді: оның біріншісі, қайтыс болған адамның жанын қайта тірілту, екіншісі жаман иелерді «квисиндарды» қуу [194, 83 б.]. Қазақстан жеріндегі корейлер бұл ырымды қайтыс болған адамды қайта тірілтуге әрекет жасау деп санаған [25, 79,80 б.].

Қайтыс болған адамның жейдесі ол жерленгенше басына арнайы қорапшаға салынып қойылады. Бұл қорапша «хонбэк» деп аталады. Жерлеу рәсімі аяқталған соң көйлек жағылады. Қазірде бұл рәсім жерлеу барысында орындалып жүр.

Қайтыс болған адамның балалары және туысқандары оны жуындырып, тырнақтарын алып, шашын тарап, арнайы тігілген қапқа салып, табытқа жатқызады. Табытқа басқа зат салынбайды. Қазақстандық корейлердің айтуынша, қайтыс адам табытқа салынғанша өлді деп есептелінбеген. Оның жаны оралуы мүмкін деген үміт болған. Қайтыс болған адам жалғыз тасталынбаған, оның қасында үнемі бір туысқаны, бастапқыда ер адам, кейінірек әйелдер отыратын болды. Түнде шырақ жағылады. Қайтыс болған адам жылау арқылы жоқталған. Оның жақын туыстарының жылауы басқалардан өзгеше болды.

Марқұмды тақ күндері атап айтқанда 5,7, 9 сандары жерлеу орын алған. Оның үстіне барлық киімі, тіпті пальтосын, басына малақайын да кигізетін болған. Қолдарына ақ бессаусақ немесе қолғап кигізілді. О дүниеге барғанда бұраланды, тікенекті жерлерден өткен кезде қолын жаралап алмасын деп есептеген. Ғалым В.С. Цой Жамбыл облысына қарасты Ленинск деген селодағы жасы егде тартқан әйелдің соңғы сапарына деп дайындаған сипаттап өткен. Оған «чогорсе» деп аталған жейдесі, «чхима» деген юбкасы, ұзын «турумаги» деген халаты, басқа байланатын «сагон» байлауыш және «посон» деген шұлық даярланған. Бұлардың ішінде халат пен байлауышы және шұлығы міндетті түрде ақ түстен болу керек болды. Бұл киімдермен қоса марқұм жатқызылатын төсектің үстіне «чари» деген жапқыш төсеп, адамның денесінің үстіне «ибури» деп аталған жамылғы жабылатын болған. «Чаридың» бір жағы ақ, екінші жағы қызыл болған. Қайтыс болған адам қызыл түстің үстіне жатқызылды. Марқұмның басына арнайы жасалған жастық салынды. [190, 100 б.]. Әрине, бұл ырым көп жағдайда үйінде егде адамдары бар болса толықтай орындалған. Қазірде нақты оасындай болмаса да, оған ұқсас рәсімдер жасалады.

Жалпы дүние салған адам үш күннен кейін жерленді. Оның себебі осы күн аралығында адам тірілуі, яғни денесіне жаны қайтып оралуы мүмкін. Осы үш күн бойы оның қасына «саньсик» деп тағам қойылған шағын үстел қойылды. Қоштасу кезінде иіліп тағзым етіп, үш рет атын атайды. Олай жасау, қайтыс болған адамның үш жаны бар деп есептеледі. Қазіргі кезде қазақ жеріндегі корейлер иіліп тағзым еткеннің орнына қол алысу рәсімін жасайды.

Қайтыс болған адамға тиіселі зат, киім-кешек түгелдей, ескі-жаңа делінбей өртелінеді. Қазақ халқына тән сияқты корейлерде де өлген адамды жоқтау салыт бар. Егер отбасы дүние салса, онда отбасы мүшелері түгел жиналып

жоқтаған. Ер адамдар туыстығына қарай оң жаққа, ал әйелдер сол жаққа отырады.

Қайтыс болған адамның үстіне арнайы киім кигізіледі. Оны жерлеу күнін «чеса» деп атайды. Қайтыс болған адамға соңғы «чесасанъ» деп аталған дастархан жасалып, марқұмның тірі күнінде жақсы көрген тағамдары қойылды. Табыт адамның бас жағымен алынып жүріледі. Корейлерде қайтыс болған адамға екі жыл ас беріледі. Жерлеу рәсімі біткеннен кейін еске алуға жайылған дастарханы жайылатын болды. Жыл сайын марқұм қайтыс болған күн оны еске алу күні болып есептелінеді. Б. Қамалашұлы мен О. Ошановтың жазуынша, қазақ халқында да марқұмға арналып жетісі, қырқы, жүздік, жылдығы белгіленіп, арнаулы рәсімдер өткізіледі. Жылдығында көбінесе ас береді. Асты көп жылдан кейін де бере береді [191, 238 б.]. Екі халықтың бір-бірінен ерекшелігі, корейлер қайтыс болған адамның барлық киімін өртеп жіберсе, қазақтар марқұмның киімдерін керісінше ең жақын туыстарына таратып береді.

Корейлердің наным-сенімі бойынша, өлген адамның жаны тек төрт ұрпақтар жалғасынан кейін ғана о дүниеге барады. Сол уақытқа дейін өлген адам отбасының мүшесі ретінде саналып отырған. Сонымен қатар корей ұлтында өлген адамды жерге жерлеумен қатараумен жерлеу, яғни мәйітті өртеп жіберу рәсімі де бар. Бірақ бұл рәсім соңғы кездерде Кореяның өзінде өте сирек кездеседі. Тақуа адам қайтыс болса, оның денесі бос жерге апарылып, ешқандай әдет-ғұрыпсыз өртелінеді. Ал дәулетті адам дүние салса, олардың күлін тамаққа араластырып, адамың ізі қалмас үшін құстарға жем ретінде ауаға шашып жіберетін болған [189, 149 б.]. Дегенмен бұл ырым-жоралғы Қазақстандағы корейлер арасында қолданылмайды.

Корейлердің асханалық әдебі еуропалықтардан ерекшеленеді. Корейліктер жерде жастықшаның үстінде отырып, аласа жасалған «папсан» деп аталған үстелге тағамды қойып, астанады. Ал қазір корей ресторандарда аласа және биік үстелдерде отыру орын алған. Қазақстандық корейлердің үйлерінен де аласа үстелде отырып тамақтану барысын жиі көрумізге болады. Үстел басында отырған кезде корейліктер сөйлемеуге тырысады. Оның барлық көңілі тамақта болуы керек. Сондықтан бұл әдет-ғұрыпты үлкен адамдары бар отбасында берік ұстанады [195, 21 б.].

Қазақстандық корейлердің басым көпшілігі орыс тілінде тілдеседі. Кейбір жастар корей тілін түсінгенмен де сөйлей алмайды. Сонымен қатар Оңтүстік және Солтүстік Кореядан келген корейлердің тілдерінде тілінен айырмашылық бірден білінеді. Бұндай тіл ерекшеліктер жалпы қазақ халқында да кездеседі. Мәселен, Батыс, Шығыс немесе Оңтүстіктің қазақтарының арасында тіл диалектикасында аз да болса ерекшеліктер байқалады. Корей балалары орыс мектептерінде оқиды. Оңтүстік өңірлерде өмір сүретін корейліктер арасында қазақ тілін жетік білетіндер де бар.

Ғалым Л.В. Мин Қазақстандағы корейліктердің отбасылық әдет-ғұрпы, салт-дәстүрін зерттеу барысында жастар арасында жүргізген сауалнамасында ата-аналарымен қай тілде тілдесетіндігін сұрағанда, 62,7 % жастар корей тілін білмейтіндігін мойындаған. Кейбіреулері тек бірлі-жарымды сөздерді

түсінетіндігін айтқан. Ал 11,7 %-і кей уақыттарда ата-әжелерімен ана тілінде сөйлесетіндігін, алайда орыс сөздері араласып кететіндігін де жасырмаған. Жалпы 75 % ересектер мен 25,6 % жастар өз ана тілдерін түсінетіндігін, бірақ сөйлей алмайтындығын атаған.

Қазақстанда тұратын корейлердің ересектерден 23% -і, ал балалардан 13 % -інің ғана ұлттық киімі барлығы айқындалған. Сонымен қатар көпшілігі ірі мейрам ретінде корей жаңа жылын, 5-6 сәуірдегі ата-аналар күнін, бір жасқа толу, үйлену тойы, 60 жастық мерейтой мен қайтыс болған адамды жерлеу немесе еске алу сияқты салт-дәстүрлерді білетіндіктерін атаған [25, 73-74 б.]. Сауалнама барысында «қандай тағамды қолайлы көресің» деген сұраққа көпшілігі ұлттық тағам деп жауап берген. Дегенмен, корей тағамдарын жасау қазақ және орыс тағамдарын жасаудан қарағанда қымбатқа түсетіндіктен тек мерекелерде ғана дайындалады екен.

Ал корей халқының тарихы, әдебиеті, аңызы жайлы сұрақ берілгенде көпшілік жастар бірден білмейтіндіктерін, тек кинофильмдерден көрсетілетін ұлт батыры Хон Гиль Донды атаған [25, 74 б.]. Бірақ қазіргі кездерде Қазақстан мен Корея арасында мәдени байланыстардың орнауынан ұлт тарихына, мәдениетіне деген жастар арасында қызығушылықтар өсуде. Корей тарихына, салт-дәстүріне арналған ғылыми зерттеу еңбектері мен көркем әдебиеттердің көптеп шығарыла бастауы бұл 90-жылдың басында жүргізілген сауалнаманың өзгергенін байқатады.

Соңғы кездерде ересектер мен жастар арасында түрлі ұлт тақырыбына арналған, әсіресе ұмыт болып бара жатқан дін мәселесіне қатысты сұхбат өткізу кең өріс алуда. Қазақстандық корейліктерден ең бастысы «қандай ұлттық ерекшеліктерді білесің» деген сауалға сыртқы пішінін, асханасы, өмір сүруі, ұлттық әдет-ғұрпын атаған. Ал қазақстандық корейлердің басты ерекшеліктерін қазақ және орыс ұлт өкілдерінен сұрастырғандығымызда олардың еңбекқорлығын, ұқыптылығын, іскерлігін, білімділігін, ынтымақшылдығын бір ауыздан айтады. Қазақстандағы корейлік отбасындағы балалардың 43 % -і салт-дәстүрді ұстанатын қарт адамдарды үлгі тұтады екен [25, 75 б.].

Қазіргі кездегі корей жастары өздерінің 30-жылдары күштеп көшірілген қоныстанушылардың ұрпақтары екендігін бертіндері ғана білгендіктерін жасырмайды. Олардың ата-аналары кеңестік жүйе қыспағынан қорыққандықтан ұзақ уақыт үнсіз келгендігін, тек республика егемендігін алғаннан кейін ғана шыққан тегін білуге деген құлшыныстың туындағандығын жасырмайды. Шындығында да қазақстандық корейлердің салт-дәстүрден, тілден айырылуы сол 30-жылдардың соңындағы күштеп жер аудару әсер еткені даусыз. Кеңестік жүйе біріншіден, корей ұлтын географиялық ортасын өзгертіп қана қойған жоқ, сонымен бірге әлеуметтік жағдайларының өзгеруіне де алып келді. Бұрындары топ болып өмір сүрген ұлт, жер аударылғаннан кейін жан-жаққа шашырай орналасты. Бірін-бірі іздеуге заң жүзінде тыйым салынды. Оның үстіне корей тіліндегі мектептер, оқу орындары жабылды.

Атадан балаға ғасырдан-ғасырға жалғасып келе жатқан ұлттық дәстүрдің қолдануға тағы да кеңестік идеология кедергі болды. Орыстандыру саясатының

аз ұлттар арасында пәрменді түрде жүргізілуі қазіргі жастардың өз ана тіліне шорқақ болғандығынан білуге болады. Дегенмен, Қазақстан Республикасы егемендігін алуы аз ұлттар мен этностардың бұрынғы дәстүрлерін жаңғыртуға, ана тілін үйренуге деген құлшыныстарын арттыра түсті. Әр ұлт диаспорасы жастардың бойына өз ұлтына деген сүйіспеншілікті ұялатып, әсіресе өз тілін құрметтеуге қатысты іс-шаралар жүргізе бастады.

Ұлы Отан соғысының ауыр жылдарында корей жанұяларына қазақтар көмек жәрдемін аямауы, оларды жақындастырып, тығыз араласуына себепші болды. Сол кездердегі берік сыйластық, достық нығайып, бірегейленуде. Қазақстан корейлері Ассамблеясының облыстық филиалдары 1990 жылы 23 мамырда Қостанайда, 28 мамырда Павлодарда, 11 ақпанда Солтүстік Қазақстанда, 1992 жылы 11 тамызда Көкшетауда ашылып, корей мәдени орталығы жұмысын бастады [196].

Қазақстан корейлері қауымдастығының Қостанай филиалының төрағасы Владимир Николаевич Хан өз міндетін 1995 жылдан бастады. Ол Республикадағы танымал кәсіпкер (бизнесмен).

Корей халқының рухани дамуында Республикалық корей театрының алатын орны ерекше. Театр репертуарындағы қойылымдар күштеп жер аударылған корей халқының өмірі мен қилы тағдырын бейнелейтін оның өткен тарихымен байланыстырушы болғандай. Сталиндік әкімшіл-әміршілдік жүйенің саясаты салдарынан өз тілін, мәдениетін, өнерін жоғалтудың аз алдында қалған корей халқының бар үміті де, болашағы да осы корей театрында болды. Корей драма театры 1932 жылы 9 қыркүйекте Владивосток қаласында құрылып, 1937 жылға дейін жұмыс істеді. Содан кейін құжаттардағы мәліметтерге қарағанда, оның жұмыс істеуі қажетсіз болып қалғандықтан КСРО үкіметінің шешімімен (бұл жаппай жер аудару кезеңінде) таратылған. Театр қызметкерлерінің негізгі бөлігі Қызылорда қаласына көшіріліп, қалғаны – Ташкентке кетіп, Қызылорда облыстық корей музыкалы драма театры және Ташкент облыстық музыкалы театры болып жеке-жеке театр құрған. Ал 1942 жылғы 13 қаңтарда Қызылорда облыстық корей музыкалы драма театрына қажетті жағдайлар туғызу мақсатында ҚазКСР-нің Халық Комиссарлар Кеңесінің шешімімен театр Талдықорған облысының Қаратал ауданындағы Үштөбе станциясына көшірілді. Сөйтіп, Талдықорған облыстық театры деп атала бастады. 1950 жылы Ташкент және Талдықорған облыстық театрлары біріктіріліп, Үштөбе станциясында жұмыс істеді. 1962 жылы ҚазКСР мәдениет министрлігінің қаулысымен Қызылордаға көшіріліп, Корей музыкалық драма театры болып өзгертілді. Ал 1968 жылы Алматыға көшіріліп, музыкалы комедия театры деп аталды. Осы көшіп-қонулардың нәтижесінде 30-50-жж. кейбір құжаттар мен материалдар жоғалып кетті. Сол жылдары театр репертуарында корей халқының шығармаларымен қатар қазақ жазушыларының шығармаларын қойылды. Оның ішінде Ғ. Мүсіреповтің «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» шығармасын айтуға болады.

Қостанай қаласындағы облыстық ғылыми кітапхананың жұмыс істеуіне өзіндік үлесін қосқан, оның ұзақ жылдардағы директоры - Ким Валентина Алексеевнаның еңбегін айрықша атауға болады. Кітапханадағы кітап қоры -

600 мыңнан асады. Оның оқырманы жыл сайын жасөспірім - қазақстандықтар ұрпағымен толысуда. Кітапхананың оқу залында оқырмандар арасында ғылыми жаңалықтарға негізделген кездесулер өткізіліп, дөңгелек үстел басында Қазақстандағы таяу және шет елдер дамуына байланысты пікір алысу, облыс, республика билік органдары өкілдерімен кездесулер жиі өткізіліп тұрады. Олар әртүрлі іс-шараларды қызу қолдап және белсене қатысады. Екінші бастама - ұлттық мәдениетке ден қойып, оның жанарып, сақталуына, қоғамдағы жандандыру жұмысын бастау. Мұнда - тілді оқып үйрену, мәдениетті қалпына келтіру де, басты мәселе болып қойылғаны қажет. Сонымен қатар мемлекеттік тілді үйрену мәселесі әлі де ашық, шешімін таппай қалған жағдай – уақыт талабына сай емес десе болады. Әр ұлт, өз төл тілін оқып үйрену, оны меңгеруде жеке шағын топтық бірігу бар. Алайда, бұл мәселе өз шешімін табу үшін мемлекеттік қолдау қажет.

Қазақстан корейлерінің зиялы қауымы, қоғамда өзіндік серпіліс жағдайында бірқатар ғылыми зерттеу ісінде жақсы нәтижелерге ие болып, басшы қызметтер атқаруда. Корейлер республика ғылымын дамытуда да үлес қосуда. «Қазақстандық корей диаспорасының бірін осы ұлттан шыққан ғылыми және шығармашылық интеллигенция құрайды. Республика жоғары оқу орындары мен Ғылым академиясының институттарында 400 ғылым докторы мен кандидаттары жемісті қызмет етіп жатыр. Ішкі істер генерал-майоры – Б.А. Цхай мен юстиция генерал-майоры А.Ю. Хегай Генерал атағына ие болды» [197, 10 б.]. Әсіресе, корей жастарына жан-жақты қолдау жасап, материалдық, рухани көмектерімен танылуда олардың қатары жыл сайын өсіп отыр. Қазақстан корейлері Ассоциациясы жыл сайын ондаған ірі масштабты іс - шаралар, конкурстар, бағдарламалы басқосулар өткізіп келеді. Бір мысал, дәстүрлі корейлер өнері фестивалін айтсақ жеткілікті. Оған қатысуға облыстардан көптеген корей ұлтының өкілдері келеді. Корейлердің үлкен бір мерекесі Алматыда 2003 жылы қыркүйек-қазан айлары аралығында өткізілді. Онда әр өңірлерден келген корей өкілдері өзара байланыс орнатып, қоғамдық ортадағы корейлер деңгейін-имиджін қалыптастырады. Осынау ортақ іске корейлерді жұмылдыруда Қазақстан корейлер қауымдастығы үлкен роль атқаруда. Корейлер бір-біріне ашық, достық қарым- қатынаста, ашық жарқын өмірге ұмтылысын көрсетеді. Оларда бірігу идеясы бар да, мақсаттылық бар, оны орындау-барша қимыл-әрекеттің нәтижесі деп түсінеді. Сонда өмір жасы ұзақ сипатта болатындығына корей ұлты беріле сенеді. Алға қойған мақсаттары да осы [198, 1 б.].

1990-жылы Қазақстан корейлерінің Ассоциациясы құрылып, осы ұлттың мәдениеті мен тілін дамыту жоспары жасалды. Жоғары оқу орындары мен мектептерде корейтілі топтары ұйымдастырылып, ғылыми - техникалық «Кахак» қоғамы құрылды. Жыл сайын Қазақстан корейлерінің мәдениеті мен өнерінің фестивальдары өтіп тұрады. Корей ұлттық өнерін көпшілікке паш ететін Мемлекеттік корей музыкалы театры, «Коре ильба» газеті, корей тіліндегі телебағдарламалары бар [13, 428 б.].

Тарихи тағдыры бір, көптеген ұлттар бүгінде Қазақстанда қоян-қолтық өмір сүруде. Олардың бұл елге келулерінің себебі де әртүрлі және көпшілігі өз

еріктерінен тыс келгендер [199, 45, 46 б.]. Міне, осы адамдардың ұрпақтары бүгінгі Қазақстанды өздерінің салт- дәстүрі, әдебиеті мен мәдениеті арқылы да байыта түсуде. Тіпті әр үйдің дастарханында қазақтың қазы-қарта, жал-жая, куырдағымен бірге, өзбектің палауын, украиндардың борщын, корейлердің сәбізі мен қырыққабатын, балық тұздамасын көру таңсық емес, әдеттегі ас мәзірі болып кеткен.

Бұл бөлімді қорытындылай келе айтарымыз, сол кездегі жер аударылғандардың корей халқының моральдық жан азабы, негізсіз, саяси кудалауға түсуі, әлеуметтік-тұрмыстық тапшылықтарға қарамастан Қазақстанның экономикалық жағдайын көтерісуге, басқа ұлттармен қатар ат салысқандығы. Осы ұлт өздерінің табиғи еңбекқорлығының арқасында, бастарына түскен қиын кезеңнен абыроймен өтті.

3 «ҚАЙТА ҚҰРУ» ЖӘНЕ ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АЗ ҰЛТТАРДЫҢ ҚАТЫНАСТАРЫ (1980-2009 ЖЖ.)

3.1 Аз ұлттардың әлеуметтік саяси тағдыры

XX ғасырда Қазақстанға қоныстанған халықтар тарихына ден қойып, оны зерттеу, мәселенің құқықтық жағын ашу, кешегі кеңестік тарихи-құқықтық тарихнамада кеңінен алынып, әсіресе, Қазақстандық кеңестік әдебиетте жете ашылмаған, тіпті, арнайы ғылыми зерттеулерде, сарапталмаған. Кеңестік құқық мәселесі, тарихи заңнама әдебиетте, орталық билік мүддесі басымдылыққа ие болғанын, бұл адамдарға, біртұтас кеңес халықтарына берген артықшылық емес, сондықтан, бүгінгі ұрпақ үшін сараптайтын, жете ашатын, әлі де болса жан-жақты тереңдеп зерттеуді қажет ететін нәрсе.

Кеңес Одағы басшылары ашықтай іске асырған, қол астындағы халықтарға қарсы күштеп қоныс аудару-қылмыс деп қарау, XX ғасырдың 50-жылдарында басталды. Бұл үрдіс қылмыс ретінде қаралып, қоғамымызға қаншалық кесірін тигізгені, зұлымдық, қатал іс екендігін мойындау жеткіліксіз екені, басы ашық мәселе ретінде нақты материалдар негізге алынбай, жете ғылыми арнайы зерттелмей келеді. Біз халықтарды (неміс, корей, поляк, шешен, ингуш т.б.) заңсыз қуғын-сүргінге зорлықпен жерінен қоныс аударудың, олардың құқықтарының қорғалмауына үстірт қарап келдік. Шындығында сол кездегі билік, олар жүргізген ашық, шектелмеген заңсыздық, ауыр қылмыстық іс-әрекеттері болғаны, әлі де ашылмады. Өйткені сол кезең тарихта тоталитаризмнің «салтанат» құруымен сипатталды.

Тарихи болмыста, ақиқатты қалпына келтіру, кеңес одағында партияның XX съезі шешіміне сәйкес көтерілгенімен, мәселені ашу «жылымығы» өз жалғасын одан әрі таппады. Қазақстан Республикасында ол тарих әдебиеті мен заңдық жазбаларда арнайы қойылып, зерттеу нысанына арнайы айналмай келді. Мәселе, жалпы кеңестік ұстаным үстірт баяндалып, баға берілмей келеді.

Кеңестік жүйе халықтарды бөлу, қарсы қоюды - саясатқа айналдыруды 30-жылдардан бастап жүргізді. Арнайы комиссия шешімдері бойынша халықтарды қудалау 30-жылдары басталып, 40-50-жылдары жалғасты. Мемлекеттік органдар: БСББ (Біріктірілген саяси Бас Басқарма), ІХК (Ішкі істер Халық Комиссариаты), МҚМ (Мемлекеттік қауіпсіздік министрлігі)-нің заңсыз шешімдері негізсіз екендігі мойындалды және зорлық құрбандарының құқықтарын қалпына келтіру актілері қабылданбады, алайда, мәселе арнайы ғылыми зерттеу арқылы сарапталды деп айту қиын, әрі негізсіз. Туып өскен, бауыр басқан ортадан қол үздірген кеңестік саясат үстемдігі және одан кейін де күштеп жер аударылғандарға өз құқықтарын қорғау мүмкін болмады. Мұндай ахуал Кеңес Одағында ұзақ мерзімге созылып, құпиялықта ұсталды. Әкімшіл-әміршіл басқару жүйесінің сеңі қозғалған «қайта құру» мен жаңаша ойлау үрдісі 1985 жылдың сәуір Пленумынан басталды. Қайта құруды бастамағанда елді жайлаған кешегі 30-шы жылдардан басталған халықтар басындағы орын алған апатты жолдың қайда апарып соғары белгісіз еді.

Ұлттық тарихи жадының тапталып қалуы, ата салтын ұмытып, дәстүрдің алыстатылуын, бір сөзбен айтқанда «мәңгүртизм», деп атасақ, Кеңес Одағында

бұл дертке шалдықпаған халық жоқ десе болады. Ұзақ жылдар бойы біздегі идеология барша халықты тек осы бағытта жұмыс істеуге тәрбиеледі. Коммунизмге тезірек жету үшін, ұлттық белгілерді жылдам адам санасынан жойып, біртұтас «кеңес халқы» деген атақ алуымыз керек болды. Нәтижесінде, болашағы кесілген, Кеңес адамдары ештеңегеге сенбейтін, ештеңені қасиет тұтпайтын тобырға айнала бастады.

Адами ақыл-ой жеңісіне жете алмай, түбі шикі, алдамшы да, залым саясатын ақыры қай жерден шығарын білгісі келсе де, өзінің азаматтық құқығын білмей, ұйқыда боп, арманда өткен жандар, тұтас халық қаншама. Сол 80-90-жылдары ұлттардың өзін-өзі басқару құқығымен, одақтас республикалардың мемлекеттік дербестігі деген мәселе көтерілді. Бұл үрдістің жалғасы іспеттес ендігі бір мәселе, «20-50 жылдардағы саяси қуғын-сүргін тұзақтарының қиянаты мен әуре-сарсаңына ұшырағандар құқығын қалпына келтіру жайында» КСРО Бас хатшысы М.С. Горбачевтің Жарлығында, 1990 жылдың 13 тамызында «Правда» газетінде жарияланды.

Бүгінгі күні Қазақстанда тұрып жатқан халықтарды құптайтынымыз - саяси тізгінін өз қолына ұстаған, өз ісін өзі басқаратын, өз қазынасына өзі ие болатын, ерікті, татулықтағы, бірліктегі Қазақстан халқы - Республика Президентінің ішкі және сыртқы саясатын бірауыздан қолдайтындығында. Ескінің барлығын естен шығарып, халықты жадынан жаңылдыратын, талай дауыл соғып өтті деуге тарихтың ащы сабағы куә.

Енді ресми құжат мазмұнына аздап тоқталып кетейік. Өткеннің ауыр «мұрасы» жаппай репрессия, зұлымдық және заңсыздық, кешегі күнгі басшылық жағдайында, революция, партия, халық атынан іске асырылғандығы. 20-жылдары басталған саяси қуғын-сүргін, халықты кемсітіп, қорлап, нелер бір бұзушылық іс-шаралар бірнеше ондаған жылдарға созылған еді. Мыңдаған адамдар, тіпті тұтас халықтар моральдық, дене-тәндік жағынан қорланды, көпшілігінің көзі жойылды. Олардың жанұяларының өмірі мен жақындары нелер бір зұлым қыспаққа түсті. Жазықсыз тепшілікте күн кешті. Кеңес халқын еркінен айырған шексіз билік өз үстемдігін тоқтаусыз, еш аяусыз іске асырды. Демократиялық қоғамда адам еркі табиғи жаратылыстан бөлінбейді.

Жаппай қуғын-сүргін Кеңес Одағында сәтсіз, басқаша айтқанда ерекше мәжіліс шешімі деген желеу арқылы, адамдарды айыптап жазалау-ату жолымен іске асырылды. Былайша, әдебиетте, «үштік», «екіліктер», коллегиялық шешім деп көрсетілді. Сот өндірісінде адамдардың әлеуметтік нормалары бұрмаланды, бірқатар істерді қарауда құқық ешқандай сақталмай, адамдардың ауыр жазалануына ашықтай жол берілді. Әділеттілікті қалпына келтіру мәселесі Кеңес Одағы Коммунистік партиясының XX съезінен басталды. Алайда, мәселені дұрыс қойып шешуде сабақтастық сақталмады. Бұл іске негізінен 60-жылдардың екінші жартысынан тоқталды десе болады. Құрылған арнайы комиссия, қосымша мәселеге қайта оралып, саяси қуғын - сүргін материалдарын қарап зерттеу барысында, жаппай қуғынға ұшыраған, кінәсіз мыңдаған жазаланушыларды ақтады, заңсыздық актілерінің күшін жойды - халықтарды зорлап көшірген туған жерлерінен, сотсыз БСББ, ПХК, МҚМ

мемлекет органдарының шешімдері заңсыз деп күшін жойды. Сонымен қатар, құқықтық қалпына келтіруде басқа да заңсыз актілердің күшін жойды.

Қазірге дейін мындаған іс қаралмай, шаң-тозаң қалпында жатқанын көпшілік ашық айтып, баспасөз құралдары жазып жатыр. Демек, Кеңес Одағы адамдарына тағылған «күйе» негізсіз айыптау алынбауы былай тұрсын, жерінен аластатылғандар, сотталғандар, олардың жанұяларының адами құқығынан айрылып, күн көрістің ауыр зардабын көргендер ақталмауда. Ондай жанұялар тізімі еш жерде жарияланбай келеді. Тіпті кесілген жаза мерзімі де жарияланбағаны, ашық мәселе болып қалуда. Діни ұстанымына қарай қудаланған дін басылары және осы пиғылдағы азаматтар ақталуы тиіс. Билік ұстанған саясат мәнін ашу, біздер үшін үлкен, аса маңызды мәселе екенін ұмытпауымыз керек. Баршамызға, жалпы қоғамға, қазіргі және болашақ ұрпақ алдындағы жоғарғы жауапкершілігімізді сезіне отырып, моральдық қайта жаңғыруда өткеннің сабағын оқып, зерттеген абзал.

Ресми Жарлықтың 1 тармағында (1990 жыл 13 тамыз) «Кеңес Одағының зорлық-зомбылыққа, қуғын-сүргінге ұшыраған барлық халықтарының азаматтық құқығын қайта қалпына келтіру керек делінген. Күштеп көшірілген халықтардың құқықтарының сақталмауының және ұлттық мемлекеттік автономияларының жойылуына негіз болып отырған, мемлекеттің Жоғарғы органдарының актілері күшін жойды, өзгертілді. Оларда қойылған еріктен тыс талаптар мен шектеулер алынып тасталды. Алайда, сол кезең әділетсіздігінің ақтаңдақтары бүгінге дейін толық аталмай, олардың ұрпағы - «халық жауы» ұрпағы деген тіркемесін сақтап келеді.

Қазақстанға зорлап жер аударылған халықтар легі 30-40-жылдары басымшылық алды. Еңбекпен түзеу лагерлеріне орналастырылған аз ұлттарға арналған ереже 1941 жылдың 28 сәуірінде жарық көріп, онда лагерден қашқан жағдайда РКФСР-дің қылмыстық кодексінің 58-14бабы бойынша ауыр қылмыс деп табылып, ату жазасына кесілетіндігі келтірілді. Бұл адам баласының құқығын аяққа таптау, олардың жағдайын елемеу еді. Негізінде бұл заңның өзіндік мәні болды. Лагерде орналасқан (бұлардың арасында күштеп қоныстанған, бірақ «саяси сенімсіз» деп табылғандардан басқа ауыр қылмыс жасап немесе контрреволюциялық әрекеттермен, тонаушылық әрекеттерімен ұсталғандар болған – С.Х.) аз ұлт өкілдерін жуасыту арқылы қатаң тәртіпке үйрету болатын. Бұл жер аударылған халықтар «Ішкі Істер Халық комиссариатының арнайы комендатуралық ережесі» және «жер аударылғандардың құқықтық жағдайлары туралы» құжаттары бойынша орналасуы тиіс болды. Жер аударылған ұлттар жартылай болса да, құқыққа сай, күнделікті белгіленуі керек және өздері орналастырылған территорияларынан комендатураның рұқсатынсыз шығу мүмкін болмайды деген Заң талабынан босатылды. Бұл, оларды белгіленген территориядан рұқсатсыз кетіп қалып, яғни қашты деген айыптан құтқарып, жазықсыз жазадан арашалау еді.

1945 ж. 8 наурызда КСРО ХКК-нің «Арнаулы қоныстанушылардың құқықтық жағдайы» туралы қаулысы жарық көрді. Бұл заң бойынша барлық жер аударып келгендер КСРО азаматтарының құқығын пайдалана алатын

болды. Еңбекке жарамдылары жұмыспен қамтамасыз етіліп, одан бас тартқандар заң жүзінде жазаланды. Дегенмен, осы қаулы негізінде олардың құқықтарына шектеуліктер де қойылды. Атап айтсақ, арнайы ПХК-ның арнайы комендатурасының тұқатынсыз тұрып жатқан жерінен басқа жаққа көшуге немесе кетуге тыйым салынды. Өз бетімен кету «қашу» деп есептеліп, қылмыстық іспен қаралатын болды [200, 113 б.]

1945 жылы 25 шілдеде «жер аударылған халықтарға кепілдіктер туралы» арнайы қаулы шықты. Онда жер аударылған халықтардың тұрмыстық жағдайына байланысты ауыл шаруашылығы қажеттіктерінен көмек-жәрдем беру ұйымдастырылу қажеттігі айтылды. Жер аударылғандарды орналасқан территориясында мәңгі қалдыру туралы 1948- жылдың 26-қарашасы мен 1951-жылдың 9-қазанында, олардың жұмыс істеген орнында құрылыс біткенше қалдырылатыны туралы қаулылар шықты. Олар қашқан жағдайда, 10 жылдан 20 жылға бас бостандығынан айырылатын болды. Қаулымен танысқан жеке адамдардан қолхат алынды [200; 121, 92 б.].

Жоғарыда аталған қаулылардың тұжырымына өзгертулер 1954-жылдан бастап енгізілді. Онда назар аударатын мәселенің бірі - жер аударылған халықтардың 1941-1945-жылдары соғыста қираған елді-мекендер мен қалаларды қалпына келтіруі, жалпы халықтық іске өз үлестерін қосуда аянбай еңбектену мен жергілікті тұрғындарға қосылып, халық шаруашылығын өркендетуге жұмыла кіріскендігі. Арнайы жер аударылғандардың құқықтық жағдайларынан кейбір шектеулерінің алынуы турасында, «1954 жылдың бесінші шілдесінде КСРО Министрлер Кеңесінің қаулысында оларға қолданылған бұрынғы құқық нормаларының шектеулерін қажетсіз деп тауып, осы қаулыға сәйкес мынандай мәселелерден шектеулерді алды:

Жер аударылғандардың есебінде тұрған, қоғамдық пайдалы еңбектермен айналысатын адамның қарамағына қазіргі облыс, аймақ, республика ішінде тұруға, ал қызметтік іс-сапарда жалпы елдің кез-келген орнына ерікті түрде баруына құқылы.

1. Тұрып жатқан жерлерінде жер аударылғандардың ішіндегі қоғамдық пайдалы еңбектермен айналыспайтын, қалыпты қоғамдық тәртіпті бұзған адамға бұл құқық таратылмайды.

2. Қолданылып отырған тәртіпке өзгерісті, жер аударуда жүрген адамдардың өздерінің КСРО Ішкі Істер Министрлер органына тіркелуге жылына бір рет келетіндерге орнату. Тұрғылықты орнын жиі ауыстырып тұратын адамдар, арнайы комендатурадан есептен шығуы керек және КСРО ПМ органында, жаңа тұратын орны бойынша есепке тұруы керек.

3. КСРО ПМ органынан жер аударылған балалардың 16 жасқа дейінгілерді қоса санағанда, оларды әкімшілік қадағалаудан босату және жер аударылғандарға қойылған кейінгі шектеулерді оларға қолданбау.

4. Арнайы жер аударылғандардың 16 жастан жоғарғы балаларды және оқу орындарына жіберілгендер мен қабылданғандарды есептен шығару, оларға кез-келген елге оқуға баруға рұқсат беру.

5. Арнайы жер аударылғандарға тұратын жерлерінде қалыптасқан жүйені бұзғаны үшін берілген әкімшіліктік шара ретінде қолданылған айыпты және тұтқындауды алып тастау

Бұған одақтық және автономдық республикалардың Министрлер Кеңесін міндеттеу, облыстық және аймақтық Атқару Комитеттері Кеңесінің еңбек депутаттарына арнайы жер аударылғандар арасында қоғамдық -саяси өмірге белсенді тарта отырып, саяси жұмыстарды күшейту.

Арнайы жер аударылғандар, басқа еңбеккерлер сияқты кәсіподақтың, комсомолдық органдарға қатыстырылуы керек. Сол сияқты жұмыстарда еңбектегі жетістіктері үшін марапаттау және олардың білімдері мен мамандықтарына байланысты жұмысқа пайдалану көзделді [200, 126 б.].

Осы қаулы шыққанан кейін республика бойынша шешендер мен ингуштердің көшу үрдісі байқалды. 1955 жылы Оңтүстік Қазақстан облысына 2415 арнайы жер аударылғандар отбасымен: 343 – немістер, 1009 – шешен, 150 – ингуш, 547 – қарашай, 295 – грек, 370 – тәжік және 121 адам басқа ұлт өкілдері көшіп келген [68, 235 б.].

Қаулы аса ауыр мемлекеттік қылмыс жасағандарға және жазасы өтелгеннен кейін жер аударылуға жіберілген адамдарға қолданылмайды, сонымен бірге көрсетілгендерді арнайы жер аударылғандар дәрежесіндегілерге ғана қолдану тапсырылды. 1955 жылы жер аударылған ұлттар мен этностардың құқықтық жағдайларының бірқалыпқа келтіріліп, кейбір шектеулерінің алынуы туралы қаулы шықты. Осы қаулы қабылданғаннан кейін кейбір ұлттар арасында бір облыстардан екінші облыстарға, туған туыстарына жақынырақ, өз атамекендеріне көшу басталды. Жер аударылған халықтарға қойылған кейбір шектеулерінің алынғанына қарамастан, олардың арасында үгіт-насихат жұмыстары жүргізіліп, қоныстанған жерлерінде қалдыруға тырысты.

Қазақ КСР-нда орналастырылған жер аударылғандар арасында еңбек ету кезінде, ерекше жетістіктерге жетіп, алдыңғы қатарлы еңбек озаттары, құрмет тақтасының иелері, Социалистік Еңбек Ерлері жұмыстарын тастап атамекендеріне кетпесе де, басқа облыстарға кетіп жатты немесе жұмыстан бас тартып, жеке шаруашылықтарын жасауды көздеді. Бұл, жергілікті басшылардың да, колхоздардың да жақсы еңбектегі көрсеткіштеріне кедергі келтірді. Кейбір шешен-ингуштердің арасынан жұмыстан бас тартқандар кездесті. Олар жеке жер шаруашылығымен айналысқылары келетіндіктерін ашық айтты. Сондай-ақ, Еңбекшіқазақ ауданы бойынша кетуге ұйымдастыру комитетінің келісімін алған, құрамында 1 295 адамы (223 отбасы) Алматы стансасынан бұрынғы мекендеріне қайта оралған. Оларға (168 отбасына) үй берілді, ал 40 отбасы ведомствалық пәтерлерге орналасса, олардың ішінен 10 отбасы жер алып үй салуға кіріскен. 219 отбасына сиырлары қайтарылды, ал 4 отбасы кетер кездерінде, малдарын сатып кеткендіктен мал үлестірілмеді. Барлық кетуге қамданған жер аударылған отбасылар, өздерінің тұрақтаған жерлеріне қайта қоныстандырылды. Олардың 414 еңбекке жарамды адамның, 132-і, колхоздарға мүшелікке кірмеген, ал совхоздар мен мекемелерде 53 адам жұмысқа шықпаған [201].

Тұрып жатқан жерлерінен кетіп қайта оралғандардың бәріне бұрынғы үйлері беріліп, үй жанындағы жерлерін малдарымен қайта қамтамасыз ету шаралары үздіксіз жүргізілді.

1955 ж. 10 наурызда КСРО Жоғарғы Кеңесінің «Арнайы жер аударылғандарға төлқұжат беру туралы» қаулысының шығуы маңызды оқиға болды. Ал осы жылдың 23 наурызда «Арнайы жер аударылғандарды әскер қатарына шақыру» туралы қаулы шықты.

1954 жылы күштеп көшірілгендерден кейбір шектеулер алынғаннан кейін 1955 жылғы 13 желтоқсандағы Жоғарғы Кеңесінің жарлығының 2- тармағында «Алыс жерлерге жер аударылған немістер және олардың отбасыларына қойылған еріктен тыс талаптар алынып тасталсын» делінген құқықтық еркіндіктер берілген заңдар шықты [200, 192 б.].

1955 ж. 13 желтоқсандағы күшіне енген Жоғарғы Кеңес Президиумының қаулысымен Оңтүстік Қазақстан облысынан арнайы комендатурадан 8960 немістер босатылды [202]. Осы жылдың 24 желтоқсанында 1941-1945 жылдардағы соғысқа қатысқандар, Отан соғысында орден мен медальдармен марапатталғандар, соғыста қаза болғандардың отбасы және оқу орындарының оқытушылары т.б. арнайы комендатура құрығынан босатылады [203].

Жер аударылғандардың шектеулерінің алыну шараларын іске асыруда, жергілікті партия ұйымының хатшылары және ұйымдастыру, мекеме, кәсіпорын басшылары белсенді жұмыс жүргізді. Олар республиканың барлық кәсіпорын, мекеме, колхоз, МТС, совхоз, аудан орталықтарында жер аударылған халықтарға арнап жиындар өткізіп, құқықтық шектеулері алынғандығы туралы қаулылармен таныстырып отырды. Шектеулердің алынуын, жер аударылған халықтар қуанышпен қарсы алды. Олар өздері орналастырылған тұрақты елді мекендерінде қалды. 1957 жылдың 8 маусымында Қазақстан КП ОК бюросының «шешен – ингуш халықтарының, республикадан кетуін уақытша тоқтату туралы» қаулысы шықты [204].

Осы қаулыға байланысты Қазақстан жеріне тұрақтап қалған аз ұлттарды республикадан шығармай, олардың қызметтерін өсіріп, әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын түзеуге көмек көрсету шаралары жүргізіле бастады.

1956 ж. 19 наурызда КСРО Бас прокуроры, Ішкі Істер министрлігі және МҚК-нің төрағасының қол қоюымен қабылданған 35 сс / 0066/ 00124 нөмірлі бұйрықта барлық жер аударылғандарды бастау, оларды ПМ-нің бақылауынан алу, босатылғандарға төлқұжаттарын беру, тұрған жерлерінен қашып кеткендерді іздестіруді тоқтату қажеттігі көтерілді [200, 121-122 б.].

1955-1956 жж. заңды түрде құқықтық шектеулері алынып, бұрынғы Автономиялық республикалары мен облыстары қалпына келтірілген шешен, ингуш, балқар, қарашай, қалмақ халқының өкілдері өз тарихи отандарына, туып-өскен жерге қайтуға мүмкіндік алды. Тағылған айыпты жоққа шығарғаннан кейін 50 мың адам өз отанына оралушылар болып атамекендеріне қайта сапарға бет бұрды.

Кесте 9 – Аудандар бойынша тарихи отандарына қайту жөнінде мәліметтер төмендегідей болды:

Аудан	Есептен шыққан	Кеткендер	Қалғандар
Алматы	12 адам	4 адам	8 адам
Жамбыл	5	4	1
Қаскелең	14	14	-
Іле	9	2	7
Шелек	1	-	1
Еңбекшіқазақ	9	-	9
Ленин (қазіргі атауы)	5	5	-
Сталин (қазіргі атауы)	16	14	2
Фрунзе (қазіргі атауы)	8	6	2
Каганович(қазіргі атауы)	5	3	2

Олардың атамекендеріне қайтуына жол ашылғаннан кейін облыстарда партия органдарындағы мүшеліктегі коммунистер есептен шығып, еліне кету науқаны жүрді. Мысалы, 1957 ж. барлығы 84 адам есептен шығып, оның 52-і кетіп, 32 адам қалды [205].

Қазақстан жерінде немістердің саны басым болғандықтан (936 мың адам) Целиноград облысының Ерейментау ауданынан жер бөлініп, Неміс автономиясын құру жөнінде мәселе жоспарланады [200, 126-б.]. Осыдан кейін «Қазақ КСР-нің құрамында Неміс Автономиялы облысын құру туралы» 15 пункттен тұратын Жарғының бірінші тармағында «КСРО-ның Жоғарғы Кеңесінің сессиясына дейінгі 7-8 күннің ішінде Қазақ КСР-нің Жоғарғы Кеңесінің Президиумының Неміс автономиялы облысын құру туралы шешімін дайындау қажет» деп белгіленді.

Мұндай ішінара шешіліп жатқан түсіндірулер мен қабылданған қаулылар жергілікті қазақ халқының пікіріне қарсы келетін еді. Бұл жергілікті тұрғындардың намысы мен құқығына қол сұғу болып табылды. Немістерге автономия берілетіндігін шешіп, Қазақ КСР заңында «Қазақ КСР-нің құрамында Неміс Автономиялы облысын құру туралы», - деп, және оның екінші тармағында «Павлодар, Целиноград облыстарының шекараларын өзгертіп, Неміс Автономиялы облысының құрамына кіргізу керек» делінген шешімді өзгерістер енгізілетіндігі айтылған [60, 169 б.].

Жоғары билікке жауап ретінде Целиноградта үш күнге созылған «Қазақстан бөлінбейді» деген көтерген қазақ жастарының көпшілік шеруі өтті. Бұл шерудің негізгі мақсаты, қазақтардың тоталитарлық жүйеге алғаш рет

жауап ретінде өз атамекендерінің ішкі шекарасын сақтап қалу шаралары болды және ол іске асты да. Шектеулері алынғаннан кейін Шешен-Ингуш және Кабардин-Балқар республикалары қалпына келтірілді, Карашай-Черкес облысы қайта құрылғанымен, отанына барушыларға бұрынғы барлық жерлері қайтарылған жоқ. Оған басты себеп, олардың бұрынғы атамекендеріне қоныстанған шовинистік элементтердің ұйымдастырған қарсылық қозғалысы еді. Заңды өз атамекендерін талап еткен халықтардың сұрауын орындау, орталық және жергілікті органдарының да жұмысын үлкен сарсаңға түсірді деуге болады. Өйткені оны орындау барысында ұлттар арасындағы қақтығыстар өріс алып, ел тыныштығын бұзып алу қаупі айдан анық көрініс тауып тұрды.

1989 жылы 14 қарашада «күштеп жер аударылған халықтарға қарсы қуғын-сүргін актілерінің заңсыздығын мойындау және олардың құқықтарын қамтамасыз ету жөнінде КСРО Жоғарғы кеңесінің Декларациясы қабылданды. Ал 1990 жылғы 11 желтоқсанда РКФСР халық депутаттарының съезі «РКФСР-дағы саяси қуғын-сүргін құрбандары» жайында қаулы қабылдады. Келесі жылдың 26 сәуірінде РКФСР Жоғарғы Кеңесі «Қуғын-сүргінге ұшыраған халықтарды ақтау» жөнінде заң қабылдады.

1993 жылғы 14 сәуірде қабылданған Қазақстан Республикасының «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау» жөніндегі қаулысының негізінде шешен-ингуштер саяси қуғын-сүргін құрбандары болып есептеліп, ақталынды. Саяси қуғын-сүргінге ұшыраған ұлттар мен этностар сталиндік зобалаң нәтижесінде небір қиыншылықтардың басынан кешіріп, тек өздерінің жігерінің, қайсарлығының, еңбеккерлігінің арқасында ғана үлкен жеңістерге жетті.

Корей ұлтының өкілі Сергей Югайдың естеліктерінде Хабаровскіде қуғын-сүргін азабын тартып, атылғандардың қабірі болғанын, 1990 жылы 20 қазанда сол жасырын болып келген қабірдегі қуғын-сүргін құрбандарына арналған ескерткіштің ашылу салтанаты болғанын. еске алу жиыны болғанын, сол жерде тақтайшада: «Кінәсіз өлтірілгендерді мәңгі естен шығармаймыз» деген жазу болғанын айта келе: «Ескерткіш-тақтайшада қатыгездігі жағынан өте қорқынышты, көлемі жағынан үлкен шығынға алып келген жарияланбаған соғыс болды. Онда орыстар, украиндықтар, немістер, татарлар, еврейлер, корейлер т.б. ұлттар жерленген. Ал бірнеше онжылдықтардан кейін репрессия құрбандарын толықтай ақтау шараларымен бірге оларға халықтың сүйіспеншілігі мен мойындауы, қайғыруы келді» - деп жазған [149, 94 б.].

1985 жылы Кеңес Одағының үкімет басына, Сталин империясын күйретуге әзір болған Горбачев келді. Бұл кезде Орталық және Шығыс Европадағы, Кеңес Одағының ықпалы бар елдердің бәрінде революциялық ахуал қалыптасқан болатын. Польшада Ярузельскийдің үкіметі, елдегі экономикалық күйреуді қанша жерден реформалау арқылы көтермекші болғанымен, халық қолдамаған оның бағдарламасы 1987 жылғы жалпы ұлттық референдумда сәтсіздікке ұшырады. Ярузельский партия басшылығынан кетті, Польшаға Европалық одақ арнайы төтенше қор ұйымдастырып, азық-түлік сатып алуына жәрдемдесті. Сөйтіп Польшаның Батыс елдеріне қарызы 35,5 млрд. доллар болды. (1989

жылдың басында Венгрияның қарызы – 13,7 млрд. доллар, Шығыс Германия – 7,6 млрд. долл., Болгария – 5,4 млрд.долл., Чехославакия – 4 млрд. долл., Румыния – 3,9 млрд. долл., Югославия – 17,6 млрд. долл.) [206, 371-372 б.].

Бұл кезеңде Польша шығыста Ресеймен бейбіт қатынас орнатқанмен, болашақ тағдырын Литва, Беларусь, Украинамен сабақтастыруды көздеді. Ал, Венгрия болса, социалистік жұмысшы партиясы атын, социалистік партияға өзгертіп, оған қарсы екі партия шыққан еді: бірі - Батыс Европа христиан демократтарына жақын-Венгр демократиялық форум оңшылорталық партиясы, екіншісі Тәуелсіз Демократтар одағы.

Жалпы 90 жылдардағы бірін бірі ауыстырған Венгр Үкіметтерінің басты мақсаты – Батыстың көмегімен ел экономикасын көтеру болды. Осы кездегі Берлин қабырғасының күйреуі екі Германияның бірігуіне жол ашты. Бұл шақтағы қабырғаның күйреуі, Шығыс Германия экономикасының күйреуімен түспа-түс келген еді. Коммунистік басшылардың ішінде Хонеккердің беделі ең төмені болды. Енді ол халықты күшпен басып-жаншу мүмкін емес екенін түсінді. Осындай себептер Чехославакияда Густав Гусактың да Бас секретарьлық қызыметінен кетуіне итермеледі және үлкен мемлекет екіге бөлінді.

Венгрияны ұзақ басқарған Кадардан да, үкімет басында көбірек болған Тодор Живков, Болгарияны басқаруының соңғы кезінде, ел төңірегіндегі аз ұлттарға қысым көрсетумен шектелді. Кейін Хонеккер секілді Живков та тұтқындалып мемлекетке қарсы іс-әрекеті үшін айыпталды.

Румынияда коммунистік диктатураның құлауы қанды оқиғамен аяқталды. Партияны жанұялық тирандыққа айналдырған Николае Чаушеску Сталинге ұқсап бағуға тырысты. Тыңшылары, жеке армиясы оны халық алдында беделден айырды. Брашове, Тимишоаредегі халықтың толқуы, оның тағын түпкілікті шайқалтып, ақыры әйелі екеуі атып өлтірілді. Бұларды айтып отырған себебіміз, Варшава шартына қол қойған мемлекеттердің тірегі болып отырған КСРО-ның да, бұл кезде шаңырағы шайқала бастаған еді.

Демократиялық қоғамға көшу қажеттігі Орталық пен одақтас республикалар арасындағы, сол сияқты республикалардың өзара қарым-қатынастарында қалыптасқан жағдайларды қайта қарауды, осы қатынастардың мемлекеттік-құқықтық негіздерін өзгертуді талап етті. 1988 жылдан бастап, алдымен Балтық бойындағы ұлттық-демократиялық қозғалыстар тарапынан жаңа одақтық шарт жасау туралы мәселе қойыла бастады. Бұл мәселені КСРО халық депутаттарының I съезінде жекелеген халық қалаулылары да көтерген болатын.

Қайта құру идеяларын іске асыру оңайға соқпады. 1989 жылдың жазынан былайғы кезеңдегі КСРО шеңберіндегі саяси оқиғалар, орталықтандырылған жүйені бұзып, тоталитарлық рухтың көзін жойып, түбегейлі құрылымдық өзгерістер жасамайынша реформаларды жалғастыруға болмайтынын көрсетті. Жаңадан сайланған халық депутаттарының 1989 жылғы маусымда өткен I съезінде Кеңес қоғамының дағдарысқа ұшырауы себептерін талдауға талпыныс жасалды. Онда партиялық және мемлекеттік органдар міндеттерінің арасына жеңілеу туралы, экономика саласында нарықтық қатынастарға көшу, жеке

меншікті енгізу, тоталитарлық империяның орнына демократиялық, азаматтық және құқықтық қоғам орнату жөніндегі мәселелер ашық сөз болды.

КСРО-дағы реформалардың жүргізілу барысындағы түбегейлі бетбұрыстар осы кезеңнен басталды. Өз елдерінің тәуелсіздігіне қол жеткізу үшін алдымен Балтық жағалауындағы республикалар – Латвияның, Литваның, Эстонияның, кейінірек Украинаның, Қырғызстанның, Ресейдің парламенттері мемлекеттік тәуелсіздік туралы декларациялар қабылдады. Олардың үлгісімен 1990 жылдың күзінде бұрынғы КСРО құрамындағы республикалар бірінен соң бірі өз егемендіктерін жариялай бастады. Одаққа мүше республикалардың егемендікке ұмтылысы, олардың өз мәселелерін өз еркімен шешуге деген талпыныстары одақтық деңгейдегі билік жүйесінен түсіністік пен қолдау таппады. Ұлттық республикалардың тәуелсіздікке бағытталған әр қадамын орталық басшылары сепаратизм және жершілдік, тіпті ұлтшылдық деп бағалауға бейім тұрды.

1989 жылы КСРО-ны тұрақты одақ ұстанымдары негізінде қайта құру мүмкіндіктері болған еді. Республикалар өздерінің мемлекеттік құрылысын өздері белгілеу, өзін-өзі билеу туралы мәселені батыл қоя бастады. Орталық теледидар, «Правда», «Советская Россия» сияқты газеттер «Балтық бойындағы республикаларда адам құқығы бұзылуда, олардан үлгі алған КСРО-ның басқа құрамдас бөліктері «халықтар достығына» қарсы жолға түсуі ықтимал» деген шу көтерді. Кеңес Одағының басшылығы, алдымен, Балтық бойы республикаларына қарсы экономикалық және саяси жазалау шараларын қолданды. КСРО басшылығы ел өмірінде орын алған күрделі өзгерістерді түсініп, бағалауда дәрменсіздік көрсетіп, республикалар алдындағы беделінен айырылды. Ресей Федерацияның өз тәуелсіздігін жариялауы кеңестік жүйеге ауыр соққы болып тиді. Өйткені Ресей КСРО-ның ең үлкен республикасы және оның арқа сүйер тірегі болатын.

1990 жылы сәуірде республиканың Жоғарғы Кеңесінің ұйғаруымен Қазақ КСР-і Президентінің қызметі тағайындалды. Жоғарғы Кеңестің сол мәжілісінде тұңғыш президент болып Нұрсұлтан Назарбаев сайланды. Қалай болғанда да, өкімет билігінің әлсіреп, экономиканың шұғыл күйреуі жағдайында Қазақстанда саяси және экономикалық өмірді тұрақтандыруға тұтқа болатын президенттік басқарудың енгізілуі заңды құбылыс еді. Ол кезде мұндай шешімдердің қабылдануы да, оның іс жүзіне асырылуы да көзді ашып-жұмғанша тез жүріп жатты және бұрынғы одақтас республикалар бірінің істегенін бірі қайталап отырды.

Мемлекет басшылығына келген Н.Ә. Назарбаев КСРО-ның келешегі туралы айтыс-тартыстар жүріп жатқан кезде жаңарған федерация ұстанымдары негізінде одақты сақтап қалу үшін белсенді күрес жүргізді. Кейінірек Қазақстанның жетекшесі конфедерациялық құрылым ұсынысын көтерді. Бірақ елде орталықтан іргені аулақтату тенденциясы үстемдік ала берді.

Қазақстанда да күн өткен сайын мемлекеттік егемендікті жариялауды талап етушілер күшейе бастады. Қоғамдық қозғалыстар 1990 жылғы қазан айында айрықша белсенділік көрсетті. Күн сайын Жоғарғы кеңес үйінің алдында (Алматыдағы бұрынғы Ленин атындағы алаңда) таңертеңнен кешке дейін саяси митингілер өтіп жатты. Ал Алматы қалалық партия комитеті үйінің

алдында жастар пикет ұйымдастырып, аштық жариялады. Қазақстанның тәуелсіз ел болуын, жастарға қатысты әлеуметтік мәселелердің дереу шешілуін, Кеңес Армиясын тез арада реформалауды талап етті. Республикадағы саяси жағдайдың шиеленісуіне Қазақстанның әр түрлі аудандарында құрыла бастаған казачество ұйымдарының қазақ халқының намысын қорлайтын әрекет ретінде бағалануы, оған қоғамдық қозғалыстардың бірлесе соққы беруі үлкен түрткі болды. Осындай жағдайда Жоғарғы Кеңестің сессиясындағы бірқатар айтыстардан кейін, бұрынғы кеңестік республикалардың соңғыларының бірі болып, «егемендік шеруіне» Қазақстан да қосылды. 1990 жылғы 25 қазанда Жоғарғы Кеңес «Қазақ Кеңес Социалистік Республикасының мемлекеттік егемендігі туралы Декларация» қабылдады.

1991 жылдың желтоқсаны ірі саяси оқиғаларға толы болды. Олардың ең бастысы – КСРО-ның ыдырауы еді. Желтоқсанның 8 күні Минскіде бас қосқан үш славян мемлекеттерінің басшылары өзара келісіп, 1922 жылғы КСРО-ны құру туралы шарттың өз күшін жойғанын жариялады.

«Біз, - деп көрсетілген ол құжатта, - Беларусь, Ресей, Украина 1922 жылғы Одақтық шартқа қол қоюшы, яғни КСР Одағының құрылтайшылары болған мемлекеттер ретінде КСР Одағының халықаралық құқық субъектісі ретінде және геосаяси ақиқат тұрғысында өзінің өмір сүруін тоқтатқанын мәлімдейміз». Қол қоюшылар дайындаған бұл құжатта КСРО заңдарының күшін жойғандығы, одақтық органдардың жұмысын тоқтататындығы да атап көрсетілді.

Сонымен қатар, аталған үш мемлекеттің басшылары Тәуелсіз Мемлекеттер Одағының (ТМО) құрылғандығы туралы мәлімдеді. 1991 жылғы 13 желтоқсан күні Ашхабадта Орта Азия республикалары мен Қазақстанның жетекшілері бас қосты. Олар Минскіде қабылданған шешімдерді жақтайтындықтарын білдірді.

Осылайша, дүние жүзіндегі аса ірі отаршыл империялардың соңғысы – Кеңес Одағы құлады. Нәтижесінде Армения, Әзірбайжан, Беларусь, Грузия, Қазақстан, Қырғызстан, Латвия, Литва, Молдова, Өзбекстан, Тәжікстан, Түрікменстан, Украина, Эстония мемлекеттері ғасырлар бойы аңсаған азаттыққа қол жеткізді. Бұлардың бәрі мыңдаған жылдық қалыптасқан тарихы бар, ұлттық экономикасы, мәдениеті дамыған ірі елдер болатын. Мұндай елдердің өзгенің табанында жаншылып, ұлттық мемлекеттігін жойып алуы тарихи әділеттілікке жатпас еді.

1991 жылы Совет Одағы құлағаннан кейін, Закавказье республикалары тәуілсіз мемлекет болды. Бұрынғы барлық дерлік Автономиялық облыстар мен республикалар Ресей Федерациясы құрамындағы Автономиялық республикалар статусын алды. Ал шешен бұл статусты қабылдаудан бас тартты, олардың мақсаттары тәуелсіздік алу еді және де соны талап етті. 1992 жылы Шешенстан мен Ингушетияның көпжылдық одағы құлады. 1993 жылы желтоқсандағы Ресейдің жаңа Конституциясында құрамындағы республикалар дербес деп белгіленбеген, олар тек орыс облыстарымен тең құқылы ретінде сақталатындағы айтылған.

Сондықтан бұл халықтар өздерінің тарихи отандарына қайту құқығын қалпына келтіру жолында, қанша арызданғанмен одан ешқандай нәтиже болмайды. Немістерге, қырым татарлары мен түріктерге ерік берілген жоқ.

Демократиялық қозғалыс кезінде, қоғамдық күштерінің қысымы мен КСРО Жоғарғы Кеңесі түріктер мен қырым татарлары туралы 1989 ж. 14 қарашада арнайы мәлімдеме жасап, кезінде орын алған саяси қуғын-сүргінді айыптады.

Депортацияға ұшыраған халықтарды реабилитациялау барысында ұлттық сананың қалыптасуына байланысты көптеген проблемалар туды. 1991 жылы КСРО құлағаннан кейін қуғынға ұшыраған халықтар мен азаматтардың еркіндікке қозғалысы жандана бастады. Алайда олардың бұрынғы құқығын қалпына келтіруге әлі де нақты дайын емес еді. Дегенмен 1991 жылдың 7 наурызда КСРО Жоғарғы Кеңесі қаулы қабылдап, онда күштеп көшірілген кейбір халықтардың құқығының сақталуын және олардың бұған дейінгі қабылданған ұлттық-мемлекеттік актілерінің күшін жоюды қамтамасыз ету шаралары белгіленді. Қуғын сүргінге ұшыраған халықтың заңды құқын қалпына келтіру, олардың отбасыларына белгілі бір жеңілдіктер тағайындау, Ұлы Отан соғысы жылдарында «жұмысшы колонияларында» болғандарын анықтап, оларға материалдық жағдайлар жасау қарастырылды.

Қоғамдық ұйымдардың қысымы нәтижесінде 1991 жылы 7 наурызда КСРО Жоғары Кеңесі, олардың тұрған жерлеріне оралуына ерік беру, оларды кезінде күштеп көшіру, Ата Заңға (Конституцияға) жат саясат, зорлықпен қоныс аударылғандардың мемлекет тарапынан шеккен залалдарын өтеу, 1941 жылға дейін тұрған жерлеріне барған күштеп қоныстанушыларға, ешкім де кедергі жасамауы ашық айтылды. Осы Қаулыдан кейін әртүрлі ұлттар мен этностардың басым көпшілігі тарихи отандарына қайтуына байланысты 1999 жылғы санақ бойынша қарастырсақ, гректер саны – 72,5 пайызға, немістер – 62,7 пайызға, шешендер – 35,2 пайызға, поляктар – 20,3 пайызға, ингуштер – 13,5 пайызға, әзірбайжандар – 12 пайызға қысқарған [207, 106-б.]. Олардың негізгі бөлігі Орта Азия мен Қазақстанда үйренісіп, үйлі-жайлы болған жерлерінде орнығып қалды.

Кесте 10 – 1989-1999 жылғы халық санақтары бойынша Қазақстандағы жекелеген ұлттардың саны

Ұлттар	1989ж. (мың адам)	1999 ж. (мың адам)
немістер	946,9	353,4
корейлер	100,7	99,7
әзірбайжандар	89,0	78,3
түріктер	49,6	75,9
поляктар	59,4	47,3
күрдтер	25,4	32,8
шешендер	49,1	31,8
ингуштер	19,5	16,9
гректер	46,3	12,7
қарашайлар	2,1	1,4

Санақ мәліметтеріне салыстырып қарасақ, Қазақстандағы ұлттар мен этностардың ішінде немістердің саны азайғанын (олардың ішінде отанына қайтқандары, өмірден озғандары бар), корейлерден бір мың адам ғана еліне оралған, ал түріктер, шешендер, ингуштердің саны 1999 жылы өскенін көреміз [207, 136-137-бб.]. Ал, соңғы халық санағы бойынша, олардың Қазақстан республикасында тұрақтап қалғандары - немістер – 353 441 адам, татарлар - 48 952 адам, корейлер - 9 657 адам, әзірбайжандар - 78 295 адам, күрттер - 2 764 адам, шешендер - 1 799 адам, ингуштер - 6 893 адам есепке алынған [208, 11 б.].

Елді езіп-жаншып, жұртты жүдеткен тоталитарлық жүйе, жер аударылған халықтардың толықтай атамекендеріне оралуына шектеу жасап, олардың өміріне, рухани дүниесіне, тілінің, салт-дәстүрінің дамуына қиянат жасағандығын, дерек көздері айқындап, айғақтап берді деуге болады.

Күштеп қоныс аударған корей халқының Қазақстанда алғаш тұрақтаған өңірі солтүстік облыстар дедік. Қазақстанның солтүстік аймағында корейлер, тұрғылықты тұрмыс жағдайына орналасқан елді мекендеріне қарай, үш топты құрады. Бірінші топ – корейлер сан жағынан басым көпшілігі КСРО - ның Қиыр Шығыс өлкесінен қоныс аударғандар ұрпағынан болды, екінші топты – корей жанұялары Достастық елдерден көші-қонмен келгендер құрады, әсіресе, Қырғызстаннан, Өзбекстаннан шыққан еді. Бұлар өздерін Корей адамымыз дейтіндер. Қазіргі әлемде көп ұлт өкілдерінің жер бетіне орналасуында, ортақ жалпы заңдылыққа тартылу процесі жүруде. Бұл үрдіс өзара байланысқа көзделуде, әрі уақыт өткен сайын нығаюда.

Қазақстаннан КСРО ыдырағаннан кейін өз Отандарына кеткен этностардың арасынан әлі күнге дейін өзара қазақ тілінде сөйлейтіндерді кездестіруге болады. А.А. Гунашев пен Л.Н. Сапонованың жазуынша, Қазақстан жеріне 30-40 жылдары қоныстанған шешендердің (вайнахтар) бір-бірімен қазақ тілінде сөйлесіп, қазақша ән айтып, олардың кейбір салт-дәстүрлеріне құрметпен қараған. Осы күні Қазақстан территориясында 50 мыңдай шешендер мен 17 мыңдай ингуштер өмір сүруде [209, 19 б.].

Сонымен, бүгінгі күнде, күні кеше жер аударылғандардың екінші Отаны-Тәуелсіз Қазақстанда тұрақтап қалғандары да баршылық. Олар Қазақстан халқының тең құқықты азаматтары ретінде қазақ халқымен туысқан болып етене араласып, татулық пен бірлікте бейбіт өмір кешіп отыр. Олардың білімін, тілін, мәдениетін, салт-дәстүрін дамытуға немесе атамекендеріне оралуларына немесе мемлекеттіктерін қайтаруға Қазақстан үкіметі тарапынан бар мүмкіндіктер қарастырылуда.

«Тоталитарлық режимнің біздің халықтарымызға түзетуге келмейтін зиян келтіргеніне қарамастан тіпті сол жылдардың өзінде экономиканың дамуы, мәдениеттің, ғылым мен білімнің бірін бірі байыту үрдісі жүріп жатты. Біз халықтардың Ұлы Отан соғысы жылдарында өзінің бостандығы мен тәуелсіздігін бірлесіп сақтап қалғанын, қираған шаруашылықты тез қалпына келтіргенін, космосқа шыққанымызды әрқашан есте сақтауымыз керек» [210].

3.2 Қазақстан халық Ассамблеясы, ұлттық-мәдени орталықтар

Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының атауы Қазақстан Республикасы болып өзгертілген 10-желтоқсан 1991-жылдан басталған тарихи дамудың жаңа кезеңінде, қазақ ұлтының мемлекет құруға бел байлағандығын басшылыққа ала отырып, іске асырылған бағдарламалар қатарында ұлттық мәдени орталықтарын құру болғанын, соның ішінде кәріс, неміс ұйғыр және тағы басқа, оң өзгерістер сонау 1990-жылдардың соңынан басталды. Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: «Жадымызда жатталсын, татулық дәйім сақталсын» деген еңбегінде: «... өткен жылдар шежіресін үнемі, әрі бұрмалаусыз зерделеп отырудың жөні бөлек. Мұның өзі өткендегі тәжірибенің жақсысын үйрену үшін, ескі қателіктерді қаулата бермес үшін, жаманнан жирену қажет», - деп атап көрсетті [211].

Қазақ халқының ғұрпында қай жақтан болса да ел ішіне (ол айдалып келген бе, жер аударылып келгендер ме - ажыратып жатпайды) келген адам нәсіліне қарамай бәрі бірдей құрметте болады. Қазақстан халқы - әлемдік жаңа тәртіптің түбегейлі жаңару жоспарының қозғаушы күшіне айналды. Ең бастысы - жаңаша ойлау дәуірі басталған еді. Қазақстанның әлемдік деңгейдегі беделінің өсуіне зор ықпалын тигізіп отырған, ескі тәртіпке көңісі жоқ, қазақтың жаңа ұрпағы өсіп жетілуде. Елбасы КСРО-ның ыдырауы нәтижесінде көп ұлтты Республикамыздың тұрғындарына жаңаша ойлаудың үлгісін, яғни көрегендігін көрсетуде [212, 12 б.].

Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік өкімет, оның заң шығарушы, атқарушы және сот билігіне бөлінетін принципіне негізделген, мемлекеттік өкімет билігінің бірден-бір қайнар көзі – Қазақстан халқы. Қазақстан Республикасы адамды, оның өмірін, бостандығы мен тәуелсіздігін, оның ажырамас құқықтарын ең қымбат қазына деп санайды және өз қызметін азамат пен қоғамның мүдделері үшін жүзеге асырады. Сөйтіп, көп ұлтты құрайтын Қазақстан халқы, өз тарихында жаңа белестерде, жаңа құрылым - Қазақстан халқы Ассамблеясын құрды, ол заңды негізделіп, бағдарлы істерге жаңа күш беріп отыр. Қазіргі Қазақстан Республикасында қабылданатын саяси шешімдер көп ұлт өкілдері қатысуымен талқыланып жүзеге асырылады, онда тек өткен оқиғалар ғана емес, сондай-ақ болашақтағылармен де тығыз байланыста болып тұрады.

Қазақстанда жүріп жатқан мәдени-экономикалық үрдістер нәтижесі көп ұлттың бірлігінде, бұрынғы тар шеңберлі таптық принциптерден тартыну жағдайында өмір кешуінде, орныққан ортақ тарихи тағдыр біріктірген халықтың байырғы қазақ жерінде тұрақтауында, мемлекеттілік құруында болды. Қазақстан Республикасында тұрған ұлттар өздерін еркіндік, теңдік және татулық мұраттарына шынайы берілген бейбітшіл азаматтық қоғамда өмір сүріп жатқандарын жақсы сезінеді.

2010 жылғы 30 тамызда Қазақстан Республикасының Ата Заңы қабылданғанына 15 жыл толды. 1995-жылғы 30-тамызда өткізілген республикалық Референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясында: «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат

казынасы - адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары», – делінген [213].

Елде қазақтармен қоян-қолтық бейбіт өмір сүрген корей, неміс, поляк, орыс, украин, белорус және тағы басқа ұлт өкілдері гуманитарлық интеллигенциясы мен өндірістік саланың мамандарын құрап, жыл санап олардың қатарын көбейтуде. Олар мұғалімдер, дәрігерлер, заңгерлер, түрлі ғылыми сала мамандары болып қызмет атқарып, өз белсенділіктерімен Қазақстан қоғамында танылуда. Қазіргі Қазақстан тұрғындары, болашақ ұрпақ алдындағы жоғары жауапкершілікті сезіне отырып, өздерінің егемендік құқығын негізге алып, қоғамдық татулық пен саяси тұрақтылықты, қазақстандық отансүйгіштік (патриотизм), мемлекет өмірінің аса маңызды мәселелерін демократиялық әдістермен, өз өкілдері арқылы Парламентте дауыс берумен шешуде.

Қазақстан Республикасында тұрып жатқан халық билікті Референдум және еркін сайлау арқылы жүзеге асырады, сондай-ақ, өз билігін жүзеге асыруды мемлекеттік органдарға береді. Республика Үкіметі мен өзге де мемлекеттік органдар өздеріне берілген өкілеттіктер шегінде ғана мемлекет атынан билік жүргізеді [213].

Демократиялық өзгерістер: халық билігі, еркіндігі, басқару түрлері, ерікті сайлау, жариялылық жағдайымен сипатталады. Мәселен Республикамыздың көпұлтты тұрғындары, қоғамда жүріп жатқан өзгерістерге өзіндік серпіліс, қарқынды еңбекпен үлестерін қосуда. Қазақстанның кеңбайтақ өңірін мекен еткен халық барша мәселелер бойынша оң өзгерістер арқылы Қазақстан Республикасының бейнесін жарқын етуге аянбай еңбек жеңісіне қол жеткізіп отыр.

Республика бойынша тұрғындарының 92,8% пайызы белсенділігімен демократиялық қайта құрылу процесін шынайлығымен қабылдаған. Бұл категорияға жергілікті қазақ, орыс, кәріс, неміс, поляк және тағы басқа халық өкілдерін жатқызуға болады [214, 56 б.]. Еліміздің егемендігін тұрақтандырып нығайтуда жаңа әлеуметтік қатынастар қалыптасу процесі өріс алып отыр. Бұл кезеңде ұлтаралық байланыстар тұрақтылық сипат алуда.

Кез келген азаматтың сенімі, еркін көзқарасы, таңдау жасау мүмкіндіктері мен лайықты өмір сүруі Ата Заңда көрініс тапқан. Ата заңда ең әуелі Елбасы негізге алған төрт ұстаныммен астасып жатыр. Бұл, біріншіден, қоғамдық келісім және саяси тұрақтылық, екіншіден, экономикалық даму, үшіншіден қазақстандық патриотизм, төртіншіден, маңызды мәселелерге референдум жасау және парламентте дауыс беру арқылы шешу. Аталған принциптердің азамат, қоғам және мемлекет үшін өмірлік маңызы бар. Қоғамдық келісім принципін нығайтудың қажеттігі: әртүрлі объективтік және субъективтік факторларға байланысты қоғам әр түрлі қабаттарға, топтарға, таптарға, ұлттарға, тектерге, конфессияларға және басқаларға бөлінеді. Мұндай бөліну әртүрлі әлеуметтік топтардың бір-біріне сәйкес келмейтін әртүрлі дүниетанымдары, көзқарастары, идеялары, сенімдері барлығын білдіреді. Мұндай ерекшелік көзқарас қайшылығына, текетіреске, өзара күрес себептеріне түрткі болмауы тиіс. Басқа топтың, ұлттың, діннің, нәсілдің өкілдеріне

төзбеушілік тек көзқарас қайшылығын ғана емес, текетіресті, ашық қарсы тұрушылықты тудырады. Мұндай жағдай қоғам үшін қауіпті, әр адамның тыныш өмір сүруіне кеселін тигізеді. Сондықтан қалыпты қоғамдық келісімнің маңызы айрықша. Оған қоғамның, оның органдарының қызметі арқылы қол жеткізіледі. Әлеуметтік, ұлттық, нәсілдік, діни, басқа да ерекшеліктеріне қарамастан баршаның тең құқылығын нығайтуда, мемлекеттің аталған норма шығармашылық қызметінің маңызы айрықша. Ұлттық мәселенің шешілуі барлық мемлекеттерде және барлық уақыттарда да саясаттың негізгі басымдылықтарының бірі болып келді. Бұл бағыттағы жұмыс Қазақстанда көпұлтты халқының барлық этностарының тең құқылы еркін дамуы үшін конституциялық құқықтық база жасаудан басталған. Соған орай 1995 жылдың 30 тамызында бүкілхалықтық референдум арқылы қабылданған Қазақстан республикасының конституциясында елдегі ұлтаралық келісім мәселесіне Ата Заңның бірнеше бабы арналды. Республикадағы ұлттар мен ұлыстардың ата дәстүрлері мен мәдениетін, тілін сақтай отырып дамуына, олардың тарихи отандарымен байланыстарын нығайта түсуге жағдай жасалынды. Қазақстан Республикасында ұлттық келісім ішкі саяси реформалардың басты, әрі талассыз басымдылығы деп айқындалған және ол бүкілхалық болып бекіткен Конституция нормаларында бекітілген. Онда Қазақстанның барлық халықтарының этникалық немесе діни ұстанымына қарамай-ақ, арман-мүдделері көрсетілген.

Конституцияда мемлекеттің бастауы – адамға, елдің байлығына, республиканың басты құндылықтарына қатысты мәселе әрқашан алдыңғы орында қала бермек. Елбасымыз: «Біздің ендігі міндет - Конституцияға аса ұқыптылықпен қарау. Өзіміздің елімізді, жерімізді, тарихымызды қалай құрметтесек, оны да солай аялауымыз керек, Егеменді еліміздің мемлекеттілігін, тәуелсіздігін, демократиялық құндылықтарын айғақтайтын бірден-бір құжат – бұл Конституция. Ата Заңның алдында бәрімізде бірдей жауапты, бәріміз де бірдей міндеттіміз», - деп атап өтті.

Тәуелсіздік жылдары Қазақстан экономикалық, әлеуметтік-саяси демократиялық тұрғыдан жедел даму жолына түсті, қоғамдағы азаматтық бейбітшілікті және ішкі саяси тұрақтылықты сақтауға, ұлтаралық және конфессияаралық қатнастарды орнықтыру жолында айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізді. Қазақ елі аз ұлт өкілдеріне ана тілін, мәдениетін, өнерін, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін дамытуға жағдай жасауда. 1990 жылдардың бас кезінде Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаев республиканың барлық ұлттық мәдени қозғалыстарын бір ұйымға – Қазақстан Халқы Ассамблеясына біріктіру туралы ұсыныс жасады. Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан халқы Ассамблеясын құру туралы» №2066 Жарлығымен 1995 жылы 1 наурызда Қазақстан халық Ассамблеясы құрылып, Н.Ә. Назарбаев Ассамблеяны құрушы және жетекші болып саналады. Қазақстан халқын бірлікке шақыратын қоғамдық институттың ары қарай да жемісті жұмыс істеуі үшін 2002 жылы 26-сәуірде №856 Елбасы «Қазақстан Халқы Ассамблеясының стратегиясы мен ережесі туралы» жарлығын шығарды. Аталған құжатта Қазақстан халқының бірлігін, қоғамдағы тұрақтылық пен келісімді нығайтудағы Қазақстан Халқы

Ассамблеясының рөлін одан әрі көтеру мақсатындағы қаулысында Қазақстан халықтарының 2011 жылға дейінгі стратегиясы, мақсат-міндеттері, мемлекеттік ұлттық саясатты қалыптастыру мен іске асыру жөніндегі Ассамблея қызметінің негізгі бағыттары, Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы ереже; Қазақстан халқы Ассамблеясының стратегиясын іске асыру жөніндегі тиісті іс-шаралар қолданылуы, «Қазақстан халқы Ассамблеясын құру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 1-наурыздағы Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» мәселелерді көтерді [1, 163 б.].

1995 жылы Шығыс Қазақстан халықтарының кіші Ассамблеясы құрылды. Бүгінгі таңда аталмыш орган осы облыста тұратын 105 ұлттық өкілдерін қазақстандық патриотизмге тәрбиелеуде үлкен рөл атқаруда. Бұл бағыттағы жұмысын облыстық Достық үйі мен 39 ұлттық-мәдени орталықтар арқылы жүзеге асыруда.

2005 жылы 23 сәуірде Елбасының «Қазақстан Халқы Ассамблеясы институтын нығайту туралы» Жарлығы шықты. Бұл құжатта ұлтаралық қатынастар саласындағы жұмыс басшылыққа алынған. Қазақстандағы ұлттық қарым-қатынасты дамытудағы жалпы азаматтық тенденцияларды күшейту Қазақстан халқы Ассамблеясының жұмысынан айқын көрініс табуда. Ассамблея еліміздегі ұлттық-мәдени орталықтарға сүйене отырып, этникалық өзіндік сана мен мәдениеттің қайта жаңғыруын қамтамасыз етеді.

Қазақстан – көпұлтты мемлекет, «ұлттар достығының зертханасы» деп те атайды. Қазақстан көп дінді, көп этносты және көп мәдениетті мемлекет. Қазақстанның ұсынысы және қолдауымен Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясының тарапынан қолдау тапқан бастамалардың бірі – 2010 жыл «Халықаралық мәдениеттер жақындастығы жылы» деп жариялануы. Осыған байланысты өткен маусым айында Астанада өткен Халықаралық форумға Парламент депутаттары, Франция, Түркия, Ресей сияқты алыс-жақын шетелдерден келген өкілдер, Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшелері, қоғам қайраткерлері мен ғалымдар, жазушылар мен сарапшылар, этно-мәдени бірлестіктердің жетекшілері бас қосты. Осы келелі жиында Ресей халықтары Ассамблеясының төрағасы Ондар Чмит доржу Баиров мырза: «Бұдан 65 жыл бұрын Ұлы жеңіске қалай жеттік десек, ол – халықтар арасындағы бірлік пен татулықтың жемісі. Осы достығымызды қадірлеп, арттыру – бүгінгі ұрпақтың қасиетті парызы. Авардың ұлы ақыны Расул Ғамзатовтың «Өткенді тапаншамен атсаң, болашақ сені зеңбірекпен атады» - деген қанатты сөзі бар екен. Қай елдің өкілімен дос болғың келсе, сол елдің тілін үйрен. Тіл – жүрекке жетудің ең төте жолы», - деді [215].

2009 жылы қазан айында Шығыс Қазақстан облысының Риддер қаласында алғаш рет мемлекеттік тілді жетік меңгерген өзге ұлт жастарының республикалық формуы болып өтті. Тіл форумына Қазақстанның 14 облысы, Астана және Алматы қалаларынан 100-ден астам талантты жастар қатысты. Оның сыртында тіл мәртебесінің артуына елеулі үлес қосып жүрген қайраткерлер, ұлты басқа болса да, қазақ тілінің ертеңіне жаны ерекше ашитын жандар болды. Осылардың қатарында ШҚО-ның Зырян ауданының тілді оқыту орталығының директоры – Светлана Мнацканова, «7»

телеарнаның тілшісі Максим Николаев, Қазақ Бас сәулет құрылыс академиясының студенті Александр Брянцев, Парламент мәжілісінің депутаты, Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі – Людмила Хочиева болды. Қазақстанның әр облысына келген қазақ тілін жетік меңгерген өзге ұлт өкілдеріне сөз берілді. Форум барысында тіл жөнінде көбіміз айта алмаған батыл да, өткір пікірлер айтылды. Мысалы, Александр Брянцев: «Біздің барлығымызды баурайтын «Біз – тілегі мен тілі бір – қазақстандықпыз» деген идея болуға тиіс. Қазақ тілі – біздің тәуелсіз мемлекетіміздің тілі болғандықтан, біз оны міндетті түрде білуге тиіспіз» - деген сөздерінің өзінен тағлым алуға болады. Елімізді мекендеген орыс, украин, неміс, корей, қарайшай, балкар, т.б. этнос өкілдерінің кейінгі кезде қазақ тілін меңгеруге деген ынтасының өскені сезіледі. Форумда ұзақ жылдар қазақ тілінің жоғын жоқтап, оның өркен жаюына ерекше еңбек сіңіріп жүрген Асылы Осман сөз алып, орнықты оймен, шешен сөздерімен жиналғандарды баурап алды.

Бүгінгі күні республикада кезінде тарихи жағдайларға байланысты қуғын-сүргінге ұшырап, туған жерлерінен әртүрлі себептермен күштеп жер аударылған халықтардың 130-ден астам ұлт пен ұлыстың өкілдері тұрады. Бауырмал қазақ халқы оларды жатсынбай, жанашырлықпен қарап, бауырына тартты. Соның нәтижесінде олар қазақ жеріне бауыр басып, осында тұрақтап, шаруашылықтың әртүрлі салаларында белсенді еңбек етіп жүр. Этносаралық қатынастардың үйлесімділігі тақырыбының мәні мен маңызыдылығы Президент Н.Ә. Назарбаевтың: «Біз ұлтына және діни сеніміне қарамастан, әрбір қазақстандыққа салт-дәстүр, мәдениет пен дінді таңдауға ерік беретін еркін, әрі ерікті қоғамның негіздерін нығайтуға тиіспіз» - деген сөзімен айқындалады [1, 163 б.]. Сонымен қатар Президент бұдан әрі қарайғы негізгі күш азаматтық қоғамды сатылап қалыптастыруға, қазақ халқының, республикада тұратын барлық этностардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуге, рухани құндылықтарын дамытуға бағытталуы тиіс екендігін мәлімдеді

Қазақстан халық Ассамблеясы көпұлтты еліміздің тұрақтылығын, бірлігін сақтауға ұйытқы болды. Ел Президенті ел тыныштығы мен халықтар бірлігін Қазақстан халықтары Ассамблеясы арқылы бір арнаға тоғыстырды. Ассамблея ондаған ұлт өкілдерінің басын қосты. Туындаған мәселелерді бірлесе шешудің, ортақ келісімге келудің көзін тауып берді, соған шақырды және бұл шешімнің дұрыстығын уақыт өзі дәлелдеді.

Қазақстан халық Ассамблеясы – мемлекет қаржыландыратын, заңнамалық негізі бар институт. Құрылған кезеңнен бері ол халықаралық жоғары беделге ие болды және республикада ұлтаралық саясатты, барлық этнос өкілдерінің азаматтық жұмылуын өркениетті түрде жүзеге асыруының маңызды құралдарының біріне айналды. Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылған кезеңде оның алдына қойылған міндеттер бүгінгі таңда тұтастай алғанда орындалды. Елде күллі этностардың теңдігі, олардың тілдері мен мәдениетін қайта түлету мен дамыту қамтамасыз етілді. Қазақстанда тұратын барлық этностар әрекет етуші Конституция негізінде білім және еңбек салаларына табыстарға қол жеткізуге, ана тілін, мәдениетін, дәстүрлерін өркендетуге, тұрғын үй алуға және

өз меншігін қорғауға тең дәрежеде құқылы. Қазақстан Республикасы Конституциясына жазылған адам және азамат құқығын қорғау туралы бұл іргелі Ережелер Қазақстанның этностық және оның нақты өкілінің шынайы әлеуметтік көрсеткішінде жүзеге аса отырып, бұдан ары да өмірде орындала береді.

Қазақстанда бейбіт өмір жағдайында еңбектеніп жүрген барша ұлт өкілдері Республикадағы демократиялық үрдістерге белсене қатысып келеді. Қазақстанда тұрып жатқан әрбір халықтың салт-дәстүрін жеткілікті дәрежеде меңгеру, әр ұлт пен ұлыстың ауыз әдебиетін, халықтық өнерін, жетістіктерін зерделеу қоғамның рухани дамуына, әр халықтың өзіне тән даму ерекшеліктеріне әсер етеді. Қазақ халқы мен өзге ұлттар біртұтас халық ретінде қалыптасып, бір-біріне қолдау көрсетіп, қоғамдық өмірдің әртүрлі саласында белсенді еңбек етуде. Бүгінгі күні еліміздегі ұлттар мен ұлыстардың ата-дәстүрлері мен мәдениетін, тілін сақтай отырып дамуына, олардың тарихи отандарымен байланыстарын нығайта түсуге ұлттық мәдени орталықтар, қоғамдық бірлестіктер зор ықпал етуде. Қазіргі кезде республикада 46 этностық топқа жататын 621 ұлттық-мәдени бірлестіктер бар. Олардың барлығында шығармашылық өнерпаз ұжымдар жұмыс істейді. Өздерінің кәсіби театры (қазақ, өзбек, кәріс, неміс, ұйғыр) театрлары бар, ана тілінде газет-журналдар шығарылып, радио хабарлар жүргізілуде. Жыл сайын этностық топтардың өмірі туралы 10-20 кітап жарық көреді Ұлтаралық қарым-қатынас мәдениеті және этномәдени бірлестіктер [216, 76 б.].

Белгілі себептерге байланысты қазақ жеріне қоныс теуіп, тұрақтап қалған Әзірбайжан қызы, филология ғылымының кандидаты, «Мемлекеттік тілге құрмет» бірлестігінің және Алматы облыстық әзірбайжан мәдени орталығының төрайымы Асылы Осман «Жетісу» газетіндегі «Көз алдымда көркейді» атты мақаласында: «Біздің еліміз бірлік пен ынтымақтың мекені. Бақыттың бастауы. Мен Халық Ассамблеясына қатыса жүріп, бәрін көріп келемін. Қазақстанда барша ұлт тең, барлық ұлт бірдей. Олар өз мәдениетін ұлықтап, салт-дәстүрлерін дамыту үстінде. Осының бәрі Елбасымыздың кеңдігі мен кемел саясатының арқасы. Қаратаудың бауырында өстім, Алатаудың етегінде білім алдым. Міне, осы күндерге жеткізген көкте құдай болса, жерде қазақ» - деп жазған екен [217, 5 б.].

Республикадағы ұлттық-мәдени орталықтар қоғамның рухани өмірін жандандыра түсіп, әрбір ұлттың салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын жаңғырту жолында үлкен істер атқарып келеді. Әр халықтың өзінің салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы - жеке ұлттың өзара жақын болуына, бірлікте болуына, өз мәдениетін сақтауына ықпал етеді.

Республикадағы ұлттық-мәдени орталықтардың қызметі ұлттық мәдениет пен өнер саласында этносқа, мәдениетке қызмет етуге бағытталған. Әр ұлттың өзіндік мәдениеті болуы адамдар қауымын этнос ретінде айқындап тұратынын дәлелдеп жатудың қажеті жоқ, ал сол диаспора республиканың мәдени және рухани өмірін байыта түседі. Ұлттық өнердің, салт-дәстүрдің, әдет-ғұрыптың әртүрлі болғаны да осы ұлттық-мәдени орталықтардың қызметінен көрінеді.

Ұлттық орталықтар қоғамдық ұйымдардың елеулі бір бөлігі болып табылады. Ұлттық-мәдени орталықтардың жұмысы ұлттық мәдениетті қайта жандандырып, әрбір ұлттың салт-дәстүрін, өнерін, әдет-ғұрпын сақтап қалуға, болашақ ұрпаққа жеткізуге бағытталған. Ақмола қаласында 1989 жылы «Тіл және мәдениет» қазақ қоғамы, «Видебург» неміс қоғамы, «Дружба» корей қоғамы, «Вайнах» шешен-ингуш қоғамы, «Ватра» украин қоғамы, «Полония» поляк қоғамы, «Таң» татар-башқұрт қоғамдары құрыла бастады. Бүгінгі күні Астана қаласында 22 ұлттық-мәдени орталықтар әділет басқармасынан тіркеуден өткен және толыққанды жұмыс істеуде [218].

«Альф» ұлттық-мәдени орталығының жетекшісі Моисей Гольдберг, «Ван» армян ұлттық-мәдени орталығының төрағасы Володя Меликан, Ұйғыр ұлттық-мәдени орталығының Астанадағы филиалының төрағасы Мұрат Тоқтыбакиев Астана хабары газетіне берген сұхбаттарында аталған орталықтардың әр ұлттың салт-дәстүрі мен мәдениетін сақтап қалуына көмектесіп келетіндігін, осы жерде тұрақтап қалған ұлт өкілдерінің Қазақстанның басқа халықтарымен тату-тәтті бірлігіне еш селкеу түсірмей, ынтымағы жарасып отырғанын баса айтады. Алматыда құрылған ұйғыр ұлттық-мәдени орталығының филиалы Астана қаласында ашылып, жастар сарайында көркемөнерпаздар үйірмесі ашылды. Республикадағы ұйғыр театры – республикалық мәртебиеге ие ұлттық театр. «Біздің ұлттық-мәдени орталығымыздың дамуында Қазақстан халқы ассамблеясының маңызы аса зор. Бұл институт еліміздегі ұлттық мәселелерді бейбіт жолмен шешуге үлкен үлес қосуда. Мұндай тәжірибеге әлемнің көптеген елдері қызығушылық танытып отыр» - дейді «Ван» армян ұлттық-мәдени орталығының төрағасы Володя Меликан [219, 11 б.].

Республикадағы ұлттық-мәдени орталықтар қоғамның рухани өмірін жандандыра түсіп, әрбір ұлттың салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын жаңғырту жолында үлкен істер атқарып келеді. Әр халықтың өзінің салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы - жеке ұлттың өзара жақын болуына, бірлікте болуына, өз мәдениетін сақтауына ықпал етеді. Қазақстандағы ұлттық-мәдени орталықтар бүгінгі күні барлық қоғамдық, мәдени іс-шараларға белсене қатысады. «Наурыз мейрамы, «Қазақстан халықтары достығы фестивалі», «Тілдер мерекесі», сонымен қатар «Масленница», «Рождество» сияқты мерекелерді де өткізеді.

Алматы қаласында корей, неміс, украин, ұйғыр, түрік және басқа тілдерде газеттер шығып тұрады. «Қазақстан – 1» ұлттық радиожелісі ұйғыр тіліндегі «Алитағ», корей тіліндегі «Коре сарам», неміс тіліндегі «Гутен Абенд» сияқты хабарлар таратып отырады. Соның ішінде Қазақстан республикасында тұрып жатқан әртүрлі ұлттар мен этностардың тарихына, мәдениетіне арналған «Біздің Отанымыз – Қазақстан», атты хабар, Қазақстан халқы Ассамблеясы, ұлттық-мәдени орталықтармен тығыз байланыста бола отырып «Евразия» халықаралық желісі жеті тілде хабар таратады. «Алматы ақшамы», «Вечерняя Алма-Ата» газеттері «Мы – народ Казахстана», «Мы – казахстанцы», «Казахстан – наш общий дом» сияқты ҰМО-дың қызметі, көркемөнер ұжымдарының концерті, ғылым мен мәдениет қайраткерлерімен кездесу сияқты іс-шаралар жөнінде ақпараттар беріп отырады.

Алматы қаласында Гүлнар Аннакулиева жетекшілік етіп жүрген Түрікмен ұлттық-мәдени орталығы, Зухра Әбубекерова басқаратын дүнген ҰМО, төрағасы Родин Мнацакян армян ҰМО-ы, Рауф Гареев басқарған татар ҰМО-ы, Сұлтан Оздоев басқаратын ингуш ҰМО, Владимир Ставницер басқарған еврей ұлттық-мәдени орталықтар жұмыс істеуде. Осы ұлттық-мәдени орталықтардың төрағалары, жетекшілері әрдайым Қазақстан халқының бірнеше ұлтты, әртүрлі салт-дәстүр мен мәдениетті өз елінде тату-тәтті ұстап отырғанын, Қазақстанның болашағы зор екеніне сенім білдіріп, осы елде тұрақтап қалғандарын ризашылықпен, мақтанышпен айтады. «Тағдырымыз ортақ, тұрып жатқан жеріміз бір, бүгінгі жарасымды тіршілігіміз және достық пен ынтымақта болуымыз бізді - түріктер қоғамын қатты қуантады. Сол үшін сіздерге түрік ұлттық-мәдени орталығының атынан алғыс білдіреміз. Достық пен ынтымақтың, бейбітшіліктің алтын бесігі болып отырған берекелі де мерекелі қазақ елін бүгінде өз дәулетін жиған, ұрпағын өсірген 130-дан аса ұлт пен ұлыс мекен етіп келеді. Экономиканы жоғары дәрежеге көтеру, демократиялық қоғам құру, көптеген ұлт пен ұлыстардың, дін өкілдерінің басын біріктіріп, әсіресе, қазақ халқының мәдениеті, тілі мен дәстүрінің, ұлттық құндылықтарына көңіл бөлгені бізді аса қуантады» дейді түрік ұлттық мәдени орталығының төрағасы Қазақбай Қасымов Алматы қаласы әкімінің орынбасары Серік Сейдумановпен кездесуінде [220].

Амманиязов Курбан Непесұлы төрағасы болып сайланған Түрікмен ұлттық-мәдени орталығы 1995 жылы құрылып, Алматы қаласында тұратын мыңға жуық түрікмендердің басын қосты. Бұл орталық Қазақстан мен Түркменстан арасында шығармашылық байланыс орнатып, үнемі пікір алысып отырады. Қазақ және түркмен тілдеріндегі әдебиет алмастыру, бірлесе отырып кітаптар шығару ісімен айналысты, 1999 жылы Алматыда Қазақстан азаматтары мен диаспоралардың қаражатымен түркмен поэзиясының классигі Махтұмқұлының өлеңдер жинағы шығарылды.

Орталықта «Үш қыз» атты балалар би ансамблі жұмыс істеп, Қазақстан мен Түрікменстанның суретшілерінің шығармалары бар. 2002 жылы Достық үйінде Түрікмен ұлттық-мәдени орталығының бастамасымен Түркменстан Президенті Сапармұрат Ниязовтың бірнеше кітаптары көпшілікке ұсынылып, Алматы кітапханаларына сыйға тартылды.

Түрік ұлттық-мәдени орталығы 1991 жылы ақпан айында құрылып, 1996 жылы Қазақстан Республикасының түріктер қоғамы болып өзгертілді. Төрағасы – Касанов З.И. Түрік ҰМО-ның қызметі өз халқының мәдениеті мен білім деңгейін көтеруге бағытталған. Үш тілде: қазақ, орыс және түрік тілдерінде «Ахыска» газеті шығып тұрады. Сонымен қатар Қазақстандағы түрік диаспорасының өмірі мен тұрмысы жайлы алғашқы түсірілген түрік тіліндегі кинолента да жарық көрді.

Алматыда 1995 жылы құрылған Әзірбайжан ұлттық-мәдени орталығының төрағасы биология ғылымдарының кандидаты, И.Я.Кулиев, төрағаның орынбасары «ҚР Алтын Құрмет кітабына» енген, ҚР Еңбегі сіңген тау-кен ісінің маманы Мамедов Н.Г. болды. Ресми деректерге қарағанда Қазақстанда 78

мыңға жуық, оның ішінде 6 мыңнан аса әзірбайжан ұлтының өкілдері тұрып жатыр екен [221, 7 б].

Есік шараптарының қайталанбас түрлерінің авторы - Родин Мнацакян басқаратын «Луйс» армян ҰМО-ы 1991 ж. құрылып, қызмет істеуде. М.Ю. Лермонтов атындағы драма театрының бас режиссері Андриасян Рубен Суренұлы, «Бахус» акционерлік қоғамының жетекшісі Артуш Месрепұлы Карапетян сияқты армян ұлтының белгілі өкілдері халық құрметіне бөленіп жүр.

1988 жылғы Қарабахтағы оқиға көптеген күрдтерді өз туған жерлерін тастап бұрынғы КСРО құрамындағы мемлекеттерге қоныс аударуға мәжбүр етті. Қазақстан Республикасы еріксіз қоныс аударған күрдтерді қабылдап, ұймен, қажетті тұрмыстық заттармен қамтамасыз етіп, бар көмегін көрсетті. Күрдт халқы қазіргі таңда Қазақстанның саяси, экономикалық және мәдени өміріне етене араласып, республика халқымен тең құқылы өмір сүруде. Күрдтердің жастары Қазақстанның жоғары оқу орындарында білім алуда. Күрд диаспорасының арасынан белгілі ғалымдар, қайраткерлер шықты. Бұл ретте академик Н.К. Надировты, фиология ғылымдарының докторы К.И. Мирзоеваны, химия ғылымдарының докторы Г.А. Мусаеваны және ондаған ғылым кандидаттарын атауға болады. Ш.Р. Дурсунов, С.А. Шамои, М.А. Аюпов, М.Т. Качалов сияқты күрдт азаматтары заң орындарында қызмет етуде.

Күрдтердің қауымдастығы республиканың барлық мәдени іс-шараларына белсенді түрде қатысып отырады. Атап айтқанда Наурыз, тіл мейрамы, қалал, Республика күндері түрлі мәдени бағдарламаларымен тәнті етеді. Олардың «Күрдістан» газеті мен «Күрдтер» деген журналы шығып тұрады [222, 94-95 б.].

1995 жылдың бас кезінде Қазақстанның облыс орталықтарында шешен-ингуш ұлттық-мәдени бірлестіктерінің басын қосқан «Вайнах» қауымдастығы құрылып, 31-наурызда әділет министрлігінде тіркелді. Алматыдағы «Вайнах» ұлттық-мәдени орталығының алғашқы жетекшілері мен төрағалары республиканың ғылымы мен мәдениетінің дамуына өзіндік үлес қосып жүрген Андербек Дудаевич Яндаров – философия ғылымдарының докторы, профессор, қоғам қайраткері, Геолого-минералогия ғылымдарының докторы, профессор, ҰҒА академигі Султан Мажитович Оздоев болды. Шешендер мен ингуштердің «Вайнах» қауымдастығы 1995 жылы Қазақстан халқы Ассамблеясының құрамына кірді. Дудаевтар отбасының бірнеше ұрпағы – дәрігерлер, А. Мурадов – Қазақстандағы шешен диаспорасының жетекшісі, Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі, С. Оздоев - Қазақстандағы ингуш диаспорасының жетекшісі, Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі, С. Байсұлтанов – ҚР халық әртісі, опера әншісі, С. Героев – Астанадағы «Вайнах» ұлттық-мәдени орталығының жетекшісі, сонымен қатар белгілі спортшылар, Алматыдағы Вайнах мешітінің имамы Ахмед Хажы Пошев т.б. айтуға болады [67, 408 б.].

Вайнахтар туған, орыс және қазақ тілдерінде сөйлейді. Жүргізілген сауалнама барысында «Қазіргі таңда республикада қай тілді көбірек білу керек» деген сұраққа үштен екісі өз ана тілдерімен қатар қазақ тілін білу деп жауап берген. Алайда осы кездерде вайнахтар өздерінің әдеби тілде сөйлеу қиындау

екендігін мойындаған. Олардың көпшілігі әдеби тілде емес, күнделікті тұрмыстық тілді ғана білетіндіктерін айтқан. Тек 27 %-і ғана өз тілдерінде еркін оқып, жаза, сөйлей алған. Дегенмен соңғы кездерде жазстардың туған тілге деген қызығушылығы өсіп, мәдени орталықта дәрістер алу үстінде. Сауалнама алынған вайнахтардың 57%-і өзінің нағыз Отаны ретінде Қазақстанды санаса, 43 %-і болашақта өз мекендеріне оралуды көздейді. Этникааралық бірлікті сақтауда 23 % шешендер мен ингуштар Қазақстан Республикасының Заңдарына қатаң түрде мойынсұну керектігін ұсынады [209, 20-21, 23 б.].

Дағыстандықтардың бірінші легі екінші дүниежүзілік соғыс кезінде жер аударылып келсе, екінші легі 80-ші жылдары Батыс Қазақстан жерінде мұнай кені табылған кезде, ең бірінші болып осы қазба байлықты игерген дағыстандықтар болды. Олардың ішінде белгілі КСРО және ҚР-ның еңбегі сіңірген жаттықтырушысы, олимпиада ойындарының жүлдегері Алексей Атаев, белгілі энергетик, ҚР академигі Абдулхалик Таназаев т.б. болды.

Қарашай-балқарлардың Қазақстанда тұрып жатқанына 2009 жылы 65 жыл болды. «Минги-тау» қарашай-балқар орталығы, 1989 ж. құрылған күрт ұлттық-мәдени орталығы, 1989 жылы құрылған корей ұлттық-мәдени орталығы, 1989 ж. құрылған неміс ұлттық-мәдени орталығы, т.б. ұлттық- мәдени орталықтар жұмыс істеуде. Күрт ұлтының өкілі - ҚР ғылымына еңбегі сіңген қайраткер, академик Н.К. Надиров, неміс ұлтының өкілі, қазақ тілінде шығармалар жазып жүрген белгілі жазушы Герольд Бельгер, т.б. ұлт өкілдері Қазақстан Республикасының оқу-ағарту, ғылым, денсаулық сақтау, өнеркәсіп, ауыл шаруашылығын дамытуда үлкен үлес қосып жүр. Осы аталған ұлттық-мәдени орталықтардың негізгі мақсаты республикада өмір сүріп отырған ұлттардың мәдениетін, салт-дәстүрін жандандырып, тілді дамыту, ҚР-ның саяси-экономикалық өміріне белсене араласу, ұлтаралық қатынастарды жетілдіру, республикада тұратын әртүрлі ұлттардың өзара байланысын нығайту болып табылады. Әрбір ұлттық-мәдени орталықтар жанында ана тілін, салт-дәстүрін үйрететін, ұлттық музыка мен өнерге баулитын балаларға арналған жексенбілік мектептер жұмыс істейді. Сонымен қатар қарттар үйіне, балалар үйіне, науқас адамдарға, көпбалалы отбасыларына арнап қайырымдылық іс-шараларын өткізіп отырады [221, 192 б.].

Қазақстанға қоныстанған лезгиндер 1933-1934 жылдары бай-құлақтарды кәмпескелеу кезінде өз қаражатына Алматы облысындағы Томаровский атындағы темекі совхозының негізін қалады.

Ұлттық салт-дәстүр басқа ұлттардың мәдениетімен байланыстылығымен бағаланып, республиканың қоғамдық және мәдени өмірімен ұштасып жатады. Әлеуметтік зерттеулер көрсеткеніндей дәстүрлі ұлттық мейрамдарды өткізу ұйғырларда – 68%, қазақтар - 46%, орыстар - 37%, корейлер - 31%, татарлар - 29%, өзбектер мен украиндар - 26%, төменгі көрсеткіш – немістер - 18% бен 4,7% екен [223, 148-149 б.].

Ұлттық-мәдени орталықтардың бір бөлігі ретінде театр - әр этностың сана-сезіміне ерекше әсер ететін маңызды бір құрамдас бөлігі – тілмен байланысты. Ұлттық театрларда ана тілінде қойылған пьесалар әртүрлі жанрда, ұлттық дәстүрде көрсетілді. Республикада кәріс, ұйғыр, неміс театрлары құрылды.

Сонымен қатар 70-80-жылдары фольклорлық ансамбльдер, музыкалық ұжымдар, балалар клубтары жұмыс істей бастады. Қазақстандағы халықтардың мызғымас достығы мен ынтымағы елдің басты құндылығы.

Қазақстан – ұлтаралық, дінаралық татулық пен түсіністік берік Ұлттық мәдени орталықтардың қызметі орныққан мемлекет. Оған бүгін елімізде 130-дан астам ұлт пен ұлыс өкілдері, 40-тан астам конфессиялардың бейбіт қатар өмір сүріп отырғаны дәлел.

1. Ұлттық-мәдени орталықтар Қазақстанның барлық облыстарында қызмет істеуде. Ұлттық-мәдени орталықтар өкілдері Қазақстандағы өтіп жатқан қоғамдық-саяси, мәдени іс-шараларға белсенді қатысады. ҰМО білім беру саласындағы мәселелерді шешуге қатысуы.

2. Ұлттық-мәдени орталықтар және тілді дамытуға байланысты шаралар.

3. Ұлттық-мәдени орталықтар дәстүрлі этникалық мәдениетті жаңғыртудағы рөлі [224, 13 б.].

